

- Д1. Мемлекет және құқық тарихының пәні мен әдісі. Мемлекет пен құқық пайда болғанға дейінгі қоғам.
- Д2. Ежелгі Өзенаралығында және Үндістанда мемлекет пен құқықтың пайда болуы және дамуы.
- Д3. Ежелгі Грекия мемлекеті және құқығы.
- Д4. Ежелгі Рим мемлекетінің қоғамдық және саяси құрылысы.
- Д5. Франк мемлекеті мен құқығы.
- Д6. Ортағасырлардағы Францияда, Англияда және Германияда мемлекет пен құқықтың даму ерекшеліктері.
- Д7. XVII-XIX ғғ. Ұлыбритания буржуазиялық мемлекетінің және құқығының дамуы.
- Д8. XVIII-XIX ғғ. АҚШ мемлекетінің және құқығының дамуы.
- Д9. XVIII-XIX ғғ. Франция мемлекетінің және құқығының дамуы.
- Д10. XIX-XX ғғ. Германия мемлекетінің және құқығының дамуы.
- Д11. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы
- Д12. Қазақ хандығының құрылуы және дамуы
- Д13. XV-XVIII ғғ. қазақ әдет-ғұрып құқығы.
- Д14. Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттары. Қазақстан Ресей империясының құрамында.
- Д15. Қазақстанның Кеңес билігі дәуіріндегі мемлекеті және құқығы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
Мамандығы: Құқықтану
Шифр: 6B04205

Пән: Мемлекет және құқық тарихы

Дәріс кешені

Тақырып 1. Мемлекет және құқық тарихының пәні мен әдісі. Мемлекет пен құқық пайда болғанға дейінгі қоғам.

Мақсаты: Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының пәні мен әдістерін, ғылым және оқу пәні ретінде ашу, мемлекет және құқық теориясымен байланысын және оның заң ғылымдары жүйесіндегі орны көрсету.

Негізгі терминдер: мемлекет, құқық, тарих, формация, өркениет, зерттеу әдісі, тарихи кезең, даму процесі.

Сұрақтар:

1. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының пәні және әдістері.
2. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының ғылым ретіндегі маңызы және заң ғылымдары жүйесіндегі орны.
3. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихын формациялық және өркениеттік тұрғыдан зерттеу.
4. Мемлекет пен құқық пайда болғанға дейінгі қоғам.
5. Ежелгішығыстық және греко-римдік өркениеттердің қалыптасуы.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы қоғам өмірінің бір жағын зерттейтін қоғам туралы ғылымдардың бір бөлігі болып табылады. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы мемлекет және құқық сияқты қоғамдық құбылыстардың шығуы мен дамуын зерттейді. Бұл ғылым бір уақытта тарихи және заңдық болып келеді. Егер ғылым ретінде тарих қоғамның біртұтас пайда болуы, дамуы мен қызмет атқару процесін зерттесе, ал мемлекет пен құқық тарихы мемлекет пен құқыты олардың тек пайда болған кезінен бастап қарастырады.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының пәні болып жеке елдің хронологиялық жүйелілігі бойынша нақты-тарихи жағдайында мемлекет пен құқытың пайда болу, даму және қызмет атқаруының нақты және арнаулы заңдылықтары табылады.

Бұл пәнді оқып-үйрену үшін келесі әдістер қолданылады :

- тарихи әдіс, мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуының нақты тарихи зерттелінуін қарастырады ;
- салыстырмалы-тарихи әдіс, тарихи көрініс тапқан фактілерді өзге ұқсас біркелкі фактілермен салыстыруға мүмкіндік береді :
- жүйелі-құрылымдық әдіс, ішкі байланыстылық тән элементтер және жүйенің біртұтастығын қамтамасыз ететін элементтер құрылымын зерттеуді болжайды ;
- статистикалық әдіс, зерттеу объектісіне көптеген сандық көрсеткіштер тән болғанда тарихи процестің сандық жағын зерттеуде қолданылады.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихын оқып-үйрену жоғары дәрежелі маманданған заңгерді дайындауға маңызы зор. Ең алдымен мемлекет және құқық тарихын оқып- үйрену студенттердің мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға тарихи ықпал сезімін тәрбиелейді, студенттерді жалпы қоғамдық өмірді және мемлекет пен құқықты танудың ғылыми әдістері білімімен қаруландырады.

Мемлекет пен құқықтың кез келген құбылысы тек оның даму тенденциясы мен келешегін ұғыну кілті табылғанда, бұл құбылыс қалай пайда болды, қалыптасудың қандай сатыларынан өтті және қандай бағытта қозғалуда, дамуда екендігі айқындалғанда ғана дұрыс ұғынықты болады.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы жекелеген елдерде мемлекет және құқықтың пайда болуы мен дамуын зерттейді. Бұл ғылым бір жағынан тарихи, екінші жағынан заң ғылымы.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы пәнін оқып-зерттеу мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды дұрыс түсінуге және қоғамның даму сатыларын ұғынуды және болашақты болжауға мүмкіндік береді.

Заң ғылымдарының ішінде мемлекет және құқықтың жалпы тарихы мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қалыптасуы және даму заңдылықтарын толық жүйеде қарастырады. Сондықтан бұл пән барлық мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға қатысты бастапқы ірге қалаушы білім береді.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихын оқып зерттеу мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың жеке тұлғалармен қарым-қатынасын, демократиялық қоғамдағы және саяси жүйедегі ерекшеліктердің маңызын, мазмұнын нақты түрде түсінуге көмектеседі.

Шетелдердің мемлекет және құқық тарихын оқып-үйрену барысында оқушылар құқықтың барлық саласының негіздері бойынша білім алады. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы басқа заң ғылымдарымен салыстырғанда болашақ заңгердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал жасайды, сонымен бірге жас заңгерлердің кәсіби дәрежесінің биік деңгейде болуына ықпал етеді.

Қоғамдық еңбек бөлінісің, әлеуметтік қызметтің жіктелуі саяси биліктің қалыптасуына және мемлекет пен құқықтың пайда болуына әсер етті.

Египет халқының пайда болуы туралы тарихта, ғылыми әдебиеттерде әртүрлі көзқарастар жазылып жүр. Буржуазиялық тарихшылар египеттіктерді Азия халықтарынан таратады. Азия тайпалары Египетке өздерінің мәдениетін әкеліп, Египет мемлекетін құрды деген де пікірлер болды. Алайда ол пікір кейін сынға ұшырады.

Египеттердің Солтүстік Африка және Абиссиния тайпаларымен көптеген тілдік, туыстық белгілері табылды. Археологиялық мұралар, Ежелгі Египет дінінің нысандары Египет мәдениетінің Африкадан шыққанын дәлелдейді. Айталық, Ніл өзенінің батыс және шығыс жағындағы таулы өлкелерден палеолит кезеңінің тас қарулары табылды, бұл заттар Африканың солтүстігінде ежелгі кезеңде адамдардың тұрғандарын растайды.

Мәліметтерге қарағанда, Африка аудандарының климаты адамның өмір сүруіне қазіргідей жұмсақ болды. Жауын-шашын азая бастады да, Солтүстік Африкада өсімдік жойылды, бұл аудан шөлге айнала бастады. Сол жерде өмір сүрген адамдар оазиске, өзеннің аңғарына жиналды. Сөйтіп, Солтүстік Африканың көшпелі аңшы тайпалары Нілдің аңғары мен атырауларына мекендеді де, олар тұрақты қоныстануды бастады. Бірте-бірте олар аңшылық пен мал шаруашылығынан егін шаруашылығына көшіп, жергілікті дәнді дақылдар өсірді.

Египеттің көп жерлерінен, мысалы, Фаюм оазисінен, оңтүстігінен жаңа ғасырдың елді мекені табылды. Мұнан табылған ескерткіштер Египет мәдениетінің Солтүстік Африканың неолит мәдениетіне ұқсас екенін көрсетеді.

Бұл жерлерде тұрақты егін шаруашылығы болғанын дәлелдейді. Адамдар ол кезде тастан

салынған жер үйлерде тұратын. Қарулар кремнийден жасалатын. Керамика жиі кездесетін. Бұл елді мекендерден жүзден астам тас сауыттар, қамыстан істелген үлкен кәрзеңкелер табылды. Егін шаруашылығы дамығанының бір дәлелі іспеттес мұндай кәрзеңкелер балшықпен сыланған. Олар дән сақтауға арналған. Бұл жерлерде егін шаруашылығымен бірге мал шаруашылығының да дамығанын археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған ірі қара малдың, қой, шошқаның сүйектері дәлелдейді. Батыс атырауда көше-көше болып салынған жер үйлердің қалдықтары табылды.

Египеттің қоғамдық құрылысы өте қарапайым. Адамдар қауымдасып тұратын да, оларды көсемдер басқаратын.

Египеттің әлеуметтік-экономикалық құрылысын түсіну үшін оның климат және басқа ерекшеліктерін анықтау керек. Египеттің ежелгі табиғи мақтанышы - Ніл өзені жылда шілденің ортасында тасып, оның суы сол маңдағы тегіс жерлерді басып кететін. Бұл суды Египеттің шөлді Ніл далаларына пайдалану үшін ирригациялық жүйелер тарту, яғни Ніл өзенінің суын тиімді пайдалану қажет болды. Өйткені бұл жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігін жақсартуға септігін тигізер еді. Сондықтан Геродот Нілді Египеттің сыйлығы деп атаған. Ежелгі Египеттің шекараларын табиғаттың өзі сызып қойғандай: оңтүстігінде Ніл өзенінің аяқ бастырмайтын босаға тастары, батыс жағында нақ сондай тасты тау сілемдері. Ніл өзенінің жағасына Жоғарғы Египет орналасқан да, өзен бірнеше тармаққа бөлінген жерінде, атырауда Төменгі Египет орналасқан.

Ерте көктемде Эфиопия тауларының қарлары еріп, Тропикалық Африкада жауын-шашын көбейеді, Ніл өзенінің суы номиналдан жоғары, оңтүстікте 14 метрге, солтүстікте 10 метрге көтеріледі. Қарашаның ортасында су төмендеп, өзен өзінің арнасына түседі. Осы төрт айда минералдық және органикалық заттар жерге сіңетін де, ол тұнба Египеттің құнарлы жер қыртысын құрайтын. Египеттің жері құнарлы, сондықтан оны қосымша құнарландырудың қажеттігі туған жоқ.

Ніл өзенінің аңғарларын суландыру, тоғандау үрдісі төрт мың жылға созылды. Әр тайпа Египет даласының егіндік жерлерін пайдалану үшін өзінің шағын автономдық су суару жүйесін салмақшы болды.

Экономикалық өзгерістер рулық-қоғамдық қауымның дамуына әсерін тигізді. Қарапайым қоғамдық құрылыс жағдайында қауым көсемдері экономикалық мәселелерді де жүйелеп, басқарып отырды. Аңшылық, балық шаруашылығымен бірге мал шаруашылығының, егін шаруашылығының маңызы зор болды.

Нілдің суын тиімді пайдалану үшін каналдар мен су қоймалары салынды. Жиналған суды бәрі бірігіп пайдаланатын және ол бәріне бірдей бөлінді, сондықтан алдымен қауым, соңынан мемлекет суландыру жүйесін салу, сақтау, пайдалану, кеңейту міндетін қолына алды. Суландыру техникасы шапшаң дамығанымен, шаруашылық құралдары қарапайым әрі сапасыз күйінде қалып қойды. Жерді мың жыл бойы кетпенмен,

қарапайым соқамен өңдеді. Айдалған жерге алдын-ала дайындалған тұқым себілетін, оның үстімен мал жүргізіліп, тұқым жерге сіңдірілетін. Мұндай ежелгі әдіс Египетте б. д. дейінгі V ғасырға дейін сақталды.

Ауыл шаруашылығымен қатар бұл кезеңде қолөнердің де түрлері дамыды. Египетте жергілікті шикізаттар көп болатын. Тастың көптеген түрлері, яғни, гранит, диорит, базальт, порфирин, ақ тас. т. б. кездесетін. Египеттіктер тастан қару мен еңбек құралдарын жасайтын. Ара, пышақ, балта, гарпун, жебелермен қатар тастан ыдыстардың, түтіктердің түрлерін жасауды үйренді. Тастардан әдемі сарайлар, мазарлар мен храмдар тұрғызды. Бұл кезеңде тас қолдану техникасы өте жоғары деңгейде дамып, өзінің шырқау шегіне жетті. Темірдің ашылуы, оны қорытуды үйрену ауыл шаруашылық құрал-жабдықтарына елеулі өзгерістер әкелді. Металдардан, ең алдымен, жез бен темірді қолдана бастады. Көне дәуірдің соңына таман Ніл аңғарында, Қызыл теңіз аралығындағы шөлді аймақта, Синай түбегінде мыстан, темірден жасалған бұйымдар көптеп кездеседі.

Өйтсе де, металлургия Египетте өте баяу дамыды. Темірді алыстан әкелетіндіктен және оның қымбат болуына байланысты темір қорыту қарқынды дами алмады. Сондықтан да Египетте темірден жасалған қарумен бірге тастан жасалған құрал-жабдықтар да көптеп қолданылды.

Ауыл шаруашылығы мен қолөнер өнімдерінің көп өндірілуі саудаға жол ашты. Ежелгі Финикияның Библ деген қаласынан бірқатар жабдықтар табылды. Олардың көне Египеттік

құралдармен істелгені байқалады. Бұлар кремнийден жасалған пышақтар, кестелер, хрусталь мен алтыннан істелген моншақтар, аңдардың бейнелері. Бұл бұйымдар Египеттен Сирияға сауда арқылы келген.

Көне Египеттік құлпытастар сол кезеңде Египетте таптық қоғамның пайда болғанын, ежелгі мемлекеттің нышандарын аңғартады. Аталмыш құлпытастарда жерленген ақсүйектердің титулдары, атағы, қызмет орындары жазылған. Онда керсетілген қызмет дәрежелері мыналар: патшадан кейінгілер - сарайдың бастығы, мөр сақтаушы, патша қағаздарын сақтаушы. Солармен бірге сарай қызметкерлері өздерін княздер, патшаның жолдастары деп атайтын. Жоғарғы шенеунік уәзір деп аталатын. Осындай атақтарға қарағанда сол заманның өзінде орталықтан басқарудың ежелгі нысандары пайда болғандығы аңғарылады.

Ежелгі Египеттің дамуы мынандай кезеңдермен сипатталады. Бұл дәуірлеу авторы-Манефон. Манефон грек тілінде Египеттің екі томдық тарихын шығарды. Бүкіл Египеттің тарихын ол: Ежелгі Патшалық, Орта Патшалық, Жаңа Патшалық деген үш кезеңге бөлді. Әрбір патшалық әулеттерге бөлінеді, өр патшалық он әулет, бәрі бірігіп отыз әулет құрады.

Ежелгі Египет тарихының кезеңге бөлінуі:

1. Ертедегі Патшалық-3100-2800 жж. Бұл кезең Мысырдың тас ғасырлары. Египеттің топтасу үрдісіне ұшыраған кезеңі. Осы кезеңде мемлекет құрылып, Менес патшасы бірінші әулеттің негізін салды. Бұл үрдісті Номтинис басқарды.

2. Ежелгі Патшалық (Ескі патшалық) 2800-2150 жж. Египеттің орталықтану үрдісіне ұшыраған мемлекеттің тығыз топтасқан кезеңі. Темір қару шығарыла бастады, пирамидалар салынды.

3. Орта Патшалық 2050-1700 жж. Египеттің орталығы Фива қаласы болды. Гикосостар Египетті басып алды.

4. Жаңа Патшалық 1575-1087 жж. I Яхмос перғауын Египетті басқарып, Египет ірі, күшті империяға айналды. Осы кезеңнің соңында Египетті алдымен парсылар, кейін А.Македонскийдің әскерлері басып алды, б.д. дейінгі 30 жылдары Египет Рим провинциясына айналды.

Бақылау сұрақтары:

1. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының пәнін атаңыз.
2. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихының қандай әдістерін білесіз?
3. Мемлекет пен құқық пайда болғанға дейінгі қоғамның басты белгілері қандай?
5. Ежелгішығыстық және греко-римдік өркениеттердің қалыптасу ерекшеліктерін атап беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқулық. – Алматы: Нұрпресс, 2015. – 422 б.
3. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран: учебник. – М.: Проспект, 2017. – 346 с.
4. Графский, В.Г. Всеобщая история права и государства : учеб. для вузов. – М.: Норма, 2012. – 286 с.

Тақырып 2. Ежелгі Өзенаралығында және Үндістанда мемлекет пен құқықтың пайда болуы және дамуы.

Мақсаты: Ежелгі Өзенаралығында алғашқы қала мемлекеттердің пайда болуы және даму тарихының ерекшеліктерін ашу, Ежелгі Вавилонның қоғамдық және саяси құрылысын қарастыру. Ежелгі Үндістан аумағында алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы және даму тарихының ерекшеліктерін ашу, арийлік жаулап алудың үнді қоғамының әлеуметтік және саяси құрылысына тигізген әсерін қарастыру

Негізгі терминдер: авилум, мушкенум, патша билігі, орталық және жергілікті басқару, каста, варна, талион, ордалия, әдет-ғұрыптық құқық.

Сұрақтар:

1. Ежелгі Өзенаралығында алғашқы қала мемлекеттердің пайда болуы. Шумерлер өркениеті. Харашпа және Махенджо-Даро өркениеттері. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдыруы.

2. Вавилон патшалығының өркендеуі мен оның дамуының негізгі кезеңдері. Ежелгі Вавилонның қоғамдық және саяси құрылысы.

3. Арийлік мемлекеттіліктің пайда болу ерекшеліктері мен оның дамуының негізгі кезеңдері. Маурьлер империясы – алғашқы жалпыұнділік мемлекет.

4. Ежелгі Үндістан мемлекетінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысы.

5. Құқықтың дамуы. Хаммурапи заңдары. Ману заңдары.

Азия құрылығының Жерорта теңізімен және Қара теңізбен жалғасып жатқан батыс жақ бөлігін Алдыңғы Азия деп атайды. Сол алдыңғы Азияның Тигр және Евфрат өзендерінің аңғарында Вавилон сияқты жаңа, ежелгі классикалық мемлекет пайда болды. Құнарлы да шұрайлы жерлер, сондай-ақ судың көптігі тұрғындардың жерді өңдеу кәсібіне өтуіне ертеден ықпал етті. Бұл елде қолөнер нашар дамыды, себебі өзен аралығында металл да, тас та болмады. Оның есесіне жері мейлінше құнарлы еді, сондықтан тұрғындар егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысты. Ну болып өскен қамыстың арасына саз балшық пен қамыстан лашық салды, өз төңірегін елді мекендерге айналдырды.

Қалаларда қолөнершілер тұрды, сауда қызу жүріп жатты. Оңтүстік өзен аралығындағы тұрғындар көршілес халықтардан металл, ағаш, тас алып тұрды, олардың орнына астық, құрма, жүн берді.

Вавилон айбынды, күшті мемлекеттің астанасы болып, алдыңғы Азияның өте ірі сауда, саяси және мәдени орталығына айналып, өзінің маңызын екі мыңжылдық дерлік уақыт бойына сақтап келді.

Вавилон туралы алғашқы мәліметтер, б. д. д. III мыңжылдықта, бұл қала үлкен Шумер-Аккад патшалығының құрамына кіріп тұрған кезде және ежелгі шумерлік атпен Кадингир деп аталған кезде шықты. Б. д. д. III мыңжылдықтың аяғында амориттердің толып жатқан көшпелі семит тайпалары Месопотамияға еніп, Аккад өлкесінің біраз бөлігін басып алды да және орталығын Вавилон етіп, күшті мемлекет құрды. Шамамен алғанда, сол уақытта таулық эламиттер тайпалары Шумер-Аккад патшалығының әлсіреуін пайдаланып, Месопотамияға шығыс жақтан басып кірді. Шумерге берік орнығып, Ларсаны өздерінің негізгі күшті қамалдарының біріне айналдырды. Шет жерліктер жаулап алған елдерін өзара оңайшылықпен бөлісе алмады. Олардың арасында бәсеке-бақталастық басталды. Бүкіл Месопотамияны жаулап үстемдік жүргізу үшін сөзсіз болатын талас-тартыс қызды. Бұл тартыста Вавилон патшалығы жеңіп шықты да, аморит әулеті орнықты (б.д.д. 1794-1795ж.). Вавилон-Аморит патшалығы Хаммурапи тұсында (б.д.д. 1792-1750ж.) өзінің гүлдену шағына жетті. Хаммурапи бүкіл қос өзенді өзінің қол астына біріктіріп, ірі және күшті мемлекет құрды. Ол заманның тарихы сақталып қалған көптеген құжаттардың арқасында бізге жақсы мәлім болып отыр.

Қоғамдық құрылысы. Ежелгі Вавилондық қоғамның ерекшелігі - патшалардың мемлекетті ірі жер иеленуші мен құл иеленушіге айналдыруында. Патшаның жер қоры дін орындары жерлерін мемлекеттің меншігіне айналдырудан және сондай-ақ жаулап алу мен қауымдық жерлерді сатып алудан құралды. Қоғамның екінші ерекшелігі - патшалық билік пен жеке иеленушілік биліктің күшеюіне қарамастан, қауымдық құрылыстың сақталуында еді. Әрине, бұл жер шаруашылығының ирригациялық жүйесіне байланысты болатын.

Вавилон халқының құқықтық жағдайы сол уақыттың негізгі ескерткіштерінің бірі Хаммурапи патшаның заңдарында сипатталған. Халықты негізінен еріктілер және құлдар деп бөлумен бірге бұл ескерткіш еріктілерді "авилум" еркек адам және "мушкенум" кішкене адам деп сословиеге бөледі. Екеуі де байдан немесе кедейден бола беретін, құлды ұстау, ұстамауын өздері шешетін, бірақ құқықтық қатынаста олардың арасында айырмашылық едәуір еді. Мағлұматтың жетіспеуінен кеңестік әдебиеттерде ерікті адамдарды бұл екі сословиеге бөлу туралы біртекті көзқарас кездеспейді. Академик В. В. Струве "мушкенум" Хаммурапи басып алған жердің халқы да, ал "авилум"-басқыншылардың еліндегі құрметті азаматтар деп есептейді. Ал профессор И. М. Дьяконов "авилум" бұл әлеуметтік не қызмет жағдайына байланыссыз, қайсыбір қауымда жер иеленуші қауым адамдары, ал "мушкенумдер" қоғамнан бөлек тұрды, тек патшаның жер участкелерін шарт келісімімен иеленді дейді.

Қауымда жер иелену ғана адамды, оның әлеуметтік және қызмет жағдайынан еріксіз, тең құқылы қылатын.

Қоғамда қаналушы тап болды, мемлекеттің, ұжымның және жеке меншіктің қарауындағылар құлдар саналды. Ежелгі Вавилонда құл иеленушілік қатты дамыған жоқ, ол

патриархты сипатта болды. Бұл құлдарға кейбір жеке және заттық құқықтар берді.

Ежелгі Вавилоинын мемлекеттік құрылысы. Хаммурапи заманында Вавилонда ертедегі шығысқа тән қаталдық қалыптасты. Ел басқару ісі қатаң тәртіпте бір орталыққа бағынды және бүкіл жоғарғы билік заң шығарушы, орындаушы, сот және діни биліктің барлығы патшаның қолында жинақталды. Хаммурапидің өзінің шенеуніктерімен жазысқан қатынас қағаздарына қарағанда, басқару ісінің әртүрлі тарауларына, атап айтқанда, қолдан суландыру ісін ұйымдастыруға патшаның өзі басшылық еткен. Атына жазылған әртүрлі даулы істер мен шағым арыздарды патшаның өзі қарады. Бұл істер жөнінде патшаның өзі қарар шығарып, шенеуніктеріне тиісті жарлықтар беретін. Тіпті ерекше жарлықтар арқылы күнтізбеге қажетті түзетулер енгізді.

Ел билеу ісінде патша күрделі және бір орталыққа бағынған төрешілдік аппаратқа сүйенді. Бір шенеуніктер орталық басқарманы, екінші біреулері патшаның наместниктері ретінде, мысалы, Сиппар сияқты қалаларды меңгерді. Шакканум дейтін жоғары атағы бар шенеуніктер, ал кішігірім қалалар меи облыстарды рабианумдар басқарды.

Халық әртүрлі салықтар: егістіктеп не мал төлеуінен, құрма бақтарынан, күнжүт егістігінен және балықшы қауымдардан алынатын салықтарды төлеуге міндетті болды. Осы салықтармен қатар күмістей алынатын ерекше алымдар және заттай алынатын арнаулы патша алымдары төленді. Осы кірістердің барлығы патша қазынасына түсіп, сарай мүлкін құрады, бұл мүлік шіркеу мүлкімен бірге ерекше заңның қорғауында болды.

Сот билігі айрықша шенеуніктердің қолына жататын. Сот істері шакканумға, рабианумға, аймақтық судьяларға және қаланың ақсақал және дәулетті адамдарынан шыққан айрықша соттарға жүктелді.

Дін судьялары бірте-бірте өзінің маңызын жоғалтып, тек храмдағы құдайлардың бейнелері алдында ант берген сөздерін қабылдаумен ғана қанағаттанатын болды. Бірте-бірте сот істерін жүргізуден заңның алғашқы нормалары шыға бастады, бұл нормалар бойынша судьялардың міндетіне ант берген куәлардың көрсетулерін тек жай ғана қабылдап қою емес, істі "өз көзімен көріп, зерттеп, тексеру" жүктелді. Заңның арнаулы баптары өтірік куә болған адамды айыпты етіп, жазалайды, ақырында, сот үкімін өзгерткендігі үшін судьяны жазалап, оған талап етілген соманың мөлшерін 12 есе артық етіп айып салады және бұдан былай сот міндеттерін орындауға рұқсат етпейді.

Құқықтың негізгі нышандары. Саяси құқықтық ойлардың Ежелгі Шығыс (Египет, Үндістан, Қытай, Парсы т. б.) пен Ежелгі Батыста (Рим, Грекия) пайда болып, қалыптасуы ерте қоғамдық даму сатысында, мемлекет пен қоғамның топқа бөліну кезінде-ақ байқалған.

Таң қалдырарлық жәй, саяси құқықтық ойлар шығыс халқында ежелгі египеттіктерде, үндістерде, қытайлықтарда, вавилондықтарда, парсыларда батысқа қарағанда неліктен ерте пайда болды? Қазіргі заманда да өзінің көкейкестілік бағытымен қалайша елеулі күшке ие болып отыр? Бұл арада шығыстың халқына да, батыстың халқына да тән нәрсе қоршаған ортаның, табиғат құбылыстарының құпия сырларына жауап бере алмағандығын естен шығармаған жөн. Бүкіл ой айтқаны заң ретінде құдайға келіп тірелді.

Ерте даму сатысында, әрі саяси құқықтық көзқарастың ғылым мен білімге бой ұра қоймаған кезінде сана бүкіл әлемге мифологиялық тұрғыда қалыптасты. Сонымен бірге ежелгі Шығыстың қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктеріне байланысты құқық саласында да олардың -өзіндік ерекшеліктері болды. Айталық: алғашқы қауымдық құрылыстың ұзақ сақталғаны жеке меншік құқығының әлсіз дамуынан көрінді. Патриархтық отбасының сақталуы, қылмысқа бүкіл ұжым болып (отбасы немесе қауым болып) жауап берді, яғни, бөтен біреудің кінәсіне жазықсыз екінші біреу күйіп кететін болды. Талион принципі сақталды.

Заңдар жинағы жеке нақты оқиғаларға (казусальді) арналып жазылған. Онда жалпы құқық көрсетілмеді. Нормалардың бәрі де жекелеген оқиғаларға арналды. Бұл жерде, әрине, оларға түсінік беріп, жорудың өзі артық. Бұл құқық, Заңдар жинағы консервативті және формальды сипат алды, құқық нормалары ескі көзқараста және өте жай өзгеріп отырды.

Мифологиялық тұрғыда болса да, Ежелгі Шығыс құқықтың алғаш шыққан жері, құқықтық қатынастар мен құқықтық түсініктер алғаш осы Шығыста қалыптасты.

Таптардың пайда болуына және олардың қоғамдағы билікті қолға алуына орай талион принципі бұрмаланды, оның орнына ақшалай айыппұл енді. Бұл шығыста ашылған жаңалық. Айталық, құлиеленуші мемлекет пен құқығына жасалған талдау көрсеткендей, Шығыстың негізгі кодификациялық заңдары - Хаммурапи Заңдары. Үндістанның Ману заңдарының ертеде

пайда болғандығынан, яғни, ол заңдардың мифологиялық түсінік күшін жоймай, ғылыми түсінік орныға қоймаған кезде жазылғандығынан болар.

Үндістан жер көлемі және халқының саны жөнінен өте ерте уақыттардың өзінде-ақ Азия елдерінің ішіндегі ең ірілеріне жататын.

Біздің дәуірге дейінгі үшінші мыңжылдықта Үндістанның батыс-солтүстік жағында мемлекеттер болып, ол мемлекеттерде мәдениеті жоғары, өздерінің жазу әдебиеті бар тайпалар өмір сүргені мәлім. Ежелгі Үндістанның мәдениеті бірінші мыңжылдықта гүлденіп, көрші халықтарға да әсерін қатты тигізді. Үндістан буддизм дінінің отаны.

Үндістанның географиялық жағдайы өте күрделі және әртүрлі болатын. Үндістанның жері үлкен түбек, материк сияқты аумақты, басқа дүниеден екі мұхитпен және Гималай тауымен бөлініп тұр. Түбектің ортасы-Деккан жарты аралдың ең ежелгі бөлімі. Ол джунглиден, саваннадан, таулы және тасты жерлерден тұрады, құрғақшылық жиі болуына байланысты адамның өмір сүруіне қолайсыз еді. Адамдардың тұруына ең жақсы, пайдаға асатын жерлер Үндістанның батыс-солтүстік жағындағы Инд және Ганг өзендерінің арасында орналасқан аллювиалды тегіс алқаптар. Суы мол, жерлері құнарлы, климаты жұмсақ, сондықтан ежелгі кезеңнен-ақ осында ірі мемлекеттер пайда болды.

Үндістанның халқы ұлттық жағынан алуан түрлі болатын. XX ғасырдағы ресми есеп бойынша Үндістанда 220 тіл бар екен. Үндістанның негізгі халқы аласа бойлы, қара түсті "дравидтер" деген тайпалар. Олар Үндістанның орта және оңтүстік жағына орналасқан болатын. Тарихшылар дравидтерден де бұрын тұрған тайпалар "мунда" деп санайды. Бұл тайпалар орталық провинцияларда, Гималай және Чото-Нагпур деген жерде тұрған. Олар Үндістанның орта және оңтүстік жағына орналасқан.

Бұл кезеңде Үндістанда дравидтердің тайпалары тұрғанын айтып өттік. Олар тауда және джунглиде тұратын қарабайыр топтарға бөлінеді. Арийлер басып алғаннан бұрын оларда өркениеттіліктің көптеген белгілері болатын: сәнді қалалар салынып, сауда дамыған еді, алыс мемлекеттермен де сауда жүргізілетін.

Біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта дравидтерді Гиндукуш және Памир тауларынан түскен ақ тайпалар басып алып, олар Пенджаб және Ганг өзендерінің жоғары бассейніне орналасты. Осы тайпаларды арийлер деп атайды, арийлер дегеніміз ақсүйек, жақсы тұқым деп аударылады. Дравидтерді олар "дасью" деп атаған.

Осы айтқан тайпалар ғасырлар бойы көшпелі өмір сүріп, көбінесе мал бағумен айналысты. Арийлер егін шаруашылығымен де шұғылданған. Олардың күріш, күнжіт және арпа отырғызғаны белгілі. Мақтадан мата тоқу, ыдыс-аяқ жасау, қола мен темірден қару соғу кәсіптерінің дамығаны анық. Егін шаруашылығының, қолөнер және мал өсірудің дамуы бірте-бірте сауданың пайда болуына әкелді.

Арийлер басып алғаннан кейін Үндістанда ауыл қауымы болғаны белгілі, ол алдымен отбасы қауымы болды да, соңынан қоныс қауымына айналып кетті. Бұл қауымдарды "вишпатья" деген старосталар, және "сабха", "самити" деген кеңес басқарды.

Үндістан жеріндегі отбасылар патриархалдық топқа жататын. Мүлік және билік тек қана әкесінің қолында жиналған еді. Әкесінің билігі кейін үлкен баласының қолына өтетін. Жер қауымның да, жан ұясының да меншігі бола алады.

Қоғамдық құрылысы

Ежелгі Үндістанның әлдеқашаннан келе жатқан әлеуметтік-таптық жүйесі касталарға, готраларға бөлінеді. "Каста" португал тілінен шыққан сөз, ол тайпалық рудың тазалығын көрсетеді. Арийлер мен дравидтердің түстері әр түрлі, сондықтан каста Үндістанда адамдардың түсімен де белгіленген. Касталар бір аудандағы туысқан адамдар, жалпы мамандығы да, діни әдеттері мен әлеуметтік деңгейіне де бірдей болған.

Касталарға брахмандар, кшатрийлер, вайшьялар, шудралар жатады. Жоғары үш каста- екі туған, "двиджати", "двиджати-ариас". Жоғары касталар үстемдік жасауға және жеңілдіктерге ие болуға құқылы.

Брахмандар. Пуруши деген алғашқы адамның ауызынан жаратылған. Оқу, білім, дін ілімін, құрбандық шалу, өзіне және өзгеге арнап садақа үлестіру және садақа алу ісін құдай брахманға белгілеген. Ману заңдарының 96-бабында (бірінші тарау) былай делінген: "Тірі нәрселердің бәрінің ішіндегі ең қасиеттісі - жандылар, ал жандылардың ішінде адам, ал адамдардың ішінде брахмандар болып саналады".

Бағыныштыларын қорғау, садақа үлестіру, құдайы құрбандық шалу, дін ілімін оқып- тану

істерін құдай кшатрийге белгіледі. Кшатрий Пурушидің қолынан жаратылған. Тек кшатрийлер қарулануға құқығы бар.

Вайшийлер. Мал бағуды, үлестіруді, құдайы құрбандық шалуды, дін ілімін оқып үйренуді, саудамен жер өңдеуді құдай вайшийге көрсетті. Сонымен, бүкіл пайдалы жұмысты вайшийлер істейтін болды. Олар Пурушидің санынан жаратылған, олар қауымның толық құқығы бар қарапайым мүшесі.

Ең төменгі төртінші каста-шудралар, олар бір рет туғанға жатады және Пурушидің табанынан жаратылған, сондықтан тек қана жоғары үш варнаға аянбай қызмет қылуға тиісті. Шудралар ең лас жерде жүретін адамдар. Шудралар қауымның теңсіз мүшесі.

Касталардың арасындағы теңсіздікті Ежелгі Үндістанның білімпаздары табиғаттың адамдарды біркелкі жаратпауынан деп түсіндіреді. Шудралар "инициация" әдетінен өтпейді, неге десек, олар қауымға қарсы шығатын бөтен адамдардан құралған, қауымның көмегінен айырылған, жерін жоғалтқан, яғни тәуелді әрі толық құқығы жоқ тайпалардың өкілдерінен тұратын. Инициация әдетінен өтпегеннен кейін олар тек қана бір рет туды деп саналады. Шудраларға қасиетті Веда кітаптарын оқуға тыйым салынды. Олардың кейбір діни салыстар мен қоғамдық мерекелерге қатысуға да құқығы болмайтын еді. Сонымен бірге жер иеленуге, жоғарғы өкімет аппаратында қызметке тұруға құқығы жоқ. Үндістанның сословиелік бөлінуі өте мықты және айқын болатын. Жоғары топтар сословиелік-касталық бөлінуді пайдаланып, өздерінің құқықтарын қорғап, өзара ынтымақта өмір сүрді. Үндістанның этникалық алашұбарлығында, мемлекеттер бірігіп және ыдырап жатқан жағдайда касталық жүйесі, олардың топтық сословиелік бірлігін қорғады.

Касталардың арасында мықты шекара құрылған. Тек қана өзінің кастасынан шыққан адаммен ғана некелесу шарт. Екі рет туғандар алғашқы некеге әйелді өзінің варнасынан алады, ал екінші некеге тұрғанда төменгі кастадан (бір каста төмен) әйел алуға болады (3- тарау, 13-бап). Брахманның баласы шудрадан әйел алса немесе шудраның әйелі одан бала тапса, брахман өзінің брахман атағынан айырылады және оның баласы чандал болып саналады. Ману заңдарында әке - шешесін сыйлайтын, жақсы адам болатын бала тек қана екі жағы бір біріне тең некеден туатын балалар деп айтылады.

Ақсүйектер мен құлдардың арасындағы шекара өте терең. Брахманға тиіскен адамның тиген жері кесіліп алынуға тиісті. Брахмандар өлім жазасына кесілмейді, оларға тартылатын ең ауыр жаза - шашын алу. Әлемдегі бар нәрселер түгелдей брахмандардың меншігі болып табылады, туған кездегідей мәртебесінің жоғары болуына байланысты тек брахман ғана осының бәріне құқылы, - делінген 100-бапта. (Ману заңдары. 1-тарау). Брахман шудраны өлтірсе оған тек қана тазарту жазасы кесіледі, өйткені шудраның өмірі иттің, мысықтың, қарғаның өміріне тең болып саналған. Шудра брахманды жамандаса немесе абыздың жүріс-тұрысы туралы жаман сөз айтса, оның ауызына ені он бармақ ыстық темір тығады. Каста жүйесі рулық ақсүйектердің және арийлердің тазалығын енгізгені түсінікті. Екі түрлі касталардың және басқалардың бір біріне қарыздары болатын болса, төменгі касталардың өкілдерін қарызы үшін құлдыққа айналдыру салтқа енгізген. Ал жоғары кастаның өкілдері қарызын бөліп төлеуге құқығы болатын. Брахмандардың меншігін ешкім, тіпті патша да тартып ала алмайды. Брахмандардың патшаға ақыл-кеңес айтуға құқығы бар, патша оларға сыйлық беруге міндетті.

Кшатрийлер бүкіл халықты қорғау үшін туған. Брахмандар мен кшатрийлер тату тұрып, бір біріне көмектесетін болса, бақытқа жетеді. Патша негізінен кшатрийлердің кастасынан шығуы тиіс.

Құлдар. Құлдықтың басты көздері: соғыс кезінде тұтқынға түсу, қарызын бере алмай құлдыққа түсу, қылмыс істегені үшін құлдыққа түсу болып саналады.

Чандалдар. Қоғамдық сатының ең төменгі бөлігінде чандалдар жатады. Чандалдардың үйлері бәрінен де бөлек орналасқан, өздері көшпелі өмір сүреді. Олардың қоғамдық құлдықты, басқа да жалпы жерлерді пайдалануға құқықтары болмайтын, көшеге шыға алмайтын, олардың бар дүниесі ит пен есек, киетіндері өлген адамдардың киімі. Чандалдар бір жерде тұрақты тұрмауы керек, жұрт ұйықтап жатқанда қалада жүрмеуі керек.

Ежелгі Үндістанның мемлекеті және құқық тарихын кезеңдерге бөлуі

Ежелгі Үндістанның мемлекет және құқық тарихының негізгі кезеңдері мыналар боп саналады:

1. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырап, құл иеленушілік құрылыстың, құл иеленушілік мемлекеттің пайда болу кезеңі;

2. Ганга және Үнді жазықтығындағы құл иеленушілік мемлекеттер;
3. Маурьялардың орталықтанған мемлекеті;
4. Үнді мемлекетіндегі дағдарыс және феодалдану.

Бұлардың әрқайсысына қысқаша тоқталып өтер болсақ, бірінші кезеңі шамамен екінші мыңжылдықтың екінші жартысына жатады. Үндістанға басып кірген арийлерде бұл уақытта әлі патриархат сатысындағы рулық құрылыс қалыптасты. Бұл құрылыстың негізгі ұйымдары "рулық одақ" ғана болды (латын тілінде "ру", бұл сөзден славяндардың "әйел" деген сөзі шыққан).

Бақылау сұрақтары:

1. Ежелгі Өзенаралығында алғашқы қала мемлекеттердің пайда болуына қандай факторлар әсер етті?
2. Вавилон патшалығының күшею себептері қандай?
3. Ежелгі Вавилонның қоғамдық құрылысының ерекшеліктерін атап беріңіз.
4. Ежелгі Вавилонның орталық және жергілікті басқару органдарын атаңыз.
5. Үндістан аумағында алғашқы қауымдық құрылыстың ыдыру процесі қалай жүрді?
6. Ежелгі Үндістанда мемлекеттіліктің пайда болып, дамуына арийлік жаулап алудың әсері қандай болды?
7. Ежелгі Үндістан мемлекетінің қоғамдық құрылысының ерекшелігі қандай?
8. Ежелгі Үндістан мемлекетіндегі орталық және жергілікті басқару органдарын атап беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқулық. – Алматы: Нұрпресс, 2015. – 422 б.
3. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран: учебник. – М.: Проспект, 2017. – 346 с.
4. Графский, В.Г. Всеобщая история права и государства : учеб. для вузов. – М.: Норма, 2012. – 286 с.

Тақырып 3. Ежелгі Грекия мемлекеті және құқығы.

Мақсаты: Ежелгі Грекияда рулық құрылыстың ыдырауы және полистердің пайда болу және даму ерекшеліктерін ашып көрсету. Ежелгі Афиныдағы мемлекеттік құрылыстың бұқаралық сипатының және Ежелгі Спартаның саяси ұйымдасуының әскери-аристократиялық сипатының себептерін түсіндіру.

Негізгі терминдер: әскери демократия, полис, агора, синойкизм, базилевс, демос, демократия, құл иеленуші демократия, аристократия, халық жиналысы, ақсақалдар кеңесі, реформалар, мүліктік ценз.

Сұрақтар:

1. Элладада мемлекеттіліктің пайда болуы және оның дамуының негізгі кезеңдері. Гомерлік Грекия.
2. Мемлекет формасының эволюциясы: монархиядан республикаға және аралас басқару формаларына. Полистік құрылым.
3. Афинылық демократия. Халық жиналысы. Бесжүздіктер Кеңесі. Стратегтер алқасы. Архонттар.
4. Спарталық аристократия. Аргеопаг. Герусия. Эфорлар алқасы.
5. Құқық қайнар көздері: әдет-ғұрыптар, заңдар, соттық тәжірибе, абыздардың түсіндірмелері.

Грекия Балкан түбегі мен Кіші Азияның батыс жағалауында орналасқан. Грекияның өзі Фракия мен Македониядан оңтүстікке қарай созылып жатыр. Грекия үшке бөлінеді: Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Грекия немесе Пелопонесс. Грекия аймақтары тау тізбектерімен бөлінеді. Афины қаласы теңізден 5 шақырым ғана қашықтықта орналасқан, теңіз қарақшыларынан сенімді жасырылып, сыртқы қауіптен қорғануы қамтамасыз етілген болатын.

Тезей реформалары. Бүкіл Афин халқын біріктірген Тезей деген бази-левс, ол барлық белгілі рулардың басын қосты. Тезейдің саясаты "синой-кизм" деген терминмен аталды, бұл сөз "біріктіру" деген мағынаны білдіреді. Гректердің төрт руының қосылуына объективтік себептері бар. Оңтүстіктен гректерге дорийцтардың соғыс ашу қаупі төнген еді. Тезейдің 2 реформасынан бұрын Афины қалаларын басқару өз бетінше жүргізілді, тек соғыс уақытында болмаса, барлығының бас қосуы сирек болатын. Бүкіл Аттиканың бірлесуі XI-X ғасырлар. Жаңа бірлескен өкіметтің басында рулардың ақсүйектері тұрды.

Грекияның халқы: эвпатридтар, геоморлар және демиургтар болып үш бөлікке бөлінді.

Эвпатридтер-ақсүйектердің балалары, олардың әкесі де, атасы да ақсүйек әулетіне жататын. Ақсүйектерді біріктіретін олардың байлығы, бәрі де ірі жер иелері еді.

Геоморлар - жер иеленушілер де, демиургтар – қолөнершілер.

Аттиканың бірігуі және эвпатридтардың күшеюі олардың жаңа органға ұйымдасуына себеп бодды. Оның аты-Ареопаг, Арес соғыс құдайының аты. Ареопаг Арес тауында жиналды. Бұл кезеңде Афинаның рулық құрылысы өзгеріп, ол енді 4 филаға бөлінді, әрбір фила 3 фратрияға бөлінді, фратрия 30 рудан, бір ру 30 еркек адамнан тұратын болды. Афина құдайы бүкіл Аттиканың құдайы деп саналды.

VII ғасырда Афины өкіметі 12 навкарияға бөлінді, әрбір навкария соғыс уақытында бір кеме жабдықтайтын. Бұл да мемлекет болудың белгісі еді.

Афинада ең жоғарғы орган болып халық жиналысы саналды. Бірақ оның атқаратын рөлі төмендей бастады да, бірінші орынға Ареопаг шықты. Ареопагты рулардың ақсүйектері қолдады. Археопогтың қолында сот билігі, әкімшілік билігі, дін әкімшілігі болды. Сотты былай өткізетін: айыптаушы көшірмеу тасына тұрып айыптайтын сөзін айтса, айыпкер өкпе тасына тұрып сөзін айтады. Екі жақ та шындығын айтып тұрғаны туралы құдайға ант береді. Ареопагтың мүшелері өздерінің дауыстарын екі урнаға: қайырым ету урнасына және ажал урнасына бөліп салатын. Бұрын бүкіл халыққа тиісті күш енді тек қана эвпатридтердің қолына көшті де, солардың нарықтық жағдайын қорғады. VIII ғасырда бүкіл Афин аумағы 48 навкарияларға бөлінді, әрбір навкария үкіметке бір кеме беретін болды және архонттармен навкариялар кеңесі деп аталатын жаңадан екі алқа құрылды. Бұл сала аумақтық бөліске жататын дербес мемлекеттік белгіге айналған еді.

Ареопагтан басқа архонттың жаңа қызметі де мемлекет құрамына енгізілді, олар атқарушы үкімет болды. Бұл қызметке алған адамдар 10 жылға сайланатын еді. Уақыт өте келе олар бір жылға сайланатын болды.

Архонттардың саны тоғызға жетті: архонт-эпоним, архонт-базилевс, архонт-полемарх, қалған алты архонт-фесфометтер қызметін істейтін, осы архонттардың бәрі ареопагқа кірді.

Біздің дәуірімізге дейінгі 621 жылы Афинде архонт-фесфомет Драконт жазған құқық нормалары халыққа жарияланды. Олар тарихқа "драконт заңдары" деген атпен енді де, кейін ол жалпы шектен тыс қатал заңдардың теңеуі болып кетті.

Драконт заңдарының шектен тыс қаталдығы алдымен ұрлық үшін берілетін жазаға қатысты байқалды. Қандай да болмасын ұрлық жасаған адам өлім жазасына тартылатын. Ұрлық үшін жазалаудың қаталдығы тек Драконт заңдарына ғана тән емес, ол жалпы ежелгі замандағы таптық қоғамның заңдарына тән нәрсе. Ол қауымдық меншіктің орнына келген жеке меншіктің қалыптасу және нығаю процесін көрсетеді. Драконт заңдары қанға қан алатын кекшілдікке шек қойды, өлген кісіні жерлеген уақытта моласында найзаны жерге қадаса, өлген кісінің балалары оған жаудан кек алатынан көрсеткені. Бірақ Драконт заңы кісі өлтірушіні азаптауға тыйым салады. Бұл заң қастықпен әдейі өлтіру және абайсыз өлтірудің айырмашылығын айтқындауды қажет деп санайды. Дегенмен Драконттың ауызша қарапайым құқықты қағазға түсіріп жазуы, қанға қан алатын кекшілдікке шек қойып, жеке меншікті қорғауы, сот ісінің барысын анықтап, айқындауы өз кезеңі үшін прогрессивтік болды.

Заңның қағазға түсіріліп, қабылдануы демос пен эвпатридтер арасындағы қайшылықтарды тоқтата алған жоқ. Өйткені ол демостың нарықтық жағдайын қандай да болмасын дәрежеде айтарлықтай өзгерте алмады. Оның бұрынғысынша құқықсыз қалған жағдайы тіпті ескерілген де жоқ. Ал демостың күші барған сайын арта түсті. Тұрғылықты демос басқа полистерден келген гректермен толықтырылып отыратын.

Солон реформалары. Б. д. дейінгі 630 жылы эвпатридтерге қарсы Килон қуғын-сүргіні болып өтті. Бірақ ол жеңіске жете алған жоқ. Б. д. дейінгі 594 жылы архонт болып Солон сайланды. Оның алдында екі мақсат тұрды: Афина полисін басқару және Саламин аралын

жаулап алып, Мегара қаласын Афинаға бағындыру. Саламин аралы Афинаның Пирей шығанағына кіретін жолын бақылауға қолайлы орналасқан, сондықтан оны өзіне қаратудың Афина үшін маңызы ерекше болды. Солон Кодрид даңқы елге жайылған Афина базилевсі. Бірақ мүліктік жағдайы бойынша Солон іс жүзінде демостың орта жігіне жататын, өйткені ол саудамен айналысатын (сол саудадан байыған) Солон жіберген афин отряды бұл тапсырманы орындады. Ол саяси тақырыпқа өлеңдер шығаратын елге белгілі ақын әрі философ еді. Солон өзінің реформалар үшін шығарған заңдарын өлеңмен жазған. Бұндай талант Солонның атағын, халық алдындағы беделін жоғары көтерді. Солон істеген елеулі жұмыстарының бірі - заң қабылдау. Солонның реформаларын нарықтық және саяси деп бөлуге болады. Заң шығарушы ретінде Солон селолық, негізінен ауқатты қалалық демостың және оларға қосылған евпатридтердің мүддесін жақсы сезініп, нарықтық мәселелерді айқын түсінетін.

Бірінші шешілуге тиісті мәселе - салық және жер болды. Евпатридтер өзінің көршісіне қарыз берген кезінде оның жер үлесіне қарыздың бағасы көрсетілген тас бағана қоятын. Жер үлесінің иесі алған егіннің алтыдан бірін евпатридке тапсыруға тиісті болды. Ал егер оған шамасы келмесе, оның жері қарыз берген қожаның қолына өтуі шарт. Одан кейін қарызды өтей алмайтын адамдар өзінің жеке бостандығын кепілдікке салып, ұзақ мерзімге қарыздар үшін құлдыққа түскен. Мұндай жағдайда ол шетелдерге сатылып кетуі де мүмкін еді. Солон бұл проблеманы шешу үшін "сисахфия" деген реформа өткізді. "Сисахфия" дегенде "ауыр жүкті сілкіп тастау" деп түсіну керек. Ол бойынша жер учаскесінде орнатылатын бағаналар жойылды. Сөйтіп, шаруалардың қарыздары жойылды. Қарыз үшін құлдыққа түсу дегенді де өмірбақи жойды. Солон шетелге қарыз үшін сатылған құлдарды іздестіріп, оларды қайтадан сатып алып, отанына қайтарып отырған.

Оның "сисахфия" реформасына бірде бір тап риза болған жоқ. Евпатридтар оған кедейлер қарызын төлемеді деп ренжіді, ал кедейлер жерді қайтадан халық арасында бөлмеді деп наразылық білдірді.

Солон Атикадан астықты сыртқа шығаруға тыйым салды да, басқа азық-түлік өнімдерін (жүзім, бау-бақша шаруашылығын) сатуға рұқсат етті.

Қолөнер мен сауданы өркендету мақсатында Солон мынадай заң шығарды: егер кезінде әкесі баласына мамандық беріп, қолөнерге үйретпесе, баласы әкесі қартайғанда жәрдем көрсетуден бас тарта алады.

Солон бүкіл елге ортақ өлшем енгізіп, ақша реформасын жүргізді. Бұл реформа бойынша жаңа жеңіл евбей таланты қарым - қатынасқа енгізілді.

Солон Атиканың нарықтық өмірін жандандырып, нысапсыздыққа қарсы күресті. Ол сыйсияпатпен жерлеуді, қымбат мазарларды салуды және тасаттық беруді тыйды. Солон қарыз берушіге 9 проценттен артық өсім белгілеуге тыйым салды. Солон өткізген нарықтық реформалардан кейін құлдарды тек қана шетелден әкелетін болды, Атиканың азаматтарын құл ету мүлде тоқтатылды.

Солонның нарықтық реформасы саяси реформалармен толықтырылып отырды. Ол генократияны ("генос"-ру) рулық аристократтардың билігін жойып, оны тимократиямен ("тима"-баға, күн), яғни, дүние, мүлік цензісіне негізделген билікпен алмастырды. Ол осы арқылы ақсүйектерді рулық құрылыстың ескі әдет-ғұрыптармен байланыстағы ерекше жеңілдіктерден айырды. Ареопагпен қатар Солон 400 кеңесі деп аталатын жаңа орган шығарды. Бүкіл Атиканың азаматтары елдегі дүние-мүлік цензісіне қарай топтарға бөлінді. Оның негізіне егін шаруашылығынан алынатын натуралдық табыс алынды. Бірінші топқа өзінің жерінен астық түрінде немесе сұйық өнім түрінде 500 медимнен кем табыс алмайтын азаматтар жатқызылды (Бір медимн-41-53 литр май, шарап немесе бидай). Бұл тап бес жүздік деп аталды.

Екінші топқа өзінің жерінен 300 медимнен кем табыс алмайтын азаматтар кірді. Оларды салт аттылар деп атады, өйткені олар өзінің әскери атымен атты әскер қатарына өтуі керек болды.

Үшінші топқа өзінің жерінен 200 медимнен кем табыс алмайтын азаматтар кірді. Оларды зевгиттер деп атады, яғни, олар өз өгіздерін жегетіндер, олар жаяу әскер жасағында қызмет етуге және жеке өзінің ауыр қару-жарағын иеленуге міндетті еді.

Төртінші топқа табысы 200 медимнен аз азаматтар жатқызылды. Олар феттер деп аталды. Әскери қызметте олар қосымша жұмыстар атқарды.

Ең бай топты Афины азаматтары-әскери кемелерді жасақтап, оларды қалыпты жағдайда ұстап тұруға тиісті болды. Солон Ареопагты әлсіретті, ол оның құзыретінен халық жиналысында

қаралатын істерді дайындау міндетін тартып алып, төртжүздік кеңесінің қарамағына берді.

Бұл істерді әзірлеу үшін Солон Бүле (400 кеңесі) деп аталатын жаңа мемлекеттік орган құрды. Ол ертеден келе жатқан рулық төрт филаларының жиналысында 1, 2, 3, топтардың азаматтарынан сайланатын болды.

Халық жиналысы Солон реформаларының нәтижесінде Антиканың өмірінде бұрынғыдан әлдеқайда белсенді рөл атқара бастады. Онда ағымдағы саяси мәселелер талқыланып, архонттар және басқа да жоғарғы қызмет адамдары сайланатын. Кейін олардың бәрі өз жұмысы жөнінде жиналыс алдында есеп беретін болды. Халық жиналысына азаматтардың бәрі де қатынасты.

Гелиэя-жоғарғы сот. Демек ант берген қорғаушылардың 6000 адамынан жаңа жоғарғы сот құрылды. Бұған барлық төрт топтың азаматтары қатыса алатын болды. Гелиэя он комиссиядан құрылды, оның әрқайсысында 501 адамнан болды, қалғаны запастағылар есебінде болды.

Солонның саяси реформасынан кейін, жоғарыда ескертілгендей, азаматты оның шыққан тегіне қарай бағалау өлшемі, енді дүние-мүлкіне қарай бағалаумен ауыстырылды. Архонттарды бірінші дүние-мүлкті топтан ғана сайлауға болатын еді, ал 1-3 топтың азаматтары төртжүздік кеңестің мүшесі бола алатын. Барлық төрт топтардың азаматтары халық жиналысына және гелиэяға қатыса алатын болды. Солонның реформалары ру ақсүйектері-евпатридтердің билігін тежеп, ру-тайпалық ескі әдет-ғұрыптарын жоюға бағытталған еді. Евпатридтер енді оларды қанай алмайтын болды. Бұл реформалар шетелдерден құлдарды сатып әкелу негізіне сүйенген құл иеленуші шаруашылығының дамуына әкеліп соқты.

Тұтас алғанда Солонның реформалары белгілі дәрежеде компромистік реформалар еді. Ол ареопагқа оның заң шығару және бақылау функцияларын қалдырды, Аттиканың ескі ру-тайпаға бөлінуіне, төрт рулық тайпаға-филаға бөлінуіне тиген жоқ. Ал оның бер жағында Аттикада аумақтық ру-тайпаға бөліну принципі Солонның реформасына дейін-ақ бұзылған болатын. Барлық халықтан соғыс кемелерін жасауға қаржы жинау үшін Аттика 48 навкария деген округтерге бөлінді. Солон реформаларының Аттиканың онан әрі әлеуметтік, нарықтық және саяси өркендеп дамуында орасан зор маңызы болды.

Солон өзінің реформаларымен евпатридтердің ашу-ызасын туғызды. Оның реформаларына демостың кедей жіктері де риза емес еді. Олардың аш-жалаңаштығының негізі - бөлініп берілген жердің аздығы еді. Кедейлер евпатридтердің жерінің бір бөлігін алғылары келді, бірақ Солон оны орындамады. Солонның ценз реформасы азаматтардың онша бай емес жіктерінің саяси құқықтарын шектеді. Ескі төрелер де оған қарсы шықты. Солонның реформалары әлі жеткіліксіз болды деп түсінген демостың төменгі жіктері де наразылық білдірді. Солон біраз уақытқа Афинадан кетуге мәжбүр болды. Солон кеткеннен кейін көп ұзамай-ақ Аттикада топтық және саяси күрес шектен тыс шиеленісіп кетті. Өзара тартыс кезінде үш түрлі: әлеуметтік, саяси және аумақтық топтар құрылды. Педиэйлер- олардың басында Ликург тұрды, бала Парлийлерде-Мегакл, Диакийлерде-Писистрат көсемдік жасады. 560 жылы бұл күресте Пи-систрат жеңіп шықты. Ол Акрополды басып алды да, мемлекеттік төңкеріс жасады. Сөйтіп ол тиранға айналды. Бірақ ол Солонның заңдарын жойған жоқ, қайта кезінде Солон бастаған әлеуметтік, нарықтық және саяси реформаларды жалғастырды. Писистраттың ең басты шараларының бірі-мемлекеттік ұзақ мерзімді қарызды енгізу болды. Бұл өзгеріс шаруалардың жағдайын жеңілдетті.

Шаруалардың сотқа байланысты жұмыстарын жеңілдету үшін Писистрат демаларды аралап жүретін соттар қызметін енгізді. Ол мөлшері оннан бір тұрақты табыс салығын енгізіп, мемлекет қазынасын тәртіпке келтірді.

Қала демостарының - саудагерлер мен қолөнершілердің де мүддесін ескеру қажет болды. Олардың мүддесі үшін Писистрат қызу сыртқы саясат жүргізді. Қолөнершілер экспортқа қара лак вазаларды көптен жасайтын. Писистрат құдай Диониске-жүзім шаруашылығы мен шарап жасау ісінің қамқоршысына сыйынатын мемлекеттік діни қызмет ұйымдастырды. Дионистің құрметіне жалпы қалалық мерекетойлар-ұлы дионисийлер өткізілетін. Сонымен қатар Писистрат-Афина қаласын сауда қолөнер және мәдени орталық ретінде дәріптеуге тырысты.

Қала қамқоршысы Афина құдайының құрметіне ұлы Панафинейлер өткізілді. Писистрат б. д. дейінгі 527 жылы қайтыс болды. Ол өле-өлгенше өкімет басында қалып қана қойған жоқ, сонымен қатар билікті өзінің балалары Гиштий мен Гипархқа беріп кетті.

Б. д. 510 жылы тирандық өкімет билігі жойылды. Писистраттың Гипарх деген баласын евпатридтер өлтірді де, Гиппийді Афинадан қуып жіберді. Бұл көтерілісті Спартаның көмегімен Алкмеонид руы басқарған еді.

Клифеннің реформалары. Б. д. дейінгі 509 жылы Клифен (Алкмео-нир руынан)

реформалар жасауға кірісті. Оның бұл реформалары ру-тайпа қатынастарының қалдықтары мен сарқыншақтарын толық жойды және Афинада құлиеленушілік демократия жүйесін қалыптастырды.

Ол ескі төрт ру-тайпалы филаларды жойып, олардың орнына он аумақтық филалар құрды. Әрбір фила үш бөлімнен құралды: қалалық, теңіз жағалауы және ішкі аудандар. Алғашқы екеуінде демос, үшіншісінде аристократтар басым болды. Клисфен бұл үш ауданның әрқайсысын 10 триттийге бөлді, бүкіл Аттика 30 триттийға бөлінді. Әрбір жаңа аумақтық фила үш: бір қалалық, бір теңіз жағалауы, бір ішкі триттийден тұрды. Бұл реформа халықты әбден араластырып, ру-тайпалық қатынастардың қалдығын бұзу мақсатын көздеді. Клисфен Аттиканың бүкіл аумағын 100 төменгі бастауыш аумақтық әкімшілікке бөлді. Олар дем деп аталды. Әр филада 10 демнен болды. Кейінен демдердің саны көбейді. Әрбір Афина азаматы өзі шыққан демге тіркелді. Өзі шыққан руына байланысты атауға тыйым салынды. Сөйтіп рулық қатынастар жойыла бастады.

400 адамнан тұратын солондық кеңес бесжүздіктер кеңесіне айналды (әр фила 50 өкілден). Халық жиналысында тыңдалуға тиісті істерді әзірлейтін орган ретіндегі оның рөлі күшейді. Бесжүздіктер кеңесі жоғарғы әкімшілік орган болды.

Остракизм (қуғын-сүргін). Үкіметтің беделді азаматтары Афина жерінен аласталып қуғынға ұшыратылды. Қуғынға түскен беделді азаматтардың Аттикаға 10 жылдан кейін қайтып келуіне рұқсат етілді. Ондай азаматтардың отбасы және мүлкі есептен шығарылмай, сақталды. Бұл қуғынның құрметті түрі деп есептелді. Ең беделді азаматтар Афинаның халық жиналысында ресми белгіленіп отырды. Афинаның 6000 азаматы қолына берген тасқа, ыдыстың сынығына олардың атын жазды. Клисфеннің реформалары Афинадағы демократиялық құл иеленушілік полистің қалыптасу процесін аяқтады. Клисфеннің реформалары рулық құрылыстың ең соңғы қалдықтарын "түпкіліктен" жойған төңкеріс еді.

Афина мемлекетінің басты билік органдары - халық жиналысы, бесжүздіктер кеңесі, ареопаг, гелиэя, стратегтер, архонттар комиссиясы, болды. Афина мемлекетінің басты билік органы халық жиналысы - эклексия. Халық жиналысы 10 күнде бір рет Акрополь жанындағы үлкен жайдақ төбе Пникстің басына жиналатын. Кейінірек мәжілістер Афина театрында өткізілетін болды. Халық жиналысына 20 жасқа толған афина азаматтары қатынасатын. Афина азаматтары деп саналатын адамдар Аттиканың қала тұрғындары, еркек адамдар, 18-ге толғаннан кейін бір жыл ішінде семсерлесу, ату, найза лақтыру, жаттығуларын үйренуі үшін Пир ауданында бірге жиналады. Бір жыл оқудан кейін олар күзет қызметтерін атқарады да, 2 жылдан кейін 20 жасында Аттика азаматтары деп саналатын болды. Олардың ұстазы-софронистер өте беделді, белгілі адамдар, оларға бір күн оқытқаны үшін 1 драхма беріп тұрды, олар 500-діктер кеңесінің мүшесі деп саналды.

Афина азаматтарының негізгі құқықтарына бостандық, жеке тәуелсіздік, жерге қожалық ету, үкіметтен нарықтық көмек алу жататын. Ал міндеттеріне мүлікті сақтап ұстау, өзі тұрған полиске көмек беру, отанды қорғау, үкіметтің заңын орындау, құдайды сыйлау, мемлекет басқару ісіне белсенді қатысу кіретін.

Өзге қалалардан Афинаға қоныс аударған гректер - метектер және сондай-ақ құлдар эклексияға (халық жиналысына) жіберілмейтін. Халық жиналысының ең біріншісі негізгі, басты деп аталды. Бұл жиналыс бүкіл лауазым иелерінің есебін тыңдайтын, егін жағдайын және мемлекеттік қауіпсіздік сақшысының ісін қарайтын. Халық жиналысы 9-10 күнде бір рет жиналды. Басқа жиналыстары Афина саясатының бар-лық негізгі мәселелерін талқылайтын және шешетін, қаржы мәселелерін қарайтын, соғыс және бейбітшілік жөніндегі мәселелерді шешетін, өзге елдерден келген елшілердің баяндамаларын тыңдайтын және сондай-ақ күнделікті көптеген мәселелерді қарап отыратын. Халық жиналысында әрбір афина азаматы кез келген мәселені көтеруге ерікті еді. Шешім ашық дауыспен қол көтеру арқылы кейде жабық дауыспен де қабылданатын. Жабық дауыс бергенде урнаға бұршақ, қара не ақ тастар, не болмаса жазуы бар ыдыстың сынықтары салынған. Халық жиналысын жинайтын притандар, олар 5 күн бұрын халық жиналысының күн тәртібін жариялайтын. Б. д. дейінгі 395 жылы халық жиналысына қатынасқан азаматтарға ақы төлеу тәртібі енгізілді.

Халық жиналысынан тысқары өзге де демократиялық мекемелер өмір сүрді. Дегенмен, өздерінің маңызы жөнінен олардың ешқайсысы халық жиналысымен теңесе алмайтын. Афина халық жиналысының қызмет бабы өте кең болатын. Онда: заң қабылдау, қызмет адамдарын сайлау, қаржының қалай жұмсалғанын тексеру, жоғарғы сот қызметін өткізу, халық жиналысын

басқару органдары болды. Атикада бүкіл қызмет адамдары халық жиналысы арқылы бір жылға сайланып тұрды. Азаматтардың бәрі сайланбастан бұрын докимазияға салынды. Бесжүздіктер кеңесі, архонт, 10 стратегтер, Ареопаг, Гелиэя, қаржы комиссиялары деген қызмет органдары болды.

Бақылау сұрақтары:

1. Грекиядағы мемлекеттіліктің полистік дәуірінің негізгі кезеңдерін атаңыз.
2. Гомерлік кезеңдегі басқару жүйесі қандай болды?
3. Ежелгі Афины құл иеленуші демократиясының басқару органдарын атап беріңіз.
4. Ежелгі Спарта мемлекетінің қоғамдық құрылысына сипаттама беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқулық. – Алматы: Нұрпресс, 2015. – 422 б.
3. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран: учебник. – М.: Проспект, 2017. – 346 с.
4. Графский, В.Г. Всеобщая история права и государства : учеб. для вузов. – М.: Норма, 2012. – 286 с.

Тақырып 4. Ежелгі Рим мемлекетінің қоғамдық және саяси құрылысы.

Мақсаты: Ежелгі Рим мемлекетінің қоғамдық және саяси құрылысымен таныстыру. Ежелгі Римнің мемлекеттік институттарының, құқықтық және сот жүйелерінің мазмұны мен сипатын түсіндіру.

Негізгі терминдер: цивитас, ауылдық қауым, латындар, патриций, плебей, курия, триба, комиция, сенат, квирит, перегрин, сенат, магистрат, эдикт, диктатор, консул, цензор, халық трибундары.

Сұрақтар:

1. Рим қала-мемлекетінің пайда болуы. Патшалық кезең.
2. Ежелгі Римнің республика кезеңіндегі қоғамдық және мемлекеттік құрылысы.
3. Республикалық мекемелердің құлдырауы және империялық әкімшілік жүйенің қалыптасуы.
4. Диоклетиан реформалары және Константин заңдары.
5. Империяның бөлінуі. Батыс Рим империясының құлауы.

Рим жергілікті патриархалдық қауымға жататын. Патрицийлер ру, курия және трибаларға бөлінетін. Рим үш трибаның одағы болатын. Бір курия он рудан, триба он курияден тұратын. 3 трибаның әрқайсысы жүз рудан, ал бүкіл қауымның халқы үш жүз рудан құралатын. Ру бірлестіктеріне кіретін азаматтар өз әскерлерін құратын. Халық жиналысына қатынасып, қауымның алғашқы мүшелері болып саналатын. Алғашқы толық құқықты азаматтықты тек патрицийлер иеленді.

Әрбір рудың аты болды. Рудың басшысы ақсақал кеңесіне, атап айтқанда сот қызметін жүзеге асыратын санаға енді. Ең басында Рим қауымы 300 рудан тұрғандықтан, ежелгі сенат 300 сенатордан тұрды. Сенат өмірлік көсемді сайлады. Патша Сенаттың төрағасы болып, бүкіл қауым атынан құдайға құрбандық берді және "легиондарды" басқарды. Ең маңызды мәселелер курияның, рудың халық жиналысында қойылып отыратын.

Халықтың ең ауқатты бөлігінен тұратын бірінші топтың жүздіктеріндегі адам саны небары оншақты еді. Керісінше, соңғы топ жүздіктерінде азаматтардың саны жүзден едәуір асып, ал ақырғы центурияда 4 мыңға дейін жетті. Сонымен дұрыс шешілсе, 1 топ шешімі дұрыс және қуатты болып шығады. Олар 193 дауыстан 98 дауыс береді. Басқа топтар дауыс беруге қатыспаса да болатын, өйткені олардың дауыстарының ешқандай қажеті жоқ еді.

Сервий Тулий реформалары Рим патрицийлері арасында наразылықтар туғызды. Осыны пайдаланып Тарквиний Суперб өзінің алдындағы патшаны өлтірген. Бірақ біраз уақыт өткен соң өзінің зорлығымен және қаталдығымен Тарквиний жалпы жұрттың наразылығына ұшырады. Б. д. дейінгі 510 жылы Рим халқы патшаға қарсы көтеріліп, оны Рим жерінен қуып шығарды.

Патрицийлерге қарсы плебейлер күресінің ең ірі нәтижесі рулық-тайпалық қатынастардан

құл иеленушілік мемлекет құруы болды. Плебейлер-Рим аумағына көшіп келген адамдар. Олардың құқықтары шектелген болатын. Оларға патрицийлермен неке қиюға, жер сатып алуға, әскерге қатысуға болмайтын. Өздерінің жағдайларын жақсарту үшін плебейлер патрицийлермен күресті. Плебейдің жеңісі ескі рулық құрылысты өзгертті де, оның орнына мемлекет құрылды. Мұның ішінде рулық аристократия мен плебей кешікпей мүлде жойылып кетті.

Сервий Тулий реформалары. Б. д. д. VII ғасырда Сервий Тулий патша Римде саяси және экономикалық реформа жүргізіп, плебейлердің жағдайын жақсартты. Ол плебейлерді халық жиналысына қатыстыратын болды. Азаматтардың куриялары және ежелгі жиналысымен қатар плебейлерді Рим жасағы қатарына да ресми жіберуге жол берген Сервий Тулийдің реформалары. Жауынгерлер центуриаттың комицияларын құрды. Жауынгерлер мүліктік белгілеріне сәйкес бес топқа бөлінетін. Байлық мөлшері аспен саналды. 1. 100000 асс, 2. 75000 асс, 3. 50000 асс, 4. 25000 асс, 5. 11000 асс. Одан кемі - пролетарийлер. Сонымен, бірінші топқа мүлігі 100 мың жез асыларға бағаланған неғұрлым ауқатты азаматтар жатқызылады. Олар толық қару-жарақтанған 18 атты және 80 жаяу әскер жүздігін беруге міндетті болды. Центуриат комицияларында дауыстар жүздіктер бойынша берілді. Бір жүздік бір дауысқа ие болды. Сұрақ қою бірінші топтың азаматтарынан басталды, олар 193-тен 98 дауысқа ие болды. Ал қалғандарының 95 ғана дауысы болды. Ең кедей азаматтар ақырғы центурияға біріктірілді. Бұл "пролес" яғни "балаларынан, тұқымдарынан басқа ештеңесі жоқ адамдар" еді. Оларды әскери қызметке жібермеді. Сервий Тулийдің жүргізген реформасы Римнің әскерін күшейтіп, плебейлер мен патрицийлердің құқығын теңдеді. Реформадан кейін патрицийлер бәрі жоғарғы биліктегі міндеттерді өздері иеленді және жер алу құқығын сақтап қалды. Плебейлер мен патрицийлердің өзара қатысы мұнымен шектелген жоқ. Сырттай ескі трибаларға бөлуді сақтай отырып, Сервий Тулий трибаларды ежелгі ру одағынан аумақтық бөлініске айналдырды. Ол бұрын әкімшілік округтарда ғана болған 4 аумақтық трибалар құрды. Кейін осындай трибалардың саны біртіндеп өсіп, б. д. дейінгі 1 ғасырда 35-ке дейін жетті.

Мемлекеттік құрылысы Б.д. дейінгі V-VI ғасырлар бойында патрицийлік аристократиялық республика конституциясының бірте-бірте қалыптасып, даму процесі өрістеді. Б. д. д. 510 жылы Римде республика құрылды. Патшаның орнына 2 консулды сайлайтын болды. Рим республикасының тарихы 500 жылдан асады. Бірақ Римде республика құрылғанымен, қоғамдық құрылыста айтарлықтай өзгерістер бола қойған жоқ. Рим ерте республикалық кезеңде полис, яғни, еркін құл иеленушілік сипатындағы азаматтық қауым болып қалды. Рим халқы егіншілікпен, мал шаруашылығымен шұғылданды. Римдіктер астық дақылдарын, жүзім, зәйтүн егіп, өсірді, бақша шаруашылығымен шұғылданды. Дикандар темірді еңбек қаруы ретінде қолданды. Олар ірі және ұсақ қара мал, шошқалар өсірді.

Б. д. д. V-III ғ.ғ. Рим мемлекеттік құрылысының тұжырымдалу процесі жүрді. Мемлекеттік өкімет органдары-халық жиналыстары, магистратуралар, Сенат болатын. Рим республикасының жоғарғы мемлекеттік органы б. д. дейінгі 1 ғ. басына дейін 300 адамнан тұратын Сенат еді. Сенаторларды цензорлар тағайындайтын. Сенаторлардың көбі өмір бойына сенатор болып қалды. Кез келген адам сенатор бола алмайтын. Ақсүйек рудан шыққан, жасы 60-қа толған, әуелі диктатор, консул яғни, претор болып істеген адам ғана бұл лауазымға сайлана алатын.

Сенат заң қабылдамайтын, бірақ ол заңды талқылау құқығын иеленген еді. Бұл функцияны ол жаңа заң қабылдағандай шебер қолдана білді.

Сенатты магистраттар ғана шақыра алатын. Мәжілістерге төрағалық етуші Сенаттың қызмет бабы өте жоғары еді.

Ол мемлекет мүлкіне басшылық жасады, қазынаға иелік етті, бюджетті, салықты белгіледі. Ол комиция қаулыларын, ол сайлаған қызмет адамдарын бекітіп, сыртқы саясатқа басшылық етіп, діни тәртібін бақылады.

Сенат республиканың әскери өмірін басқарды. Жауынгерлерді жинау мерзімін, әскерлер контингентін, әскери бастықтар өкілдігін белгіледі. Бақылау мақсатын көздеп, елшілерін өзі соғыс жүргізіп жатқан магистратқа жіберіп отырды. Рим Республикасының аристократиялық ерекшелігі Сенаттың рөлінен-ақ көрініп тұрды. Сенаттың ықпалы орасан зор болды.

Аристократиялық республика халық демократиясының көп белгісін сақтап қалды. Халық жиналыстары - сол демократияның бір көрінісі. Ең маңызды мемлекеттік органдары - халық жиналыстары. Олар комиция деп аталды. Римде комициялардың үш түрі бар.

Куриялар жиналыстары (комициясы). Римде ежелден келе жатқан комиция жиналыстары болатын. Бұған үкіметтің жоғарғы иесі, әкесі мен шешесінің азаматтық құқығы бар, толық

құқылы Рим азаматтары (патрицийлер) жататын. Рим азаматтары халық жиналысына қатысып, мемлекеттік қызметке алынып, жеке меншікке ие болып, Рим әскерлерінде қызмет ете алатын.

Халық жиналыстарының тағы бір күрделі түрі - центуриаттық комициялардың маңызы зор болды. С. Туллий жүргізген реформадан кейін олардың саны 193-ден-373 дейін көбейді. Центуриаттық жиналыс патрицийлер мен плебейлердің жиналысы болатын. Бұл жиналыстарды жоғарғы қызмет адамдары қаланың шетінде, Марс алаңында шақырды. Магистрат жиналыс алдында шешілетін мәселені қойып, дауыс беру ісін жүргізуді биледі. Алғашқы дауыс беру центурия ішінде өтті. Әрбір центурияда бір-бір дауыстан беретін. Центуриат жиналысының қызметтік ықпалы күшті болатын, біріншіден олар қабылдайтын, центуриат комициялары Рим халқының еркін білдірді. Олар жоғарғы қызмет адамдарын - консулдарды, преторларды, цензорларды сайлады. Соғыс жариялау және бітім жасау мәселелерін шешті. Комиция қабылдаған заңдарды бекітті.

Қатты жазаға ұшыраған азаматтардың шағымын қарайтын таблица заңдарын қабылдау Рим плебейлерінің үлкен жеңісі болды. Патриций мен плебейге ортақ заңдар плебейлерді патрицийлердің жүгенсіздігінен қорғауға тиісті болды. Эдилдер плебей трибундардың көмекшілері болды.

Б. д. д. 445 жылы Канулейдің заңы қабылданды. Ол плебейлерге патриций әйелдерге үйленуге рұқсат етті. Б. д. дейінгі 409 жылы плебейлерді квестор етіп сайлайтын болды. Кейін оларды-367 жылы-консул, 364 жылы-куруль эдилі(курульный эдил), 366 жылы-диктатор, 351 жылы-цензор, 337 жылы-претор ретінде сайлап қоятын болды. Б. д. д. 287 жылы Яни-куль төбесінде плебейлердің ақырғы жиналысы болды. Плебейден шыққан диктатор Квинт Гортензий халықты тыныштандыру үшін, трибут комициялардың шешімі бойынша жалпы мемлекеттік заңдары болатындығын тағы да растайтын заң шығарды.

Рим халқының төменгі жігі құлдар болды. Бұлардың көбі соғыс тұтқындары еді. Басқалары көршілес тайпалардан немесе осында келген құл сатушылардан сатып алынатын. Құлдарды толықтырып отырудың маңызды көзі – кіріптарлық құлдық болды.

Өнер мен сауданың дамуы Рим плебейлердің жіктелуіне әкеліп соқты. Плебейлер арасынан сауда-қолөнер шонжарлары шықты. Екінші жағынан плебейлер саны өсті. Плебейлердің патрицийлермен нарықтық тұрғыдағы күресі жер үшін күрес болды. Кедейленген плебейлердің кіріптарлығын жою талаптары күресті қиындата түсті. Б. д. д. V- VI ғасырларда плебейлер нарықтық және саяси қатынастарда патрицийлермен теңдік жолындағы ұзақ күреске кірісті. Олар патрицийлер ие болып отырғандай азаматтық құқықтарды, магистратураларды, Сенаттан орын алу құқықтарын талап етті.

Плебейлердің патрицийлермен күресінің басталуы б. д. д. 494 жылға жатады. Эквалармен соғыс кезінде ауыртпалық тартқан плебейлер Рим ескерлеріне қызмет етуден бас тартты да, Римді тастап, Әулиетау үстіндегі лагерьде тұрды. Плебейлердің Рим әскерін тастап кетуінен шошынған патрицийлер оларға кеңшілік жасауға мәжбүр болды. Плебейлердің дербес ұйымдасу құқығы танылды. 493 жылдан бастап олардың өз ортасынан б. д. д. олар екі лауазымды адамды халық трибундарына сайлай алды. Трибундар сенат пен магистраттардың плебейлердің мүдделеріне қайшы келетін шешімдеріне тыйым (вето) салу құқығын алды. Сонымен, олардың міндеті плебейлерді патрициан магистраттары мен сенаттың жүгенсіздігінен қорғау болды. Алғашында 2 трибун, содан соң 4, ал кейінірек 10 трибун сайланды.

Б. д. д. 449 жылы 12 тақтаға ойылып жазылған заңдар форумға қойылды. Атам заманғы патрицийлермен қатар Римде еркін халықтың тобы-плебейлер де пайда бола бастады.

Плебейлер патрицийлердің рулық бірлестіктеріне кірген емес. Ежелгі заманда жер иеленуге құқығы болмады. Бұлардың көпшілігі қолөнермен және саудамен шұғылданды. Плебей азаматтық құқықтарға көп қол жеткізе алмады. Бірақ уақыт өткен сайын оларды Рим әскери жасағының құрамына енгізетін болды. Плебейлердің салық төлеп, әскерге қызметке араласуы нақты көрініске айналды.

Плебейлердің қалай пайда болғаны бірнеше болжам бар. Қазіргі зерттеушілердің пікірі бойынша, плебей халқының тегі ішінара еркін қоныс аударушылардан, ішінара еркіндікке жіберілген құлдардан, Римде қоныс тебуге римдіктер зорлап көндірген кейбір көршілес шағын қалалардың тұрғындарынан құралды.

Комициялардың үшінші түрі-трибут комициялары. Олар триба бойынша жиналатын. Олар центуриат комициялармен салыстырғанда демократияға неғұрлым бейім болды. Өйткені, бұл комицияларға өздерінің орнына қарамай барлық рим азаматтары қатысты. Трибут жиналыстары әдетте заң-жоба мәселелерін шешті, төменгі қызмет адамдарын сайлады, кейбір қылмысты істерді талқылауға салды.

Трибут комициялары 35 болатын. Олар кейбір заңдардың жаңа жобасын талқылап, плебей трибундарын сайлады.

Римде халық жиналыстарының жүйесі демократиялық негіздерде құрылмаған еді. Рим халқының жиналыстарын тек магистраттар ғана шақыруға құқылы болды. Бірде-бір халық жиналысында заңдық бастама болған жоқ. Басқыншылық соғыстардың нәтижесінде Рим республикасы орасан зор мемлекетке айналды. Оның иеліктері бүкіл Аппенин түбегі кеңістігінде ғана емес, сондай-ақ одан әлдеқайда сырт жерде бытырап, Рим б. д. дейін үлкен қалаға айналды да, Жерорта теңізінің аса маңызды саяси орталығы болды.

Жеңіп алған елдерден Римге көп құл әкелініп жатты. Сөйтіп олар жеке меншіктерге сатылды. Римде "нобиль"-деп аталатын жана топ пайда болды. Олардың дүние мүлкі 1 млн. сестерция болып болжамдалды. Олардың латифундияларына рим шаруалары жұмыс істейтін. Шаруалар құлдың арзан еңбегімен бәсекеге түсе алмады.

Қоғамдық қайшылықтардың шиеленіскені соншама, көптеген саяси қайраткерлер үшін әлеуметтік қайшылықтардың жаңадан бүрк ете түсу қаупі айқын білініп отырды.

Бақылау сұрақтары:

1. Рим мемлекетінің тарихы қандай кезеңдерге бөлінеді?
2. Ежелгі Римдегі патрицийлер мен плебейлердің құқықтық жағдайындағы айырмашылықты атаңыз.
3. Рим республикасындағы басқару органдарын атап беріңіз.
3. Республикалық басқару жүйесінің құлдырау және империялық басқарудың қалыптасу себептері қандай?
4. Империялық басқару органдарын атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.
3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.
4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 5. Франк мемлекеті мен құқығы.

Мақсаты: Орта ғасырлық елдерде құқық пен мемлекеттің негізгі формаларының ауысуын түсіндіру. Франктардың мемлекеттік институттарының, құқықтық және сот жүйелерінің мазмұны мен сипатын зерделеу. Орта ғасырлардағы Франк мемлекетінің және құқығының пайда болу және даму тарихымен таныстыру.

Негізгі терминдер: сарайлық-вотчиналық басқару, министерал, майордом, пфальцграф, камерарий, тезаурарий, канцлер, коннетабль, граф, герцог, аллод, бенефиций, рахинбург, тунгин, марка, вергельд.

Сұрақтар:

1. Франктарда мемлекеттің пайда болуының ерекшеліктері.
2. Франктардың қоғамдық құрылысы. Феодалдық тәуелділіктің қалыптасуы және оның нысандары. Коммендация және прекарий. Патронат.
3. Меровингтер тұсындағы франктердің мемлекеттік құрылысы. Ұлы Карл және Батыс Рим империясын қалпына келтіру.

4. Каролингтер монархиясының мемлекеттік құрылысы. Орталық және жергілікті басқару.
5. Сот жүйесі.

Франк мемлекетінің бастапқы кезеңінің құрылуы Мерovingтер әулетінен шыққан Хлодвигтің басшылығымен салийлік франктардың 486 ж. Галлияның бір бөлігін жаулауы болды (486-511 жж.). Хлодвиг 510 жылы Рейннің орта ағысынан Перинейге дейінгі аралықтағы аумақтың билеушісі болды. Франк қоғамының таптық жіктелуі жеңімпаз әскерлер көмегімен мемлекеттің құрылуы салыстырмалы түрде тез болды.

Франк мемлекеті – ерте феодалдық монархия. Оған феодал қоғамының таптардың қалыптасуының аяқталмауы, көп таптылық (құлиеленушілік, ру-тайпалық, қауымдық қарым-қатынастардың үлесуі) тән.

Франк мемлекетінің тарихының екі кезеңі:

- 1) V ғ. соңы - VII ғ. – Мерovingтер монархиясы
- 2) VIII ғ. - IX ғ. – Каролингтер монархиясы

Мерovingтер әулеті 457ж 751ж дейін басқарды. Франктардың билеу кезеңінде феодалдық қатынастар пайда болады;

V-VI ғасырда қауымдық, туыстық қатыстар сақталып, ал қанаушылық әлі дамымаған болатын, бірақ Хлодвигтің әскери жорықтары тұсында саны басқарушы көп емес ақсүйектер құрылды. Салийтік шындық франктердің төрт әлеуметтік топтардың бар болғанын көрсетеді: король тағы маңындағы ақсүйектер, ерікті франктар (қауым мүшелері), жартылай ерікті (литтер) және құлдар. Олардың арасындағы айырмашылығы құқықтық статусынан және шығу тегінен көрінеді. Соның әрекетінен франктардың құқықтық айырмашылығы король қызметке, құрылып жатқан мемлекеттік аппаратқа құрал ретінде болады. Христиан шіркеуінің Батыс Еуропаға басталған идеологиялық басып алуы V – VII ғасырдың ерекшелігі болып табылады. Шіркеудің өсіп жатқан идеологиялық және экономикалық рөлі оның басқарушылық талаптарынан көріне бастады. Діни билік жоғары билікпен тығыз байланыста.

Солтүстік Галлияның галло-римдік қожалықтары VI – VIIғ. Франк корольдігінің қолына түсу барысында франктарда феодализация процесстері дамыды. Корольдердің вассалдық қажеттілігіне байланысты ақсүйектер ең ірі жер, мал, құл колондар (ұсақ жер жалдаушылар) иеленушілері болады. Ақсүйектер франк королі жағына өткен галло-римдік аристократтар қатарымен толтырады. Франк қауымдарының тәртіптері мен галло-римдік жеке меншік тәртіптері аралығы қақтығыстарының әсерінен феодалдық қатар дамуын жылдамдата түсті. Байлардың және христиандардың жерлері болып бөлінетін феодалдық вотчиналық солтүстік Галлияда VII ғғ. ортасында қалыптаса бастады. Уақыт өтуімен корольдердің жерді үлестіруіне байланысты, мемлекетке қарасты жер үлесі азая түсті. Сонымен билік ақсүйектердің қолында шоғырланды, ең басты қызметтерді және майордомның қызметін жаулап алды. Мерovingтер кезінде майордом жоғары лауазым иесі болды. Бастапқы кезде оны король тағайындайтын және ол сарайлық басқару қызметін жүзеге асырды. Король билігінің әлсіруіне байланысты оның құзыреті күшейе түсті, сөйтіп майордом біртіндеп мемлекет басшысының маңызды функцияларын өз қолына шоғырландыра бастады. VII – VIII ғ. дәуірінде бұл қызмет атақты және бай әулеттердің мұрагерлікпен өтетін қызметіне айналды, бұл өз кезегінде Каролингтер династиясының басталуына әкелді.

751ж. Каролингтердің корольдік және императорлық әулеті Мерovingтер әулетін ауыстырды, ал X ғасырда соңғысы өмір сүруін тоқтатты. Корольдік биліктің Каролингтерге ауысуы Карл Мартелге сәттілік әкелді. Осы әулеттің өкілінің бірі, 715 – 741 жылғы Франк мемлекетінің бұрынғы майордомы. Ол корольдіктің саяси біртұтастығын қалпына келтіріп, және шын мәнінде жоғары билікті қолына шоғырландыра алды. Карл Мартелл орталықтандырылған мемлекетті нығайту үшін, және корольдіктің әскери қуатын нығайту үшін бұрынғы тәртіпті сыйға берілген жерді жойды. Оның орнына жерлер, байлар мен шіркеу ден конфеселенген, христиандармен бірге тұрған өмір бойы – бенефицийге беріледі. Бенефицийарий – бенефицийді ұстаушы жерді берген тұлғаға қызметті жүзеге асырады, сонымен қатар әскери, кейде әкімшілік қызметті атқаруға міндетті болады. Қызмет пен ханға сатқындық жасау құқықтық мәртебесінен айырды. Реформа феодалдық жерге меншіктер жеке сеньорлардың өсімен, сонымен қатар вассалитет жүйесінің құрылуына – феодалдық иерархиялық басбадақтың бағыныштылық жүйесінің ерекшелігі: тұлға мен бенефицилер(вассал) арасында, жерді берген (сеньормен) келісім шарттық қатынастар орнатылды.

Феодалдық жерге меншіктер жеке жеке сеньорлардың өсуімен, ірі жер иелері, иммунитет алды, артықшылықтар әскри құқықтарды иеленуде, кретиандардың олардың жерлерінде тұрғандарға билік етті. Феодалдық меншігіне, патшаның иммунитеттік мақтау қағазын алған, мемлекеттік қызметтік тұлға кәсібі таратылмады, ал мемлекеттің барлық құзыреті қожалық иесіне берілді;

Шаруалардың үстінен билікті орнату процессінде ірі жер иелері шаруалардың Батыс Европада үлкен рөлді христиандық шіркеу ойнады. Құдайға табынушылық шіркеуде болды, ал ақсүйектердікі – сарайлар, олар вотчинаның орталығы бола бастады.

Салийстік правданың жалпы сипаттамасы. Франк тайпаларында мемлекеттің құқық құрылып жатты. Осы мақсатпен ежелгі германдардың дәстүрлерін жазбаша белгілеу арқылы жүзеге асырылады – герман тайпаларының жай құқығы туралы жазба. Осыған орай Салистік, Рипуарлық, Бургундық, Аллемендік «варвар шындығы» жазылған. Бұл заң Хлодвигтің өмірінің соңғы жылдарында VI ғасырдың басында жазылған, және германдықтардың жай құқығы жазбаларының ең ежелгі жинағының бір болып табылады. Ол титулдарға (тарауларға) бөлінеді. Салистік шындыққа казуалдық мінез және абстрактілі ұғымдардың жоқтығы өзіне тән: ондағы құқықтық әрекеттер мен актілер формализімімен ажыратылады. Ол архаистік сот процедурасының әртүлі деңгейін жүзеге асырады. Салистік шындықтың негізгі мазмұнын – құқық бұзушылықтардың тізімімен оған қатысты жазалар (негізгі түрі айыппұл). Салистік шындықтың мазмұны VI ғасырдағы франктардың ортақ құрылысын көрсетеді.

Міндеттемелік құқық. Салистік шындықта міндетті қарым-қатынастар нашар көрінеді, бұл жеке меншіктің тауар-ақша қатынастарының дамымағандығын көрсетеді. Сатыпалу-сату, ссуда, қарызға алу, жалдау, айырбас, сыйға тарту шарттарының түрлері аталып кетеді.

Меншік құқығының ауысуы халық алдында затты жай беру жолмен жүргізіледі.

Салистік шындықта неке-отбасықатынастары тек жалпылама көрсетілген. Неке күйеуінің әйелін сатып алудың нысанында бекітілген. Некеге тұру масатындағы қызды алып қашу айыппұлмен жазаланды. Салистік құқықта некенің бұзылуы туралы көрсетілмейді. Әйелдің жанұядағы орнын материалдық жағдайы көрсетті. Неке қиылуындағы кедергілер: заңды некенің болуы, тұлғаның заңға қарсы туралы жариялануы, қандық туыстық болса, құлдар мен еркін тұлғалар арасында.

Мұрагерлік құқық. Салийстік правдада мұрагерлік құқықтың заң және өсиет бойынша қалдырылуы көрсетілген. Заң бойынша мұрагерлікте жылжитын және жылжымайтын мүліктерге жүргізілді. Жылитын мүлікті мұраға қалдырғанда, бірінші кезекте балалары, кейін анасы, аға-бауырлары және апа-сіңілілері, анасының сіңілілері, әкесінің қарындастары, жақын туысқандары болды. Жерге меншік құқығы тізіміне әйелдер кіргізілмейді, ол тек еркек адамдарға ғана берілді. Өсиет бойынша мұрагерлікке халық жиналысында адамдардың алдында сыйға тарту жолымен жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқық. Салийстік правда қылмысқа анықтама бермейді. Қылмысқа байланысты баптар мазмұнына жеке тұлғаға зиян келтіру, мүлікке және патша дүниесін бұзу туралы анықтамалар кіреді. Салийстік правдада ауырлататын жағдайлар ұғымы белгілі, оған жорықта адам өлтіру, қылмыс іздерін жасыру әрекеті, сонымен қатар ұрлық пен адам өлтіруге итеру жатады. Қылмыстық құқықтың субъектілеріне ерікті франктар, литалар және құлдар бола алады. Жазалаудың мақсаты жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және патша дүниесін бұзғаны үшін патшаға айыппұл төлеу болып табылады.

Сот процесі. Салистік шындық сот процессін бәсекелестікпен үлестірді. Процессжария, ауызша, қатаң формализімімен ерекшеленеді. Іс талапкердің ынтасымен қозғалады. Екі жақ тең құқылы болды. Қылмыстық және азаматтық істер бірдей түрде жүргізілді. Салистік шындық айғақтар ретінде таниды: ант беру – ант берген жақсы даңқтың куәлары болып айыпталушының туыстары, достары және көршілері болып табылады, ордалия да кеңінен қолданылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Франктарда мемлекеттің пайда болу ерекшеліктерін атаңыз.
2. Франктар қоғамында феодалдық тәуелділіктің қандай формалары өмір сүрді?
3. Меровингтер тұсындағы франктердің мемлекеттік құрылысы қандай болды?
4. Салийлік правданың сипатты белгілері қандай?

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.

2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.

3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.

4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 6. Ортағасырлардағы Францияда, Англияда және Германияда мемлекет пен құқықтың даму ерекшеліктері.

Мақсаты: Орта ғасыр дәуірлеріндегі мемлекеттік институттардың, құқықтық және сот жүйелерінің мазмұны мен сипатын, орта ғасырлық елдерде құқық пен мемлекеттің негізгі формаларының ауысуын түсіндіру.

Негізгі терминдер: ертефеодалдық монархия, сеньориалдық монархия, сословиелік-өкілдік монархия, абсолюттік монархия, кутюм, ордананс, ассиза, рим құқығының рецепциясы, кутюм, канондық құқық, жалпы құқық, әділеттілік құқығы, инквизиция.

Сұрақтар:

1. Францияда феодалдық қатынастардың дамуы. Сословиелердің қалыптасуы. IX-XI ғғ. мемлекетті орталықтандырудың маңызы. Людовик IX-ның реформалары.

2. Ағылшын феодалдық мемлекеті дамуының кезеңдері. Ертефеодалдық монархия кезеңіндегі англосаксондық корольдіктер. 1066 ж. нормандық жаулап алу. Орталықтанған сеньориалдық монархия кезеңі. Генрих II реформалары.

3. Шығыс-франк корольдігінің қалыптасуы. Герман мемлекеттілігі дамуының негізгі кезеңдері. Ерте феодалдық кезеңдегі Германияның мемлекеттік құрылысы. Король Оттон I тұсында мемлекеттік билікті орталықтандыру.

4. Сословиелік-өкілдік монархияның қалыптасуы. Бас штаттар. Парламент. Рейхстаг.

5. Абсолютизм кезеңіндегі Францияның мемлекеттік құрылысы. Англиядағы абсолютизмнің ерекшеліктері. Германиядағы княздық абсолютизм.

6. Феодалдық құқықтың дамуы.

Мемлекеттік құрылыс. Франция бірнеше ғасыр бойын мемлекет деп саналғанымен, онда тұтастық, бір орталыққа бағыну болған жоқ. Франция корольдерінің билігі Париж бен Орлеан аудандарымен ғана шектелді, бұл жерлер корольдің өзінің сеньориялары болатын. Король байлығының аздығы оның басқа феодалдарды вассал ретінде толық бағындыруына мүмкіндік бермеді, сондықтан ол тең адамдардың арасындағы бірінші болумен қанағаттанды. Таққа корольді феодалдардың ақсүйектері сайлайтын.

997 жылы Францияның королі болып Гуго Капет сайланды да, Каролинг әулетінің билігі аяқталды. Капетингтерді XII-ғасырға дейін король тағына феодалдар сайлады, ал XII- ғасырдан бастап тақ мұрагерлікпен көшіп отыратын болды. Франция мемлекетінің бірінші кезеңі сеньориалдық монархия деп есептелінді. Мұндай мемлекеттік құрылыс натуралдық шаруашылықтың салдары. Мемлекет бір орталыққа бағынбай, бытыраңқылыққа ұшырады да, король билігі әлсіреп, феодалдар байыған үстіне байыды.

Сыртқы саясатта мемлекеттің күшеюіне алып келген факторлардың бірі - Ұлыбританияның мықтылығы. XIII ғасырда Франция королінің Бретань мен Нормандияны Францияға қосып алуы Британияны әлсіретті. IX-XII ғасырлардағы Францияның мемлекеттік құрылысы сеньориалдық монархияға жататын. Бұл ерте-феодалдық монархияның түрі. Корольдің билігі өзінің иелігіндегі жерлерге ғана жүретін. Басқа жерлерде билік ірі феодалдардың қолында еді. Сюзеренитет-вассалитет принциптеріне құрылған осындай мемлекеттің құрылысы сеньориалдық монархия деп аталды. Сеньориалдық монархияның құрылуы орталық мемлекеттік биліктің әлсірегенін, мемлекеттің тұтастығының бұзылғанын, оның сыртқы саяси жағдайының әлсірегенін көрсетеді.

Экономикалық және саяси ыдырау процестері жүріп жатқанда, феодалдар мемлекеттің функцияларын патшадан жақсы атқаратын. Сеньориалдық монархия Францияны тек қана регреске алып келді деп ойлауға болмайды. Бұл монархия Францияның сол уақыттағы экономикалық жағдайымен байланысты еді. Феодалдық бытыраңқылықтан феодализмнің даму процесі тоқтаған жоқ.

XII-XIII ғасырларда феодалдық қоғамның ішінде жаңа қарым-қатынастар туғаннан кейін саяси ұсақтаудың орнына басқа процестер келді. Ол король билігінің күшейе бастауы еді. Бұл процесс қалалардың және тауар-ақша процестерінің дамуымен байланысты болды.

Король. Корольді феодалдық курия сайлайтын, феодалдардың бәрі сол салтанатты жиналысқа қатынасатын.

XII ғасырдан бастап корольдің тағы мұрагерлік жолмен берілетін болды.

Корольдің билігі өте аз және дәрменсіз болатын. Ол Францияның әскерін басқарды, заң шығарды және сот қызметін атқарды. Бірақ бірінші Капетингтер мемлекетті басқарған кезінде капитулярий деген заңдарды шығаруын тоқтатты, корольдің басқа да құқықтары тек қана қағаздағы құқықтар еді. Оның міндеттері мынандай жоғары сөздермен белгіленді: "корольдік пен шіркеудің қорғаушысы", "бейбітшіліктің сүйеушісі", ал корольдің билігі тек өз жерінде ғана жүзеге асырылатын еді. Шын мәніндегі күш корольде болған жоқ. Бұл кезеңдегі корольдердің көпшілігі әлсіз және талантсыз адамдар болғанымен, мемлекеттің бірігу процесі басталды. Король билігінің күшеюі қала тұрғындарының қолдауына тікелей байланысты болғаны мәлім. Қалаларды сеньорлар мен бюргерлер мазалай бергеннен кейін, олар қауіпсіздікке мүмкіншілік туғызу үшін корольден көмек күтетін болды. Қалалар корольге ақша беретін, анда-санда әскер жинауға көмектесетін. Өнеркәсіп пен сауданың дамуы бөлек-бөлек аудандардың бірігуіне алып келді.

Корольді уақ рыцарлар де жақтады. Корольдің күштілігі олардың тәуелсіздігіне кепілдік беретін, сөйтіп ірі сеньорлардан қорғайтын. Шаруалардың да таптық күресі феодалдарды біріктірді.

Феодалдық ұсақтау кезінде орталық басқару органдары бір жалпы жүйеге түсіп, саралауға келген жоқ. Ірі феодалдар корольге бағынбады деп айтуға болады. Олардың өздерінің жеке әкімшілігі, соты, ақшалары болатын.

Каролингтерден қалған патшаның сарайы мемлекеттің орталық органдарына айналды, оған ақсүйектер мен қызметшілер кіретін.

Патша өкімдерінің арасында ең белсенді рөл атқаратын адам-сенешал еді. Ол патшаның сарайын, әскерін басқарып, мемлекеттің маңызды құжаттарына қол қоятын. Сенешалдың қызмет орнына тек қана бай, ақсүйек отбасылардың ұрпағы тағайындалатын. Сенешалдың көмекшісі реферндарий деп аталатын. Корольдің қазынашысы корольдің архиві мен қазынасына ие болатын. Белгілі бір кезеңнен кейін бұл жұмысты архикапеллан атқарды. Канцлер корольдің заңдарын реттеп, корольге қол қойғызып, мөр бастыруға міндетті адам. Корольдің атты әскерлерін маршал басқарды.

Корольдің куриясы. Бұл мемлекеттік орган барондар мен епископтердің жиналыстары. Оның қолында сот және басқару қызметтері шоғырланған. Ол феодалдардың арасындағы талас-тартыстарды, соғыс және бейбітшілік, саясат мәселелерін қарайтын. Корольдің некеге тұруына рұқсат беретін, Рим папасымен қарым-қатынас мәселелерін талдап, корольдің заңдарына келісім беретін. XIII ғасырда курияның мәжілісіне легистерді шақыратын болды. Ірі атақты магнаттар курияның мәжілістеріне қатысқысы келмейтін.

Жергілікті басқару. Бұл органдар тек қана корольге қатысты аймақтарда құрылатын. Ірі сеньорларға өздерінің жергілікті басқару органдары құрылды. Корольдің қызметкерлері әкімшілік, сот, әскери және қаржы салаларын басқаратын. XI ғасырда король өздерінің "домен" деген жерлерінде прево қызметкерін тағайындайтын болды. Оған көмек беретін адамдар сержант (ауылда), майор (қалада) деп атала бастады. Прево қазынаға салық жинап, феодалдық әскерді құрып, әкімшілік және сот қызметтерін атқаратын еді. XII ғасырда округтер бальяждарға бірікті. Прево ірі әкімшілік бөлімі бальяжға қарайтын болды. Корольге тікелей бағынатын жерлер көбейген сайын, бальяждардың де саны көбейді. Бальяждың басында корольдің өзі тағайындаған балья деген қызметкер тұрды. Оған бірнеше прево бағынатын. Балья корольдің бұйрықтарын іске асыратын, бальяждың феодалдық әскерлерін құратын және басқаратын. Король бальяны тағайындамай, оның қызметтерін сенешалға берген жағдайлар да кездесетін. Сенешал мен бальялар XIII ғасырда корольдің атынан сот қызметтерін жүргізді, олар ең ауыр

кылмыстарды және феодалдардың арасындағы таластарды қарайтын.

Прево, бальялар және сенешалдар корольдің қаржы күшін нығайту үшін белсенді рөл атқаратын еді. Олар салық және айыппұл жинайтын және сол ақшаның уақытында қазынаға түсуін бақылап отыратын.

Дипломаттарды, сот қызметкерлерін, ақыл кеңесшілерді король уақ рыцарлардан және атақсыз адамдардан тағайындайтын болды. Олар корольді жақтап, ірі феодалдарға қарсы шығатын. Осы аппараттың қызметіне сүйене отырып, король өзінің байлығы мен билігін күшейте бастады. Патшаның билігінің күшейе бастауы Тоғызыншы Людовик өткізген реформалармен байланысты. Бұл реформалар XII ғасырда жүргізілгені мәлім (1226-1270).

Сот реформасы. Тоғызыншы Людовик әскери, сот және әкімшілік реформаларын өткізген болатын. Әскери реформа қалалық милицияның құрылуына алып келді, феодалдарының әскерінен басқа король өзінің жеке жалданған әскерлерін құрған болатын. Рыцарьлар әскерге өздері қызмет етпей, ақша төлеп құтылуға мүмкіндік алды. Әскер корольдің тәуелсіздігін қорғайтын. Людовиктің "Францияда тек бір король бар" деген сөзі жақсы мәлім. Король әскерлерін феодалдарға қарсы қолданған кездер де болған. Феодалдардың арасындағы соғыстарды тоқтату үшін король феодалдардың арасындағы жеке соғыстарға тыйым салды және корольдің 40 күнін кіргізді. Осы уақыт ішінде феодалдар соғыс аша алмайтын, өз араларындағы таластарды король сотының талқысына салуға міндетті болатын.

Корольдік курияны король бірнеше орталық ведомствоға бөліп тастады. Корольдің кіші кеңесі король жанындағы кеңесші органға айналды.

1260 жылы ерекше сот органы пайда болды, ол орган Парламент еді. Парламент Париж қаласында жылына төрт рет жиналатын, король парламенттің мүшелерін ешкімге белгісіз легистерден құратын. Бұл Францияның жоғарғы соты, феодалдардың арасындағы таластартыстарды, маңызды қылмыстарды және саяси қылмыстарды қарады. Енді корольдің куриясы екі палатадан құрылып, біреуі-парламент, ал екінші палатасы қаражат жағын басқарды. Курия өзінің жұмыс істеу сипатын өзгертті, ірі феодалдар тек қана салтанатты мәжілістерге қатысатын, олардың орнына легистер мен министрлер келді. Легистер рим құқығымен жақсы таныс болатын, оны жиі қолданатын. Легистер корольді жақтап, оған қарсы шыққан феодалдарының жерін тартып алу үшін күрделі істерді жүргізді. Олар корольдің байлығын көбейтіп, шіркеу қызметкерлерін басқару және сот процестерінен бірте-бірте ығыстыра бастады. Легистердің ұжымдары корольдің өзіне ғана бағынатын еді. Осы өзгерістер корольдің билігін күшейтіп, король билігінің негізін нығайтты.

Ақша-қаражат реформасы. Бүкіл Францияның жеріне тұтастай жаңа ақша кіргізілді. Бұл жаңа ақшаның сапасы феодалдардың ұсақ ақшасының сапасынан көп жоғары болатын. Сондықтан жаңа ақша феодалдардың ақшасын жылдам ығыстырып шығарды.

Корольдің әкімшілігі де нығайып, күшейе түсті. Король өзінің орталық билігін де күшейтті. Ол аудандардың әкімшілігін қатаң тексеретін болды. Сенешал, бальи, прево қызметке кіріспес бұрын корольге ант беруге тиісті болды, олар корольдің мүддесін қорғаймыз деген міндеттерді мойындарына алатын.

Тоғызыншы Людовик қалалардың еркіндіктерін шектеген жоқ, бірақ төлейтін салықтарын көбейтті.

Осылардың барлығын қосқанда өте күшті маңызды іске айналды. Бұл реформадан кейін феодалдар мен қала тұрғындарының көбі корольдің маңайына жиналатын болды. XIII ғасырдың екінші жартысында корольдің халықаралық беделі де көтеріліп, оны халықаралық қайшылықтарды шешу үшін жиі шақыратын болды. Бұл өзгерістер мемлекеттік және қоғамдық құрылыста сословиелік-өкілдік монархияның негізін құрды. Бірақ Франция бұл кезде біртұтас мемлекетке әлі айнала қойған жоқ еді. Ол Оңтүстік, Солтүстік бөліктерден және тәуелді графтіктер мен герцогтіктерден тұратын.

Англо-сакстарда феодалдық қатынастардың қалыптасуы. Ағылшын-сактар мемлекеттерінің басқару жүйесі. Норман жаулап алушылығы және оның XI-XIII-ғасырдағы Англияның мемлекеттік-қоғамдық құрылысына тигізген әсері.

Бірінші ғасырдың ортасынан бесінші ғасырға дейін қазіргі Британия жерінде кельт тайпалары мекендеген еді. Юлий Цезарь заманында бұл арал Британия деп аталды. Римляндар бұл жерлерге келгенде материктің оңтүстігінен қоныс аударған тайпалар осында мекендеп қалған болатын. Римляндар келместен бұрын олардың осы аралда тұрғанына үш жүздей жыл болған. Римдер Британияны жаулап алғаннан кейін өздерінің бай, тіршілікке қолайлы өміріне

жылдам үйретті. Олар бұл кезде христиан дінін жартылай қабылдаған болатын. Сонымен бұл тайпалар римдіктердің билігіне түсті.

Рим легионерлері 407 жылы аралдан кете бастаған кезде олардың орнына германдық тайпалар: англдар, сакстер, юттер Ютландиядан жаппай қоныс аударды. Жергілікті халықтың оларға қарсы болуы да заңды, себебі келген адамдар варварлар және мәжусилер болатын. Бірақ осы жергілікті халықтың тайпалары туралы, олардың қоғамдық құрылысы мен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер өте аз, жоқ деуге болады. Бриттер малмен айналысқан халық, олардың үйлері бір-бірінен алыс орналасқан болатын, ірі қара малдың жайылымына кеп жер керек болғандықтан, үйлерінің арасындағы аралық та кең еді. Ал англо-сактар бір жерге жиналған елді мекендерде тұратын.

Алғашқы кезде германдарды кельттердің тайпа көсемдері сарбаз ретінде жалдап алатын еді. Одан кейін олар Британияның жерлеріне тайпаларымен көше бастады. Герман жаулап алушылары уақыт өте келе Англияның жерінде өздерінің варварлық жеті корольдігін құрды. Олар Кент, Нортумбия, Мерсия, Уэссекс, Сусекс, Эссекс, Шығыс Англия еді. Бұл корольдіктер бір-бірімен кезекпен соғысып жататын. Жеңген корольдіктің басшысы басқа корольдіктерден әскери көмек және салық алуға құқылы болатын.

Жетінші ғасырда олар бүкіл Британияны жаулап алды. Ал кельттерді Британияның солтүстік және батыс жағына ығыстырып, көбін құртты. Кельттер өздерінің тәуелсіздігін тек қана солтүстікте (Шотландия) және батыс жағында (Уэльс) сақтап қала алды. Басып алған үстем топтың бағынышты адамдары ретінде кельттердің қалған жартысы германдарға салық төлеп, олардың құлдарына айналған еді. Соңында олар герман тайпаларымен ассимиляцияға ұшырап, араласып кетті.

Қоғамдық құрылысы. Британияның қоғамдық құрылысы Галлияның құрылысына ұқсас, бірақ феодалдық қоғамның құрылу жолы өте баяу және кеш өтті. Феодализм жаңа құрылып жатқан кезде кельттердің көбі жеке басы бос шаруалар болатын. Олар керл деп аталатын бір қауым құрды. Керл-жер иеленуші, ол малмен немесе қолөнермен айналысатын, үлкен жанұяны басқарады. Отбасы бірнеше ұрпақтан, ондаған туысқандардан тұратын. Осындай жанұя басшысы үйдің мүлкін басқарады, өзінің туысқандарын соттайды және дін әдеттерін өткізеді. Ерікті қауым мүшелері халық жиналысына қатысты, ол жиналыс соғыс және бейбітшілік, салық төлеу, көсемді сайлау, сот және шаруашылық мәселелерін шешетін. Олардың қарулануға және халық әскеріне қатысуға құқығы болатын.

Қоғамның және бір бөлігін рудың "эрл" деп аталатын, ақсүйектері құрайтын, оларда бірнеше ірі жер үлестері болатын. Ол жерде колондар мен құлдар жұмыс істеді. Ақсүйектерге одан басқа корольдің қасындағы адамдар және оның әскери адамдары жататын.

Ерікті адамдардан басқа тәуелді адамдардың да бір тобы болатын, олар "леттер" деп аталатын еді. Бұлар құлдарға немесе колондарға ұқсас.

Қоғамдық жағдайларының ерекшеліктерін Кент шындығы көрсетеді (VI-ғ). Төленетін айыптың мөлшері былай белгіленеді: гезитті өлтірген үшін-600 шиллинг, корольдің жанындағы сарбаздар мен министериал үшін-600 шиллинг, эрл үшін-400 шиллинг, керлге- 200 шиллинг, лет үшін (колон)-40-80 шиллинг айыппұл төлейтін.

Англияда көршілік қоғам құрылған кезінде жер үлестерін былай тарататын еді: бір қауымның жерлері бірнеше алқаптан тұратын. Әрбір адам бірнеше жерден үлес алатын, алған үлес оның қоғамдық жағдайына байланысты болушы еді. Бір үлес гайда деп аталады, ол 50 гектардай жер. Бұл аланды жегілген сегіз егіз жыртады. Эрлдардың жері-40 гайд, гезиттер 20 гайд, корольдің қызметкері 100 гайд алған кездері де болатын. Бұл меншіктен басқа қауымның жалпы меншігі - ол жайлау және басқа жерлер болды.

Бірақ әрбір отбасының жеке меншігі дамығанымен керлдердің арасында теңсіздік туа бастады. Олардың біреулері жергілікті және жеке тәуелсіздікке түсіп, екіншілері байып, корольмен тіл табысып кетті. VII-VIII ғғ. король өздерінің жақын адамдарына бок деген жеке қағазбенен жерлерді бере бастады. Бұндай жолмен алынған жер бокленд деп аталды. Бокленд ұстаушылар жерді өмірбойы жан бағу үшін пайдаланатын. Оны мұраға қалдырып, одан салық төлемейтін. Бокленд ұстаушылар глафорд, соңынан лорд деп аталды. Бұл сөз сеньор, мырза деген мағынаны білдіреді. Кедейленген керлдер осы глафордтардың бағынуына түсетін.

Біраз уақыт өткеннен кейін король фирма деп аталатын салық жинайтын болды. Англияда фирманы бүкіл ерікті шаруалар төлейтін еді, ал салықты гайдтар төлейтін. Бірақ, бокленд ұстайтын адамдар салық төлеуден босатылды, оларға жеңілдіктің бірнеше түрі берілген еді.

Корольдер сыртқы саудадан да салық алатын, сыйлық ретінде де оларға көп нәрсе берілетін.

VII-VIII ғасырларда Англияда рулық қоғамның және құрылыстың нышандары жойыла бастады. Рулық тендік, тәуелсіздік, көмек бұзылды, ерте мемлекет құрыла бастады, бірақ әскери демократияның нышандары әлі сақталып тұрды.

597 жылы ағылшын-сакстерді христиан дініне енгізу процесі басталды. Ол көпке созылып, VII ғасырдың соңында аяқталды деп санауға болады.

Сегізінші ғасырдың екінші жартысында Скандинавияда таптың құрылу процесінің жылдам дамуына байланысты оның халқының сыртқа шығуы күшейді. Олар субрегионның шекарасының сыртына шыға бастады. Бұл кезеңді "викингтердің кезеңі" деп атайды (793-1066). "Скандинавтар", "ва-рягтар", "нормандар" атауларының әрқайсысы маңызды. Олар Солтүстік Атлантиданы, Британияны, Солтүстік Францияны, Оңтүстік Италияны, Сицилияны, Солтүстік Американы басып, қоныстану өмірін бастады. Викингтердің кезеңі феодализмнің даму процесін күшейтті. Оларды бай мемлекеттердің алыстығы тоқтатқан жоқ. Викингтер ер жүрек, жақсы балық аулаушылар болатын. Өздерінің әскерлерін кеме және ледунгтен құратын. Бір кемені жинау үшін олар бонд деп аталатын кемелік округтерді құратын. Әрбір бонд бір кемені дайындайды және кемені сумен, азық-түлікпен жабдықтап, оған тірі мал, ат, әскер береді.

Әскерлер қаруларын кеменің қабырғасына іліп, өздері ескекке отыратын. Кемені басқаратын адам "ярл" деп аталды. Үлкен кемелерді корольдің өзі немесе оның жақын туысқандары басқарады. Сегізінші ғасырдың аяғында викингтердің көршілерге шабуыл жасауы әдеттегі тәртіпті жорыққа айналды. Олар жаңа жерлерді бағындыру жорықтарын жиілетті.

Сегізінші ғасырда викингтер (даттар, норвегтер, шведтер, голландтар) Англия жеріне шабуыл жасады. 866 жылы олар Йорк, Лондон, Рочестр және басқа қалаларды басып алып, көптеген елді мекендерді құртты. Христиан дінінің қызметкерлерін өлтіріп, өздерінің мәжуси дінін қайтарғысы келді. Викингтер басып алған жерлерде отыршылыққа көшті, от бастарын көшіріп әкеліп, өздерінің тәртіптерін орнатуға ұмтылды. Жергілікті халықты өздеріне салық төлететін етті, ол салық "даттардың ақшасы" деп аталатын.

Ағылшын-сакстердің Ұлы Альфред деген королі (871-900) нормандардың шабуылын тоқтатып, Англияны олардан тазарта бастады. X ғасырда Англия қайтадан бірігіп, бір орталыққа бағынатын болды.

Англия өзінің флотын ұйымдастырды. Онда 100 шақты кеме бар еді. Басқа әскерлерді де қалпына келтірді. Ірі феодалдар (бес гайда жерлері бар) атты әскерді құрды. Олардың темір қарулары және бірнеше жаяу әскері болатын. Англияның бірінші жалпы заңдарын Ұлы Альфред шығарды. Ол "Альфред корольдің шындығы" деп аталатын.

90 жылдардан бастап Англияға викингтер шабуылын қайталады. XI-ғасырдың басында Ұлы Кнут (1016-1035) Англияның тағына отырып, Дания, Шлезвинг, Норвегия, басқа жерлерді өзінің патшалығына қосты. Өзі жағдайын нығайту үшін ол феодалдық мемлекеттің негізін күшейткісі келді. Ол үшін "Кнуттың заңын" шығарды. Бұл заңдар феодалдардың жеңілдіктерін нығайтып, шаруалардың міндеттерін бекітті.

Ағылшын құқығы

Ағылшын құқығының қайнар көздері. Англияның тарихи дамуының жоғарыдағы ерекшеліктері оның құқық жүйесіне де ықпал етті. Ерте феодализм кезінде құқықтың ең бірінші қайнар көзі ежелгі әдеттер болатын. Ол әдеттерді адамдар жазып, әдеттердің жинақтары шыға бастады. Оларға Этельберттің, (600) Инэнің (690), Альфредтің (871-901) шындықтары және Кнуттың заңдары (1017) жатады.

Ағылшын құқығының дамуына норман шапқыншылығының ықпал еткенін айтқан жөн. Вильгельм және оның ұрпақтары ежелгі ағылшын әдеттерін сақтаймыз және орындаймыз деп ант беретін.

Эдуард Тәубешіл кезіндегі еріхтердің бәрін сақтаймын деген анты жақсы мәлім. Бірақ айтқан сөзін ұстады ма, жоқ па ол жағы белгісіз.

Англияда әдеттердің бәрі жалпы құқықтық жүйеге жинақталып, "жалпы құқық" деген түсініктің негізі қаланған болатын. Жалпы құқықтың пайда болуына корольдердің мемлекетті бір орталыққа бағындыру саясаты да әсерін тигізді. Соның ішінде Генрих екінші жүргізген сот реформалары туралы айта кеткен орынды. Генрихтің реформалары жергілікті басқару мен сотты корольдің билігіне бағындырды. Корольдің көшпелі соттары істерді қарағанда, әдеттерді және жергілікті соттардың тәжірибесін қолданды. Осыған сүйене отырып, олар бүкіл мемлекеттің аудандары қолданатын жалпы нормаларды шығарды. Бұл нормаларда жергілікті әдет-ғұрыптар

жүйеге келтірілген еді. Осы нормалар Вестминстер сотында және көшпелі соттың қызметінде қолданылды. Бұл нормалар көбіне ерікті феодалдарды және олардың жер иеленушілерін қорғайтын. Ағылшынның жалпы құқығы осылай пайда болды. Сотпен ант берген адамдардың арасында қызмет бабының бөлінуі айқындалды. Сот құқық мәселелерді шешеді, ал ант берушілер фактілерді дәлелдейді және қарайды. Жалпы құқықтың екінші түсінігі бүкіл корольдіктің құқығы.

Сонымен, Вильгельм және оның Генрих деген баласы мен немересі бір жағынан-феодалдардың мүддесін қорғады. Ал екіншіден-жергілікті халықты феодалдардың заңсыздығынан қорғайтын жалпы құқық жүйесін енгізді. Олардың қызметкерлері құқық жағынан тәртіппен формалдық мәселелерге көп көңіл бөлді. Ал ағылшын-сакстерде мұндай әдет болмайтын. Жалпы құқықтың негізіне әсер тигізген қайнар көздерге ежелгі англо- сакстердің әдеттері, нормандардың әдет-ғұрыптары, король соттарының ең маңызды шешімдері, халықаралық сауда, жол жобалары, көпес соттарында қолданылатын әдеттер мен шіркеудің нормалары жатады. Бірақ Англияның католиктер орталығынан алыс орналасқаны бұл нормалардың әсерін әлсіретті. Рим құқығы бүкіл Еуропа мемлекеттеріне әсерін тигізіп, рецепция деген жағдайды туғызса да, ағылшын құқығына ондай ықпал ете алмады. Сөйтіп, ағылшындар өз құқығының тазалығын сақтай алды.

"Жалпы құқықтың" нормалары кебіне процессуалдық қарым-қатынастарды реттейтін еді. Олар сот шешімдері туралы есеп арқылы пайда болды. XIII ғасырда жыл сайын соттар есеп беру тапсыратын. Олар айтыс-тартыстың бүктеме қағаздары деп аталды. 1535 жылдан бастап бұл есеп беру жылдық қағаз деп атала бастады. Жылдықтар шыққаннан кейін соттар өздерінің шешімдерін шығару барысында жылдықта жазылған сот шешімдеріне сүйенетін болды. Олар сол сот шешімдерін дәйек ретінде келтірді. Осылай сот прецеденттері пайда болды. Корольдің көшпелі соттары Вестминстерге қайтып келгенде жергілікті әдеттердің ең жақсыларын таңдап алатын. Жергілікті соттар шешімдерін шығарғанда осы жазылған шешімдерге заңға сүйенгендей сүйенетін. Жалпы құқықтың ең бірінші белгісі-оның толықтығы. Сот қызметкері іс қозғаған адамға, сотқа келгенде "сіздің ісіңізді қарай алмаймыз, бұндай норма жоқ" деп айтпайтын еді. Ағылшын құқығының бірінші жалпы ережесі-қорғау бар жерде құқық бар. Қаралып жатқан іс бұрынғы тәжірибеде кездеспесе, соған ұқсас істі тауып, шешім шығаратын. Құқықтың осы нышаны оны өте оралымды, икемді ететін.

Жалпы құқық соттары өте консервативті және формалдық нормаларды жиі қолданатын сот болатын. Ант берушілер заңмен және сот процесімен таныс болмағандықтан, сот рәсімдеріне өте мықты дайындалу керек еді.

Корольдің (император) билігі формальды түрде кең көлемде еді. Германияда ол соғыс ашуға және бейбітшілік жариялауға ерікті болатын. Сонымен бірге әскерді және сот билігін атқарды. X ғасырдың екінші жартысында вотчиналық-арай басқару жүйесі құрылды. Германияның королі билікті мұрагерлік ретінде алатын болса да, сайлануға тиісті болды. Корольді герцогтердің арасынан сайлайтын, сайлауға ақсүйектер және жоғарғы рухани қызметкерлер қатысатын еді. Король билігін күшейту үшін өзінің жағына жоғарғы шіркеу қызметкерлері мен герцогтерді тартуға тиіс болатын. Сайланғаннан кейін король мемлекетті аралап шығатын, сол кезде ол жергілікті феодалдармен қарым-қатынас жасайтын және корольдің жерлерінен салық алып, сот қызметін жүзеге асыратын. Корольдердің тұрақты резиденциясы, астанасы, күшті орталық аппараты ол кезде болған жоқ, король нөкерімен сарайларының бірінде немесе епископтердің резиденциясында тұрды. Корольдің өмірі көшпелі, аттың үстінде өтетін, ал король билігінің экономикалық негізін өзінің жерлері мен фисктерден алған табыс немесе өнім құрайтын.

Бұрынғы корольдің қызметкерлері тұрғылықты жерде мирастық жер иеленушіге, графтарға айналды. Олар өз иеліктерін басқаратын аппарат құрды. Ол орталықтағы басқарма органы корольдің кезінде жергілікті жердегі басқарманың ісіне қатысуға, араласуға құқықты еді. Германияның орталық аппараты Каролингтер дәуірінің нышандарын сақтады. Сарайдың жоғарғы қызметкерлері маңызды функцияларды атқарды. XI ғасырдан бастап ірі феодалдар Корольдің Гофтаг деген кеңесіне қатынасты. Император сол Кеңеспен бірге ең маңызды шешімдерді шығарды. Император Италия кампанияларына қатысқан кезде, сарайдағы жоғарғы қызметкерлер Германияны өздері басқарды. Италияны басқаратын ерекше аппарат құрылды, ол канцлерге бағынды. Одан басқа императордың өкілдері және пфальцграфтар болатын, олар императордың мүлігін басқарды. Қалаларды префект басқаратын.

Шіркеу. Король билігін күшейту үшін шіркеуден көмек іздеді, сол үшін ол бұрыннан бай

шіркеу мекемелеріне жаңа құқықтарды және жеңілдікті сыйлап, жерлерді, шаруаларды қосып берді. Архиепископтер, епископтер, монастырлар мен аббаттар қатты байып кетті. Король шіркеу қызметкерлермен одақ құрып, басқа ірі феодалдарға қарсы шықты. Шіркеу феодалдары өте бай болса да, әскери жорықтарға қатынасқан жағдайлар болса да, олар шіркеу қызмет орындарын мұрагерлікпен бере алмайтын еді. Шіркеудегі жоғарғы қызмет орындары канондық сайлаумен өтетін, бірақ жоғарғы шіркеу қызметкерлері мемлекеттік инвеститураны берген жерлерді басқаруды корольдің қолынан алатын және оған ант беретін. Сондықтан, император немесе король епископтерді өзі канондық сайлаусыз тағайындайтын де жағдай бодды.

XI ғасырға дейін император мен рим папасының арасында сөнбейтін соғыс жүрді, мұндағы маңызды мәселе - жоғарғы шіркеу қызметкерлерін тағайындау еді. Рим папасы тек қана шіркеудің өзі жоғарғы орындарға сайлау өткізіп тағайындауға құқығы бар, шіркеу бенефицийлерді басқару, императорды таққа отырғызу және құлату және императорларды шіркеуден қууға құқығы бар деп санады. Папаның билігі корольдің билігінен жоғары екенін дәлелдегісі келді. Бірақ Германияның императоры бұндай жағдаймен келіспеді. XI ғасырда папа мен германдардың Генрих корольдігінің арасында ашық соғыс тұтанған кездер де болды. Жоғарғы қызмет орындарына біреуін папа, екіншісін король жіберген екі адам тағайындалды. Олардың арасында ашық соғыс басталды, папа мен король бір бірін тақтан және шіркеуден қуалады. Осы соғыстың алғашқы кезінде Рим папасы Григорий Жетінші жеңді, оны ірі феодалдар жақтады. Төртінші Генрих Солтүстік Италияда, Каносс деген сарайда (1076) қаңтар айында папа оны қабылдамай қойғанда, үш күн жалаң аяқ далада тұрып өкінді. Осындай қиын жолмен ол әрең дегенде корольдің тағын сақтап қалды. Сол оқиғадан бастап "Каноссаға бару" деген сөз қолданылатын болды, оның мәнісі - өте ұятты өкінуден өту. Бірақ бұл оқиға екі жақтың арасындағы соғысты тоқтата алған жоқ. Бесінші Генрих бұу соғыста жеңді де, 1122 жылы ол Рим папасымен Вормс конкордат деген келісімге келді. Бұл келісім бойынша папа мен император биліктерін анық бөліп алды: Германияның императоры шіркеу сайлауына ықпалын сақтады, ал Италия мен Бургундияда сайлауға қатысу құқығын жоғалтты. Бірақ бұл келісімде шіркеу мен императордың қарым-қатынастарына айқындық енгізе алған жоқ. Германияның корольдері Италиямен үздіксіз соғысып, өздерінің билігін әлсіретті.

Әскер. Әскери қарулы күштер рыцарлардан құрылды. Императордың вассалдары әскери қызметті алты апта бойы атқаруға міндетті болды.

Императордың вассалдары әскерге қанша адам беретінін императордың өзі белгіледі, Италияға қарсы ұйымдастырылған жорыққа вассалдардың бәрі шығуға тиісті болатын. Әскердің жоғарғы басшысы императордың өзі, ал контингенттерді князьдар басқарды, оларға графтар мен жүздік бастықтары көмектесті. Мемлекетке жаулар шабуыл жасаған жағдайда әскерге шаруалар да алынатын болды.

Сот. Императордың соттық билігі шектеулі еді, жоғарғы сот жүргізу құқығы ақсүйектер мен рухани князьдардың қолында болатын. Германияда бірте-бірте сословиелік соттар дамыды. Шаруалардың соттық билігін феодалдар іске асырды. Германияның соттары мәңгілікке сайланатын және шиеленіскен болды. Сословиелік соттар пайда болғасын, олар тек қана өздеріне тең адамдарды соттайтын болды, князьдардың, графтардың, шеффендердің, қалалардың, шіркеудің жеке соттары пайда бодды.

Батыс Еуропада дамыған феодализм сословиелік-өкілдік монархияның қалыптасуымен байланысты. Бұл кезде мемлекеттік аппарат әбден жетілді, салық жүйесі дамыды, халық сарбаздарын орнын тұрақты жалданған әскерлер басты. Бұл өзгерістер жаңа ақша керек етті. Ол үшін салықты көбейтті, бұл салықтарды шаруалар мен қала тұрғындары төледі. Феодалдар салық төлеуден босатылды немесе тұрақты салық жеңілдіктерін алды. Сословиелік-өкілдік монархиялардың пайда болуы мемлекеттің феодалдық негізін өзгерткен жоқ. Сословиелік-өкілдік монархия тек қана феодалдардың, шіркеу қызметкерлерінің және бай қала тұрғындарының мемлекет басқаруына мүмкіндік туғызды.

Қоғамдық құрылыс. Феодалдардың иерархиясы өте күрделі болды. Ол менің вассалымның вассалы менің вассалым емес деген принциппен құрылды. Феодалдық-иерархиялық қарым-қатынастардың негізгі принциптері: король, князьдар, графтар, барондар, рыцарлар. Енді феодалдардың бәрі рыцарлар деп аталатын болды, бұл атақ оларды шаруалардың қатарларынан бөлді. Шіркеу феодалдары немесе рухани феодалдар сарай феодалдарымен одақтасып бір сословие құрды. Қала тұрғындары мен шаруаларға қарсы шыққанда олар феодалдармен бірге болатын. Бірақ шіркеу қызметкерлерінің жеке меншік қарым-қатынастары және құқықтық

жағдайы мен жеңілдіктері басқаша белгіленетін еді.

Германия мемлекетінің құқығы өте шиеленіскен, күрделі жағдайда ыдырады. Германияның әрбір феодалдық ұсақ мемлекеті өзінің құқығын құратын. Жалпы жүйелеу жұмыстары XIII ғасырда ғана басталды. Германияның феодалдық құқығына партикуляризм және күштінің құқығы деген нышандар тән еді. Әсіресе, XII-XIII ғасырларда әрбір феодал өзінің шаруаларына сот билігін өз еркімен қолданатын. Бұл жағдайда шеффендердің соттары туралы айтып кеткен жөн. Шеффендер - сот қызметкерлері. Олар әрбір істі жинап, оларды қорытып, үкім шығаратын. Қолдануға қажет құқықтық нормалар болмаған жағдайларда олар өздеріне керек жаңа нормаларын шығаруға құқықты болған еді. Сонымен, Германияда сот қызметі мен заң шығару қызметі шеффендердің қолында болатын. XIII ғасырда жазылған Саксония және Швабия мемлекеттерінің заңдарын (олар айна деп аталатын) герман құқығының прогрессивтік нышандары деп санауға болады. Бұл құқықтық мұралар рим және шіркеу құқығының көп нормаларын жүйелендірген еді.

Германияның азаматтық құқығы адамдарды ерікті және тәуелді топтарға бөледі. Уақырлар және ерікті шаруалар шеффен сословиесін құрады. Бұл құжаттарда жер жеке меншігі туралы көп айтылған болатын. Бұл құқықтық нормалар ленмен байланысты болып, оларға сюзерен мен вассалдың арасындағы даулардың бәрі жататын. Қылмыстық нормалар да көп еді.

Әдеттік құқық үшке бөлінетін: феодалдардың, шаруалардың және қалалардың құқықтары. Бұл үш жүйе шиеленісті болғаннан кейін сот қызметкерлері (шеффендер) рим құқығын жиі қолданған болатын. Рим құқығының нормалары әдеттік құқықты бір жүйеге түсірген еді. Неміс заңгерлері рим құқығының ең үлкен және ауыр бөлімін қолданды. Пандектер деп аталатын бұл бөлімдегі 50 кітапқа римнің ең белгілі 40 заңгерінің жазған еңбектері кірген болатын. Бұл кітап: жеке адамдар, заттар, міндеттер, неке құқығы және мұрагерлік құқығы деген бөлімдерден тұратын. Немістердің азаматтық құқықтары пандект жүйесімен жасалған деп есептеледі. Рим құқығы XVIII ғасырға дейін қолданылды. Германия империясы құрылғаннан кейін оның орнына немістердің ұлттық буржуазиялық құқығы келді. Бірақ XIX ғасырдан бастап олардың буржуазиялық азаматтық құқығы кодификацияға ұшыраған кезде, немістер қайтадан белгілі пандект жүйесін қолданып, өздерінің күшті, басқа мемлекеттерге қатты әсерін тигізген Азаматтық кодекстерін жазған болатын. Бұл кодекс 1896 жылы жарияланды және Германияда күні бүгінге дейін қолданылады. Бұл кодекс Германияның Азаматтық жинағы деп аталады. Рим және Германия құқықтарының бір жалпы жүйеге қосылу романдық-германдық жүйе деп аталады.

Шаруалардың ұлы соғысынан кейін 1532 жылы Германияның рейхстагы "Каролина" деген заң жинағын шығарды. Ол императордың атымен (Карл Бесінші) Каролина деп аталды. Онда 219 бап бар, олардың 142 бабы қылмыстық процестен, қалғаны қылмыстық нормалардан тұрады. Бұл заңды тарихшылар "қанмен жазылған" дейді. Каролина шеффендер қолдану үшін жазылған талқылау, сондықтан ішкі құрылысы анық емес.

Бұл құқықтық мұраны империяның барлық жерлері тегіс қолдануға міндетті болмаған.

Бірақ шаруаларға қарсы жаза қолдану үшін Каролинаның баптарын жүзеге асырды.

Азаматтық құқық. Жеке меншік қарым-қатынастар жерге жеке меншікпен байланысты болды. Германияның жерге меншігі лен деп аталатын. Бірақ лендік қарым-қатынастардың бірталай ерекшеліктері болды. Императордың лендерге қатысты құқықтары шектеулі еді. Оның князьдардың империялық лендерін тартып алуға және иесіз қалған лендерді өзіне алуға құқығы болмаған. Ленді иелену және қорғау институтының де ерекшеліктері болатын.

Неке құқықтары. Әйел адам мен ер адамның некедегі құқықтары тең емес. Отбасының мүлігін ер адам иелік етеді. Әйел адам күйеуінің рұқсаты болмаса үйдегі мүлікті басқара алмайды. Бірақ олардың жалпы меншігінде әйелдің де үлесі бар, оған үйдің заттары мен өзінің бұйымдары жатады. Бұл заттар оның қыз баласына мұрагерлікпен беріледі, олар әйелдің үлесі деп аталатын. Әйел күйеуінен ажырасса немесе күйеуі өлсе, олардың жалпы меншігі былай бөлінетін. Әйел адам күйеуімен ажырасса, ол өзіне күйеуінің сыйлаған заттары мен өз үлесін ғана қалдыра алатын. Ал күйеуі өлген жағдайда ол күйеуінің сыйлығын, әйелдің бөлігін өмірбойғы өзін және балаларын асырайтын мүлікті де өзіне қалдыратын еді. Мұрагерлік нормалар мұраның ер адамдарға қалуға тиісті екенін мәлімдеді. Мұра тек қана заң бойынша таратылатын. Бірақ мұрагерлік мәселелері кейбір кезде әсиет бойынша да шешілетін болды. Мусылман құқықтық нормаларындағы сияқты герман құқығы да өлген адамның үлесін анықтайтын, бұл үлес өлген адамның жерлеуіне жұмсалатын болды. Қылмыстық құқық. Бұл

нормалар көбіне Каролина құжатында айтылған. Каролина феодалдық қылмыстық құжаттардың ең таңдаулыларына жатады. Қылмыстық құқықтың тұжырымдары мұнда өте анық және түсінікті айтылған еді. Каролинада қастық пен

қауіпсіздік, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар, аяқталмаған қылмыс және аяқталған қылмыс, қылмысқа бірге қатысу тәрізді түсініктер туралы толық айтылған. Өзін қорғау кезінде басқа адамды өлтіру туралы бірнеше баптар бар.

Қылмыстардың бәрі бірнеше топтарға бөлінеді: шіркеуге, мемлекетке, жеке меншікке және адамдарға қарсы қылмыстар.

Бірақ Каролинаның ең қиын және ауыр баптары жазалар туралы болатын, жазалардың мақсаты - халықты қорқытып ұстау.

Бұл заң жинағында өлім жазасы туралы көп айтылған және өлім жазасының ауыр түрлері көп еді. Жазалардың түрлері: өлім жазасы, дене мүшесін зақымдау жазалары, ұрыны бірнеше құқықтан айыру, темір қарғыны мойнына кигізіп, жұрттың көзінше ұстау, масқаралау, түрмеде ұстау, зиянын төлету, айыппұл және басқа да жазалар. Қылмыстардың көбіне өлім жазасы берілген, ал оның түрлері: өртеу, дөнгелекке салып өлтіру, асып өлтіру, суға салып өлтіру, тірідей көміп өлтіру. Негізгі жазаға қосымша жазалар да белгіленетін: мүлікті тәркілеу, өлтірудің алдында ыстық темірмен сынау, өлтіру орнына сүйрелеп апару.

Сот процесі. Ерте феодализм кезінде айыптау процесі қолданылатын. Каролина айыптау процесінің орнына сынау процесін орнатты. Азаматтық және қылмыстық процестердің арасында айырмашылық жоқ еді. Бірақ XII-XIV ғасырларда айыптау мен жазалау мемлекеттің атынан өткізілетін болды. Сотта жекпе-жек қолданылатын. Инквизициялық процестің енгізілуі рим құқығының дамуына байланысты болды. Бұл процестің үш кезеңі бар: тергеу, жалпы тергеу және ерекше тергеу.

Бақылау сұрақтары:

1. IX-XI ғғ. Францияда мемлекетті орталықтандырудың маңызы қандай болды?
2. Абсолютизм кезеңіндегі Францияның мемлекеттік құрылысы қандай болды?
3. Нормандық жаулап алудың Англияда феодалдық қатынастардың дамуына тигізген әсері қандай болды?
4. Генрих II қандай реформаларды жүзеге асырды?
5. Ағылшын парламентінің құрылу себептері қандай болды?.
6. Ағылшын абсолютизмінің ерекшеліктерін атаңыз.
7. Германия феодалдық мемлекеттілігі дамуының негізгі кезеңдерін атаңыз.
8. Германия феодалдық құқығының қайнар көздерін атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.
3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.
4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 7. XVII-XIX ғғ. Ұлыбритания буржуазиялық мемлекетінің және құқығының дамуы.

Мақсаты: Буржуазиялық қатынастардың пайда болуы мен мемлекеттік биліктің жаңа түрінің қалыптасуы арасындағы байланысты анықтау. Ұлыбританияның мемлекеттік билік құрылымдарының эволюциясын, институттары мен механизмін түсіндіру. Ағылшын революциясының ерекшеліктері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау.

Негізгі терминдер: буржуазиялық төңкеріс, пуританизм, пресвитериандар, индипенденттер, левеллерлер, джентри, ремонстрация, петиция, протекторат, билль, конституциялық монархия, хабеас корпус акт, контрассигнация.

Сұрақтар:

1. Ағылшын буржуазиялық революциясы және оның буржуазиялық мемлекеттілікті қалыптастырудағы маңызы.

2. Революция кезеңінде шығарылған заңдар және олардың конституциялық монархияның қалыптасуындағы ролі.

3. Мемлекет формасының эволюциясы. Абсолюттік монархиядан конституциялық монархияға.

4. XIX ғ. конституциялық монархия. Сайлау реформалары. Екі партиялық жүйе.

Англиядағы буржуазиялық төңкерістің салдары. 1628 жылғы "Құқық жайлы петиция". Ағылшын буржуазиялық төңкерісінің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері.

1640 жылғы Англиядағы буржуазиялық төңкеріс бүкіл дүниежүзілік тарихқа әсерін тигізіп, халық өмірін жоғары нысандағы қоғамдық саяси ұйымға келтірді. Англияның төңкерісі буржуазиялық төңкеріске жатады. Бұл жағдайды өнеркәсіптің ауыстырылуы және басқа қанаушы таптар билікті өз қолына алды деп түсінуге болады. Ағылшын буржуазиялық төңкерісінің феодализмнің дамуына байланысты көп ерекшеліктері бар болатын. Төңкеріс кезінде Англияның мемлекеттік құрылымы аяқталмаған шексіз феодалдық монархияға жататын. Корольдің билігі шексіз болса да, ол парламентті таратқан жоқ еді. Англияның жергілікті өзін-өзі басқару органдары демократиялық принциптерін сақтаған болатын және қуатты төрелік сот өзінің қызметтерін тоқтатқан жоқ еді. Феодализмнің капитализмге өтуін тоқтатқан және шектеген бірталай жағдайлар болған еді. Оларды түсіндіру үшін орта ғасырлардың құқықтық нормалары мен әдеттері туралы айтқанымыз дұрыс. Буржуазияның наразылығын туғызған феодалдық монополиялар. Олар сауда қызметтерін еркін жүргізгісі келетін, бірақ король патенттерінің бәрін өзі сататын. Ал патентсіз сауда жасауға немесе өнеркәсіп ашуға бір де бір адамдарының құқықтары болмайтын еді. Корольге патенттерді сатып өзінің қазынасын толтыратын осындай жүргізген саясаты пайдалы екені анық. Ал ауылда король өзінің заңдарымен жер жеке меншігін шектеген болатын.

Төңкерістің алдында Англияның әлеуметтік жағдайы да өте қызық еді. Олардың дворяндар топтары екіге бөлінетін. Бұндай жағдай басқа да Еуропа мемлекеттерінде болған еді. Мысалы, Францияда дворяндар ескі және жаңа дворяндарға бөлінеді. Бірақ Англиядағы жағдайлар ерекше қалыптасты. Жаңа дворяндар джентри деп аталды. Олар ақсүйектерге жатпайтын, дворян атағын сатып алушы адамдар еді, сондықтан олар жерлерін таза пайдаланғаннан басқа, өнеркәсіппен немесе саудамен де айналысатын. Ескі ақсүйек дворяндар қой бағып жүр деп оларға күлетін. Олардың ең пайдалы қызметтері жүнмен байланысты еді, олар өздерінің шаруаларына бостандық беріп, босаған жерлеріне қой бағатын. Қойдың жүнінен бүкіл дүние жүзіне белгілі шұға шығаратын. Сондықтан, бұл топ корольді жақтаса да, олардың мүдделері өнеркәсіптің дамуына байланысты екені түсінікті. Олардың экономикалық мүдделері буржуазия тобына жақын болатын, сондықтан ағылшын буржуазиялық төңкерісіне әлеуметтік рөлдері әсерін қатты тигізді. Олар буржуазиямен одақтасып корольге қарсы шықты.

Ағылшын корольдері Тюдорлардың мүддесін қорғаған болатын. Көптеген жылдар бойы Англияның ауылы нарыққа байланысты болды және капиталистік өнеркәсіп жаңа

капиталистік жер иеленушілер негізін салды. Осыған орай төңкеріс кезінде жаңа дворяндар өздерінің тағдырын капитализмнің дамуымен байланыстырды. Осы жағдай Англия төңкерістің ерекшеліктерін анықтады. Буржуазияға қарсы бүкіл дворяндар емес, тек қана көне дворяндар қарсы шықты. Ал джентри қатарлары сенімді одақ болып көрінді. Сонымен, Англияда буржуазиямен қатар жаңа дворяндар монархияға, феодалдық дворяндарға және шіркеудің үстем таптарына қарсы тұрды. Англия төңкерісіндегі жауапты күш халықтың топтары: шаруалар, жұмыскерлер, саудагерлер. Бірақ төңкеріс халыққа ешнәрсе берген жоқ. Керісінше, шаруалар Англияда капиталистік құрылыстың құрбаны болды. Бірақ Англияда Ақ және Қызыл розалардың соғысынан кейін ақсүйектердің саны азайып қалды. Англияның лордтары парламентте өздерінің жеке палатасында мәжілістерін өткізетін, олардың саны жүзге жақын еді. Бірақ лордтардың көбі өздерінің атақтарын тек қана XVII ғасырда ғана ала бастады.

Парламентте жаңа дворяндар (джентри) және буржуазия топтары бірге қосылып, корольге қарсы оппозиция құрған болатын. XVI-ғасырда Англияда қаладағы өнеркәсіптердің саны өсті. Төңкеріске дейінгі Англияда ішкі және сыртқы сауда тез дамып, бұл өнеркәсіптің қайта құрылу процесіне айналды. Лендлордтар шаруалардың жерлерін жаулап алуы мануфактураның құрылуына күшті әсерін тигізді. Жерсіз қалған шаруалар өздеріне жұмыс орнын өнеркәсіп өндірісінен іздеді. Сонымен, олар жұмысшылардың санын көбейтті. Англияның солтүстігіндегі дворяндар бұрынғыдай өмір сүріп, негізгі табысты шаруалардан пайда болған феодалдық алымдардан түсіріп отырған. Төңкеріске дейінгі Англияның селолық шаруашылығы өнеркәсіппен айналысқан жоқ, бірақ көптеген жағынан озық болатын.

Англияның буржуазиялық революциясының тағы бір ерекшелігі-діни наным бойынша өтуі. Бұл діни жалаумен өткен соңғы төңкеріс.

1621 жылы Англия королі Яков Бірінші өзінің ерекше парламенттегі жіберген сәлемінде ол өзінің көзқарасын мәлімдеді. Ол Парламентті корольдің жиналған малайы деп көрсетті. Парламент корольдің қолына меморандум ұстатты, король меморандумды жыртып тастап, Парламентті таратты. Бірақ үш жылдан кейін экономикалық жағдай корольді ауыр жағдайға қойғасын, ол парламентті қайтадан жинады. Осы жағдайда парламенттің қауым палатасы Яков Бірінші айтқан сөзіне наразылығын көрсетіп, парламентті король өзінің билігімен ғана жинамайды, оның құқықтары бұрынғыдан келе жатыр және король парламенттің құқықтарын сыйлауы керек деп мәлімдеді. Оған Яков Бірінші Корольдің құқығын құдай берген, сондықтан ол тек соның алдында жауапты деп қарсы сөйледі. Парламенттің мүшелері Ұлы Еркіндік Хартиясы деген ұлттық құжатты корольдің есіне салды. Король мен парламенттің арасында қайшылық туып, наразылық басталды. Яков Бірінші саясатын оның баласы король Карл Бірінші жалғастырды. Олар рим құқығына тіреліп, корольдің жоғары құқықтық жағдайын және құқықтарын дәлелдегісі келген еді, бірақ Англияның парламенті жалпы құқығын пайдаланып, өзінің әділеттілігін дәлелдеді. Король Жұлдыз палата және Жоғарғы комиссия деген төтенше соттарды құрды, парламенттің келісімін сұрамай жаңа салықтарды енгізді. Корольдің әйелі Генриетта Мария - Франция королінің қарындасы, католиктердің дініне сенетін, Англияның халқы бұл жағдайға қарсылығын білдірді.

Карл Бірінші 1628 жылы парламент мәжілісін шақырды. Парламент оның қолына "Құқық туралы петиция" деген актіні ұстатты. Бұл құжатта Англияның бұрыннан келе жатқан еріктері мен әдеттері, парламенттің құқықтары туралы айтылған.

Бұл петицияның 1-бабында Эдуард Бірінші және Эдуард Үшінші корольдердің XIII ғасырда алынған заңдарына сүйеніп, ешқандай салықты король парламенттің келісімінсіз сала алмайды делінген. Соңғы уақытта заңға қайшы салықтар болды. Оларға парламент рұқсат еткен жоқ 3,4- баптарында Еркіндік Ұлы Хартиясы бойынша Англияның бір де бір адамы сотсыз құқығынан айырылуға, түрмеге қамалуға, жерден айырылуға, жауапқа тартылуға тиіс емес.

5 - бабында Жұлдызды палатаның қызметі заңды емес делінген. Бұл ерекше трибунал

саяси қылмысты істерді қарайтын. Басқа дінге қарсы істерді ерекше сот органының "Жоғарғы комиссиясы" қарайтын. Бұл екі сот та корольдің қолында болды. Бұлар Еркіндік Хартияның бостандықтарына қайшы еді.

6 - бапта солдаттар мен матростардың жеке адамдардың үйлерінде тұруы ежелгі әдеттерге қарсы деп көрсетіледі. Бұл жағдай ел заңдарына қайшы болатын.

7 - бапта солдаттар мен матростарды әскери жағдайдың соттарымен соттаудың дұрыс еместігі айтылған. Бұндай жағдай тек соғыс кезінде қолданылуға тиісті. Бұл заңға және елдің салтына қарсы енгізілген, ал осы уақытта нағыз қылмыскерлер бос жүреді.

8,9- баптарда өлім туралы көптеген бұйрықтардың нәтижесіз қалып отырғаны айтылған.

10 - бапта осы тоғыз бапта айтылған талаптардың бәрін бірге түйіндеп корольдің алдына қою принципі бар. Парламент Ұлы Еркіндік Хартиясының баптарын корольдің есіне салып дәлелдеген болатын. Бірақ король парламенттің айтқан талаптарына көңіл бөлген жоқ. Парламент бұған наразылық білдіргеннен кейін король парламентті таратып жіберді. Ол 11 жыл парламентсіз мемлекетті басқарды. Парламенттің басқарушысы Тауэр түрмесіне камалып, сол жерде қайтыс болды.

1637 жылғы Шотландияда көтеріліс болды. Бұған қатысқан адамдар корольдің әскерлерін жеңіп, корольдің әскері ыдыраған соң, мелекеттің экономикалық жағдайы нашарлады. 1640 жылы король наурыз айында парламентті қайтадан жинады. Бірақ парламент корольге Құқық туралы петицияны есіне салып, орындалғанына көңіл бөлді. Парламент жаңа салықтар мен ақшаны бекіткен жоқ. Король парламентті қайтадан таратып жіберді.

1640жылы күзде корольдің де, мемлекеттің де жағдайлары нашарлады. Феодалдық абсолюттік құрылыс терең де саяси қайшылыққа әкелді. Корольдің жағдайы ауырлай түсті. 1640 жылы 3-қарашада ол парламентті мәжілісіне шақырды. Бұл парламент Ұзақ деген атқа ие болып, Англиядағы төңкерісте буржуазияның органы ретінде үлкен рөл атқарды ол 1653 жылға дейін үзіліссіз қызмет етті. Ол кейбір жоғарғы корольдің уәзірлерін жазалау, төтенше соттарды жою, зиярат етушілерді жауапкершілікке тарту туралы да корольге талап қойды. Парламент халықтың тірегенін сезе отырып, феодалдық-абсолюттік құрылысқа шабуылға шықты. Кейіннен корольді жақын көруші-лорд Страффорд, архиепископ Лод және басқа корольдік абсолютизмнің белсенді мүшелері тұтқындалды. Парламент корольдің әлсіздігін пайдаланып, өмірбойы сайланатын сотты енгізді. Түрмелерден саяси тұтқындар босатылды, палатаның қаулысы бойынша заң қабылданды, соның нәтижесінде парламенттің шешімінсіз салық жинауға тыйым салынды. 1641 жылы парламент Үш жылдық акт деген заңды қабылдады. Бұл заң бойынша парламенттің екі мәжілісінің арасындағы үзіліс үш жылдан кем болуға тиісті емес. Король парламенттің мәжілісі басталғаннан кейін оны 50 күн тоқтата алмаған болатын. Сөз бостандығы туралы заң қабылданды. Англияда буржуазиясының арқасында абсолюттік монархия орнына шектеулі монархия құрылды. 1641 жылдың аяғында парламентте корольге қарсы көтеріліске шығуды қауіпті деп есептейтін мүшелер кобейді.

1641жылдың аяғында парламент корольге Ұлы ремонстрацияны берді. Парламент бұл заңды соғысып қабылдады дегенмен, король оны қабылдаған жоқ. Бұдан кейін парламент корольге 19 баптан тұратын ұсыныс енгізді. Бұл талаптарда корольдің билігін шектеу туралы айтылған болатын. Бірақ король бұған да көңіл аударған жоқ. Ал 1642 жылы король мен парламенттің арасында ашық шиеленіс басталды. Король өзі бұрыннан келе жатқан әдеттерді бұзып, парламентке оппозицияның өкілдері қамауға келді. Бірақ олар тығылып, ұстатқан жоқ.

Осыдан кейін король Англияның солтүстігіне кетіп, әскерлерін соғысқа дайындай бастады. Корольді жақтаған адамдар кавалерлер деп аталды. Ал оған жағынған өкілдер өздерін "дөңгелек бастылар" деп атады. Сонымен, төңкерістің заңды бірінші кезеңі аяқталды. 1642 жылы жазда парламент пен корольдің арасында ашық азаматтық соғыс басталды. Корольді ағылшын шіркеуі, ескі дворяндар, феодалдар, батыс және солтүстік

графтіктер жақтады. Ал парламенттің жағында өнеркәсіп дами бастаған графтіктер, буржуазия, жаңа дворяндар және халықтың көбі болатын. Джентридің әлеуметтік рөлі екіге бөлінді. Бір жағынан олар дворяндарға жақтасып корольді жақтайды және түсінеді, бірақ олардың экономикалық мүддесі буржуазияға жақын. Сондықтан олардың төңкерістегі рөлі ерекше. Соғыс басталғаннан кейін бірінші кезеңінде корольдің әскерлері жеңе бастады. Бұл жағдайды түсінуге болады. Корольдің әскерлері дайындалған, жақсы қаруланған, үйренген, ал парламент әскерлерінің бұндай жоғары сапасы жоқ еді.

Парламенттегі партиялардың арасында қайшылық туындады. Парламент мүшелері: пресветериандар, индепенденттер және левеллерлер деген үш топқа бөлінген. Пресветериандар - ең ірі сауда иелерінің және қаржы буржуазияның және жоғары джентридің мүддесін қорғайтын. Олар парламенттің әскерлері жеңілгенінен қорқып, корольмен татуласу керек және онымен бейбітшілік шарт құрып, қайтадан Лондон қаласына шақыру керек деген болатын. Олар конституциялық монархияны, шіркеудің реформасын, корольмен татуласуды, төңкерісті тездетіп аяқталуын қолдады. Өздеріне керегін революциядан алғаннан кейін, корольдің билігін шектеп, конституциялық монархия құрса, шіркеуді шектесе болды деп санағаны мәлім.

Бірақ оларға қарсы индепенденттер шықты. Индепенденттер орта сауда, өнеркәсіпті буржуазия және орта джентрийлерге арқа сүйеді. Олардың басшыларының біреуі О.Кромвель болатын. Индепенденттердің алдына қойған талаптары пресветериандардан кеп артық болатын. Олар монархия емес, республика құрғысы келген еді. Шіркеудің жерін тәркілеуге ұшыратып, жер иеленушілердің бәрін сайлауға жіберу, саудамен байланысты жеңілдіктердің бәрін жою, төңкерісті жалғастыру керек деп санады. Олар шіркеу реформасын талап етті.

Левеллер - теңестірушілер, орта шаруалармен және қалалық буржуазиямен байланысты еді. Оның басшысы полковник Джон Лильборн болды. Олардың талабы-сайлау жүйесін демократизациялау, барлығының заң алдында тең болуы, парламентті жыл сайын қайта сайлап отыру. Сотты демократизациялау, сауданың толық бостандығы, сауда-саттықтағы салықты айқындауға халықтың қатысуы. Олар халық егемендігін бірінші болып жариялады. Бұларды кейіннен француз, америка төңкерісінің өкілдері қолдап кетті. Халықтық егеменділіктің бірінші негізгі мағынасы - халықтық билік. Бірақ левеллерлер толық теңгерушілікке жете алған жоқ.

Парламент әскерлері жеңілгеннен кейін Кромвельдің ұсынған жоспарын қабылдауға мәжбүр болды. Кромвель жалпы бір ортақ әскерді ұйымдастыру керегін дәлелдеп шыққан еді.

О.Кромвель әскербасының орынбасары болып тағайындалды. Тәртіпке келтіріп, бір орталыққа бағындырғаннан кейін Парламенттің әскерлері жеңе бастады. Корольдің жағдайы ауырлады. Оның әскері әлсіреп, оларға төлейтін ақшасы бітіп, солдаттар қаша бастады. Бірталай адамдар парламент жағына шыға бастаған еді. 1645 жылы парламенттің әскерлері ірі жеңіске жетті, Незби деген жерде олар корольдің әскерлерінің быт-шытын шығарды. Король Бірінші Карл Шотландияға қашты, кейін Шотландияның адамдары оны Англияның қызметкерлеріне қайтарып берді. Англиядағы жағдай қатты шиеленіскен еді. Бар билік әскердің қолында, король тұтқында, ал парламент не істерін білмейді. Индепенденттер әскер қолында болғанын қолданып, пресветериандардан билікті тартып алды. Пресветериандар корольмен татуласу керек, оның құқықтарын шектеп орнына қою керек деген саясатты ұсынған. Олар парламентте басым көпшілік еді. Оларға қарсы ұйымдасқан индепенденттер мен левеллерлер монархияны құртқысы келді. Әскердің басшылары осы партиядан болғаннан кейін, оларды әскер де жақтады. 1646 жылы парламент резолюциясын қабылдап, үш маңызды принципті бекітті: Биліктің қайнар көзі-халық; Парламенттің қауымдар палатасы-Англияның ең жоғары билігі; Қауымдар палатасы қабылдаған заң-ең жоғарғы заң. Король мен лордтар палатасы қабылданған заңға қарсы болса да, бұл заң өз күшін сақтайды. 1647 жылы күзде әскерде левеллерлер қозғала бастаған болатын. Бірақ индепенденттік басшылық олардың қозғалысын басты.

1648 жылы Кромвель парламентті тазартты. Бұл оқиға полковник Прайдтың тазартуы деген атақ алған болатын. Прайд парламентке келіп, депутаттардың бәрін бір есіктен тексеріп кіргізді. Ол парламентке пресветериандарды жіберген жоқ. Олар: "Сіздің осылай істеуге қандай құқығыңыз бар?"-деп сұраған кезде, Прайд-"қару құқығым", -деп жауап берген екен. Енді парламентте тек қана индепенденттер қалды. Бұл парламенттің қалдығын "парламенттің құйрығы" деп атайтын еді.

Индепенденттердің бағдарламасын одан әрі левеллер апарды. Олар корольдің және лорд палатасының билігін жою туралы айтқан болатын. Парламентке депутаттарды жылда сайлау керектігін айтты. Депутаттар халық алдында жауапты. Азаматтардың туғаннан болған құқықтарын ешкім қайтып ала алмайды. Левеллердің бағдарламасы индепенденттердікімен салыстырғанда прогрессивтік сипатта болатын. Бірақ олар оны жүзеге асыра алған жоқ.

Билік басындағылар Англияның халқына қауіпті, реакцияның тірегі және пайдасыз деп 1648 жылы лорд палатасының көзін жойды да, 1649 жылы корольдің өзін соттады. Бұл сотты басқарған белгілі Джон Бред-шоу деген заңгер. Король "Сіз мені соттайтындай құқығыңыз жоқ, маған осы біздің мемлекетіміздің корольді халық соттаған бір прецедентін көрсетіңіз"- деді. Шынында, жалпы құқық бойынша оның айтқаны заңды еді. Бірақ сот көп куәгерлерді сұрастыра келді де, корольдың өзі халқына қарсы шыққанын дәлелдеді. Куәгерлердің бәрі оның қаталдығын көрсетті. 131 сот қызметкерінің тек қана 59-ы шешімге қол қойды. Ал басқалары жауапкершіліктен басын тартып, соттың мәжілісіне келмегенін дұрыс көрді.

1649 жылдың 30 қаңтарында Англия королін сот өлім жазасына кесті. Король тиран, адам өлтірген қылмыскер, өзінің отанын сатты және осы мемлекеттің қарапайым жақсы азаматтарының жауы деп мәлім етті. Корольдің билігі бостандық үшін, Англия халқының мүддесі үшін қауіпті деп есептелді. Енді корольдің билігі Англияға керек емес, ол бостандыққа, қоғамдық қауіпсіздікке қауіпті және пайдасыз деп жарияланды. Корольдің билігі осы елде және Ирландияда бір адамның қолында болуы тәжірибе жүзінде мойындалды. 1649 жылы акті бойынша Англия республика болып жарияланды. Бірақ бұл көпке созылған жоқ, Англияда протекторат деген саяси режим құрылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Англиядағы буржуазиялық революцияның алғы шарттары қандай болды?
2. Ағылшын буржуазиялық революциясының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктерін атаңыз.
3. Кромвельдің протекторатының орнау себептері қандай?
4. Конституциялық монархияны орнықтырудағы 1689 ж. құқық туралы Билльдің ролі қандай?
5. 1701 жылғы тақ мұрагерлігі туралы актінің негізгі мазмұнын баяндап беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.
3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.
4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 8. XVIII-XIX ғғ. АҚШ мемлекетінің және құқығының дамуы.

Мақсаты: АҚШ-тағы мемлекеттік билік құрылымдарының эволюциясын, институттары мен механизмін түсіндіру. АҚШ-тың 1776 ж. Тәуелсіздік декларациясының, 1787 ж. Конституциясының мазмұнына талдау жасау.

Негізгі терминдер: колониялар, штаттар, декларация, тәуелсіздік үшін соғыс, континентальді конгресс, конфедерация, федерация, президент, өзара тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі, биліктің бөлінуі, конституционализм, федерализм.

Сұрақтар:

1. Солтүстік Америкада ағылшын отарларының пайда болуы. Мемлекет формасының эволюциясы. Отарларды басқару.

2. Тәуелсіздік үшін күрес және штаттарда республикалық басқару формасының орнауы. Континентальді конгресс.

3. 1776 ж. Тәуелсіздік декларациясы және штаттардың конфедеративтік одағының құрылуы. 1781 ж. «Конфедерация баптары».

4. 1787 ж. Конституция. Билікті бөлу принципі мен «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесінің арақатынасы.

5. АҚШ-тағы құқықтың қайнар көздерінің жүйесі. Федеративтік мемлекеттік құрылымның құқықтық жүйеге әсері.

6. АҚШ Конституциясына енгізілген түзетулер. Президент өкіметі рөлінің артуы. Федералдық және штаттардағы заңдардың арақатынасы.

Англияның Солтүстік Американы отарлауы құрлықтан көшіп барған ағылшындардың 1607 ж. бірінші колония Джеймстаунның негізін қалаудан басталды. Нәтижесінде XVIII ғ. аяғында Англия мен басқа да Еуропа елдерінен көшіп барғандар құрған 13 колония пайда болды. *Оңтүстік ағылшын колонияларында* негізінен ірі плантациялық шаруашылық дамыды. Онда мақта, темекі, күріш, индиго өсірілді. 1619 ж. бастап плантацияларда жұмыс істету үшін Африкадан құл негрлер әкеліне басталды. *Солтүстік колонияларда* мануфактуралық өндіріс, фермерлік шаруашылық, кемелерді жасау дамыды.

XVII-XVIII ғасырларда Солтүстік Американың Атлантика мұхиты жағалауында 13 отар құрылды. Отарлардағы адам саны 2, 5 млн. -дай еді. Оның жарты миллионы африкалық негрлер болатын. Отарлықтар Американың жергілікті тұрғындарын үндістерді құлдыққа көндіре алмады. Көпшілік қоныстанушылар Еуропадан, оның ішінде көбі Англиядан келгендер еді. Отарлардың мемлекеттік құрылыстары Англияның өзіне өте ұқсас болатын. Олардың ішкі істердегі автономиясы король бекіткен қағаздармен айқындалды. Қоныс аударушылар өздерімен бірге Америкаға отандарында қолдана алмайтын ескі еркіндіктерін, кейбір биліктерін ала келді. Олар табиғи заңдылықтар іліміне сүйене отырып, өз заңдарын құрды. Отарлар феодализм тәртіптерін білген жоқ. Олардың экономикалық дамуы XVII ғасырда қалыптасқан буржуазиялық қарым-қатынастар негізінде өрбіді.

Ағылшын мемлекеті отарларға тауар өткізетін нарық және шикізат көздері ретінде қарады. Олар жаңадан пайда болып келе жатқан американ буржуазиясының мүдделеріне мейлінше қысым жасады. Америка тұрғындарына құл сатумен айналысуға рұқсат етілген жоқ, тауарларды тасымалдаумен тек ағылшындар айналыса алатын болды, өнімдері шығарылмады. Георг-III фермерлерге Аллеган тауларының ар жағындағы жерлерді иеленуіне тыйым салды. Америкадағы мақта, темекі, жүгері құнының төмен болуы, ағылшын тауарларының қымбаттығы плантаторларды жиі-жиі банкроттыққа ұшыратып отырды. Еуропа мемлекеттерінен әкелінген тауарларға төлейтін салықтарды көбейтті және оны күміс ақшамен телеуге мәжбүр етті. Бірақ Англияның Америка отарларын бағындыра, ырқына көндіре ұстамақшы болған, экономикалық дамуын тоқтатпақшы болған әрекеттері Америка халқының үзілді-кесілді батыл қарсылығына тап болды.

Колонияларда *европалық феодализм* мен *құл иеленушілік құрылыстар* қатар өмір сүрген **ертекапиталистік құрылыс** қалыптаса бастады. Бұл фактор америка қоғамының қоғамдық құрылымының ерекшелігін анықтады. Американың колониалды қоғамы

экономикалық, әлеуметтік, діни және саяси жақтарынан біртекті болмады. Колониалды қоғамның **артықшылықтары бар әлеуметтік топқа** бай көпестер мен дворяндар жатты. Осылардың қатарынан колониалды әкімшілік құрылды. Халықтың басым бөлігін **еркін өндірушілер** құрады. Оларға шаруа-фермерлер, қолөнершілер, балықшылар, теңізшілер кірді. Қоғамдық топтардың үшінші категориясын **басыбайлы малайлар** құрады. Олардың бір бөлігі Европадан әкелінді, ал негізгі бөлігі Африкалықтар болды. XVIII ғ. 70 ж. отарлардың халқының саны 3,5 млн. жетті, оның 500 мыңы құлдар болды.

Солтүстік Американың Атлантика жағалауында құрылған колониялардың құқықтық мәртебелері әртүрлі болды. Оларды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. *Өзін-өзі басқаратын отарлар* (Род-Айленд, Коннектикут). Оларды аумақты патшалық хартиялар негізінде басқаратын компаниялар басқарды. Бұл отарларда заң мен сот алдындағы теңдік, діни бсотандық және қатал жазалардан қорғау қағидалары орнықты. Род-Айлендте ең демократиялық басқару жүйесі қалыптасты. Басқару нысаны бойынша ол республика болды. Губернатор, бірпалаталы парламент және соттар сайланып отырды.

2. *Жеке меншіктегі отарлар*, жеке тұлғаға патша сыйға берген отарлар (Пенсильвания, Дэлавер, Мэриленд). Бұл отарларда атқару билігін губернатор жүзеге асырды, ал заңшығару билігін – екіпалаталы сайланбалы жиналыстар.

3. *Тәждік отарлар*, яғни, патшалық отарлар (Массачусетс, Нью-Гемпшир, Виргиния, Нью-Джерси, Нью-Йорк, Солтүстік және Оңтүстік Каролина, Джорджия). Оларды үкіметпен тағайындалатын губернаторлар басқарды. Заңшығару билігін екіпалаталы парламент жүзеге асырды, алайда оның шешімдерін губернатор жою құқығына ие болды.

Осы уақытта қалыптасқан 13 колонияның басқару жүйелерінің және экономикалық шаруашылықтарының әртүрлілігіне қарамастан, олардың арасында тұрақты экономикалық қатынастар орнады. Алайда колониялардағы капиталистік қатынастардың одан әрі дамуына Англияның жүргізіп отырған меркантилистік саясаты кедергі жасады. Англия отарларды өз тауарларын өткізетін нарық және арзан шикізат көзі ретінде қарастырды. Отарлардың сыртқы саудамен шұғылдануына шектеу қойды. Англия үкіметі отарлардағы өндіріс пен сауданың дамуын тежейтін жаңа заңдар қабылдады. Солардың бірі 1773 ж. патша Георг III шығарған шай туралы жарлық болды. Ол бойынша Америкада өндірілген шайды сыртқа шығаруға шек қойылды. Шай бойынша монополияны Ост-Индия компаниясы алды. Отарлардың тұрғындары наразылық ретінде ағылшын тауарларына байкот жариялады. Патша оған жауап ретінде әскердің санын көбейтті. Жағдай күннен-күнге ушығып отырды. Ашық қақтығыс «Бостондық шай ішуден» басталды. Ол дегеніміз Англиядан келген кемелердегі шайда бір топ теңізшілер үндістердің киімін киіп алып суға тастағаны.

Отарлар мен метрополия мүдделерінің қақтығысы солтүстік америкалық отарлардың өзінің тәуелсіздігі үшін соғысқа айналды. Бұл соғысқа буржуазиялық революцияның белгілері тән. Яғни, осы буржуазиялық революция нәтижесінде еркін әрі тәуелсіз америкалық мемлекет құрылды. Сонымен бірге, бұл америкалық революцияға бірқатар ерекшеліктер тән:

1. Экономикалық мақсаттарда басталған бұл кірес тәуелсіздік үшін соғысқа айналып кетті. Яғни, революция барысында экономикалық мақсаттар саяси мақсаттарға айналды. Олар буржуазиялық сипатта болды;

2. Бастапқыда бұл күрес патшаға бейбіт түрде наразылық білдіруден басталып, кейін тәуелсіздік үшін соғыс сипатына ие болды;

3. Бұл революция феодалистік мемлекетте орын алмағандықтан феодализмге қарсы сипатта болмады;

4. Бұл революция тек ғана тәуелсіздік әперіп қана қоймай, сонымен бірге, маңызды әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асырды.

5. Бұл революцияны азаматтық соғыс деп та қарастыруға болады, себебі тұрғындардың бір бөлігі патша жағында соғысты;

6. Барлық прогрессивтік тұстарына қарамастан бұл революция консервативтік сипатын сақтап қалды, себебі оның нәтижесінде құлдық жойылмады.

Американдық революцияның барысын зерттей отырып, оны негізгі екі кезеңге бөліп қарастыруға болатындығын аңғардық:

1. **Бірінші кезеңде (1773-1775 жж.)** метрополия мен отарлар арасындағы қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу ұмтылыстары орын алды. Патшаға қарсы тұру үшін отарлардың бірігуі немесе одақтасуы қажет еді. 1774 ж. 5 қыркүйек жұлдызында Филадельфияда **I Континенталды конгресс** өз жұмысын бастады. Оның құрамына патшамен келісуге дайын тұлғалар сайланды. Бірақ халықтың қысымымен олар патшаға қарсы бағытталған еі құжат қабылдады: «Отарлардың құқықтары мен қажеттіліктерінің декларациясы» және «Бірінші Континенталды конгресс ассоциацияларының жоспары». Және де бұл конгресс ағылшын тауарларына байкот жариялау туралы шешім қабылдады.

2. Американдық революцияның **екінші кезеңі – тәуелсіздік үшін соғыс (1775-1781 жж.)**. Бұл кезең 1775 ж. 19 сәуір айында Конкорд және Ленсингтон түбінде болған шайқастардан кейін басталды. Бұл уақытта революция жақтастары – патриоттардың қатарында бірауыздық болмады. Патриоттардың оң қанаты – бай плантаторлар мен бай көпестер патшамен келісуді ұсынды. Патриоттардың сол қанаты – буржуазия Англиядан қол үзіп, тәуелсіздікті жариялау үшін күресті. Бұл бағытты Т.Джефферсон, С.Адамс, П.Генри басқарды.

Әскери қимылдар басталысымен 1775 ж. 10 мамырда өз жұмысын II Континенталды конгресс бастады. Бұнда отарлардың әскерін біріктіру және қолбасшы етіп бай виргиниялық плантатор Джордж Вашингтонды тағайындау туралы шешім қабылдады. Колониялардың көбісі өздерін тәуелсіз штат-республикалар деп жариялай бастады. Патша колонияларды бүлікке шықты деп жариялады.

II Континенталды конгресс жұмысындағы ең маңыздысы **1776 ж. 4 шілдеде Америка құрама штаттарының тәуелсіздігі туралы декларацияны** қабылдауы. Бұл декларация табиғи құқық ережелеріне негізделді. Құжатты Томас Джефферсон басқарған 5 адамнан тұратын арнайы комиссия дайындады. Алайда құжат жобасында болған құлдықты жою және патшаға қатысты айыптар алынап тасталды.

Тәуелсіздік декларациясы АҚШ-тың алғашқы конституциялық сипаттағы құжаты болып табылады. Онда:

- Англиямен саяси және басқа қатынастардың үзілу себептері толық негізделген;
- Жаңа тәуелсіз америкалық мемлекетті құрудың саяси-құқықтық философиясы және қағидалары қалыптастырылды.
- Декларацияда құқықтарға қатысты мәселелер табиғи құқық ережелеріне сәйкес құрылған.

Тәуелсіздік декларациясы қабылданғанмен, ол біртұтас мемлекеттің құрылуын бекіткен жоқ. Себебі онда Одақтың егеменділігі мен әрбір штаттың егемендігі орнықтырылды. Сонымен бірге, ол ұлттық егемендік қағидасын енгізе отырып, халықтың өздерін қанағаттандырмайтын билікке қарсы көтеріліске шығу құқығын таныды.

Америка төңкерісінің алғы шарттары.

Америкаға алғашқы британ қоныстаушыларының келгенінен бастап, ағылшынның солтүстік американдық отарларындағы азаттық қозғалысының басталуына дейін бар-жоғы 150 жыл етті.

Британияның отарлары Еуропалық қоныстаушылардан бос еді. Бірақ америкалық абориген-үндістерді өз жерлерінен ығыстыра отырып орналасқан. Отаршылдар үндістерден ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруді, шаруашылық әдістерін және аң аулауды үйренді. Өз өмірлерінде үндістер мәдениетінің әсері сезінді. Үндістер оларға алғаш кезде азық-түлікпен көмектесті. Бірақ сол Американың негізгі халқын отаршылдар өлім жағдайына жеткізсе де, оларды 13 отарда жұмысшылар жетпей жатса да, құлға айналдыра алмады.

Тәуелсіз мемлекет құрудың алғы шарттары болды, Американың төңкерісі отарлардың біртұтас мемлекетке бірігуі үшін объективті жағдай жасағаны мәлім.

Төңкерістің қайнар кездері Америка экономикасы үшін дәстүрлік жолмен дамыды.

Метрополия мұхиттың ар жағына өзінің шаруашылық өнімдерін шығару арқылы олардан көп табыс (кіріс) алып отырды. Отарлардың еншісі британ шаруашылығы үшін негізгі материал, шикізат жеткізуші болып табылатын. Олардың қарым-қатынастары пайда табу негізінде құрылған.

Англияның бұлай қарай тасымалдағаны кеме бөлшектері, шойын, ауыл шаруашылық өнімдерінен бидай, күріш, индиго. Сауда өте қиын жолмен жүргізілді. Ағылшын буржуазиялық төңкерісі кезінде 1649 жылы қабылданған Навигациялық акт сауданы тек ағылшын су жол қатынастарымен өткізуді қажет деп тапты. Саудаға қатысатын кемелердің капитандары болып тек ағылшын мемлекетінің азаматтары тағайындалатын.

Өздеріне қатыссыз сауданы басқа елге жіберуге отарлардың құқығы болған жоқ. Барлық заттар Лондон арқылы өтуге тиіс болды. Сауда жүргізгені үшін олар Англияға үлкен баж салығын төледі. Бірақ Навигациялық акт бекіткен сауда шарттары Америкаға белгілі бір пайда берді. Англия Еуропаның ең бай және прогрессивтік мемлекеттерінің бірі. Оның тауарларының сапасы өте жоғары болатын. Сондықтан олар дамыған елдердегі жеңіл өнеркәсіпті пайдаланды. Одан басқа отарлар Британ кредиттерін пайдаланып, британ әскері мен флотының қол астында болды. Ағылшын жеке меншігіне қол сұққан адамдар өте қатты жазаға кесілді, көбіне ол өлім жазасы болатын.

Ағылшын кемелерінің төрттен бір бөлігі отарларда жасалды. Отарлар жасырын жолмен контрабандамен айналысатын. Олар жергілікті өкіметпен шарт жасасып, қалпақ, етік, жиһаз тағы басқа заттарды жасай бастады.

1769 жылы ағылшындар сауда палатасын құрды. Ол жеңіл өнеркәсіптегі ағылшын монополиясын қолдады. Бірақ бәрі бір өсу қарқыны жоғарылаған жоқ. 10 американдықтың тоғызы ағылшын киімін киді. Үлкен табыс әкелген ол үштік сауда. Үндістаннан барлығы қант шығарды, ал Жаңа Англия одан ром шарабын жасатып, сөйтіп, оған Африкадан құлдар сатып алатын.

Революцияға дейін ұлттаралық жағдай үлкен масштабты қамтыды, яғни, Америкада ортақ нарық болды. Бұл капиталистік экономиканың бірден жоғарылауына мүмкіндік туғызған еді. Американдықтардың негізгі шаруашылығы-ауыл шаруашылығы болғаны мәлім.

Әлеуметтік құрылысы. Америкадағы халықтың құрылысы өте ерекше. Феодал лордтар бүкіл жерлерінің оннан тоғызының қожасы. Жұмысшы күші-ағылшын "заңдастырылған малайлары", олар Англиядан кезінде Америкаға жете алмай, ақшалары жоқтығынан кеме иелерімен шартқа отырып, солардың малайлары боламыз деп міндеттеме алғандар еді. Бірақ Америкаға келгеннен кейін олар біршама жұмыс істеп, өздеріне жер алды да, американ фермерлеріне айнала бастады. Жердің молдығы оларды көп уақыт езгіге салуға мүмкіндік берген жоқ. Американың жарты миллион адамы Африка негрлері оңтүстікте плантацияларда жұмыс істейтін еді. Америка халқының көбін ерікті фермерлер мен қолөнершілер құрайтын.

XVIII-ғасырдың ортасында отарлардың саяси құрылысы былай қалыптасқан болатын: губернатор жергілікті ақсүйектерден немесе қызметкерлерден сайланды. Кейбір отарлар губернаторларды өздері сайлайтын еді. Отарлар үшке бөлінді: қызметкерлердің басқаруымен болған жергілікті отарлар, жеке отарлар, жеке адамның иесі, оларды сол отардың иесінің өзі басқарды және ағылшындардың негізінде құрылған, өзін-өзі басқаруға келген отарлар. Отарлардың басында губернатор тұрды, оны ағылшын королі тағайындайды немесе отардың халқы сайлап қояды.

Америка төңкерісі көп ерекшеліктері болды. Оны тапсыз күрес деп атайтын. Ол бүкіл Америка халқының тәуелсіздігі үшін, бостандығы үшін өткізген күресі. Бірақ революцияға қатысқан адамдар ағылшын әдеттеріне сәйкес лоялистер тори және патриоттар деген екі топқа бөлінген еді. Лоялистер-корольді жақтаушы топтар. Патриоттар-метрополиялық саясатқа қарсы, ескі отарлық режимді бейнелейтін жеңілдікке ие сословиенің дұшпандары.

1781 ж. 1 наурызда АҚШ-тың алғашқы конституциясы – Конфедерация баптары қабылданды. Ол бойынша 13 штаттың мәңгілік одағы – **конфедерация** құрылды. Әр штат өз егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап қалды, әрбіреуінің өз парламенті мен конституциясы

болды. Бұл құжат та жаңа біртұтас мемлекеттің құрылуын бекітпеді, бұнда тек 13 штаттың сыртқы саяси мақсаттарға бірлесіп жету үшін құрған одағы бекітілді. Сол себепті оны конституция емес, әріптестік және достық туралы мемлекетаралық келісім-шарт ретінде таниды. *Біріншіден*, әрбір штат өз егемендігін сақтап қалды, ал АҚШ-қа қалдық егемендік берілді. *Екіншіден*, біртұтас азаматтық болған жоқ.

Конфедерацияның жалпы істерін шешу үшін жыл сайын сайланатын бірпалаталы **Конгресс** құрылды. Онда әрбір штаттың депутаттар санына қарамастан, бір дауысқа ие болды. Конгресстегі жарыссөздер кезіндегі сөз бостандығы, депутаттардың тұлғасына қол сұғылмаушылық қарастырылды. Конфедерация құзыретіне келесі мәселелер жатты:

- Сыртқы істерге қатысты мәселелерді шешу;
- Әскерді құру;
- Пошта;
- Ақша соғу;
- Штаттар арасындағы болуы мүмкін қайшылықтарды шешу.

Шын мәнінде конгрестің саяси билігі шектелген болды, себебі оның дербес қаржы қайнар-көздері болмады. Конфедерация бюджеті ерікті жарналардан тұрды, ал конгресс өз еркімен жаңа салықтар енгізе алмады. Жалпы алғанда, Конфедерациялардың құрылуы Англиямен соғсты жеңуге өз септігін тигізді. 1783 ж. Англия АҚШ-тың толық тәуелсіздігін мойындайтын бейбіт келісімге қол қойды. Алайда бұл құжат бекіткен конфедеративті құрылым нысаны орталық биліктің әлсіздігінен соғыстан кейін орын алған экономикалық күйзеліске қарсы тұра алмады, орталық билікке наразы болған топтардың белсенділігі нәтижесінде болуы мүмкін азаматтық соғыстың алдын-ала алмады. Барлық ел бойынша манифестациялар өтті. Д.Шеймстің бастауымен бұрынғы майдангерлердің қатысуымен көтеріліс бұрқ етті. Билеуші таптар үрейге шалдықты. Елдегі пісіп келе жатқан революцияны конфедерацияны реформалау ғана тоқтата алды. Елге меншік иелерінің құқықтарын кепілдендіре алатын орталықтанған билік қажет болды. Мемлекеттің жаңа нысаны болып 1787 ж. Конституцияда бекітілген федеративті мемлекет болды.

1787 ж. мамыр айында Филадельфияда 12 штаттың өкілінен құрылған Конституциялық конвент өз жұмысын бастады. Конвенттің мақсаты – жаңа конституция дайындау. Д. Вашингтонның басшылығымен Конвент төрт айлық жұмыстан кейін Конституция жобасын Конгресске ұсынды. Конституция жобасы 1787 ж. 17 қыркүйегінде Конгрессте мақұлданды, ал 11 штат конвентерінің мақұлдауынан кейін 1789 ж. 4 наурызында күшіне енді. АҚШ Конституциясы америка халқының ағылшын отарлаушыларын жеңуі мен тәуелсіз егеменді мемлекеттің құрылуын бекіткен құжат болды. АҚШ басқару нысаны *президенттік республика* болып табылатын *федеративті* мемлекетке айналды. Оған келесі белгілер тән:

- Президент мемлекет басшысы және атқарушы билік басшысы болып табылады;
- Үкімет президентпен құрылады және оның алдында жауапты болады;
- Президенттің парламентті тарату құқығы жоқ.

АҚШ Конституциясының негізгі мәтіні преамбуладан және жеті баптан тұрады. Олардың төрті тарауларға бөлінеді.

Преамбула конституцияны қабылдау мақсаттары көрсетілген декларация ретінде қарастырылады. Конституцияның 1 бабы АҚШ Конгрессіне арналған, 2 бабы – АҚШ президентіне, ал 3 бап АҚШ-тағы сот билігін ұйымдастыруға арналған, 4 бапта федерация мен штаттар арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар көрініс тапқан, ал 5,6 баптарда – Конституцияның негізгі қағидалары, 7 бап Конституцияны бекіту тәртібі бекітілген.

Президенттік республика билікті қатаң бөлу қағидасына негізделген және тежемелік тепе-теңдік жүйесімен бекітіледі. Бұл қағида АҚШ конституциясында тікелей көрініс таппаған, ол жанама түрде рәсімделген.

Заң шығару билігі екіпалаталы парламент – **АҚШ Конгрессіне** берілген. Ол төменгі палата - өкілдер палатасы және жоғарғы палата – Сенаттан тұрады. Өкілдер палатасы жиырма бес жатқа жеткен меншік иесі болып табылатын ақ ер адамдардың тікелей дауыс

беруі арқылы 2 жыл мерзімге сайланды. Сайлау квотасы бойынша 30 мың адамнан 1 депутат сайланды. Өкілдер палатасының төрағасы палатамен сайланатын спикер болды.

Сенат мүшелері әрбір штаттың заңшығарушылық жиналыстарының депутаттарымен 6 жылға сайланды. Әрбір штаттан 2 сенатор сайланды. Екі жылда Сенат депутаттарының үштен бірі қайта сайланып отыруы тиіс. Сенаттың төрағасы президентпен бірге сайланатын вице-президент болды.

Атқарушылық билік екі сатылы сайлау арқылы 4 жыл мерзімге сайланатын **АҚШ Президентіне** берілді. Оның жасы 35 жастан төмен болмауы тиіс. Бастапқыда әрбір штатта Президентті сайлайтын сайлаушылар сайланады, ал олар өз кезегінде президент сайлауына қатысады. Конституция бойынша президент мемлекет басшысы және атқарушылық билік басшысы болып табылады. Мемлекет басшысы ретінде президент әскер мен флоттың бас қолбасшысы болып табылады, өлім жазасы үкімін орындауды шегіндіруі құқығы, рақымшылық жасау құқығы, өз Кабинетінің кез-келген мүшесін тағайындау және орнынан алу құқығы бар. Атқарушылық билік басшысы ретінде президент федералдық заңдардың толық және бірегей орындалуын қамтамасыз етеді.

Жоғарғы **сот билігі АҚШ Жоғарғы сотының** құзырына берілген. Оның мүшелері Сенаттың келісімімен президентпен тағайындалады. Олар өмір бойы бұл лауазымдарын сақтайды. Конституция олардың жалақысын төмендетуге шек қояды.

АҚШ Конституциясы енгізген биліктің бөліну қағидасы және тежемелік тепе-теңдік жүйесі тиімділігін дәлелдеді. Себебі:

1. Бұл қағидаға сәйкес әрбір билік тармағы басқасының билікті жаулап алу пейілдерін шектеп отыра алды.

2. Билік тармақтары түрлі қайнар-көздерден бастау алды;

3. Ешбір билік тармағында басқа билік тармағының уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы жоқ;

4. Үш биліктің ешбірі АҚШ Конституциясына қарсы заңдар қабылдай алмайды.

АҚШ Конституциясы федералды құқықтың штат құқықтарына қарағанда басымдығын бекіту арқылы федерацияны бекітті. Онда федерация мен штаттардың биліктік құзыреті қатаң анықталған. Штаттарға Федерация құзыретіне жатпайтын айырықша уәкілеттіктер берілді. Штаттарға басқа штаттармен және шетелдермен одаққа тұруға, өз әскері мен флотын иемденуге тиымсалынған. Алайда олардың қарауына қылмыстық, азаматтыз, процессуалды құқықтар берілген. Әрбір штаттың республикалық сипаттағы конституциясы бола алады.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағынан АҚШ Конституциясы қатаң конституциялар қатарына жатады. Оның авторларының ойынша бұл қасиеті қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. 1787 жылдан 2004 жылға дейін 27 өзгеріс ғана енгізілді.

АҚШ Конституциясының ең басты кемшілігі - адам құқықтарына арналған тараудың болмауы. 1789 ж. Д.Мэдисонның басшылығымен индивидтің құқықтары мен бостандықтарына қатысты Конституцияға өзгерістер ұсынылды. 1791 ж. 15 желтоқсанына дейін қабылданған алғашқы он түзету «Құқық туралы билль» деген атауға ие болды. Бұл билль АҚШ Конституциясының ажырамас бөлігіне айналды. Билльдің басты артықшылығы – оның мемлекеттің жеке тұлғаға қатысты билік ету шегін бекітуінде.

I түзетуге сәйкес Конгресске сөз, баспасөз, жиындар бостандығын және тұлғаның үкіметке жүгіну құқықтарын шектейтін заңдар қабылдауға тиым салынды. Конгресс барлық жұртқа міндетті дінді бекіте алмады. II түзетуге сәйкес азаматтардың қару-жарак иелену және алып жүру құқықтары бекітілді. III түзету бойынша бейбіт уақытта солдаттардың жеке үйлерде тұруына тиым салынды. IV түзету жеке тұлғаның, үйінің, қағаздары мен мүлкінің қол сұғылмайтындығын жариялады. V түзету процессуалды кепілдер, сот отырушыларының қағидалары және жеке меншікті қайтарымсыз алуға тиым салу бекітілді. Айыпталушының негізі құқықтары VI түзетуде көрініс тапты. VII түзету бойынша 20 доллардан қымбат талап-арыздар сот отырушыларының қарауына беріле алды.

VIII түзету шектен тыс айыппұл салуға және қинау жазаларын тағайындауға шек қойылды. X өзгеріс азаматтық құқықтарға қатысты болмады, ол штаттардың құқықтарына арналған.

Алайда билльде кең ауқымды азаматтық бостандықтардың бекітілуіне қарамастан, ол әлеуметтік және экономикалық құқықтарды кепілдендірмеді және құлдықты сақтап қалды. Сонымен бірге, халықтың басым бөлігін сайлаудан тыс қалдырған сайлау жүйесі өзгеріссіз қалды. Алайда бұл кемшіліктер «Құқық туралы билльдің» маңызын азайта алмайды.

Конституцияның алғашқы бөлігі Ньютонның физикасы сияқты әрі ғылыми, әрі рационалды кішігірім преамбула мен үлкен мақаладан тұрды. Оған қосымша ретінде 26 түзету алынған. Бірінші 10 түзетуде жалпы алынғанда "Құқық туралы Билль" деп аталады. Бұл түзетулер 1791 жылы алынды. Бұдан басқа 16 түзету қабылданған, олардың арасында ең маңыздысы-13, 14, 15 баптар. Бұл баптар АҚШ-тағы құлдықты құртты.

Преамбуласында Конституцияның мақсаты анықталған-штаттың одақтары құрылды. Конституция 7 баптан тұрады: 1-АҚШ Конгресі; 2-АҚШ Президенті; 3-АҚШ сот билігі; 4-штатпен федерацияның өзара қарым-қатынастары; 5-түзетулерді енгізу реті; 6-конституцияның жоғарғы принциптерін тағайындау; 7-Конституцияны бекіту реті.

АҚШ Конституциясы негізгі үш принципті бекітеді. Ең алдымен АҚШ мемлекетінің негізгі принциптеріне өкіметтің бөлінуі жатады. Конституцияға Локк және Монтескьенің өкіметті бөлу жөніндегі идеялары кірген. Мұндағы сөз тар мағынада - көлбеу принципімен: заң шығарушы билік, атқарушы билік және сот билігі болып бөлінеді. Осы негізгі принцип әрбір федерацияның субъектерінде де қолданылады. Таза догматтар америкалық концепция өкіметке бөлінген, бұл төмендегіше жинақталды деп көрсетіледі. Мемлекетті басқару саласының қызметі заң шығару, сот, атқарушы билік болып үшке бөлінеді.

Әртүрлі міндеттерді іске асыру барысында үшеуіне де, түрлі басқарма бөлімшелеріне де лайықты болып келеді. Бұл бөлімшілер конституция бойынша тепе-тең және бір-біріне тәуелсіз. Әртүрлі тәртіп бойынша қалыптасқан мемлекеттік органдар, олардың өкілдік мерзімінен, бағыныштылығымен тығыз байланысты. Мұндағы негізгі рөлді жүйенің шыдамдылығы мен қарама-қарсылығы атқарады. Оның мәні, әрбір биліктің, Конституцияға қарсы көрінуі мүмкіндігінде жатыр.

Конгресс президенттің заң ұсыныстарын кейінге қалдыруға, федералдық лауазымды қабылдауға, импичмент тәртібімен президентті сотқа тартуға құқылы.

Президентке берілген құқық-тыйым салу. Жоғарғы соттың сот қызметкерлері Президент пен Сенаттың бірігуі арқылы тағайындалады, оның жұмысы Президентке де, Конгреске де қатысты емес, кейбір жағдайда импичментке шығуға мүмкіндігі бар.

Конституцияның негізгі екінші принципі-федерализм, яғни, биліктің жоғарыдан төмен қарай принципімен бөлінуі. Штаттар мен Одақ арасындағы міндеттер айқын ажыратылған. Ол одақтың қызметіне қатысты мәселелерді қамтиды.

Конституцияның негізгі үшінші принципі-Конституцияның үстемдігі. Конституция "елдің жоғарғы құқығы" ретінде жарияланады, бұл федерациялық штаттың децентралистік үрдістері мен бірігуіне қарсы бағытталған.

АҚШ президенті атқарушы билікті басқарады, төрт жылға сайланады. Президент қайтыс болып немесе қатты науқастанған жағдайларда да бұл мемлекетте жыл толғанша сайлау өткізілмейді, Президенттің орнына кім тағайындалатынын Конституцияда анық белгіленген: Вице-Президент, одан кейін төменгі палатаның төрағасы, мемлекеттік хатшы, ж.б. Президент орнына ұмтылған кандидат АҚШ азаматы, 35 жасқа толған, Америкада тұрақты 14 жыл тұрған болуы керек, оны Вице-Президентпен бірге дәрежелі сайлайды, алдымен 538 адам сайлаушыларды сайлайды (100 адам) Сенат, 438 төменгі өкілеттер палатасы), осы алқа саяси тізім бойынша қатаң партиялық тәртіппен Президенттің өзін сайлайды.

Конституцияның бірінші бөлімінде барлық заң шығарушы құқықтар АҚШ Конгресіне берілген, олар Сенаттан және өкілдер палатасынан тұрады. Парламенттің құрылысы мемлекеттің федеративтік құрылысын көрсетеді. Өкілдер палатасына 25 жастағы адамдар сайланады, олар екі жыл бойы қызмет істейді. Бір сайлау округіне кіретін сайлаушылар

саны 30000. Сенатқа әрбір штат екі сенатордан сайлайды, 1913 жылдан бастап сенаторлар 17-бап бойынша сайлаумен бекітілетін болды. Сенаттың төрағасы Вице-Президент. Сенаторлардың үштен бірі екі жылға, үштен бірі төрт, ал қалғандары жеребемен алты жылға сайланады. Сенат өзіне жүктелген жұмыспен бірге Президентті де тексеруге құқы бар. Сенаторлардың үштен екісінің қолдауымен өкілдер палатасы президентті кінәлауға, орнынан алуға құқықты. Сенат президентке шарт қою кезінде келісімін береді, әрі Жоғарғы сот мүшелерін тағайындай алады. Өкілдер палатасымен салыстырғанда Сенаттың өкілеттілігі үлкен. Конгресс сайлаудан кейін желтоқсан айының сонында бірінші рет жиналады.

Конгресс баж салығын жинауға, төлеуге, акциз кепілдікті төлеу, шетел мемлекеттерімен, әртүрлі штаттармен және үндіс тайпаларының арасында сауда жүргізуге мұрындық болады.

Ол Жоғарыдан төменге дейінгі соттарды қабылдап, соғыс ашу, әскер жинау және құру, флот біріктіру, елдегі заңды орындайтын милиция құру, басқа да мүмкіндіктер-туғызу жұмыстармен айналысады.

Конгресс кіріс салығын тағайындай алады.

Президент төрт жылға сайланады, ол атқарушы билікті басқарады. Президент лауазымды орынға қызметкерлерді тағайындау үшін Сенаттың келісімін алуы керек, үлкен халықаралық шарттарға қол қояр уақытта сенаторлардың үштен екісі қатысып отыруы шарт.

Сот органдары жергілікті және федералдық сот болып бөлінеді. Конфедерация тұсындағы сот билігі егемендік белгісі ретінде федерацияның субъектілерінде қалды, ал федерация тұсында құрылған штаттарда сот биліктің жартысы ғана қалды. АҚШ соты штат соттарының тұрасындағы жоғары және оның сапасының бірінші инстанциясында халықаралық құқыққа қатысты барлық істерді қарайтын болды. Штаттардың талас мәселелерін федералдық сот қарайды.

Конституцияға қабылданған түзетулерді үш топқа бөлуге болады: бірінші 12-түзету штаттың және жеке адамның құқықтары үшін болған күреспен байланысты, 13-15 түзету ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарында құлдықты жою жөнінде әр түсті азаматтардың сайлау құқықтарын ұсыну және ХХ-ғасырдағы демократиялық түзетулер Конгрестің салық көбейту жөніндегі 1913 жылғы 16 түзету Сенатты сайлаудағы өзгерістер туралы. 1917 жылда тікелей сайлау енгізілді, 1920 жылдарда заң бойынша әйелдерді сайлауға құқық берілді.

АҚШ Конституциясы-буржуазиялық мемлекеттің бірінші жазылған Конституциясы, ол 1787 жылы 12 қыркүйекте Филадельфия Конвенті негізінде жасалып, 1789 жылы 4 наурызда күшіне енді.

АҚШ-тың бірінші Конституциясы-халықаралық құқықты қамтитын федеративтік республиканы бекітті. Қабылданған Конституцияға бұрынғы ағылшын отары негізінде құрылған тәуелсіз 13 кішігірім мемлекеттің кіруі бекітілді. Бұл одақтың құрылуына ғасырдың идеологиялық, әлеуметтік, саяси, экономикалық қажеттілігі де әсер етті.

Жергілікті халықтың қоғамдық көзқарасы мемлекеттің жас қорғаушылары мемлекеттің бірлігін өте қиын жағдайға өткізді, олар конституциямен бірге конфедерацияның баптарын да талап етті.

55 делегаттың ішінде Джордж Вашингтон, Гамильтон, Франклин, Мэдисон, Вильсон тәрізді қайраткерлер болғандығы мәлім. Әртүрлі жағдаймен қатыса алмаған Джефферсон, Патрик Генри, Джон Адамс тағы басқа радикалдар болды.

Құқық туралы билль(1789, 1891 ж.ж. АҚШ)

АҚШ Конституциясына енгізілген алғашқы он түзету.

I.Конгресс белгілі бір дінді орнатуға немесе оған кедергі келтіруге арналған немесе сөз еркіндігін, баспа еркіндігін шеттететін заң шығарылмайды. Енді халық бейбіт түрде жиналып өкіметке өтінішпен бара алады.

II.Егер мемлекеттің қауіпсіздігі үшін милиция керек болса, онда халықтың қару табуы

шектелмейді.

Ш. Бейбіт кезде ешбір жауынгер кез келген үйдің иесінің келісімінсіз ол үйге кіре алмайды. Ал соғыс кезінде заңда бекітілген жолмен ғана кіре алады.

IV. Халықтың жеке меншігін, үйін, құжатын мүлкін себепсіз тексеруден, тұтқынға алудан қорғануға құқығы бар. Тексеру, тұтқынға алу ордері тек себептер және антпен дәлелденген болуы керек. Және онда тексеруге жататын жер немесе тұтқынға алынатын адам нақты көрсетілуі керек.

V. Ешкім үлкен жүриден шығатын адамды қылмыс істегені үшін жауапқа тарта алмайды, егер ол құрғақ және теңіз күштерінде, милицияда немесе соғыс кезінде болмаса. Ешкім жасаған қылмысы үшін екі рет жауапқа тартылмайды. Қылмысы болмаған жағдайда ешкім зорлап мойындатқыза алмайды.

VI. Әрбір қылмыстық тергеуге айыпкер жедел сот сұрауға болады. Айыпкер қылмыс жасаған жерде сол қылмысты көрген куәгермен бетпе-бет кездесуге құқығы бар. Айыпкер адвокатпен қамтамасыз етілуі керек.

VII. Егер жасаған қылмыс жиырма доллардан асса, онда ол істі сот қарауға тиіс. Бір қылмыс екі рет АҚШ сотымен қаралмайды.

VIII. Үлкен мерзімді жаза қолданылмайды және ауыр жаза да қолданылмауы керек.

IX. Конституцияда айтылатын заңдар басқа заңдарды кемітіп немесе жоққа шығаратындай болып жазылмауы керек.

X. АҚШ-пен берілген өкілдік халық пен штаттардың қолында қалады.

Сонымен, 1787 жылы 17 қазан күні Конвент Конституция жобасын мақұлдады және осы Конституция 1789 жылдың төртінші айында заңды күшіне ие болды. Конституцияның мазмұнына құл иеленушілердің және ірі буржуазияның келісімге келгені анық көрінеді. Сол кездегі тарихи жағдайларда ол прогрессивтік мағынаға ие болып отырды. Өйткені ол Америка республикасының билік органдарының жүйесін заң жүзінде жазалап отырды. Және бұл буржуазиялық мемлекеттердің ішінде халықтың егемендігі туралы жазылған ең бірінші конституция болды.

Ең жоғарғы жалпы феодалдық заң билігі Конгреске беріледі. Конгресс екі палатадан тұрады. Олар жоғарғы және төменгі. Жоғарғысы сенат деп аталады. Ал төменгісі өкілдер палатасы болып аталады. Екі палаталық құрылыс мемлекеттің федеративтік құрылыс екенін көрсетеді. Өкілдер палатасы екі жыл мерзімге сайланады. Ол сайлауға тек 25 жасқа толған азаматтар ғана қатыса алады. Ал сенат өкілдері штаттардың заң жиылысымен және әр штаттан екі өкілден жіберіледі. Конституцияға 1913 жылы қабылдаған түзету сенаторларды штаттардың халқымен тікелей сайлануында сайланатындығы туралы айтылады. Сенаторлыққа отыз жастан бастап сайлануға болады. Және сайлану уақыты алты жылға созылады, бірақ екі жылдан соң сенаторлардың бірден үш бөлігі қайта сайлануы керек. Сенаттың төрағасы болып Вице-президент сайланады. Конституция Сенатқа ең жоғарғы федералдық лауазымды адамдарды, сонымен қатар президентті бақылау құқығын береді. Егер сенаторлардың үштен бір бөлігі айыпты деп мақұлданса, онда айыпкер жұмысынан қуылады. Бұл жерде Сенат "импичмент" ретінде жұмыс істейді.

Тек Сенаттың келісімімен Президент халықаралық келісімдерді жасайды, елшілерді, жоғарғы сот өкілдерін тағайындайды. Осыған қарағанда сенаттың құқықтары өкілдер палатасына қарағанда басым болады. Конгресс өкілдері жалақы алады. Конгрестің күші конфедерация баптарымен берілген күшпен салыстырғанда күрделі келеді.

Оларға заң шығару, сыртқы, ішкі сауданы бақылау, ақша шығару, почта жұмысын реттеу, армияны жинау және ұстау, полиция, соғыс жариялау, сыртқы қарыздарды алу сияқты құқықтар берілген. Және осыған қоса халық арасында пайда болған көтерілістерді басу туралы актілерді шығару құқығы берілген. Штаттарға басқа штаттармен одаққа тұруға, шет ел мемлекеттерімен бір коалицияға кіруге, өзіне әскер жинауға рұқсат етілмейді. Бірақ олардың қолында азаматтық қылмыстық, процессуалдық құқықтар бар. Әр штат өзінің конституциясына ие.

Атқару билігі АҚШ-тың Президентінің қолында болады. Ол екі сатылы сайлаумен төрт

жыл мерзіміне сайланады. Оның жасы отыз бестен төмен болмауы керек. Президент өз қызметіне тек ант бергеннен кейін кіріседі. Конституция бойынша ол қызметке тек келесі жылдың наурыз айынан бастап кіріседі. Президент армия мен флотты басқарады. Өз кабинетінің кез келген адамын ауыстыра алады. Мемлекеттің басшысы ретінде ол елшілерді қабылдап, оларды тағайындайды. Сенаттың келісімі бойынша ол АҚШ-тың жоғарғы сот пен федералдық құрылысының судьяларын тағайындайды. Президент федералдық заңдарды орындауды қадағалайды. Бас бостандықты әперуге құқығы бар. Екі палата келіспеген жағдайда Президент сессияның мерзімін өзгертуге құқылы. Ол керек кезде екі палатаны да шақырып ала алады. Президент Конгрестің қарауына кез келген істі ұсына алады. Әрбір Конгреспен қабылданған билль Президенттің қолын талап етеді. Егер он күн мерзімінде өзінің ойын айтпаса, онда ол билль заң болып қалыптасады. Егер Президент ол билльмен келіспесе, онда ол вето қояды. Ветоны алып тастау үшін ол билльді Конгрестің бірден үш бөлігімен қабылдауы керек. Президенттің құқықтарымен қысқа таныстырғанның өзінде оның құқықтарының өте кең мазмұнға ие болғандығы байқалады. Жоғарғы соттық билік АҚШ-тың жоғарғы сотына беріледі. Оның өкілдері Президентпен қойылады. Және қызметтерін өмір бойы сақтайды. Конституция олардың жалақыларын қысқартуға рұқсат бермейді. Жоғарғы соттың заң құрылысы өте жақсы құрылған деп саналады.

Конституция өте қатал деп саналады. Оған түзетулер штаттарды; бірден үш бөлігінің қабылдауымен ғана күшіне енеді. Сондықтан да конституцияны өмір сүргеннен бастап оған жиырма алты ғана түзету енгізілген. Конституция бекітілген кезде заң жиналысы оның баптарына азаматтардың бас бостандығы туралы баптар мен толықтырулар енгізуді сұрайды. Халықтың басым бөлігінің және француз төңкерісінің әсерімен 1789 жылы басшылық таптар Конституцияға он екі түзету енгізуге мәжбүр болды. Онда алғашқы он түзету маңызды рөл атқарған. Түзетулердің бірінші циклын америкалық заң туралы билль құрастырады. Ол өз күшіне 1791 жылы енді. Бірінші түзетуде сөздің, баспасөздің, діннің бостандығы туралы айтылады. Халыққа бейбіт түрде жиналып және үкіметке өздерінің талаптарын айтуға рұқсат берді. Екінші, үшінші түзету халыққа өзінің милициясын құруға, қару-жарақ алуға рұқсат берді. Төртінші түзетуде адамға қол тигізбейтіндігі туралы, үйіне, құжаттарына, мүлкіне қол тигізбеу туралы айтылады. Түтқынға алуды, тінтуді белгілі санкциясыз істеуге болмайды. Бесінші бап присяжный сотын енгізді. Сегізінші түзетуде былай делінген: федералдық конституциямен штаттардан тартып алынбаған құқықтар штаттың немесе халықтың қолында болады.

Заң туралы билльдерді қабылдау үш үлкен прогрессивтік рөлге ие болады. Оны таптық күрестің нәтижесі ретінде және демократиялық күштің жеңуі ретінде қарастырған жөн. Бірінші он түзету сол кездегі өте үлкен буржуазиялық-демократиялық жеңілдіктерді және Америка азаматтарының құқықтарын бекітеді. Конституцияның өзінде мемлекет қалай басқару мәселелері шешілді, ал азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы өте аз айтылған еді. Сондықтан бұл кемшілікті толтыру үшін осы құжат қабылданған. Америка демократиясының негізі де сол. Еркі мен саяси ерікке тыйым салу ретінде ар-ождан еркі мен саяси шек қою. Дін бостандығын немесе сөз бостандығын шектейтін заңдарға Конгресс бағынбауы керек. Халық азаматтық құқығын сақтауға және қару-жарақ ұстауға құқықты. Осы түзетуді Д. Буш АҚШ президенті болған кезде өзгерткісі келді, бірақ бұл бап бұрынғы түрінде өзгермей қалды. Жеке адам және тұрғын үйдің дербестігі туралы ерекше айтылған. Негізсіз тінту және қамауға алу кезінде адамның жеке басына, тұрғын үйге, қағазға және мүлікке деген құқықтары бұзылмауы керек.

Төртінші түзету Еуропа құрлығына белгісіз. Ол үлкен қылмыстарды; болмауын және жіберілмеуін қадағалап, сондай-ақ өзін-өзі кінәлауға арнайы құқық шығару жөнінде ақысыз жеке меншікті тоқтату жөнінде қаулы шығарды.

Ашық сот құқығы маңызды құқықтарға жатады. Айыптаушыны: құқығын, оны қорғау үшін мемлекеттік айыптаушы жағынан қозғалға: істерді алдын ала жариялау бекітілді. Құқық жөнінде Билльдің екі жағдайына көңіл аударайық.

АҚШ заң жүйесінің негізгі 7 принципі бар. Заңның билігі. Әрбір азамат өз құқығын тәуелсіз сотта заң бойынша қорғай алады.

XIX ғ. 20 жылдарына қарай АҚШ құрамында 22 штат болды. Олардың 12 ерікті, ал 10 құлиеленушілік болды. Оңтүстіктің құлиеленушілері мен өнеркәсібі дамыған буржуазиялық Солтүстік арасында қайшылықтар күннен-күнге күшейе түсті. Әсересе бұл қайшылықтар жаңа штаттардың тағдырын шешкен кезде өрши түсті.

Буржуазиялық солтүстік пен құлиеленушілік оңтүстік арасындағы нағыз қақтығыстың орын алуы Миссури штатының тағдырын шешумен байланысты болды. Плантаторлар бұл штатты Конгресте заң қабылдау арқылы құлиеленуші штаттар қатарына өткізуге тырысты, алайда еркін штаттардың депутаттары қатарынан ұйымдасқан қарсылыққа тап болды. Бұл қақтығыс копромиспен аяқталды. Миссури штаты құлиеленуші штат болып, ал жаңа Мэн штаты ерікті штат болып АҚШ-қа қосылды. Алайда бұл копромисс қайшылықты уақытша ғана шегіндірді. Бұл қақтығыс кейін де Калифорния, Нью-Мексика, Юта, Канзас және Небраска штаттарының мәртебесін анықтағанда өрши түсті. Нәтижесінде Миссурийлік копромисс бұзылды. Бұл уақытта құлиеленушілер федералды үкіметте басты лауазымдарға ие болғандықтан, бұл компромисті аттап өтті.

1854 ж. республикандықтар алғаш рет Конгрестің төменгі палатасында көпшілікке ие болды. Алайда бұл кезде Сенатта құлиеленушілер көпшілікке ие болды және федералды үкіметте өз адамдарын ұстап отырды. Нәтижесінде жағдай аса өзгерген жоқ.

Тек 1860 ж. күзінде президенттік сайлауда алғаш рет республикалық партияның өкілі Авраам Линкольн жеңді. Кедей отбасынан шыққан адвокат – Авраам Линкольн құлдықтың қарсыласы болды. Оған дейін барлық президенттер оңтүстік штаттардан шыққан болатын. Бұл жеңіске жауап ретінде 13 оңтүстік штаттардың плантаторлары АҚШ-тың құрамынан шығатындығын, яғни, сецессия туралы жариялады. 1860 ж. бірқатар оңтүстік штаттар өз тәуелсіздіктерін жариялады, ал келесі жылы 9 штат бірігіп, Америка штаттарының конфедерациясын құрды. Олар өз президенті мен парламентін сайлады және өз үкіметін тағайындады.

Авраам Линкольннің иноугурациясынан кейін 1861 ж. 12 сәуірінде конфедеранттар төрт жылға созылған **азаматтық соғысты** бастады. Бастапқыда конфедераттардың әскерлері жоғарғы дайындық пен дарынды қолбасшыларының арқасында бірқатар айтарлықтай жеңістерге жетті. Бұл Линкольннің екі заң қабылдауына итерді.

1862 ж. 20 мамырда күшіне Гомстед-акт енді. Ол бойынша 21 жасқа жеткен әрбір азамат 65 га аспайтын жер учаскесін ақысыз алуға құқық берілді. Бес жылдан кейін жер иесі жер учаскіне қатысты шексіз құқықтар алды. Бұл акт жартысынан артығын фермерлерден тұратын солтүстіктердің әскерінің рухының өсуіне жағдай жасады. Бұл акт оңтүстіктегі құлдыққа тағы бір соққы жасады.

Құлдықты жою туралы декларация 1862 ж. 22 қыркүйегінде қабылданды. Оған сәйкес 1863 ж. 1 қаңтарынан бастап оңтүстік штаттардағы 4 млн. негр бостандық алды. Бұл азаматтық соғыстың барысына зор әсер етті. Нәтижесінде 1865 ж. конфедеранттардың әскері капитуляцияны мойындады. Оңтүстіктің жеңісі баяғыдан шешімін таппаған буржуазиялық революцияның маңызды сұрағы – құлдық туралы мәселені шешті. Бұл мәселе аталмыш декларациядан басқа АҚШ Конституциясына енгізілген өзгерістермен де шектелді. XIII өзгеріс бойынша елдің барлық аумағында құлдық жойылды, ал XIV өзгеріс штаттарға АҚШ азаматтарының артықшылықтары мен жеңілдіктерін шектейтін және штаттардың адамды өмірден, бостандық пен меншіктен тиісті процедурасыз айыруға тиым салды. Алайда бұл нормалар үндістерге тарамдады. Қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі бүлікке және қылмысқа қатысу болып табылды. 1870 ж. 21 жасқа жеткен ер азаматтардың нәсіліне, бас бостандығы мен терісінің белгісі бойынша сайлау құқықтарын шектеуге тиым салатын XV өзгеріс енгізілді.

Азаматтық соғыс аяқталғаннан соң ең басты мінде федерацияны қалпына келтіріп, елдің тұтастығын нығайту болды. Әр штатта түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымдардың болуы АҚШ-тың тұтастай дамуына тежеу болды. Құлдыққа қарсы

күрескен солтүстік штаттар жеңіп шыққанымен, оңтүстік штаттарда жағдай көп өзгерген жоқ. Негрлер басы бос болғанымен, ешқандай нақты құқықтарға ие болмады. Сонымен бірге, «қара кодекстер» қабылданды. Олар бойынша негрлер, мулаттар және кедейлердің балалары бұрынғы қожайындардың билігінде қалдырылды. Ресми түрде бұл шара босқындықпен, қаңғыбастықпен күресу үшін енгізілді. Оңтүстік штаттардың ашық саботажы федералды үкіметті «оңтүстікті қайта құру» саясатын қалыптастыруға мәжбүр етті. Оны бекітетін «Қайта құру тураы» акт қабылданды. Бүлікшіл штаттарға әскери құрамалар енгізілді. Олар бес әскери округке бөлінді. Әрбір штаттағы азаматтық соғысты кең уәкілеттіктерге ие генералдар басқарды. Бұл штаттардағы негрлер азаматтық және саяси құқықтарды иеленді. Тегін мектептер құрылды, ақысыз көмек көрсетіле бастады.

1872 ж. Оңтүстікте әскери әкімшілік таратыла бастады, ал 1877 ж. федералды әскерлер де оңтүстік штаттардан шығарылды. Бұл жағдай нәсілдік расизмді қолдайтын күштердің қолын босатты. Нәтижесінде көптеген оңтүстік штаттарда нәсілдік белгілер бойынша бөлек қызмет көрсетуді көздейтін сегрегациялық заңдар қабылданды. Мысалы, ақтар мен қаралар үшін бөлек асханаларға мектептер және вагондар болды. Соған қарамастан бұл актілердің заңдылығын сол кездегі Жоғарғы сот мойындады. Олардың айтуынша тең, бірақ бөлек құқықтар заңға сәйкес болды. Үндістердің жағдайы да нашарлады. Олар өз жерлерінен толығымен айырылып, резервацияларға қамалды.

Америка құрама штаттарының құқықтық жүйесі біртұтас емес, ол түрлі құқықтық салттардың қоспасы ретінде қарастырылады. АҚШ құқықтық жүйесінің дамуында екі кезеңді бөліп қарастыруға болады:

1. **отарлық кезең** (бұл кезең алғашқы қоныстанушылар көшіп келгеннен революцияның аяқталуымен бітетін 150 жылға созылған уақыт аралығын қамтиды).

2. **америкалық құқықтың қалыптасу дәуірі** (АҚШ Конституциясын қабылдаудан басталады және XX ғ. деін созылады).

Отарлық кезеңде отарлардың құқықтық жүйелері ағылшын құқығының рецепциясы негізінде, яғни, институттарын қабылдау арқылы дамыды. Соған қарамастан, ағылшын прецеденттік құқығын өзіне алған ертекапиталистік американдық қоғам феодалдық сипаттағы күрделі әрі ескірген нормаларды қабылдамады. Ағылшын құқығының американдық вариантының ерекшелігі оның түсініктілігінде және капиталистік шаруашылыққа ыңғайлығында. Сол себепті отарлық құқық үш элементтің қосындысын құрады:

- ағылшын жалпы құқығы
- жаңа жерде өмір сүру қажеттіліктерінен қоныс аударушылар қабылдаған жаңа заңдар
- қоныс аударушылардың имандылық-діни қағидалары

Американдық құқықтың қалыптасу дәуірі еркше американдық прецеденттік құқықтың пайда болуымен байланысты. Бұл құқықтық жүйе де соттық прецедентке негізделді. Яғни, АҚШ-та сот билігінің жоғарылығы мойындалды, себебі басқа билік тармақтарымен салыстырғанда сот билігі толық тәуелсіз және құқықтың мәртебелігі қағидасын бұлжытпай ұстанады.

Американдық құқықтық жүйенің ағылшындықтан басты айырмашылығы – бұнда құқықтық жүйенің өзегі ретіндегі конституцияның маңызы өте зор. Яғни, АҚШ заңнаманың рөлі де сот прецедентімен қатар тұрады. Сонымен бірге, тағы бір айырмашылық – федерализм қағидасының бекітілуі. Әрбір штата заңшығару және сот биліктерінде автономияға ие болу арқасынды федералды заңнамаға сәйкес өзіндік құқықтық жүйелерін құрады.

Құқық қайнар көздері. Оларға келесілер жатады:

1. статуттық құқық деп аталатын заңнама.
2. соттармен жасалатын прецеденттік құқық.
3. әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер.

Статуттық құқықтың негізін АҚШ Конституциясы, федералды заңдар, штаттардың конституциялары мен заңдары құрайды. Прецеденттік құқық Жоғарғы сот, округтық соттар және басқа да соттардың шешімдерінен құралады. Заңнаманың прецеденттік құқық алдында басымдығы бекітілген. Сонымен бірге АҚШ-та әдет-ғұрып құқығы да өзінің өзгерістерге бейімділігі арқасынды айтарлықтай дамыған.

Азаматтық құқық. АҚШ-тағы мүліктік және онымен байланысты мүлктен емес жеке құқықтық қатынастар негізінен ағылшын құқығынан алынған құқықтық институттармен (корпоративті құқық, меншік құқығы, келісім-шарт құқығы) реттелді. Азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеу жеке штаттардың құзыретіне жатады. Федералды үкімет трестілерге қарсы және салықтық заңнамалары арқылы жанама түрде ғана ықпал етіп отырды. Азаматтық құқықтық-қатынастардың субъектілері ретінде *жеке және заңды тұлғалар* танылды.

Жеке тұлғалар ретінде азаматтар, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қарастырылды. Толық құқықсубъектілікке барлық тұлғалар ие болған жоқ. Негрлер, қытайлар мен монғол тектестерге түрлі сегрегациялық шектеуліктер сақталды. Күйеуіге тиген әйелдердің де құқықсубъектілігі азайтылды.

Заңды тұлғалар ретінде кәсіпкерлік корпорациялар қарастырылды. Олар акционерлік қоғамдардың аналогтары болды. Заңды тұлғалардың белгілері тек 1819 ж. Жоғарғы сот шешімінде бекітілді. Капиталистік қатынастардың дамуына байланысты жеке меншік құқығымен қатар сенімді меншік құқығы – траст дами бастады.

Отбасы құқығы. Неке-отбасы қатынастарын реттеу штаттардың құзыретіне берілді. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттері, ата-ана мен балалардың арасындағы қатынастар әдет-ғұрып құқығымен, прецеденттік құқық және имандылық-діни нормалармен реттелді. Бұл жағдай түрлі штаттардағы осы саладағы заңнаманың өзгешелігіне себеп болды. Пуритандық мораль мен діни нормалар неке және отбасыға қатысты консервативтік көзқарастар қалыптастырды. Бұл некедегі ер мен әйелдің тең құқықты болмауынан көрінеді. Күйеуге шыққан әйелдер шектелген құқықсубъектілікке ие болды. Штаттардың заңнамасында азаматтық және шіркеулік некеге отыру тең дәрежеде танылады. Ажырасу еркіндігі танығанымен, көптеген шектеуліктер енгізілді. Мысалы, сот талқылауы арқасында ажырасу құқығына ие болу немесе ажырасу алдында алты ай бойы бөлек тұру талабы. АҚШ заңнамасы мұрагерліктің екі тәртібін: заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлікті таныды.

Әлеуметтік заңнама. Империализм кезеңінде банктік капиталдің өндірістік капиталмен бірігіп кетуі, бұл капитал иелеріне мемлекет саясаты мен шарушылығын бақылауға алуға мүмкіндік берді. Жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту және жалақыны көтеру мақсатында кәсіптік одақтарға бірігуге деген ұмтылысын үкімет қатаң тиып тастап отырды. Алайда бұл қозғалыс ізсіз өткен жоқ.

Мемлекеттің кәсіпкер мен жұмысшы арасындағы қатынастарға қатысуға тырысуы үлкен бизнес тарабынан кедергілерге тап болды. Көп жағдайда үкіметтің өзі үлкен бизнестің жағында болды. Жұмысшылар қозғалысы мақсаттарына жете алмады. Тек 1916 ж. ғана Конгресс 8 сағаттық жұмыс күні туралы заң қабылдады.

Қылмыстық құқық. АҚШ-тағы қылмыстық құқықтың дамуына ағылшын жалпы құқығының зор ықпалы болды. Бұл кезеңдегі АҚШ қылмыстық құқығы өзінің күрделілігі және қайшылықтылығымен ерекшеленеді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін әрбір штата қылмыс пен жаза институттарын өзінше анықтады. АҚШ Конституциясы федералды юстицияның қарауына тек жалған ақша жасау, ашық теңізде қарақшылық жасау және опасыздықты ғана жатқызылды. Барлық қалған құқықбұзушылықтар штаттардың құзырына берілді. Көптеген штаттарда жалпы құқық доктринасына негізделген қылмыстық кодекстері жасалды. Қылмыс құқығын унификациялауға тырысу федералды қылмыстық құқықтың қалыптасуына алып келді. 1909 ж. 4 наурызында федералды қылмыстық кодекс заңды күшке енді. Ол бойынша ең ауыр қылмыстар үшін жауаптылық көзделді: шпиондық, бүлік, жалған ақша жасау, нашақорлық сату, адамдарды ұрлау және т.б.

Федералды және штаттардың қылмыстық кодекстерінде жалпы бөлім жоқ. Бұл судьяларға нормаларды өзінше түсіндіруге мүмкіндік береді. Диспозициялары үлкен әрі айқын емес. Көптеген штаттардың қылмыстық кодекстерінде «заңда жазылмаған қылмыс жоқ» және «кінәсөздік презумпциясы» қағидалары бекітілмеген. Жазалар негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Сот құрылымы және сот өндірісі. 1789 ж. Заң бойынша АҚШ сот жүйесі орталықсызданған болды және екі деңгейден тұрды: федералды соттар және штаттардың соттары. Сот жүйесінің дуализмі сот өндірісіне де өз ықпалын тигізді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін сот процесі демократиялық сипатқа келді. Сот отырушыларының институты қалпына келтірілді. Ауыр қылмыстар үшін айыптауды мемлекеттік айыптаушылар – штат прокурорлары жүзеге асыратын болды. Азаматтық және қылмыстық сот өндірістері бөлектенді.

Федерация мен штаттардағы қылмыстық процес үш сатыдан тұрды:

1. *алдын-ала тергеу сатысы* – бұл сатының мақсаты істің мән-жайларын анықтау; Штаттарда алдын-ала тергеуді графтықтар мен қалалардың полициясы жүзеге асырды, егер қылмыс федералды заңнамада көрсетілсе, оны федералды полиция органдары тергеді.

2. *айыптауды жариялау және істі сотқа жіберу сатысында* прокурордың рөлі артты. Ол істі сотқа беру/бермеу мәселесін шешті.

соттық талқылау сатысында сотталушыға алты айдан артық бас бостандығынан айыру мерзімі төніп тұрса, ол сот отырушыларына құқығы бар. Сот отырушыларының алқасы 12 адамнан тұрады; сот процесі жарыспалы сипатта өтеді; жюри бірауыздан кінәлілігі туралы немесе керісінше вердикт шығаруы тиіс, ал судья жазаның түрін тағайындайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларын басқару жүйесі қандай болды?.
2. 1776 ж. Тәуелсіздік декларациясының мазмұнына сипаттама беріңіз.
3. Штаттардың конфедеративтік одағының құрылуына не себеп болды?
4. 1787 ж. Конституция бойынша билік тармақтары арасындағы «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесі қалай жүзеге асырылады?
5. Федералдық және штаттардағы заңдардың арақатынасына сипаттама беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.

2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.

3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.

4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 9. XVIII-XIX ғғ. Франция мемлекетінің және құқығының дамуы.

Мақсаты: Француз буржуазиялық революциясының себептерімен, алғышарттарымен, негізгі кезендерімен таныстыру. Революция кезінде қабылданған конституциялық актілердің мәні мен мазмұнымен таныстыру.

Негізгі терминдер: абсолютизм, экономикалық дағдарыс, фейяндар, жирондистер, якобиндіктер, ұлттық конвент, төтенше трибунал, декрет, табиғи құқық, бостандық, якобиндік диктатура, қоғамдық құтқару комитеті, директория.

Сұрақтар:

1. Буржуазиялық революцияның себептері, алғышарттары, басталуы, негізгі кезеңдері.
2. 1789ж. Адам және азамат құқықтарының декларациясы.
3. 1791 ж. Конституция. Ұлттық конвент. Республиканы жариялау.
4. 1793 ж. Конституция. Якобиндік диктатура және төтенше заңдар.
5. 1795 ж. Конституция. Директория.

1789-1815 жж. кезеңде Европа ғаламдық өзгерістерге ұшырады: феодализмнің орнына оған қарағанда дамуы ілгері құрылыс – капитализм келді, ежелден келе жатқан монархиялық тақтар құлап, олардың орнын республикалар басты, жаңа мемлекеттер құрылды. Осындай әлемдік өзгерістердің бастауы Француз патшалығы болды. Осы бай да мықты мемлекетте 1789-1794 жж. революция орын алды. Бұл революция өзінен кейінгі барлық саяси-экономикалық құбылыстарға өз әсерін тигізді. Сол себепті оны «Ұлы» деп атайды. Ол феодализм және патшалық абсолютизмді құлатып қана қоймай сонымен бірге ғасырлар бойы адамзаттың арманы болып келген «бостандық, теңдік және бауырмалдыққа» негізделген әділ, құқықтық және демократиялық мемлекет құруға тырысты.

Ұлы француз буржуазиялық революциясының себептері мен кезеңдері. Тарихшылардың айтуынша Ұлы француз революциясы әлсіз, кедей елде болған жоқ. Соль кездегі Франция сауда мен өндірістің дамуы бойынша тек Ұлыбританиядан ғана қалды. Халқының саны 25 млн. адамға жетті. Франция Индияда, Африкада, Америкада отарлары бар ірі отарлаушы және теңіздік держава болды. Алайда соған қарамастан бұның артында дәуірі өткен феодалды-абсолютистік режим және жаңа капиталистік құрылыс арасындағы терең қайшылықтар тығылды. Бұл қайшылық артықшылықтары бар сословиелер дворяндар және діни сословиенің «үшінші сословиенің» қақтығысы нысанына ауысты. «Үшінші сословие» бұл уақытта халықтың 96%-ын құрады.

Кезінде Францияның экономикалық және саяси дамуына зор үлес қосқан абсолютизм XVIII ғ. екінші жартысында прогрестің басты тежеуішіне айналды. Францияның экономикалық дамуына феодалды-абсолютистік тәртіп пен сословиелік артықшылықтар кедергі жасады. Бұл артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін мемлекет өнеркәсіпшілерге, көпестер мен ірі қолөнершілерге ауыр салықтар салды. Саны көп ішкі кедендер сауданың дамуын тежеді. Мануфактуралық өндірістің дамуы цехтік реттеуі тірелді. Ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Себебі шаруалар бұл кезеңде ауыр салықтардан басқа ортағасырлардан қалған сеньор пайдасына көптеген борыштар өтеді. Бұндай ауыр міндеттерден шаруалар ауылдарын тастап сан көп баскесер тонаушылардың топтарына қосылды. Елде ірі көлемде бюджеттік жетіспеушілік орын алды.

Қаржылық дағдарысты сыртқы саясаттағы сәтсіздіктер күшейте түсті. Англия мен Пруссияға қарсы болған Жеті жылдық соғыста жеңілген Франция өзінің Үндістан, Африка және Америкадағы бай отарларынан айырылды. Ағылшындар Францияның әскери-теңіз флотының барлығын дерлік жойып, француз отыр Канаданы басып алды.

Үстем таптың әлсіздігі мен дәрменсіздігін көрген «үшінші сословие» жай ғана салықтық жеңілдіктерді місе тұтпады, ендігі уақытта олар жаңа саяси және экономикалық тәртіпті орнатуға тырысты. Қала плебсі мен шаруалардан тұрған қалың бұқара халықпен біріге отырып буржуазия үстем тапқа айналуы мақсат етті.

Үшінші сословиенің саяси талаптары Ұлы француз революциясының идеялық негіздемесіне айналған Ағарту идеологиясында көрініс тапты. Оның орталық ойы ғылым мен адамға даған сенім болды. Яғни, адам тұлғасының құндылығы мен білім әлеуметтік өзгерістерді тездетіп, әділ тәртіпті құрады. Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо сияқты ұлы француз ағартушылары басты діни доктриналарды жоққа шығарды, феодалдық қоғамның адам табиғатына жат екендігін дәлелдеді және биліктің бөлінуін ұсынды.

Жағдайдың ушығып бара жатқанын сезген патша біржарым ғасыр бойы шақырылмаған Бас штаттарды жинауға мәжбүр болды. Жұмысының бірінші күнінен бастап дворяндар мен діни шонжарлардың депутаттары үшінші сословиеден сайланған депутаттардың

жаңашылдық ұсыныстарына қарсы тұрды. Үшінші сословиенің депутаттарының саны артықшылықтары бар екі сословиенің депутаттарының санынан көп еді. Бірақ алғашқы екі сословиені патша қолдады. Сол себепті үшінші сословиенің депутаттары 1789 ж. 17 маусымда өздерін *Ұлттық жиналыс* деп жариялады. Ал осы жылдың 9 шілдесінде Ұлттық жиналыс өзін *Құрылтай жиналысы* деп жариялады, яғни, өзінің жаңа саяси-құқықтық институттар құратын Конституция дайындау құқығын бекітті.

Патша 20 мың әскер арқылы Құрылтай жиналысын таратуға бұйрық берді. Алайда оны қорғауға қала халқы жаппай бас көтерді. Қаруланған париждік халқы 1789 ж. 14 шілде күні француз абсолютизмінің тірегі саналған қамал-түрме – Бастильяны талқандады. Бұл күн француз халқының ұлттық меркесі болып саналады. Елдің барлық аумағында көтеріліске шыққан халық патшалық әкімшілікті құлатып, жергілікті өзін-өзі басқару органдары – муниципалитеттерді құра бастады.

Ұлы француз буржуазиялық революциясы мемлекеттік құрылыстың өзгеруімен сипатталатын үш кезеңнен тұрады:

1. Францияда абсолюттік монархияны құлату және Конституциялық монархияның орнау кезеңі - (1789 ж. 14 шілде – 1792 ж. 10 тамыз).

2. Францияда Бірінші республиканы құру кезеңі (Жирондистік республика) - (1792 ж. 10 тамыз – 1793 ж. 2 маусым).

3. Якобиндік диктатура – (1793 ж. 2 маусым – 1794 ж. 27 шілде (9 термидор)).

Әрбір кезеңде саяси топтардың құрылымындағы өзгерістер болып отырды. Осының негізінде мемлекеттік құрылыс та өзгеріп отырды.

Революцияның бірінші кезеңінде Құрылтай жиналысының ішіндегі саяси топтардың ішінде конституциялық-монархияның өкілдері - фельяндар үлкен ықпалға ие болды. Олардың құрамына граф Мирабо, маркиз Лафайет, Париж мэрі Байи, аббат Сиейс кірді. Олар ірі буржуазия мен либералды дворяндардың мүдделерін білдірді. Олардың саяси мақсаты Англиядағыдай конституциялық монархия құру болды. Сол себепті бұл кезеңде Құрылтай жиналысының заңнамасы Конституциялық монархиялық құрылыс құруға бағытталды. Сонымен бірге қалың бұқараның қысымымен 1789 ж. «Феодалды құқықтар мен артықшылықтарды жою туралы» декрет қабылданды. Ол бойынша барлық сословиелік артықшылықтар, феодалды құқықтар, шіркеулік десятина жойылды және барлық жұрттың заң алдындағы және салық төлеудегі тең құқылығы жарияланды. Алайда шын мәнінде феодалдық төлемдер: чинш, оброк, барщина және двацитина сатып алынуы тиіс болды.

Саяси құрылыстың нобайын анықтаған алғашқы конституциялық акт – **«Адам және азамат құқықтарының декларациясы»** 1789 ж. 26 тамызда қабылданды. Оның құрастырушылары ретінде *Лафайет, Мирабо және Дюпор* саналады, ал оның доктриналды енгізіні *агартушылардың ілімі* танылады. Декларация кіріспе бөлім мен 17 баптан тұрады. Кіріспе бөлімде адамдардың барлық бақытсыздықтарының себебі білімсіздігі мен қараңғылығы болып табылатындығы және табиғи құқықтардың ұмтылуы екендігі айтылады. Ал 17 бапта жаңа буржуазиялық құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылу негіздері жазылған.

1. Адамдар тең құқылы әрі бос болып туады және қалады;

2. Әрбір мемлекеттің мақсаты табиғи және ажырамас құқықтарды қамтамасыз ету;

3. Егемендіктің қайнар-көзі ұлт болып табылады;

4. Бостандық дегеніміз - басқаларға зиян келтірмеу кез-келген затты жасау мүмкіндігі;

5. Заң тек қоғамға зиянды іс-әрекетке ғана тиым сала алады;

6. Заң жалпы еріктің көрінісі болып табылады, барлық азаматтар тікелей немесе өз өкілдері арқылы оның шығарылуына қатыса алады;

7. Ешкім заңда көзделген жағдайлардан басқа айыптауға ұшырамайды, ұсталынбайды және қамалмайды;

8. Заң тұлғаларды қажетті және қатаң жазаларға тарта алады;

9. Әрбір адам оның кінәсі дәлелденгенше кінәсіз деп танылады;

11. Ойлары пен пікірлерін еркін білдіру – адамның құнды құқықтарының бірі;

15. Қоғам әрбір лауазымды тұлғадан оның қарауына берілген сала бойынша есеп беруді талап етуге құқылы;

16. Құқықтарды қоддану қамтамасыз етілмеген және билік бөлінбеген қоғамда конституция жоқ;

17. Меншік құқығы қасиетті және қол сұғылмайтын құқық болып табылады.

«Адам және азамат құқықтарының декларациясының» ережелері заңи күшке ие болмады және тікелей әрекет етпеді, олар тек қажетті саяси модельді сипаттайтын хартия болды. Декларация идеологиялық жағынан патшалық абсолютизмге қарсы бағытталды.

Құрылтай жиналысы жұмысының соңғы кезеңі **1791 ж. 3 қыркүйектегі Конституцияның** қабылдануы болды. Құрылымы бойынша ол үш бөліктен құралды: Преамбула, «Адам және азамат құқықтары туралы» декларация және конституциялық акт.

Преамбулада табиғи құқық теориясы бойынша буржуазиялық революцияның мақсаттары мен міндеттері, революцияның идеалдары мен екі жылдың нәтижелері бекітілген. Онда сословиелі артықшылықтар мен феодалды құқықтардың жойылғаны және формальды теңдік жарияланды.

Конституцияның үшінші бөлігі – конституциялық актіде жоғарғы билік органдарының құрылу және қызмет ету қағидалары орын тапқан. Басқару нысаны бойынша француз буржуазиялық мемлекеті конституциялық монархия нысанында жарияланды. Мемлекеттік билікті ұйымдастыру қағидалары ретінде бекітілді: 1). Ұлттық егеменділік қағидасы; 2). өкілді басқару қағидасы; 3). Биліктің бөліну қағидасы; 4). Заңдылық қағидасы.

Билікті бөлу қағидасына сәйкес заңшығарушылық билік бір палаталы парламент – Заңшығарушылық корпусқа берілді. Заңшығарушылық корпус депутаттары өз округінің сайлаушыларының мүдделерін ғана емес, барлық ұлттың мүддесін білдірді, яғни, оларда еркін мандат болды. Сонымен бірге депутаттарға қол сұғылмаушылық иммунитеті берілді. Депутаттарды жалпы қылмыстар үшін қудалау үшін Ұлттық жиналыстың келісімі қажет болды.

1791 ж. Конституцияда бекітілген сайлау жүйесі жалпы және тең дауыс беру құқығын көздемеді. Сайлаушылар *белсенді* және *бәсең* деп бөлінді. Белсенді деп 25 жасқа жеткен, сол жерде бір жылдан астам уақыт тұрған, үш жұмыс күніне тең тікелей салық төлейтін, қызметте тұрмаған және ұлттық гвардия тізімдеріне енгізілген француздар саналды. Бәсеңдер сайлауға қатыстырылмады. Сайлау екі деңгейлі болды. Бірінші сайлаушылар сайланады, кейін олар депутаттарды сайлады. 26 млн. халқы бар Францияның тек 4,5 млн. адамы белсенді сайлаушылар болды, тек 40 мыңы ғана депутат болып сайлана алды. Бұл әрине, декларацияны бұзу болып табылды.

Атқарушылық билік Патша мен оның алдында жауапты министрлерге берілді. Патша қарулы күштерді басқарды, басшыларын тағайындады, жоғарғы шенеуліктердің тағайындалуын бекітті, ішкі және сыртқы саясаттағы жалпы басшылықты жүзеге асырды. Алайда ол тек заң шеңберінде ғана қызмет ете алды.

Сот билігін сайланбалы және ауыспайтын судьялар жүзеге асырды. Судьялар тек қылмыс жасаса ғана орнынан алынды. Қылмыстық істерді қарау үшін сот отырушыларының құрамы шақырылды. Сот жүйесін Жоғарғы сот басқарды.

Франциядағы бірінші республика. 1791 ж. 30 қыркүйегінде Құрылтай жиналысы өз жұмысын аяқтады, ал келесі күні, яғни, 1 қазан күні Заңшығару корпусы өз жұмысын бастады. Оның құрамы біртекті болмады және Құрылтай жиналысында қалыптасқан саяси ағымдардан тұрды: фельяндар, жирондистер және якобиншілер.

1. **Фельяндар** – конституциялық-монархиялық буржуазия мен либералды дворяндардың саяси ағымы. Олар негізінен Париждегі фельян орденінің монастырінде өз жиналыстарын өткізді. Заңшығару корпусінде олар 745 депутаттық мандаттың 260 орнын алды. Оларға қарсы жирондистер мен якобиншілер тұрды.

2. **Жирондистер** – провинциялық сауда-өндіріс буржуазиясының өкілдері болды. Олар ірі қалалар мен теңіз порттарындағы өнеркәсіпшілер және саудагерлердің мүдделерін

білдірді. Бұл топқа кірген депутаттардың көбісі Жирондэ провинциясының депутаттары болды. Олар мемлекеттің экономикаға араласуын шектегісі келді, департаменттердің еркіндігін кеңейту үшін күресті. Олар Заңшығару корпусында көпшілікті құрады.

3. **Якобиншілер** – ұсақ және орта буржуазия, қолөнершілер мен шаруалардың саяси ағымы. Олар Қасиетті Якоб монастырінің кітапханасында жиналып отырды.

Бұл кезде Франциядағы революциялық жағдайларға үреймен қараған Пруссияның патшасы Фридрих Вильгельм II және Австрияның эрцгерцогі Леопольд II әскери интервенцияға дайындала бастады. Осыны көрген жирондист-министрлер соғысты бірінші болып бастауды ұйғарды, бірақ үйретілмеген француз әскері жеңіліс тапты. Осыны пайдаланған патша Людовиг XVI жирондистік үкіметті таратты. Бұл халық наразылығын тудырды. Неміс әскерлері бұл уақытта Парижге жақындап қалған болатын. 1792 ж. 1 тамызды Париждің өзін-өзі басқару органы – коммуна комиссарларының басшылығымен халық көтерілісі басталды. Патша қамауға алынды.

Бұл көтеріліс революцияның екінші кезеңі – патшаның тақтан тайдырылып, биліктің жирондистердің қолына өтуіне және **Франциядағы бірінші** республиканың құрылуына алып келді. Фельяндар тарап кетті, ал билік жирондистер құрған жаңа Үкімет – Уақытша атқарушылық кеңеске берілді. Жаңа Конституцияны қабылдайтын Ұлттық конвентке сайлау тағайындалды. Жаңадан құрылған конституциялық комиссия Конвентке сайлаудың тәртібін анықтады. Ол бойынша:

- Француздарды белсенді және бәсең деп бөлу жойылды;
- Жас цензі 25 жастан 21 жасқа дейін төмендетілді;
- Мүліктік ценз жойылды, тұрақты жалақының болуы жеткілікті болды;
- Жергілікті жерде 1 жылдан астам уақыт тұру қажет болды.

Жалпы сайлау құқығы негізінде сайланған Ұлттық конвент 1792 ж. 21 қыркүйекте монархияны жойып Франциядағы бірінші республиканы құрды. 1791 ж. Конституцияның күші жойылып, жаңа конституция дайындала бастады. Конвенттің құрамында 784 депутат болды. Оның 165 жирондистер құрады. Олар ешбір саяси ағымға кірмейтін бәсең бөлігі - центристік топтың (500 депутаттай) қолдауымен өзінің үкіметі – Атқарушылық комитетті құрды және билікті қолында шоғырландырды. Конвентте оларға қарсы якобиншілер шықты. Олар радикалды өзгерістерді талап етті. Олардың басшыларының қатарында Робеспьер, Сен-Жюст, Кутондар болды. Мараттың талабы бойынша Конвентте болған ашық дауыс беру арқылы патша Людовик XVI өлім жазасына кесілді. Жаза 1793 ж. 21 қаңтарында орындалды.

Алайда революцияның тағдырына күіп төнді. Себебі француз әскерлері Австрида жеңіліс тапты және Вандеяда роялистер басқарған революцияға қарсы бүлік басталды. Бүлікшілер Англия мен неміс әскерлерінің коалициясына қосылып Солтүстік Францияның бірнеше қаласын басып алды. Жирондистік Конвент өз әлсіздігін көрсетті. Сонымен бірге, олар ұсынған жаңа Конституцияның жобасы халық наразылығын туғызды.

Жирондистердің саяси ықпалының әлсіруін якобиншілер мен париш коммунасы ұтымды пайдаланып кетті. 1793 ж. 2 маусымында Париш коммунасының көтеріліс комитеті басқарған ұлттық гвардия отрядтары жирондистерді биліктен айырып, көбісін жазалады. Билікке якобиншілер келді. Якобин диктатурасы орнады.

Халықтың бұл көтерілісі революцияның үшінші және соңғы кезеңіне негіз салды. Билікке келген якобиншілер асығыстықта дайындап 1793 ж. 24 маусымда жаңа Конституцияны қабылдады. Бұл конституция екі бөліктен тұрды: *«Адам және азамат құқықтарының декларация» және Конституциялық акт*. Ол ойынша басқарудың республикалық нысаны бекітілді. Конституцияда билікті бөліну қағидасының орнына биліктің біртұтастық қағидасы қолданылды. Заңшығарушы орган болып бір жыл мерзімге сайланатын бірпалаталы **Заң шығару корпусы** болды. Ол қабылдаған заңдар департаменттердің жалпы жиналыстарында 40 күн ішінде бекітілуі тиіс еді. Яғни, *плебиститтік құқықшығармашылық* жүйесі қолданылды.

Елді күнделікті басқаруды 24 мүшеден тұратын жоғарғы әкімшілік орган – **Атқарушылық кеңес** жүзеге асырды. Ол барлық ведомствалардың жұмысын басқарып, үйлестіріп отырды. Бұл органның мүшелері де екі сатылы сайлау арқылы тағайындалды. Алайда жоғарыдағы конституция іске қосылған жоқ. Себебі 83 департаменттің 60 департамент әкімшілігі жирондистерге қарсы шықты. Осы уақытта Францияға қарсы коалицияның күштері өсе түсті. Сол себепті жирондистердің ойынша сыртқы жаулар мен ішкі контрреволюция күштерімен күресу үшін мықты революциялық диктатура қажет деп шешті.

1793 ж. күзінде революциялық якобиндік басқару органдарының жүйесі заңи түрде бекітілді. Республиканың жоғарғы органы болып **Ұлттық конвент** тағайындалды. Оған толық мөлшерде заңшығарушы, атқарушы, сот және бақылау билігі берілді. Конвент комиссарлары әскер мен департаменттерде тазалау жұмыстарын жүргізе бастады. Ол бойынша мыңдаған адамдар жазаланды, қудаланды.

Үкіметтік билік берілді. Ол көптеген маңызды декреттердің жобаларын дайындады, әскери, дипломатиялық, азық-түлік мәселелерін шешіп отырды. Оның маңызы Комитет төрағасы етіп Робеспьер тағайындалғанда артты.

Революциялық диктатура органдарының жүйесінде жазалау органдарының маңызы арта түсті. Ішкі және сыртқы контрреволюциямен күресу үшін **Қоғамдық қауыпсіздік комитеті** құрылды. Ол тікелей Конвентке бағынды және ай сайын есеп беріп тұрды. Ол революцияға қасы іс-әрекеттермен байланысты істерді тергеді. Полиция мен түрме оның қарамағында болды. Қоғамдық қауыпсіздік комитетінен материалдар **Революциялық трибуналға** жіберілді. Онда бұл істер қысқартылған тәртіп бойынша қаралып үкімдер шығарылды. Бұндай трибуналдар Парижде және тағы бірнеше департаменттерде болды. Олардың шешімдері қайта қаралмады.

1793 ж. қыркүйек айынан бастап Париж бен басқа да ірі қалаларда көтерілісшілермен, спекулянттармен күрес үшін және қалаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін **Революциялық әскер** отрядтары құрылды. Олардың командирлері айырқша уәкілеттіктерге ие болды. Мысалы, өлім жазасын қолдану.

Жергілікті басқару **революциялық комитеттер** арқылы жүзеге асырылды. Олар орталықтану қағидасы негізінде құрылды. Бұл комитеттердің құрамына революцияға берілген тұлғалар ғана сайланды.

Якобиншілер әскерді қайта құрды. Олар жаппай әскери міндет енгізді. Әскердің саны миллион адамға жетті. Республикандық генералдар жаңа тактикан қолдана отырып, 1794 ж. Францияның аумағын интервенттерден азат етті. Осы кезде барлық бүлік ошақтары талқандалып, тыныштық орнай бастады. Осыдан кейін буржуазия үшін якобиндік диктатура қажет болмады. Ұлттық Конвент мүшелерінің көбісі Робеспьер басқарған **Қоғамдық құтқару комитетінің** жұмысына наразылығын білдіре бастады. Шаруалар да азық-түліктерді тәркілеу саясатына қарсы шыға бастады. Нәтижесінде якобиншілердің диктатурасы негізсіз қуғын-сүргін саясатына айналып кетті. Осы кезеңде «халық жауы» түсінігі енгізілді. Осы арқылы якобиншілер өздеріне қарсы шыққан тұлғалардың мүлде ешқандай демократиялық негіздері жоқ сот өндірісі жолымен көзін жойып отырды.

1794 ж. 27 шілдеде Баррас басқарған бүлікшілер Конвент отырысының үстінде Робеспьер мен оның жақтастарын тұтқынға алды, ал ертеңінде олардың барлығы өлтірілді. Якобиншілердің құлауымен және билікке термидоршылардың келуімен Ұлы француз буржуазиялық революциясының соңғы үшінші кезеңі аяқталды.

Қарулы азаматтар мен ұлттық гвардияшылардың көтерілісі 1793 жылы 2 маусымда Конвенттен жирондистілерді қуып шығумен және биліктің якобиндіктерге ауысуымен аяқталды. Революцияның – Якобин Республикасын бекіткен үшінші сатысы басталды (1793 жылдың 2 маусымы – 1794 жылдың 27 шілдесі).

Маусым-шілдеде қабылданған декреттер арасында, якобиндіктер басым болған Конвент, шаруаларға контрреволюционерлерден тәркіленген және қауымдық жерлерді берді (ішінара тегін, ішінара жеңілдетілген бағамен) және қалған барлық феодалдық

құқықтар мен артықшылықтарды толығымен жойды. Қабылданған шешімдер жедел іске асырыла бастады. Бұнымен бір мезгілде мемлекеттік құрылымда қайтақұрулар өткізілді.

2. Алынып тасталған цензуралық Конституцияның орнына Конвент 1793 жылы 24 маусымда анағұрлым демократиялық жаңа Конституция қабылдады ("Республиканың алғашқы жылының Конституциясы").

Ол алдыңғысы сияқты адам және азамат құқықтарының Декларациясы мен Конституциялық актіден тұрды.

Адам және азамат құқықтарының жаңа Декларациясы қоғамның мақсаты "ортақ бақыт" болып табылатындығын, үкімет адамға өзінің табиғи және ажырамас құқықтарын пайдалануды қамтамасыз етуге тиістігін жария етті. Дегенмен, егер бірінші Декларацияда табиғи және ажырамас құқықтар ретінде бостандық, меншік, қауіпсіздік, езгіге қарсы тұру жарияланса, ал екіншісі мұның қатарына мыналарды жатқызды:

- теңдік (занды тұрғыда – толық көлемде);
- бостандық;
- қауіпсіздік;
- меншік.

Декларацияда заңдылық принципі біртіндеп жүргізілді. Заң ортақ ерікті білдіру ретінде айқындалды. Заңның үстемдік етуі "ұлт егемендігі" ұғымының орнына енгізілген "халық егемендігі" ұғымымен үзіліссіз байланыстырылды.

Декларацияның демократиялық принциптері мемлекеттік құрылымды орнатқан 1793 ж. Конституциялық актіде нақтыланды. Акті республиканың орнағанын салтанатты түрде жария етті.

Жоғарғы биліктің егеменді халыққа тиістігі нақтыланды.

Сайлау құқығы цензуралық емес, жалпыға ортақ болды, бірақ тек қана ерлер үшін. Сайлау құқығы алты айдан астам тұрақты мекен-жайы бар барлық адамдарға берілді. Азаматтық құқықтары бар әрбір француз республиканың барлық аймағында сайлана алды.

Заң шығарушы орган болып тұрақты жұмыс істейтін Заңнамалық корпус (Ұлттық жиналыс) жарияланды. Ол бір палатадан тұрды және бір жылға сайланды. Ұлттық жиналыс қабылдаған заң жобасы, егер оны департаменттерге жібергеннен кейін 40 күн өткенше олардың көпшілігіндегі бастауыш жиналыстардың оннан бір бөлігі аталмыш заң жобасынан ауытқымаған жағдайда ғана заң күшін иеленді. Бір қатар сұрақтар бойынша Ұлттық жиналыс түпкілікті күші бар декреттер шығара алды.

Республиканың жоғары үкіметтік органы Атқару кеңесі болды, оған барлық ведомстволардың (министрліктердің) қызметіне басшылық жасау жүктелді. Оның мүшелерін бастауыш және департаменттік жиналыстардың тізімімен ұсынылған үміткерлерден Ұлттық жиналыс сайлады. Кеңес Ұлттық жиналыс алдында жауапкершілік арқалады.

3. Ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты республиканың шиеленісті ахуалы Конвентті конституциялық режимді іске қосуды кейінге қалдырып, оны диктатура режимімен – айрықша құқық берілген басқару жүйесімен ауыстыруға мәжбүрледі.

Бұл жүйеде толық билікке ие болғандар:

- Заң шығару және оны түсіндіру құқығы бар Конвент;
- Үкіметтің іс жүзінде басты органына айналған Қоғамдық құтқару Комитеті;
- Қоғамдық қауіпсіздік комитеті.

Жергілікті жерлерде олар бүкіл елде құрылған революциялық комитет пен "халықтық қоғамдарға" сүйенді.

Қоғамдық құтқару комитетіне есеп беретін Конвенттің комиссиялары төтенше өкілеттіктер иеленді.

Сот ісін жүргізуді революциялық трибунал іске асырды, ол бірден бір жаза қолдану шарасы ретінде өлім жазасын қолданды. Бір жыл ішінде якобин диктатурасы өткен төрт жыл ішінде шешімін таппаған революцияның басты міндеттерін шешті.

1793 ж. қазанына дейін-ақ якобин үкіметі әскери операциялар барысында түбірлі

өзгерістерге қол жеткізді, ал 1794 ж. жазына қарай революциялық армияның жеңістері нәтижесінде соғыс қаупі жоғалып, жаңа республикалық құрылыс саяси шындыққа айналды.

Дегенмен республиканы нығайту бірліктің құлдырап, якобин блогында ішкі алауыздықтың күшеюіне әкелді.

Контрреволюционерлермен күресу үшін, демократия идеалдарын өмірге енгізу үшін құрылған режим авторитарлыққа айнала бастады.

1794 ж. ақпан-наурызында қабылданған вантоз декреттері (ол бойынша революция жаулары деп танылған тұлғалардың меншіктері тәркіленуге және оны жарлы патриоттар арасында бөлуге жатты) якобин диктатурасы аппаратындағы ірі меншік иелерінің қарсылықтары салдарынан өмірге енгізіле алмады.

Якобиндерді қолдауды тоқтатты:

- ауыл кедейлері мен плебейлік элементтер - өйткені олардың бірқатар әлеуметтік талаптары қанағаттандырылмады;

- ауқатты шаруалар (олармен бірге орташалары да) мен буржуазия - олар шектеу режимі мен саяси реквизицияға көнгілері қолмеді.

1794 жылы 27 шілде Робеспьер басқарған үкіметке қарсы астыртын әрекеттер салдарынан якобин республикасын тайдырған төңкеріс болды.

Директория режимі орнады. Империя кезеңіндегі Франция

1. Үкіметтің астыртын әрекеттері нәтижесінде 1799 жылдың 9 қарашасында Францияда әскери мемлекеттік төңкеріс жасалды.

Генерал Наполеон Бонапарт әскер көмегімен заң шығарушы биліктің жоғарғы органы – заң шығарушы корпус пен атқарушы биліктің жоғары органы – директорияны қуып шықты.

Атқарушы билік үш консулдан тұратын *Атқару комиссиясына* берілді. Нақты билік бірінші консулға шоғырланды, оның тағын Бонапарт иеленді.

Заң шығарушы корпус *екі заң шығарушы комиссиямен* ауыстырылды, олардың міндеттері жаңа конституция әзірлеу болды.

Демократиялық күштер жаңа диктатураға қарсылық көрсете алмады. Жаңа режимді шаруалар қолдады, оларға жерге меншік етулеріне уәде беріліп, кейіннен оны қорғау қамтамасыз етілді. Мемлекеттік төңкерістің ерекшелігі сонда, ол тек саяси "жоғарыдағылардың" астыртын әрекеттері арқылы ғана емес, саяси тұрақсыздық пен конституциялық органдар жүйесінің тиімсіздігі жағдайында мемлекеттік биліктің тірегіне айналған армияның тікелей қолдауы арқылы да жүзеге асырылғандығында болды.

2. Консулдық режим занды түрде 1799 ж. Конституциямен бекітілді.

Мемлекеттік құрлымның негізгі сипаттары үкіметтің үстемдігі мен плебисцит бойынша өкілдік болды.

Үкімет 10 жыл мерзімге сайланған үш консулдан тұрды. Бірінші консул етіп Конституция Наполеон Бонапартты тағайындады. Бірінші консул ретінде оған айрықша өкілеттіктер тапсырылды:

- ол атқарушы билікті іске асырды;
- министрлерді, Мемлекеттік кеңес мүшелерін, елшілерді, генералдарды, жергілікті басқарудың жоғарғы шенеуніктерін, соттарды тағайындады және босатты;
- заң шығаруда бастамашыл құқығын иеленді.

Екінші және үшінші консулдар кеңесу құқығын иеленді. Заң жобаларын тек үкімет, яғни бірінші консул ғана ұсына алды. Конституция бойынша заң шығарушы билік органдары мыналар болды:

- осы заң жобаларын редакциялауды жүзеге асыратын мемлекеттік кеңес;
- оларды талқылайтын трибуна;
- оларды тұтастай жарыссөзсіз қабылдаған немесе теріске шығарған заңнамалық корпус;
- оларды бекіткен қорғаушы сенат.

Осылайша, бұл органдардың дербес маңызы болған жоқ, тек бірінші консулдың дара билігін бейнеледі.

Әкімшілік-аумақтық басқару елді департаменттерге, дистрикттерге, коммуналарға бөлу арқылы жүргізілді. Департаментке басшылық жасауды үкімет тағайындайтын префект жүргізді, ал дистриктте -супрефект.

Қалалар мэрлерін және коммуналардың кеңесу кеңестерінің мүшелерін үкімет тағайындады. Лауазымды тұлғалардың бірінші консулға иерархиялық қатан бағыныстылығы орнады.

3. 1802 ж. плебисцит қорытындысы бойынша Бонапарт ізбасарын тағайындау құқығы бар өмірлік консул болып жарияланды, бұл шын мәнінде монархияның жаңғыруын көрсетті.

1804 ж. Бонапарт өз қолында атқарушы және заң шығарушы билікті толық шоғырландырған француздардың императоры болып жарияланды.

Императорлық биліктің негізгі тұтқалары мыналар болды:

- империя құрылған сәтте кәсібиге айналған және артықшылықты әскер

- императорлық гвардияны қамтитын армия. Оның елдің саяси өміріне зор ықпалы болды;

- полициялық жүйе, оның дамып, нығаюына Наполеон ерекше көңіл бөлді. Полиция министрлігінде полициялық із кесуші мен тыңшылық жүйесі құрылды; Округтер мен қалаларда Бас комиссарлар мен полиция комиссарлары формалды түрде префекттерге бағынды, бірақ іс жүзінде полиция министрліктермен тағайындалып, соның басшылығымен әрекет етті;

- бюрократия;

- шіркеу.

Францияның дамушы капитализм базасында қалыптасқан империяға көшуімен азаматтық қоғам тұрақтылық пен тәртіпке ие болды, бірақ революцияның барлық негізгі демократиялық жеңістерін жоғалтты. Үкімет еркін ойлаудың кез-келген көріністерін қудалады: бұхаралық жиналыстар мен манифестацияларға тыйым салынды, баспасөзге қатаң цензура қойылды және т.б.

Империяның ақыры Францияның әскери жеңілісімен алдын ала белгілі болды. 1812 ж. Наполеон армиясы Ресейге басып кіріп, азат ету соғысы барысында талқандалды. 1814 ж. орыс әскері одақтастар әскерімен бірге Францияға кірді.

Наполеон империясы жеңіліске ұшырады.

Революциядан кейінгі Франция өзінің саяси дамуында тұрақсыздықпен сипатталады. Себебі 1789 жылдан 1958 жж. Францияда уақытша үкіметтерді санамағанда түрлі 14 саяси режим ауысты. Оның себебі саяси мәдениеттің тоз-тоз болуы, француз қоғамының түрлі мүшелерінің әлеуметтік мәселелерге түрліше қарауында және монархиялық пен республикалық салттардың күреске түсуінде.

Термидорлық республика және 1795 ж. Конституция. 1794 ж. 27 шілдеде (республикандық күнтізбе бойынша 9 термидор) болған төңкеріс нәтижесінде билік басына *қаржы аристократиясы мен жаңа буржуазия* (спекулянттар, паракорлар, қазынаны ұрлаушылар) келді. Олардың мүдделерін Баррас және Тальен басқарған *термидорлықтар* қорғады. Билікке келісімен олар көрнекті термидорлықтарды өлтірді, революциялық диктатура механизмін жойып, оның институттарын таратты және әлеуметтік заңнаманың күшін жойды. Бірақ термидорлықтардың саясаты роялистерге де, қалың бұқара халыққа да ұнамады. Сол себепті олар өз билігін заңдастыруға мәжбүр болды. Олардың саяси үстемдігі 1795 ж. Конституцияда бекітілді. Ол Конституцияны халық плебисцитте мақұлдады.

Бұл конституция оның алдындағы конституцияға қарағанда ұстамдырақ болды. Ол екі бөліктен тұрды: «Адам мен азаматтың құқықтары және міндеттерінің декларациясы» және Конституциялық акт. «Адам және азаматтың құқықтары мен міндеттерінің декларациясы» адамға тән барлық табиғи құқықтарды сақтады, тек көтеріліске шығу құқығын

мойындамады. Ал басқада республикалық мемлекеттің нышандары сақталды. Бірақ бұнда адам мен азаматтардың міндеттеріне баса назар аударылды.

Заң шығару билігі екі палаталы **Заң шығару корпусында** болды. Төменгі палата – *Бес жүздің кеңесі*, жоғарғы палата – *Ақсақалдардың кеңесі*. Заң бастамашылығы құқығы тек төменгі палатаға берілген, ал жоғарғы палата заң жобаларды бекітеді немесе кері қайтарады.

Атқарушылық билікті Заң шығару корпусының екі палатасының отырысында жабық дауыс беру арқылы сайланатын 5 мүшеден тұратын **Директорияға** берілді. Жыл сайын Директорияның бір мүшесі қайта сайланып отыру керек болды. Директория өз кезегінде басқарушылық функцияларды атқаратын министрлер мен үкімет құрамына кіретін жоғарғы лауазымды тұлғаларды тағайындады. Елде Директорияның режимі орнады. Ол төрт жыл бойы сақталды. Оның өз бауын ғана ойлаған сыбайлас жемқорлыққа жақын саясаткерлерінің іс-әрекеті халықтың наразылығын тудырды. Сонымен бірге, олар саяси бағытын басынан бастап анықтай алмады. Бірде қалың бұқара халыққа сүйенді, енді бірде роялистермен келіссөздер жүргізді, кейде буржуазияны өзіне тартты. Тек жаулап алу соғыстарындағы жеңістер ғана Директорияның күнін ұзартты. Францияның Пруссия мен Испанияның бірқатар аумақтарын қосып алды, Голландия мен Италияны оккупациялады. Бірақ бұл уақытша жеңістер ішкі мәселелерді шеше алмады. Сол себепті директория мықты тәртіпті орнататын әскери диктатураны дайындады. Оны орнататын диктатор ретінде директория жас генерал Наполеон Бонапартты ұсынды.

Наполеон Бонапарттың төңкерісі және Консулдық. Империяның құрылуы. Египетте жорықта жүрген Бонапарт әскерді генерал Клеберге тастап 500 жауынгермен Парижге қайтып келіп, әскери төңкеріс жасады. Директория өз еркімен тарап кетті, ал Заңшығарушы корпус екі күн бойы билікті диктаторға беруден бас тартты. Бірақ жауынгерлердің қысымымен Заңшығару корпусы билікті үш консулға: Наполеонға, аббат Сейенске және Роже Дюкоға беру туралы актіге қол қойды. Бұл триумвираттағы басты рөлді бірінші консул Бонапарт иеленді. Өз билігін заңдастыру үшін 1799 ж. 24 желтоқсанында жаңа конституция қабылданды. Полицияның қадағалауымен осы конституцияны бекіткен халықтық референдум өткізілді. Конституция бойынша формальды түрде республикалық құрылыс сақталды, ал шын мәнінде тұрақтылықтың басты кепілі ретінде әскерге сүйенген *жеке билік режимі* орнады.

1799 ж. Конституцияның ерекшелігі «Адам және азаматтың құқықтарының декларациясының» болмауы және билікті бөлу қағидасынан бас тартуы. Билік бұл уақытта бір ғана адамның қолында болды.

Заң шығару билігі төрт органға бөлініп берілді: Мемлекеттік кеңес, Трибунат, Заң шығарушы корпус және Қорғаушы сенат. Заңшығару процесі бірнеше сатыда жүзеге асты. Бірінші консул заң жобасын ұсынады, Мемлекеттік кеңес оны түзеп, дұрыстайды, Трибунат оны талқылайды, ал Қорғаушы сенат оны ешбір жарыссөзсіз қабылдайды.

1802 ж. өткізілген публицит бойынша Наполеон өмірбойлық бірінші консул деп жарияланды. Осы жылы Бонапартқа патшалық уәкілеттіктер берген жаңа конституция қабылданды. Оның мұрагерін атап кету, Заңшығару корпусын, Трибунатты тарату және халықаралық келісім-шарттарға отыруға құқықтар берілді. Бұл империя құруға деген қадам болды.

Франциядағы бірінші империя. 1804 ж. 18 мамырдағы Сенаттың жарлығымен республика жойылып империя жарияланды. Наполеон Бонапарт Наполеон I деген атпен «француздардың императоры» болып таққа отырды. Ватиканнан арнайы шақырылған Рим папасы Пий VII оны Париж Құдайанасы соборында таққа отырғызды.

Франциядағы мемлекеттік құрылысты республикандық монархия деп анықтауға болады. Осындай гибридік республика мен монархия элементтерінің қоспасы нәтижесінде орын алды. Бір адамның билігімен шектелетін жоғарғы билік органдарының жүйесі бойынша монархиялық сипат көрінді, алайда соған қарамастан конституция жойылмады және республикалық кезеңнен қалған органдар өз қызметін тоқтатпады. Гибридік

құрылыстардың ерекшелігі жоғарғы билік органдарының жүйесімен анықталмайды, ал сол елде қалыптасқан *саяси режиммен* анықталады.

Бірінші империя режимі – **бонопартизм** терминімен аталатын жеке билік режимі болды. Оның бірқатар ерекшеліктері болды. *Біріншіден*, жеке билік режимі терең саяси және әлеуметтік дағдары жағдайында қалыптасты. *Екіншіден*, жеке билік режимі әлеуметтік тірекке ие болмады, ол тек жеке билеушінің беделіне сүйенді және әкімшілік-мәжбүрлеу аппаратын қолданды.

Бірінші империяның мемлекеттік механизмі *тұтас билік қағидасына* негізделді. Императордың қолында толық билік шоғарланды, ол өзін заңдардан жоғары санағандықтан заңдар мен конституцияға бағынбады. Ол өзінің жеке дара билігі мен қоғамдағы беделін пайдалана отырып орталықтану, азаматтық қызмет және императорға адалдық қағидаларының негізінде мемлекеттік аппарат құрды. Бұл механизмнің басты бөлігі министрліктер болды. Наполеонның билігінің аяғына қарай 12 министрлік болды.

Жергілікті басқару жүйесі де орталықтану қағидасынан бастау алды. Унитарлы Франция департаменттерге бөлінді, олар өз кезегінде дистриктер мен коммуналарға бөлінді. Департаменттер әкімшілік функцияларды *префект* атқарды, ал дистриктіде – *супрефект*, коммунада – *мэр*.

Бірінші империя мемлекеттік механизмінде *әскер* ерекше орынға ие болды. Ол жеке билік режимінің тұрақтылығын қамтамасыз етті. Әскер саяси құралға айналды. Әскерді ұстауға бюджеттің қомақты бөлігі жұмсалды. Әскер ұлттық ерікті сипаттан маманданған, жалдамалы және касталық сипатқа ауысты.

Қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті тармақталған жазалау аппараты қамтамасыз етті. Қылмыстық полициямен қатар саяси іздеу және шпионаж ведомствалары құрылды. Әскери полиция – жандармдардың корпусы құрылды. Сол кезеңде католиктік шіркеу мемлекеттік механизмнің бөлігі болды.

Бірінші империяның қоғамдық құрылымы қалыптасқан азаматтық қоғамның болуымен ерекшеленді. Бұл уақытта индустриалды қоғма таптары – буржуазия мен пролетариаттың қалыптасу процесі аяқталды. Қатаң орталықтанған мемлекет қоғамда тұрақтылықты орнатты және капитализмнің дамуына жағдай жасады.

Наполеон Бонапарт жүргізген соғыстар басында нәтижелі болды. Бұл уақытта Наполеон өзіне жарты Европаны бағындырды. Алайда Ресейде жүргізген әскери компаниясының сәтсездікке ұшырауы оның одақтастарының бірігіп соққы беруіне жағдай жасады. Француз әскерінің Ватерлоо түбінде жеңілуінен кейін Наполеон тақтан бас тартты. Бұл Бірінші империяның құлағандығын көрсетті. Франция тағына заңды әулет - Бурбондар әулеті қайта отырды. Патша болып Людовик XVIII жарияланды. 1814-1848 жж. Бурбондардың билік құру кезеңі **Реставрация** деп аталды. Алайда реставрация абсолютизмді қалпына келтіре алмады. 1814 ж. 4 шілдеде легитимді монархияның конституциялық негізін бекіткен Құрылтай хартиясы қабылданды.

Бұл кезеңде Францияда Конституциялық монархия құрылысы орнықты. Ол бойынша «мықты патша» «әлсіз парламент» формуласы қолданылды. Хартия бойынша **патша** мемлекет басшысы деп жарияланды және оған толық атқарушылық билік берілді. Сонымен бірге, оның заң шығарушылық бастама құқығы болды.

Заңшығару билігі патшаның билігін шектеуге бағытталған **парламентке** берілді. Ол пэрлер палатасынан және депутаттар палатасынан тұрды. Бұл жүйе мемлекеттік механизмнің республикалық негіздерін көрсетті. Алайда елде абсолютизмді қалпына келтіру тенденциялары өсе түсті.

Бұл тенденциялар Людовик XVIII өлімінен кейін күшейе түсті. Таққа отырған Карл X шіркеу мен республикалық кезеңде шетелдерге қашқан эмигранттық топтарға негізделіп өз билігін нығайта бастады. Ұлттық гвардия таратылды. Біртіндеп эмигрант-дворяндар буржуазияны биліктен ығыстыра бастады. Осы мақсатта князь Полиньяктің роялистік үкіметі 4 төтенше ордонанс қабылдады. Олар бойынша елде конституциялық монархия режимі жойылды. Олар өкілді органдарды таратып, конституциялық бостандықтарды

шектеді. Осыған наразы болған халық көтеріліске шықты. 1830 ж. Парижде көтеріліс басталды. Карл X көтерілісшілердің қолында қалған Парижден қашып кетті. Францияда легитимді монархия құлады.

Шілде монархиясы (1830-1848 жж.). Шілдеде болған революцияның жемісін француз қоғамының бұл кездегі ең ұйымдасқан және ең қуатты бөлігі *ірі қаржы буржуазиясы* (банк иелері, биржалық магнаттар, темір кен орындары мен көмір шахталарының иелері) пайдаланып кетті. Қаржы буржуазиясы монарх тағына үміткер ретінде Бурбонжардың кіші тармағының өкілі – Луи-Филипп Орлеанскийді ұсынды. 1830 ж. 30 шілдесінде ол патша тағына отырды. Осы жылы Хартия деп аталатын жаңа конституция қабылданды. Ол бойынша елде конституциялық монархия құрылысы орнатылды. Ол 1814 ж. Хартияға өте ұқсас болды, бірақ кейбір тұстарда либерализациялау орын алды:

1. Патшаның кейбір ерекше құқықтары алынып тасталды;
2. Парламентке қосымша уәкілеттіктер берілді;
3. Католиктік шіркеудің құқықтары шектелді;
4. Сайлау жүйесі демократияландырылды;
5. Либералды бостандықтар кеңейтілді;
6. Мемлекеттік аппаратты реакциондық элементтерден тазарту басталды және ұлттық гвардия қайта құрылды.

Ірі қаржы аристократиясының биліктегі монополиясы орта және ұсақ буржуазияның наразылығын тудырды, оларға саудагерлер мен өнеркәсіпшілер де қосылды. Олар мүліктік цензді төмендету арқылы оларды саяси өмірге араласуға жіберуді талап етті. Сайлау жүйесін реформалау үшін басталған қозғалысты жұмысшы табы мен қолөнершілер қолдады. Алайда жұмысшылар тек саяси бостандықтар үшін ғана күреспеді. Олар капиталистік қанаудан босататын әлеуметтік мемлекет құруды талап етті.

1848 ж. 23 сәуірде сайлау реформасын қолдайтын демонстрацияны патшалық әскерлер қанға бояды. Осыны естіген Париж халқы келесі күні қарулы көтеріліске шықты. Патша Луи-Филипп тақтан бас атрып Англияға қашты. Шілділік монархия құлады. 1848 ж. ақпан көтерілісі қаржы аристократиясының билігін құлатып, республиканы орнатты. Көтерілісшілердің талабы бойынша Уақытша үкімет құрылды. Оған буржуазиялық республикашылар, ұсақбуржуазиялы демократтар және социалистер кірді.

1848 ж. 25 сәуір күні Уақытша үкімет **Екінші республиканың** орнағанын жариялады. Революцияға белсенді араласқан жұмысшылардың қысымымен Уақытша үкімет бірқатар жеңілдіктерге баруға мәжбүр болды: сөз, баспасөз және жиындар бостандығын қалпына келтірді; 10 сағаттық жұмыс күнін енгізді; 21 жасқа жеткен және бір жерде тұрақты түрде 6 ай бойы өмір сүрген ер адамдар үшін жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізді. Алайда бұл уәделердің көбі қағаз бетінде ғана қалды. Билікке қол жеткізген буржуазиялық республикандықтар өздерінің одақтастары жұмысшыларды талқандауға шешім қабылдады. Осы мақсатта Уақытша үкімет жаңа декрет шығарды. Оған сәйкес әрбіреуінде 1 мың. Адам бар 24 батальоннан тұратын Ұшқыр гвардия құрылды. Осы әскерлер әскери министр Кавеньяктің бұйрығымен 1848 ж. 22 күні жұмыс, нан, адамды қанауды тоқтату талаптарымен көшеге шыққан Париж халқын қан жоса етті. Ал 4 қараша күні Құрылтай жиналысы Екінші республиканың конституциясын қабылдады. Оның негізгі қағидалары бостандық, теңдік және бауырмалдық болды.

Бұл конституция өзінің популизмі мен деларативтігімен ерекшеленді. Бұл конституцияда «Адам және азаматтың құқықтарының декларациясы» болған жоқ. Бірақ онда адам және азамат құқықтарына қатысты арнайы тарау болды. Бұл құжатта бірінші рет мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі қағидасын енгізуге тырысты.

Конституцияда тұрақтылықты «мықты президент – мықты парламент» формуласы арқылы қамтамасыз етіледі деп көзделген. Ол халық егемендігі қағидасына негізделді.

Заң шығару билігін бірпалаталы **Заң шығару жиналысы** еншіледі. Ол үш жылға сайланатын 750 депутаттан тұрды. Бұл орган заң шығаратын бірден-бір орган болды. Ол бюджетті бекітті және соғыспен бейбітшілік мәселелерін шешті.

Атқарушылық билік төрт жылға сайланатын республика **президентіне** берілді. Ол бір мерзімге ғана сайлану құқығын иеленді. Оған зор билік берілді. Оған әскер, полиция, әкімшілік аппарат бағындырылды. Ол министрлерді, отарлардың губернаторларын, әскер мен флоттың қолбасшыларын тағайындады, орындарынан алды.

Алайда 1848 ж. Конституцияның либералды-демократиялық ережелерінің ғұмыры қысқа болды. Екі жылдан кейін сөз бостандығы шектелді, сайлау ценздері арттырылды және жалпыға бірдей тең дауыс беру құқығы жойылды, мектеп шіркеудің бақылауына қойылды.

Екінші империя (1851-1870 жж.). 1848 ж. болған президент сайлауында сөзі бос саясаткер және саяси авантюрист Луи Бонапарт жеңіске жетті. Оның негізгі әлеуметтік тірегі шаруалар болды. Себебі шаруалар Бонапарттарды помещиктерден жерді тартып алып, шаруаларға меншікке берген күшті көрді. Олар Наполеон Бонапарттың өзінің ағасының жолын қуып, шаруалардың мүддесін қорғайды деп үміттенді. Сонымен бірге Луи Бонапартқа қаржы буржуазиясы мен католиктік шіркеу де көмек көрсетті. Президенттікке қол жеткізген ол елде империяны қалпына келтіргісі келді. Алайда оған Заң шығару жиналысының мүшелері қарсы тұрды. Қарудың күшімен президент заңшығару жиналысын таратып жіберді. Жаңа сайлауда монархистердің біріккен партиясы жеңіске жетті. Алайда республикандықтарды жеңген монархистердің (бурбонистер, орлеанистер, бонапардистер) арасында дау-дамай басталды. Осыдан парламенттің беделі түсе бастады.

Заң шығару жиналысының ел арасындағы беделсіздігі мен қалың бұқара халықтың наразылығын пайдаланған Луи Бонапарт әскердің көмегімен Парижды басып алды, парлаиментті таратты және өзінің саяси қарсыластарын қамауға алды.

1852 ж. 14 қаңтарда Луи Бонапарттың жеке билігін заңи түрде бекіткен жаңа Конституция күшіне енді. Биліктің барлық көлемі 10 жылға сайланатын **президентке** берілді. Ол барлық жоғарғы лауазымды тұлғаларды өзінің қарауымен тағайындады, орындарынан алды. Оған парламент депутаттары ант берді.

Заң шығару билігін Мемлекеттік кеңес, Заңшығару корпусы және Сенат пен Президент біріге отырып жүзеге асырды. Заңи бастамашылық құқығы тек президентке берілді. Президенттің ұсынысына негізделе отырып Мемлекеттік кеңес заң жобаларын дайындады, Заң шығару корпусы оларды толығымен қабылдады немесе толығымен кері қайтарды. Ал Сенат конституциялық бақылау функцияларын атқарды.

1852 ж. 2 желтоқсанда императорлық билікті жарылау және Луи Бонапартқа Наполеон III император титулын ресми беру болды. Елде **Екінші империя** режимі орнады. Бұл режим мәні бойынша авторитарлы болды. Ол әскер, полиция және бюрократияға сүйенді. Бонапартизм түрлі уақытта түрлі әлеуметтік топтардан қолдау тауып отырды.

1. *Бірінші* кезеңде ол сауда-өндіріс буржуазиясының көмегімен **автократия** нысанында дамыды. Бұл уақытта Францияда әскери-бюрократиялық режим орнады. Парламенттік мекемелер сақталды, бірақ олардың мәні төмендеді.

2. *Екінші* кезеңде **либералды монархияға** ауысты. 1870 ж. Либералды конституция қабылданды. Ол парламент құрды және министрлердің оның алдындағы шектелген жауаптылығын орнатты. Соған қарамастан Луи Бонапартты қолдайтын әлеуметтік база тарыла бастады. Наполеон III ең соңғы қадамға барды. 1870 ж. ол Пруссияға соғыс жариялады. 1 қыркүйекте Седан түбінде ол айықпастай талқандалды. Жүзмыңдық әскерімен бірге ол тұтқынға түсті. Осыған наразы болған халық 4 қыркүйек күні парламентке басып кіріп империяның құлағандығын жариялауға мәжбүрледі.

Седан түбіндегі жеңіліс Францияны тығырыққа тіреді. Прусс әскері ел аумағының басым бөлігін және аз уақытқа Париждің кейбір аудандарын өзіне қаратты. 1871 ж. сайланған Ұлттық жиналыстың құрамына негізінен ашық және жасырын монархистер кірді.

Олар Үкімет басшысы етіп монархист Адольф Тьерді тағайындады. Ірі буржуазия Прустік әскерлерден гөрі қарулы жұмысшылардан сескенді. Олар Пруссияның канцлері Отто фон Бисмаркпен бейбітшілік келісімге барды. Ол бойынша Франция Пруссияға контрибуция ретінде 5 млрд. Франк төлеуге міндеттенді және Эльзас пен Лотарингия Пруссияға өтті. Бірақ бұл келісім-шартты Париж жұмысшылары мойындамады. Парижді қорғауға жұмысшылар көтерілді. Астанада Ұлттық гвардияның 215 батальоны құрылды. Осы кезде Ұлттық гвардияның Республикандық федерациясы және оның орталық органы – Орталық комитет құрылды.

Пролетарлық Париж бен буржуазиялық Франция *азаматтық соғыс* жағдайына душар болды. Тьер қарудың күшімен Ұлттық гвардияны таратып, оның басшыларын қамауға алуды шешті. Содан соң ол Бисмаркпен келісімге қол қойып, монархияны қалпына келтірмекші болды. Алайда 1871 ж. 18 наурызда Парижде болған көтеріліс нәтижесінде Париждегі билік Ұлттық гвардияның Орталық комитетіне өтті. Ертеңінде Ұлттық гвардияның Орталық комитеті өзін Уақытша үкімет деп жаиялады. Билікті басып алды деген сөздерден ада болу үшін Уақытша үкімет 1871 ж. 28 наурызда Коммуна кеңестеріне сайлау жүргізді.

86 депутаттан тұратын Коммуна кеңесі сайланды. Орталық комитет билікті Коммуна кеңесіне берді. Коммунаның құрамы саяси жағынан да, әлеуметтік жағынан да біртекті болмады. *Әлеуметтік құрылымы*: 21 мүшесі буржуазия өкілдерінен болды, 28 – жұмысшылар, ал 37- зиялы қауым және қызметкерлердің өкілдері. *Саяси құрылымы* бойынша Коммуна «көпшілік» және «азшылық» болып екіге бөлінді. Азшылықты 23 адамнан тұратын *прудонистер* құрады. Олар Олар саяси күресті жоққа шығарды және мемлекетті жойып, қоғамды ұсақ шаруашылықтар нысанында ұйымдастыруды ұсынды. Коммунадағы көпшілікті ұсақбуржуазиялы демократтар иеленді. Оларға 36 *неоякобиндік* және 12 бланкистер кірді. Неоякобиндіктер ұсақ меншікті сақтап қалуды, ірі капиталды шектеуді және республиканы сыртқы интервенциядан қорғауды ұсынды. Ал бланкистер еңбекшілердің мүдделерін қорғады. Коммуна ішіндегі саяси ала-құлалық революция мақсаттары мен міндеттерін айқын анықтауға мүмкіндік бермеді, нәтижесінде оның жеңіліс табуына алып келді.

Париж коммунасының мемлекеттік құрылысына қатысты мәселе даулы болып отыр. Себебі марксистік әдебиетте оны әлемдегі алғашқы пролетариаттық социалистік революция деп көрсетеді. Алайда оның мақсаттары мен нәтижелеріне көз жүгіртетін болсақ, оның муниципалды демократиялық революция екендігін көреміз. Париж коммунасы Францияны саяси қайта құрудың жоспарын өзінің «Француз халқына арналған декларация» атты өқжатында ұсынды. Ол бойынша Франция көптеген **автономиялы коммуналардың федерациясы** ретінде танылды. Орталық үкімет **коммуналардың делегаттарының жиналысы** ретінде қарастырылды. Лауазымды тұлғалар конкурс бойынша тағайындалады және қоғамдық бақылауда болады.

Биліктің жоғарғы органы тұрақты қызмет ететін Париж коммунасының кеңесі болды. Оның қалында жоғарғы заңшығарушылық және жоғарғы атқарушылық бтіліктер болды. Коммуна құрамынан 10 арнайы комиссия құрылды. Әрбір комиссия тиісті министрлікті басқарды.

Әскери комиссия қаруландыру, қамтамасыз ету және Ұлттық гвардияны дайындау мәселелерімен шұғылданды.

Азық-түліктік комиссия қаланы азық-түлікпен қамтамасыз етуді жүзеге асырды.

Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау комиссиясының құзыретіне шпионажбен, диверсиялар және спекулянттықпен күрес жүргізу жатты.

Еңбек және айырбас комиссиясы қоғамдық жұмыстарды басқарды және еңбекшілердің жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шараларды басқарды.

Әділет комиссиясының қарауына соттар мен күнделкті сот өндірісі берілді.

Қаржы комиссиясы қаржы айналымын және Париж бюджетін құрастыру жұмыстарын реттеді.

Қоғамдық қызметтер комиссиясы пошта, телеграф және байланыс жолдарының жұмысын ұйымдастырып отырды.

Сыртқы істер комиссиясы елдің басқа департаменттері мен шет елдердің үкіметтерімен байланыс орнауды жүзеге асырды.

Қоғамдық құтқару комитеті Париж халқымен байланысты нығайту үшін жауапты орган болды.

Париж коммунасы жаңа сот жүйесін құра бастады. Ол екі деңгейден тұрды:

1. Жалпы соттар. Оған версальдіктердің істері жөніндегі айыптаушылық жюри, азаматтық сот палатасы және бейбітшілік судьялары жатты.

2. Әскери соттар. Оны батальондардағы тәртіптік соттар, легиондардағы соттар және жалпыәскери әскери-далалық соттар құрады.

Париж коммунасы өз қатарындағы саяси ала-құлалық пен революция мақсаттарының айқын болмауы себебінен жеңіліске ұшырады. Ол 72 күн ғана қызмет етті. Жеңіліс тапқаннан кейін 30 мың комунар атылды, ал 50 мыңы түрмеге қамалды.

Франциядағы үшінші республика режимі. Париж коммунасы жеілгеннен кейін Францияда *саяси реакция кезеңі* басталды. Саяси террорға тек комунарлар ғана емес, барлық басқа саяси ағым мүшелері ұшырады. Асығыстықта жазалау органдарының жүйесі қалпына келтіріле бастады. Таратылып жіберілген Ұлттық ығвардияның орнына прустық модель негізінде тұрақты әскер құрылады. Жалпыға міндетті әскери қызмет енгізілді. Полициялық жүйе қалпына келтірілді және католиктік шіркеудің ықпалы өсе бастады. Париж коммунасына дейін сайланған Ұлттық жиналыста жиналған монархистер монархияны қалпына келтіруге қанша тырысқанымен, ішкі жағдайдың өршуі оларды бұндай мүмкіндіктен айырды. Себебі:

- Монархистердің өз ішінде тартыс басталды. Лиегитимистер таққа бурбондардың отыруын қалады, орлеанистер таққа Луи Филипп Орлеанскийдің ұрпақтарын ұсынды, ал бонопартистер Наполеонның ұрпақтарының мүдделерін қорғады.

- Монархияның әлеуметтік базасы тарылды. Себебі монархияның басты тірегі шаруалар монархтарға сенуден қалды. Жұмысшылар мен ұсақ буржуазия тұрақты республикалық көзқараста болды. Ал республикандықтар осыны пайдаланып өз тұғырларын нығайтып алды.

Нәтижесінде 1875 ж. 30 қаңтарда ұзақ жарыссөздерден кейін Ұлттық жиналыс Францияны республика деп жариялады. Елде 70 жыл өмір сүрген Үшінші республика режимі орнады.

Үшінші республика режимі 1875 ж. Конституцияда заңи бекітілді. Оның бірқатар ерекшеліктері бар:

- Ол кодификацияланбаған, яғни, біртұтас жазылған акт болып табылмайды. Конституция үш заңнан тұрады: «Мемлекеттік биліктердің ұйымдастыру туралы» Конституциялық заң, «Сенатты ұйымдастыру туралы» заң және «Мемлекеттік биліктердің қарым-қатынастары туралы» заң.

- Онда құқықтар туралы декларация жоқ. Бұл заңдарда билік тармақтарын құруға бағытталған нормалар жинақталған.

- Уақытша деп қабылданған бұл конституция көптеген конституциялық-құқықтық мәселелерді айналып өтті. Мысалы бұл конституцияда үкіметтің, сот билігінің конституциялық-құқықтық мәртебесі, бюджетті қабылдау процедурасы қарастырылмаған.

- Үшінші республиканың конституциясы монархистер мен республикашылардың арасындағы компромис сипатында болды.

Осы конституция бойынша басқару нысаны ретінде суперпрезиденттік нысан бекітілді, оған сәйкес президенттің уәкілеттіктері монархтікімен тең болды.

Мемлекет басшысы **Президент** болды. Ол Ұлттық жиналыс деп аталатын парламент қос палатасының біріккен отырысында жеті жылдық мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Оның заң бастамашылық құқығы, шенеуліктерді тағайында және орындарынан

алу құқықтары болды және ол жоғарғы қолбасшы болып табылды. Сонымен бірге Президент Сенаттың келісімімен депутаттар палатасын тарата алды.

1875 ж. Конституция жоғарғы атқару органы ретінде **Министрлер кеңесін** құруды көздеді. Алайда конституцияда оның құқықтық мәртебесі көрініс таппаған. Бірақ онда Үкіметтің парламент алдындағы жауаптылық қағидасы жазылған. Министрлер кеңесінің төрағасын парламенттегі көпшілікке ие болған партиялардың басшыларының қатарынан президент тағайындады.

Заң шығарушылық билік **Сенат пен Депутаттар палатасына** берілді. Депутаттар палатасы жалпыға бірдей дауыс беру құқығымен 4 жылға сайланатын депутаттардан тұрды. Оның құзыретіне заңдарды қабылдау, үкіметтік қызметін бақылау.

Үшінші республика режимінде *Сенаттың* маңызы зор болды. Ол 300 мүшеден тұрды. Олардың 75 өмірбақилыққа тағайындалды, ал 225 департаменттердің ерекше сайлаушылар алқасымен 9 жылдық мерзімге сайланды. Сенаттың басты бағытталуы төменгі палатаның заңшығарушылық бастамаларын тежеп отыру болды.

Ұзақ уақытқа созылған монархистер мен республикашылар арасындағы саяси күрес нәтижесінде республикалық режим нығая түсті. Осыны көрген монархистер екі рет әскери төңкеріспен билікті қолына алуға тырысты, бірақ олар қолдау таппады. Осыдан кейін көптеген аристократия өкілдері әскерден қуылды, монархистердің бір бөлігі эмиграцияға кетті.

1884 ж. Францияда конституциялық реформа жүргізілді. Оның бірнеше бағыты болды.

1. Президент билігін азайтып, Министрлер кеңесін күшейту. Ондағы басты мақсат монархиялық құрылыстың қайта қалпына келуін болдырмау.

2. Парламенттің рөлін арттыру. Ендігі кезекте Үкіметті парламент құратын болды.

3. Министрлер кеңесінің қолында үлкен билік шоғырланды. Министрлер кеңесіне декрет-заңдарды қабылдау құқығы берілді.

Ұлы революция қарсаңында Францияда болған құқықтық жүйе өзінің *ескілігі, консервативтілігі және көптеген құқықтық әдет-ғұрыптардың* болуымен ерекшеленді. Францияда таралған құқықтық әдет-ғұрыптар (кутюмдер) бөлек 360 кітапта жиналған. Құқық жүйесінің осындай күйі капитализм дамуын тежеді. Сол себепті құқық реформасы және біртұтас құқықтық жүйені құру үшінші сословиенің мүдделері мен елдің қажеттіліктеріне сәйкес болды. Ұлы француз революциясының барысында феодалды құқықтық жүйе толығымен жойылды. Жаңа мәні жағынан буржуазиялық құқықтық жүйе адамдардың заң алдындағы теңдігі мен бостандығын таныды, жеке меншіктің шексіздігін бекітті. Алайда революция барысында көптеп қабылданған нормативті құқықтық актілерді біртұтас құқықтық жинақтар – кодекстерге біріктіру жүзеге аспады. Кодификациялық жұмыстар аяқталмады. Оның бірнеше себебін атап көрсетуге болады:

- өкімет билігінің тұрақсыздығы, яғни, революция барысында билікке жаңа элитардың келуімен құқық туралы түсінік те ауысып отырды.

- тоқтамастан орын алған таптық күрес тұрақты буржуазиялық қоғамдық қатынастардың қалыптасуына кедерге келтірді.

- Табиғи құқық ұғымдары мен түсініктерін жазбаша құқық тіліне аудару үшін уақыт қажет болды.

Француз құқығы Наполеон Бонапарттың билік ету кезеңінде ғана біртұтас ұлттық құқық жүйесі сипатына ауысты. 1804 жылдан бастап 1810 жылдар аралығында 5 негізгі кодекс қабылданды: *азаматтық, қылмыстық, сауда, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу*. Наполеонның классикалық кодификациясы XIX ғ. бойы және XX басына дейін әрекет етті.

1804 ж. Наполеонның Азаматтық кодексі. Азаматтық құқықтық нормаларды кодификациялау бойынша жұмыс бірінші консулдың бұйрығымен 1800 ж. өзінде басталды. Оны француз көрнекті заңгерлерінен құралған комиссия жүзеге асырды. Олар: Порталис, Тронше, Малльвиль, Биго-Приамне. Бұл комиссияның жұмысына Наполеонның өзі де

қатысты. Азаматтық кодексті жасау кезінде революция барысында қабылданған кейбір нормалар және Юстиниан кодексінің кейбір нормалары пайдаланылды. **1804ж. 21 наурызда** Азаматтық кодекс күшіне енді. Ол *кіріспе титул және үш кітаптан* тұрады. Оған анықтамалардың жинақтығы, нақтылығы, түсініктілігі тән. *Бірінші* кітап жеке тұлғалардың жағдайына, неке-отбасы қатынастарына арналған. Заңды тұлға түсінігі жоқ. *Екінші* кітап мүліктік құқық нормаларынан тұрады. *Үшінші* кітапта жеке меншік құқығын алудың алу және басқару жолдары көрсетілген. Барлығы кодексте **2281 бап** бар.

1807 ж. Сауда кодексі күшіне енді. Ол негізінен саудагерлерге, теңіз саудасы институттарына қатысты нормаларды толықтырды және қабілетсіздік шарттарын анықтады. Бұл кодекс төрт кітаптан тұрады. *Бірінші кітапта* сауда, сауда құқығының субъектілерінің мәртебесі (коммерсант, сауда серіктестіктері, биржалар, аралық тұлғалар), коммиссиялық келісім-шарттар туралы жалпы ережелер жиналған. *Екінші кітап* халықаралық және теңіз саудасына қатысты мәселелерге арналған. *Үшінші кітап* қабілетсіздік шарттарын анықтады және банкроттықтың тәртібін бекітті. Ал *төртінші кітап* сауда юрисдикциясына арналды. Мәні бойынша сауда кодексі азаматтық кодекске толықтырушы қосымша ретінде ғана болды.

Ұзақ уақыт Наполеонның азаматтық кодексіне ешқандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жоқ. Тек Францияның капиталистік дамудың империализм сатысына өтуі бұл кодекске күнделікті заңнама арқылы кейбір өзгерістердің енгізілуіне әкеліп соқты. Бұл кезде мемлекеттің экономикадағы рөлі өзгерді.

- 1810 ж. қабылданған жаңа заң бойынша жер қойнауларын тек мемлекет рұқсатымен ғана пайдалана алатын болды.

- Монополиялар мемлекетті өзінің жеке мүдделерін пайдалану үшін қолдана бастады. Заңды тұлғаның құқықтық жағдайы мен мәртебесін анықтайтын жаңа заңдар қабылданды. Мемлекет жұмысшылар мен жұмыс берушілердің арасындағы қатынастарға белсенді араласа бастады.

- Жұмысшы қозғалысының қысымымен азаматтық заңнамаға әлеуметтік заңнаманың негізін салған өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

1810 ж. Қылмыстық кодекс. Ол буржуазиялық құқықтың келесідей қағидаларына негізделді: тұлғалардың қылмыстық заң алдындағы теңдігі; «заңда бекітілмеген қылмыс қылмыс емес»; ой емес, тек іс-әрекет ғана жазалануға тиісті; қылмыстық заңның кері күші болмайды.

Қылмыстық кодекс бастапқы ережелер мен төрт кітаптан тұрады. Оның алғашқы екі кітабы мен бастапқы ережелері қылмыстық құқықтың жалпы бөлімін құрайды деп теориялық негізде бөлуге болады. Оларда қылмыстың түсінігі мен қағидалары және жазалардың түсінігі мен түрлері қарастырылған. Ал үшінші және төртінші кітаптарда нақты қылмыс түрлері мен оларға қатысты жаза түрлері көзделген. Қылмыстық кодекстің мәніне назар аударатын болсақ, жазаның негізгі мақсаты *қорқыту* екендігін байқаймыз. Қылмыстар олар үшін көзделген жазалардың сипатына қарай үш топқа біріктірілген:

1. **қылмыстар** - олар үшін қинайтын және масқаралайтын қылмыстық жазалар тағайындалатын құқықбұзушылықтар.

2. **теріс қылықтар** - олар үшін түзеу жазалары қолданылатын құқықбұзушылықтар.

3. **полицейлік тәртіп бұзушылықтар** – олар үшін тек полицейлік жазалар қолданылатын құқықбұзушылықтар.

Бірінші кітап қылмыстық және түзейтін жазаларға арналған. *Азаптайтын жазаларға*: бірінші қолын кесіп кейін өлтіру, каторгалық жұмыстар, империя аумағынан жер аудару, есі ауысқандарды қамайтын үйге қамау жатты. *Масқаралайтын жазаларға*: мойнына қарғы тағып масқаралайтын ағаштың қасында ұстау, қуу, азаматтық құқықтардан айыру сияқты жазалар жатты. *Түзеу жазалары* ретінде кодекс: белгілі мерзімге түзеу мекемесіне қамауды, уақытша кейбір құқықтардан айыруды атайды. *Полицейлік жазаларға* түрмеге отырғызу және ақшалай айыппұл төлету табылды.

Екінші кітапта қылмыстық жауаптылықтың негіздері белгіленген. Сонымен бірге бұл кітапта қылмыстық жауаптылықты болдырмайтын мән-жайлар да көрсетілген.

Жалпы бөлімді құрайтын *үшінші және төртінші кітаптарда* нақты қылмыс түрлері мен олар үшін тағайындалатын нақты жаза түрлері көрсетілген.

Сот құрылысы және процесс. Процессуалды құқықтық салада **1806 ж. Азаматтық іс жүргізу кодексі** және **1808 ж. Қылмыстық іс жүргізу кодексі** қабылдау үлкен маңызға ие болды. Процессуалды құқықтық нормалар жаңа азаматтық және қылмыстық материалды нормаларымен сәйкестендірілді. Азаматтық және қылмыстық сот процестері ажыратылды. Судьялардың ауыспайтындығы қағидасы бекітілді.

Азаматтық іс жүргізу кодексі жалпы соттардың орталықтанған жүйесін құрды. Ұсақ дауларды тағайындалатын *бейбітшілік судьясы* қарастырды, ал күрделі азаматтық дауларды *бірінші инстанция трибуналы* қарады. Олардың ұйғарымдарына шағым келтіру үшін апелляциялық сотқа жүгіну құқығы бекітілді. Сот процесі жарыспалы сипатқа ауысты және көптеген формальды талаптардың орындалуын қажет етті. Адвокаттың міндетті қатысуы көзделді.

Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот жүйесі үстіге кететін және орталықтанған сызық бойынша құрылды. Яғни, *бейбітшілік судьясы – қылмыстық істер жөніндегі трибунал – апелляциялық соттар – жоғарғы кассациялық сот*. Кассациялық сот азаматтық және қылмыстық істер бойынша ең соңғы инстанция болды. Соттың қасында *прокуратура* болды. Ол мемлекеттік айыптауды жүзеге асырды және сот аппаратының лауазымды тұлғаларының іс-әрекетінің заңдылығын қадағалады. Қылмыстық іс жүргізушілік заң аралас – жарыспалы-іздеу процесінің нысанын бекітті. Ол тергеу мен айыптауды бөліп тастады. Айыптауды судья емес, прокурор жүзеге асырды. Бірінші саты – *алдын-ала тергеу сатысында* іздеу процесі іске асырылды. Екінші саты – *соттық талқылау сатысында* ауызшалық және жариялылық қағидаларына негізделген жарыспалы нысан қолданылды. Сот отырушыларының институты одан әрі дамытылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Франциядағы буржуазиялық революцияның себептері қандай?
2. 1789ж. Адам және азамат құқықтарының декларациясының басты идеялары қандай?.
3. 1791 ж. Конституцияның мазмұнына сипаттама беріңіз.
4. Революцияның якобиндік кезеңінің басқа кезеңдерден ең басты айырмашылығы неде?
5. Революцияның жеңілу себептері қандай?

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.
2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.
3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.
4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php
6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 10. XIX-XIX ғғ. Германия мемлекетінің және құқығының дамуы.

Мақсаты: Германияның мемлекеттік билік құрылымдарының эволюциясын, институттары мен механизмін түсіндіру. Жаңа заманда Германияда қабылданған буржуазиялық нормативтік құқықтық актілерді жіктеу.

Негізгі терминдер: бытыраңқылық, Рейн одағы, Герман одағы, кеден одағы, Пруссия,

Сұрақтар:

1. Герман мемлекеттерінің алғашқы бірлестіктерінің құрылуы: 1806 ж. Рейн одағы, 1815 ж. Герман одағы. 1834 ж. Кеден одағы.
2. 1849 ж. Франкфурт конституциясы.
3. Пруссия монархиясының ерекшеліктері және 1850ж. конституциясы.
4. 1866 ж. Солтүстік герман одағының құрылуы. Пруссияның үстемдігі.
5. Герман империясының құрылуы және 1871 ж. Конституция.

XVIII ғ. аяғында «Герман ұлтының қасиетті Рим империясы» деп аталған герман мемлекеті 300-ден астам княздіктерден, жүздеген ұсақ рыцарлық иеліктерден және еркін қалалардан тұрды. Алайда шын мәнінде бұл біртұтас мемлекет болмады. Бұл формалды мемлекет Римге ешқандай қатысы жоқ, қасиеттілігі де шамалы, герман ұлтын да біріктіре алмаған құр атау ғана болды.

Шаруашылық жағынан герман мемлекеті бұл уақытта артта қалған аграрлы ел болды. Буржуазиялық дамудың жолындағы басты кедергі крпеостнойлық-феодалдық қатынастар, саяси бытыраңқылық және мемлекеттік аппаратта консервативті элементтердің басым болуы сияқты факторлар болды. Бұл кедергілерді жойып, экономикалық және саяси мықты ел болу үшін орталықтанған мемлекет құру қажеттілігі күннен-күнге анық көрінді. Германияда объективті орталықтану процестері басталды. Олар келесі сатыларда өтті:

1. Рейн одағының құрылуы (1806-1814 жж.)
2. Герман одағы (1815-1866 жж.)
3. Солтүстік-Герман одағы (1867-1871 жж.)
4. 1871 ж. Герман империясының құрылуы.

«Герман ұлтының қасиетті Рим империясының» құлауы және Рейн одағының құрылуы. Бұл уақытта саяси бытыраңқылық өзінің шарықтау шегіне жеткен болатын. Империя құрамына кіретін ұсақ мемлекеттер шын мәнінде толық егеменділікке ие болды. Олардың ішінде екі негізгі мемлекет бөлініп шықты. Бұл - империя ішіндегі империяға айналған Австрия және реформаторлық саясат арқасында дамыған европалық державаға айналған Пруссия. Осы екі елдің арасында саяси бәсекелестік арта берді.

Сонымен бірге, осы кезеңдегі герман мемлекетінің дамуына Ұлы Француз революциясы және Наполеондық соғыстар зор әсер етті. Бұл соғыстарда герман армиясы жеңіліс тапты. Нәтижесінде Наполеон өзіне одақтас болып соғысқан неміс мемлекеттеріне 12 ұсақ мемлекеттің жерлерін бөліп берді. Осылайша ол Австрия мен Пруссияға қарсы қоярлықтай одақтастар жасағысы келді. 1806 ж. Наполеонның бастамашылығымен 16 герман мемлекеті (Бавария, Вюртемберг, Баден, Берг, Гессен-Дармштадт және т.б.) кірген – Рейн одағын құрды. Бұл профранцуздық бағыт ұстанған мемлекеттердің конфедерациясы болды. Кейін олардың қатарына тағы бес мемлекет қосылды.

Рейн одағына кіретін мемлекеттер империя құрамынан шығатындығын жариялады. 1806 ж. тамызда Австрия императоры Франц Герман ұлтының қасиетті Рим империясының императоры тағынан бас тартты және бұл мемлекеттің жойылғандығын жариялады. Рейн одағына кіретін мемлекеттерді діни қызметкерлер мен дворяндардың сословиелі артықшылықтары, шаруалардың жеке басыбайлығы жойылды, сот және құқықтық жүйелер қайта құрылды. Бұл реформалар капитализмнің дамуына жағдай жасады.

1806 ж. Наполеоннан жеңіліс тапқан Пруссияның билеуші топтары *шектелген буржуазиялық* реформалар жүргізуге мәжбүр болды. Бұл крепостнойлық құрылыстың қалдықтарын жоюға, экономиканы сауықтырып, мемлекетті орталықтандыруға мүмкіндік берді. Пруссиялық министр Штейнның басшылығымен *аграрлық реформа* жүргізілді. 1807 ж. крепостнойлық құқық жойылып, шаруаларға жеке бас бостандығы берілді.

Мемлекеттік басқару реформасы жүргізілді. Бұрынғы басқарылмайтын алқалардың орнына министрлер басқаратын министрліктер құрылды. **Министрлер кеңесін канцлер** басқаратын болды. 1808 ж. буржуазияның мүддесіне сәйкес *муниципалды реформа* жүргізілді. Оған сәйкес қалаларда бай тұрғындары ғана сайлайтын өзін-өзі басқару жүйесі енгізілді.

Шарнгорстың әскери реформасына (1814 ж.) сәйкес жалпыға міндетті әскери борыш енгізілді, дене жазалары алынып тасталды, офицерлік атақтар дворяндардың артықшылығынан алынды.

Ал Австрияда билеуші табы керісінше абсолютизмнің әлеуметтік негізін нығайту мақсатында діни және дворяндық сословиелердің ырықна көне берді. Бұл саясат капитализмнің дамуын тежеді және Австрияны экономикалық мешелікке апарып соқты.

1815 ж. Герман одағы. Наполенның жеңіліс тауып, тақтан бас тартуынан кейін 1815 жылдың 9 маусымында Венада өткен конгрессте қол қойылған «Одақтық актіге» сәйкес *34 тәуелсіз мемлекет пен 4 қаладан* (Гамбург, Бремен, Любек, Майнадағы Франкфурт) тұратын *Герман одағы* құрылды. Бірақ бұл қадам саяси бытыраңқылықты жоя алмады.

Мемлекеттік құрылым нысаны бойынша Герман одағы *конфедерация* болды, яғни, одаққа кірген барлық мемлекеттер өз егемендігін сақтап қалды. Одақтағы саяси басымдыққа аумағының көлемі ең үлкен Австрия ие болды. Алайда мемлекеттің орталықтануына жол берілген жоқ. Жалпыгермандық басқару органдары қалыптаспады, әрбір мемлекеттің өз ақшасы, кедені сақталды.

«Одақтық актіге» сәйкес оған кірген барлық мемлекеттерде конституциялық монархия орнатылды. Ол конституциялар монархтармен сифа тартылған актілер болды. Бірақ олар мемлекет мүдделерінің тұлғаға қатысты басымдығын және конституциялық басқарудың дұрыстығын бекітті.

Барлық саяси және құқықтық актілерге қарамастан мемлекеттің артта қалуын жоятын капиталистік дамудың кедергілері азаймады. Ол үшін бірінші кезекте мемлекеттің бірігуі және орталықтануы қажет болды.

Нәтижесінде 1834 ж. Герман одағына кіретін 18 мемлекет *Кедендік одақ* құруға келісті. Олардың құрамына Австрия мен оның жақтастары кірмеді. Кедендік одаққа кірген мемлекеттер кедендік салымдарды алып тастауға келісті. Бұл одақтан негізінен Пруссия пайда тапты. Ортақ нарықтың пайда болуы, жолдардың салынуы, тауар айналымының артуы капитализмнің дамуына жағдай жасады. Бірақ бұл мемлекеттердегі полицейлік режимдер буржуазиялық қатынастарға кедергі жасады. Буржуазия мен дворяндардың арасындағы қарсылық күннен-күнге үдейе түсті. Оны тек буржуазия-демократиялық революция жоя алатын болды.

1848 ж. революция және оның саяси нәтижелері. 1849 ж. Конституция.

1848 ж. Францияда орын алған революцияның нәтижесінде монархияның құлауы, Герман елдерін жайлаған экономикалық дағдарыс және 1847 ж. астықтың шықпауы революциялық қозғалыстың басталуына түртпе болды. 1848 ж. наурызында Германияның көптеген қалаларында шаруалардың помещиктерге қарсы бас көтерулері мен демонстрациялары басталды. Көптеген монархтар бірқатар жеңілдіктерге баруға мәжбүр болды.

1848 ж. герман буржуазиялық революциясының басты мәселесі Германияны біріктіру болды. **Либералды буржуазия** Германияны одаққа кіретін мықты мемлекет (Австрия немесе Пруссия) төңірегіне біріктіріп, конституциялық монархия орнатуды қсынды. **Жұмысшылар мен ұсақ буржуазия** Германияны астынан біріктіріп, федералистік басқарудағы республика құруды ұсынды.

Либералды буржуазияның ұсынысымен 1848 ж. жалпыгермандық *парламент* шақырылды. Ол жалпыгермандық **Ұлттық жиналысқа** сайлау өткізу туралы шешім қабылдады. Депутаттық мандаттардың үштен екісі Австрия мен Пруссияға берілді, үштен бір бөлік басқа германдық мемлекеттерге берілді. 1848 жылдың 18 мамырында Майнадағы Франкфуртта Ұлттық жиналыс өз жұмысын бастады. Депутаттардың саяси құрылымы

эртекті болды. **Монархистер** (60 адам) бірігуге қарсы болды және революцияға дейінгі тәртіпті қалпына келтіруге шақырды. *Республикандықтар* (150 адам) демократиялық республика үшін күресті. Алайда парламентте көпшілікке ие болған либералды буржуазия мен буржуазиялы зиялылар (270 адам) дворяндармен келісе отырып *Конституциялық монархия* орнатуға тырысты. 1849 ж. Ұлттық жиналыс Конституция қабылдады.

Жаңа конституцияға сәйкес *федерация* нысанындағы **имперяны** жариялады. Оның құрамына кіретін мемлекеттер өз егемендігін, үкіметі мен заңдарын сақтап қалды, бірақ федералды заңдардың жергілікті заңдар алдындағы басымдығы қағидасы қатаң бекітілді. Сонымен бірге жергілікті сепаратизмді жоятын механизмдер енгізілді.

- Сыртқы саясатты жүргізу ерекше құқығы федерацияға берілді;
- Ортақ экономикалық кеңістіктің конституциялық негіздері бекітілді, яғни, кедендік баждар жойылды;
- Ортақ азаматтық және ортақ құқықтық кеңістік орнатылды;

Басқару нысаны бойынша Конституциялық монархия бекітілді. Империя басында монарх – Австрия немесе Пруссияның патшаларының бірі тұрды. **Император** мемлекет және атқару билігінің басшысы болды. Император өз билігін тағайындалатын министрлері және оның алдында жауапты парламент арқылы жүзеге асырды. Заңшығару билігі екі палатадан тұратын парламент – Рейхстагқа берілді. Жоғарғы палата – *мемлекеттердің палатасы*, төменгі палата – *халықтық палата*.

Алайда буржуазиялық революцияның Германияда жеңіліс табуы нәтижесінде 1849 ж. Конституция күшіне енбеді. Германия орталықтанған біртұтас мемлекетке айналмады. Австрия мен Пруссияның билік үшін күресі жалғаса берді.

Герман империясының құрылуы және 1871 ж. Конституция.

XIX ғ. ортасына қарай Австрияның беделі айтарлықтай түсті. 1848 ж. Венгрияда революция орын алды. Оны Ресей патшасының әскерімен ғана жаныштауға мүмкін болды. Сонымен бірге чехтардың, венгрлердің, поляктардың, хорваттар мен италияндықтардың ұлт-азаттық қозғалыстары монархияның іргесін шайқалтты. Австрияның Герман одағындағы басымдыққа деген үміті 1866 ж. Пруссиядан жеңілісінен кейін ғайып болды.

Нәтижесінде жағдайды сақтап қалу үшін Австрияның патшалық әулеті Венгрияның помещиктерімен келісімге баруға мәжбүр болды. 1867 ж. Австро-Венгриялық монархияның құрылғандығы жарияланды. Осы жылдың елтоқсанында екі орталықты монархиялық нысандағы федеративті Австро-Венгрия империясының құрылғандығын бекітетін конституция қабылданды.

Бұл уақытта Пруссияның саяси ықпалы арта түсті. Бұл негізінен жаңа үкімет басшысы помещиктердің көсемі князь Отто Эдуард Леопольд фон Бисмарктың реформаларына байланысты болды. Бисмарк саясатының мәні авторитарлы билікке негізделген мықты держава құру болды. Ол Германияны пруссияның мықты әскерінің күшімен біріктіруді ұсынды. Оның саясатын ірі юнкерлер мен кулактар қолдады.

Пруссияның бірқатар әскери жеңістерінен кейін оның Герман мемлекеттерінің арасындағы саяси басымдығы 1867 ж. күшіне енген Солтүстік-Герман одағының Конституциясында бекітілді. Яғни, Герман одағы жойылып, құрамына 22 мемлекет кірген Солтүстік-Герман одағы құрылды.

1867 ж. Конституцияға сәйкес Солтүстік-Герман одағының басында Президент тұрды. Ол әрқашан Пруссия королі болуға тиіс. Оның қолында барлық атқарушылық билік шоғырланды. Одақтық үкімет монарх алдында жауапты болды. Билік шын мәнінде канцлердің қолында болды. Заңшығару билігі екі палаталы парламентке берілді: Жоғарғы палата – Одақтық кеңес 43 уәкілетті өкілдерден тұрды. Олардың 17 Пруссияның өкілдері болды. Төменгі палата – Рейхстаг жалпы және тікелей дауыс беру арқылы 3 жылға сайланатын 297 депутаттан тұрды.

Алайда Солтүстік-Герман одағының құрамына оңтүстік Герман мемлекеттері қалып қойды. Олардың жалпыгермандық интеграцияға қосылуына Франция кедергі жасады. Сол себепті 1870 ж. Пруссия Франциямен соғыс бастады және 1871 ж. жеңіп, оларды құрамына

қосып алды және Франциядан Эльзас пен Лотарингияны тартып алды. 1871 ж. Версаль сарайында орталығы Пруссия болып табылатын Австриядан басқа барлық герман мемлекеттері кірген **Герман империясының** құрылғандығы жарияланды. Прусс королі император атағын қабылдап алды.

1871 ж. Біріккен Герман империясын бекітетін жаңа Конституция қабылданды. Оған сәйкес Герман империясы келесім негізіндегі федерация, яғни, одақтық мемлекет болды. Оның құрамына 22 монархия (4 патшалық, 11 ұлы герцогтік және 5 княздік) және 3 еркін қала мен империялық провинция – Эльзас-Лотарингия кірді.

1871 ж. Империялық конституция белгілі-бір толықтырулар енгізілген 1867 ж. Солтүстік-Герман Конституциясының көшірмесі болды. Ол ассиметриялы федерация нысанындағы империяны жариялады. Бұл мемлекетте Пруссия басымдыққа ие болды.

Конституцияға сәйкес Герман империясының мемлекеттік құрылысы дуалистік нысандағы конституциялық монархия болды. Ол монарх пен канцлер биліктерінің шексіздігі және парламенттің әлсіздігімен ерекшеленді.

Жалпы алғанда, 1871 ж. Конституция мемлекеттің жаңа типін – буржуазиялы монархияны бекітті. Ондағы саяси билік прусстық генералитет пен юнкерлерге берілді.

Германияның құқығы.

Германияның буржуазиялық құқығының қалыптасу ерекшеліктері. «Герман ұлтының қасиетті Рим империясының» құқығы XVIII-XIX ғғ. шегінде әлі де көптеген құқықтық жүйелерге бөлшектенген күйінде қалды. Империя құрамына кіретін мемлекеттердің партикулярлы, яғни, жергілікті құқықтық жүйелері болды. Олар түрлі қатынастарды түрліше реттеді. **Құқықтық партикуляризмнің** себебін саяси бытыраңқылықта іздеу қажет болды. Жергілікті құқықтармен қатар империялық заңнама мен римдік пандектілік құқықтан құралған **жалпы құқық** қызмет етті. Ол партикулярлы құқықтағы ақаулықтарды толықтырып отырды.

Германияда буржуазиялық құқықтың қалыптасуы бірқатар факторларға тәуелді болды:

1. Германияның біртұтас елге айналуынан;
2. Рим құқығының империяның түрлі аумағында түрлі деңгейде рецепциялануынан;
3. Елдің аймақтарының экономикалық дамуының әртүрлі болуы;

Алайда Германияның буржуазиялық құқықтың қалыптасу процесіне барлығынан бұрын елдің бытыраңқылығы қатты әсер етті. Нәтижесінде Рейн одағына кірген елдердің аумағында рим құқығының рецепциясы негізінде жасалған **1804 ж. Наполеонның Азаматтық кодексі** әрекет етті. Бұл уақытта Пруссияда рим құқығының қағидаларын мойындамаған 1794 ж. **Прустық зем уложениясі** әрекет етті.

Ортақ азаматтық заңнама жасауға барлық одақ құрамындағы барлық билеушілер қарсы болды. Бұл егеменділікті сақтау желеуімен сылтаулатылды. Алайда капиталистік айналым буржуазиялық негіздегі ортақ құқықтық кеңістікті қажет етті. Осылайша, Германияның бірігуімен қатар ортақ азаматтық құқық қалыптаса бастады.

Алайда ортақ герман мемлекетінің құрылуы ортақ заңнаманың құрылуына бірден әкелген жоқ. Бұл процесс ширек ғасырға созылып кетті. 1896 ж. Азаматтық кодекстің жобасы дайындалып бекітілді, тек 1900 ж. заң күшіне енді. Себебі империя құрамына кіретін бірнеше мемлекетке ішкі заңнамаларын ретке келтіріп алуға уақыт берілді. Аталмыш процедура жаңа 1897 ж. Сауда кодексіне де қолданылды. Орталықтанған мемлекеттің құрылуымен ортақ 1871 ж. Қылмыстық кодекс және 1877 ж. Қылмыстық іс жүргізу кодекстері де қабылданды.

Германияның азаматтық құқығы. Мүліктік және олармен байланысты жеке мүліктік емес қатынастарды 1900 ж. **Герман азаматтық уложениясі** реттеді. Оған бірқатар ерекшеліктер тән:

- Оның құрылымы *пандектілік*, яғни, барлығын мүмкіндігінше қамтуды көздейтін жүйе бойынша құрылған;
- Кодекстегі нормалар мен институттардың сипаттамалы нысанда берілуі, бұнда нақты және жалпы анықтамалар жоқ, көбінесе сілтемелі нормалар басым;

○ Түсініктемелердің нақты еместігі, құқықтық емес имандылық сипатындағы нормаларға сілтеме жасауы.

Құрылымы бойынша Уложение 5 кітаптан тұрды. Бірінші кітап құқықтың жалпы сұрақтарына арналған. Онда барлық тараулардың негізгі азаматтық-құқықтық институттарын анықталған. Екінші кітап толығымен міндеттемелерге арналған. Үшінші кітапта заттай құқық нормаарға жинақталған. Төртінші кітап неке-отбасы қатынастарын реттейтін нормиалардың жиынтығы болып табылады. Бесінші кітап мұрагерлік қатынастарды реттейді.

Герман азаматтық құқығына сәйкес субъектілер болып жеке және заңды тұлғалар табылды. Алайда азаматтардың құқықтық теңдігі қағидасы толық қамтылмаған. Ер адам тек 21 жаста ғана кәмелет жасқа толған деп танылды, әйелдердің әрекетқабілеттілігін шектейтін нормалар көп болды.

Герман азаматтық уложениесі заңды тұлғалардың екі түрін мойындады:

1. ферейндер – шаруашылық немесе шаруашылықтық емес мақсаттарда құрылған жеке тұлғалардың бірлестігі.

2. мекемелер – белгілі-бір мақсаттарға жету үшін белгілі мүліктердің бірігуі болып табылатын жеке тұлғалардың одағы.

Заттық құқықтар. Заттық құқықтардың объектісі болып қозғалатын және қозғалмайтын заттар жатты. Қозғалатын заттарға жер және онымен тығыз байланыстағы заттардан басқа барлық заттар жатқызылды. Алғаш рет бағалы қағаздар қозғалмалы заттар қатарына жатқызылды. Қозғалатын және қозғалмайтын заттар түрлі құқықтық режимдерде болды. Қозғалмалы затқа қатысты меншік құқығында ешқандай шектеуліктер жоқ, жер учаскесіне қатысты меншік құқығында келесідей шектеуліктер орын алған:

○ Жер учаскесінің меншік иесінің учаскенің қазбасына және ауа кеңістігіне құқықтары «меншік иесінің мүдделерінің шегімен» шектеледі.

○ Жер учаскесінің иесінің құқықтары басқа жер учаскелерінің шаруашылық қолдану мүдделерінде шектеледі.

Міндеттемелік құқық. Заңшығарушы міндеттеменің анықтамасы бермеген. Алайда уложение мағынасынан оның келесідей түсінігін айыруға болады: міндеттеме – екі тарапты байланыстыратын құқықтық қатынас. Міндеттемелер келісімнен немесе деликтіден пайда болған. Келісім-шарт жарамдылығының талаптары:

- Тараптардың көрнекті келісімі;
- Келесімге келуші тараптардың әрекетқабілеттілігі;
- Келісім-шарт мазмұнының заң талаптарына сәйкес болуы;
- Келісім-шарттың «мейірімді ерік» немесе азаматтық айналым әдет-ғұрыптарына талаптарына сәйкес болуы;

Бұл талаптардың орындалмуы кез-келген келісім-шарттың жарамсыздығына алып келеді. Уложениеде 20-дан астам келісім-шарттың түрі көрсетілген.

Неке және отбасы. Уложениеде некенің жарамдылық талаптары бекітілген:

1. некелік кәмелет жасақа жетуі (ер адам -21, әйел -16);
2. некеге тұрушылардың келісімі;
3. некеге тұрушылардың жақын туыстықта болмауы;
4. басқа некеде тұрмауы;
5. зинақорлық жасау себебінен ажырасқан адамдарға некеге қайта тұруға тиым салынған.

Ажырасу негіздері ерлі-зайыптыларға бірдей болды. Олар: зинақорлық, бірінің екіншісінің өміріне қол сұғуы, «абыройсыз іс-әрекет» немесе басқа да имандылыққа жат қылық жасау.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары неке келісім-шартымен реттелді. «Енгізілген мүлік режимі» басым болды. Яғни, біріктірілген мүлікті басқару құқығы ер адамға берілді.

Мұрагерлік құқық. Мүлікті мұрагерлікпен қалдыру екі жолмен: заң бойынша және өсиет арқылы жүзеге асырылды. Уложениеде «өсиет еркіндігі» қағидасы дамытылды. Алайда өсиет тек заңды мұрагерлер мүддесімен ғана шектелді.

Германияның сауда құқығы. Германияның бүгінгі күнге дейін әрекет етіп келе жатқан Сауда кодексі 1897 ж. қабылданған болатын. Кодекс төрт кітаптан тұрады. Біріншісі сауда кәсіпорындарын, фирмаларын ұйымдастыру және маклер туралы нормалардан тұрады. Екінші кітапта сауда серіктестіктеріне, акционерлік қоғамдарға, коммандиттік серіктестіктерге, жариясыз серіктестіктерге арналған. Үшінші кітапта коммерсанттар жасатын сауда мәмілелерінің нормалары жинақталған. Төртінші кітап теңіз саудасымен теңіс сақтандыруына арналған.

Қылмыстық құқық. Біріккен Германияның Қылмыстық кодексі 1871 жылдың мамыр айында қабылданды. Оның ресми атауы – 1871 ж. **Қылмыстық уложение.** Ол құрылымы жағынан үш бөліктен тұрды:

1. Бірінші бөлімде қылмыстарды, жаман қылықтар мен полицейлік құқықбұзушылықтарды жіктеу қағидалары және шетелдерде қылмыс жасаған жағдайындағы герман азаматтарының жауаптылығы туралы мәселелер жиналған.

2. Екінші бөлім қылмыстық жаза тағайындау, қылмыс сатылары, қылмысқа бірге қатысу мәселелеріне арналған.

3. Үшінші бөлігі қылмыстардың жеке түрлері мен олар үшін тағайындалатын жазаларды бекітетін нормалардан тұрады.

Ең ауыр жазалаор мемлекетке қарсы қылмысы жасағандарға қолданылды. Сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар да ауыр жазаланды. Сонымен бірге дінге, отбасыға, тұлғаға қарсы қылмыстар және экономикалық қылмыстар ажыратылды.

Сот құрылысы және процесс. Германида азаматтық және қылмыстық процестер бөлінген болды. Азаматтық сот өндірісін үкіметпен тағайындалатын және ауыстырылмайтын кәсіпқой судьялар жүзеге асырды. Процесс жарыспалы сипатта болды. Қылмыстық сот өндірісі екі сатыдан тұрды. Тергеуші судья жүзеге асыратын алдын-ала тергеу және сот отырушылары қатысатын сот талқылауы. Адвокаттың қатысуы барлық сатыларда рұқсат етілді.

1918 жылы Германияның соғыс майданында бірқатар сәтсіздіктерге ұшырауы, сондай-ақ Ресейдегі революция Германияда революциялық жағдайының қалыптасуын жеделдетті. 1918 жылы Киль қаласында басталған әскери теңізшілердің көтерілісі Германияның Гамбург, Лейпциг, Мюнхен, Бремен сияқты ірі қалаларына тез тарады. 1918 жылы 9 қарашада революция Берлинде жеңіске жетті. Император (кайзер) Вильгельм Голландияға қашып кетті. Билік басына неміс-социал демократтар келді (себебі олар социалистік мемлекетті революция арқылы емес, реформистік өзгерістер арқылы орнатуға болады деп есептеді). Социал демократтардың уақытша үкіметті Құрылтай жиналысты сайлау қажеттілігін жариялады.

1919 жылы қаңтарда Құрылтай жиналысқа сайлау өтті. Онда буржуазиялық, халықтық демократиялық, христиан-демократиялық (16 миллион партиялар) социал демократтарға (13,5 миллион) қарағанда көп дауысқа ие болды. Құрылтай жиналыс Веймар қаласында шақырылды. Жиналыс социал демократтардың жетекшісі Макс Эбертті уақытша президент етіп сайлады. 3 партиялық – социал-демократтардың, демократиялық және Центр партиясының өкілдерінен үкімет құрылды. Үкіметті социал-демократ Шейдеман басқарды. Бұл үкімет Версаль бітіміне қол қойды және Жаңа Конституцияны қабылдады.

1919 жылы Конституция бойынша Германия буржуазиялық парламенттік республикаға айналды. Жоғарғы өкілдік және заң шығарушы орган 2 палаталы парламент болды. Төменгі палатасы – рейхстаг пропорционалдық жүйе бойынша 4 жылға сайланды (35 округтан партиялар өз тізімі бойынша сайлауға қатысты). Жоғарғы палата – рейхсрат (имперский совет) герман жерлерін өкілдерінен сайланды (Пруссия – 26, Бавария – 10, Саксан – 7 дауысқа ие болды). Рейхсрат төменгі палатаның қабылдаған актісін опротестовать ете алатын болды. 2 палатаның арқасында даулы мәселе қалыптасқанда президент араласатын

болды. Ол не рейхсратты қолдады немесе даулы мәселені халықтық референдумға шығарды.

Германия мемлекетті 18 герман жерінен құрылды: 15 республика және 3 автономиялы ерікті қала. Әрбір жердің өз Конституциясы, заң шығармашы органы – ландтаг және өз үкіметі болды. Төмендегідей мәселелер империялық өкіметтің қарауында болды: 1) сыртқы саясат, халықаралық қатынастар; 2) әскер мен флот; 3) ақша шығару және қаржы; 4) кеден ісі; 5) транспорт және байланыс; 6) азаматтық беру және эмиграция.

Мемлекет басшысы президент болды. Оны 7 жылға халық сайлады. Жоғарғы атқарудың билігі президенттің қолында шоғырланды: 1) әскерге жоғарғы қолбасшылық етті, үкімет құрамын толығымен басшысын және барлық министрлерді; 2) жоғарғы лауазымды иелерін және елшілерді тағайындады; 3) сотталған дарға кешірім жасау; 4) рейхстагты тарату; 5) елде төтенше жағдайды енгізу; 6) төтенше декреттер шығару.

Үкімет басшысы – канцлер болды. Оны президент тағайындады. Президент қолдауына сүйене отырып, канцлер рейхстагты толық бақылауына алды. Елде әлі де революциялық жағдай сақталып отырғандықтан, социал-демократтар кейбір уәделерін орындауға мәжбүр болды. Сондықтан да Конституцияның – 1 бабында мемлекеттік билік халықтан шығады деп атап көрсетіледі. Конституция: 1) жеке меншікке қол сұғылмаушылықты жариялады; 2) жынысы мен тегіне қарамастан барлық азаматтар заң алдындағы теңдігі; 3) жеке адамның басына, үйіне қол сұғылмаушылық; 4) хат жазысудың құпиялығын сақтау; 5) жалпыға бірдей тең, сайлау құқығы; 6) сөз және баспасөз бостандығы; 7) 8 сағаттық жұмыс күні.

Билік басына фашистердің келуі. 1929 жылы басталған дүние жүзілік экономикалық дағдарыс Германиядағы ішкі саяси жағдайды мүлдем шиеленістіріп жіберді. Осы кезде ел ішінде Коммунистік партияның беделі күшейді.

1930 жылы сайлауда коммунистер 4,5 миллион дауысқа ие болды. Жаңа революциялық дүмпулерден қауіптенген ірі өнеркәсіпшілер мен финансистер қиын жағдайдан шығудың жолын іздеді. Олардың назары Гитлер басқарған фашистік партияға ауды. Бұл партия 1919 жылы құрылған болатын. Оны алғаш кезде ұсақ буржуазия мен қылмыстық топтың өкілдері қолдады. Дегенмен олар өз бағдарламасында халыққа демагогиялық уәде берді: жұмысшыларға – жұмыссыздықты жоюға; шаруаларға – ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын көтеруге; ұсақ дүкен иелеріне – ірі сауда орындарын жоюға уәде берді. Өздерінің түпкі мақсаты: «Жаңа рейхты» қалыптастыру деп жариялады. Фашистік партияның қауіпті күш екендігін көре берген, Коммунистік партия социал-демократтарды бір одаққа бірігуге шақырды. Бірақ социал-демократтар бірігуден бас тартты. 1932 жылы гитлерлік партия 13 миллион дауысқа ие болды. Ал енді қарашадағы сайлау

11 миллионға түсіп кетті. Ал коммунистік партияның үлесі керісінше бұрынғымен салыстырғанда 2 миллион дауысқа өсті. Мұндай құрылыс ең алдымен Германияның монополистік топтарын қауіптендірді. Сондықтан да олар билік басына Гитлерді шақыруға асықты. 1933 жылы қарашада президент Гинденбург монополистік және әскери топтардың қысымымен Гитлерді канцлер етіп тағайындады. Германияда фашистік диктатураның орнауына төмендегі жағдайлар ықпал етті:

1) елдегі ірі өнеркәсіп және қаржы буржуазиясы саяси және экономикалық дағдарыстан шығудың бірден бір жолы күшті диктатураны орнату деп есептеді;

2) ұсақ буржуазия мен шаруалар нацистік партияның демагогиялық уәделеріне сенді;

3) Германияда фашизмге қарсы тұра алатын күш – жұмысшылар арқасында жік пайда болып, әлсіреді, ал Коммунистік партияның жалғыз өзі қауқарсыз болды;

4) елде экономикалық дағдарыс тереңдеді, бұл дағдарыстан шығу үкімін қатаң басшыларының керек болуы.

Фашистік Германияның саяси режимі және мемлекеттік құрылысы. Билік басына келген фашистер ең алдымен буржуазия-демократиялық бостандықтарды жоя бастады. 1933 жылы қабылданған «Герман халқы мен мемлекетін қорғау» туралы декрет бойынша сөз, баспасөз, жиналыс бостандығы жойылды, полицияға шексіз өкілеттіктер берілді. 1933

жылы 23 наурыздан заң бойынша рейхстагтағы депутат-коммунистер өз мандаттарынан айырылып, тұтқындалды. Басқа партиялардың да қызметіне тыйым салынды. Елде бір партиялық, әскерилендірілген саяси жүйе қалыптаса бастады.

Үкімет толығымен партияның бақылауында болды. Партияның орталық және жергілікті органдары үкіметтік функцияларға ие бола бастады. Фашистердің басқару механизмі партиялық, мемлекеттік және әскери аппараттан құрылды. Мұндай басқару партия, мемлекет және монополия арасындағы тығыз одақтың орнауымен сипатталады. Фашистік диктатура тұсында азаматтарды саяси көзқарасы, басқаша ойлаған, үкімін қудалады. Мемлекеттегі басқарушы қызметтерді иелену үлесін нацистік партияның мүшесі болуға тиісті болды. Гинденбург ауыр науқастанып, қаза болғаннан кейін 1934 жылы тамыз айында үкімет қаулысы бойынша Гитлер президент қызметін жойды. Ол өзін-өзі мемлекет басшысы деп және мирасқор таңдауға құқықтылығын жариялады. Фашистік партияның көсемі ретінде оның билігі шексіз болды. Гитлер өз қолында президенттің, канцлердің және рейхсраттың өкілеттіктерін шоғырландырды. 1933 жылы 24 наурыздағы декрет бойынша Гитлер рейхстагтың және президенттің келісімінсіз-ақ заң шығаруға құқықты болды. 1934 жылы 2 тамызда декрет бойынша неміс жерінің автономиясы жойылды.

Буржуазия-демократиялық бостандықтар жойылып, неміс азаматтарының фашистік мемлекетте және фюрер алдындағы жауаптылығы енгізілді. Бүкіл Германия құпия агентураның торымен шырмалды. Кез келген кәсіпорын, мекемеде нацистік партияның агенттері болды. Чиновниктік қызметке тек таза қанды арийліктер алынуға тиісті болды. Расизм және антисемитизм мемлекеттік саясат болып белгіленді.

Нацистер билік басына келмей тұрып-ақ, 1921 жылы террорлық актілерді жүзеге асыру үлесін шабуылдаушы отряд (СА – штурмовые отряды) құрылған болатын. СС – қорғаушы отрядтар, 1925 жылы фюрердің жеке басын қорғау үлесін СА-дан бөлініп құрылған әскери ұйым. Оны Гитлердің жақын ізбасарларының бірі Рем басқарды. Ремның «халықтық әскер» құруға жасаған әрекеті Гитлердің наразылығын туғызды. Гитлердің бұйрығы бойынша 1934 жылы 30 июньде қорғаушы отрядтар (СС – охранные отряды) Ремді және оның шабуылдаушы отрядтың жоғары тобын жойып жіберді. Осы кезден бастап өз алдына жеке ұйымға айналды, барлық полтцейлік билік Гиммлер басқарған СС-ке көшті, олар нацизмнің қарсыластарын жойды, концентрациялық лагерлерді күзетті, тұтқындарды жаппай қырумен айналысты. СС-тың бірнеше бөлімі болды:

- жалпы бөлім;
- арнайы отрядтар (фюрердің ерекше тапсырмаларын орындады);
- «мертвая голова» (халық көтерілістерін басты, конц. Лагерлерді күзетті және фашистік басшыларды қорғады);
- СД – қауіпсіздік қызметі 1931 жылы Гейдрих құрды (барлау органы).

Тотальді шпионаж жүйесін жүзеге асыру үлесін, өз дұшпандарының арқасында зияндық әрекеттерді ұйымдастыру үлесін және шетелдерге диверсия жасау үлесін мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы (СД) құрылды. СД-ң құрамында мемлекеттік құпия полиция (гестапо) құрылды. Оны 1933 жылы Геринг құрды. Гестапо нацизмнің барлық дұшпандарына қарсы күресудегі ең жоғарғы полицейлік орган болды. Тергеу жүргізуге түрлі азаптаулар мен айуандық әдістерді қолданды. Мысалы: «3 дәрежедегі» допуста су толтырылған камерада ұстау, көп күн бойы өте жарық шамның астында ұстау, имитация расстрела қолданылды. Гестапоның барлық іс қағаздары ерекше құпияда ұсталды.

«Пневматическая почта» Гестапо мен СД арасындағы бәсекелестік жағдайында РСХА – империялық қауіпсіздік Бас басқармасы құрылды. 1939 жылдан бастап ол елдегі барлық полицейлік органдарды біріктірді.

Фашизм (пучок, связка, объединение) 1-ші дүние жүзілік соғыстан кейін Европа елдерінде пайда болды. 1919 жылы мұндай партия Германияда құрылды. Ол Национал-социалистік неміс жұмысшылар партиясы деп аталды (НСДАП). Оның құрамында гитлер, Гесс, Рем, Эккарт, Розенберг және т.б. болды. 1920 жылы 2 мың адам жиналған митингіде Гитлер ең алғаш рет «25 пункт» деп аталатын ұсыныстарын жариялады. Көп ұзамай «25 п»

фашистік партияның ресми бағдарламасына айналды. Неміс ұлтының артықшылығы туралы националистік, цивинистік идеяларға негізделген бұл бағдарлама «Версаль шарты өрескел бұзған әділеттілікті» қалпына келтіру үшін реваншты (әскери жеңіліске ұшырап, қайта қарымта қайтару үшін, бұрынғы позициясын қалпына келтіру үшін кек қайтару) талап етті.

Партияның басты мақсаты: халық арасына фашистік идеологияны тарату, демократиялық, антифашистік күштерді басу үшін, билікті басып алу үшін арнайы террористік аппаратты құру.

Бұл партияны алғаш кезде ұсақ буржуазия мен қылмыстық топтардың өкілдері демагогиялық уәдері (құрғақ уәдемен алдау, құр сөзбен өзіне бедел жасау) халықтың назарын аударма бастады: жұмысшыларға – жұмыссыздықты жоюға; шаруаларға – ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын көтеруге; ұсақ дүкен иелеріне – ірі сауда орталықтарын жоюға уәде берді.

1923 ж. ноябрьде нацистер алғаш рет мемлекеттік билікті күшпен алуға әрекет жасады. Ол тарихта «Сыра бүлігі» деп аталғаны белгілі. Бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды. Гитлер және оның сыбайластары ұсталып, тұтқындалды. Гитлер сот шешімімен 5 жылға сотталды. Бірақ мерзімнен бұрын 10 айдан кейін шықты. Түрмеде отырып ол өзінің әйгілі «Майн Кампф» еңбегінің алғашқы бөліктерін жазды. Ол мемлекеттік билікті қандай жолмен болмасын, өз қолына алуға қызу кірісті.

Веймарлық республикалық саяси жағдайы әлсіз болды. Себебі, биліктің жоғары органдары қызметінің арасында келісім, бірлік болмады. Рейхстагтағы партиялар арасындағы қарама – қайшылықтардың өткір болуы бұл органдарды іштей әлсіретті. 1928 ж. сайлауға 43 партия қатысса, 1932 ж. сайлауға олардың саны 60-тан астам болды. Бұл қоғамның саяси жағдайының бытыраңқы болғандығының нақты көрінісі. Үкімет пен рейхстаг арасындағы текетірес парламенттің өте жиі және негіссіз таратылуына алып келіп отырды. Мұндай құбылыс халық санасына мемлекеттік билік органдарының мүлдем қауқарсыз сондықтан да фюрердің «күшті билігі» қажет деген түсініктің ұялауына әсер етті.

Конституцияның 48 бабына сәйкес төтенше жағдай да ел заңдар арқылы емес, төтенше жарлықтар арқылы басқарылды. Мысалы: 1932 ж. президент Гинденбург 66 төтенше жарлық шығарса, мағынасыз қажетсіз дебаттармен әуреленген рейхстаг бар болғаны 5 –ақ заң қабылданды.

Веймарлық мемлекеттік машинадағы дисбаланс оның құлдырауына толық күйреуіне алып келді. Бұл 1933 ж. фашистік диктатураның орнауы нәтижесінде жүзеге асты.

1927 -1928 жж. Германияда экономикалық дағдарыстың ең алғашқы нышандары байқала бастады. ал 1929 ж. бүкіл елді қамтыған экономикалық дағдарыс Германиядағы ішкі саяси жағдайды мүлдем шиеленістіріп жіберді. Осы кезде ел ішінде Коммунистік партияның беделі күшейді. Сайлауда коммунистер басым дауысқа ие бола бастады. жаңа революциялық дүмпуден қауіптенген ірі өнеркәсіпшілер мен финансистер қиын жағдайдан шығудың жолын іздеді. Бұл қиыншылықтардан елді алып шыға алатын бірден бір күш нацистік партия деп түсінді.

1933 ж. 30 январьда президент Гинденбург монополистік және әскери топтардың қысымымен Гитлерді рейх канцлер етіп қойды.

Гитлер қалыптастырған кабинетте нацист – социалдар ең маңызды орындарды иеленді: Фрик – ішкі істер министрі; Геббельс – халық ағарту және насихат министрі; Гугенберг – экономика министрі; ал Геринг – портфельсіз министрге (министрлікті басқармайды, бірақ канцлердің жеке тапсырмаларын орындайды, үкіметтің мүшесі болып табылды, үкімет отырыстарында шешуші дауыс құқығына ие болды), сондай –ақ Пруссияның ішкі істер министрі.

Фашистік кабинеттің ең алғашқы отырыстарында рейхстагты таратып, 1933 ж. 5 мартта жаңа сайлау өткізу туралы шешім қабылданды. Ондағы мақсаты – рейхстагта абсолюттік көпшілік орынға ие болу еді. Осылайша, нацистер өздерінің диктатурасын нығайтып және бұл диктатураға сырттай «заңды» кейіп, форма бергісі келді.

1933 ж. 4 февральде Гинденбург пен Гитлер қол қойған ең алғашқы репрессиялық декрет «Герман халқын қорғау» туралы декрет бойынша сөз, баспасөз, жиналыс бостандығы жойылды.

Полицияға шексіз өкілеттіліктер берілді (конституцияның 48 бабы негізінде «қоғамдық тыныштықты» сақтауды сылтау етті). Бірнеше күннен кейін, 17 февральде Геринг антифашистерге қарсы, күресте қару қолдануға рұқсат еткен бұйрық шығарды.

Коммунистерге қарсы күресте күшті соққы беру үшін сылтау қажет болды. 27 февральде «рейхстагты өртеуді» ұйымдастырды. Осыны сылтауратып, үкімет «Сатқындық әрекетке қарсы» және «халық пен мемлекетті қорғау туралы» деп аталатын төтенше қаулылар қабылданды. Онда коммунистік партиялардың қызметтеріне біршама шектеулер қойылды. Жаппай тұтқындауға, нацистік террордың күшеюіне қарамастан, 1933 ж. мартта рейхстагқа сайлауға коммунистер 4,8 млн дауыс алып, 81 мандатқа ие болды. 1933 ж. 23 мартта Гитлер коммунист депутаттарды өз мандаттарынан айырып, тұтқындады. Басқа партиялардың қызметіне де шектеу қойылды. Елде бір партиялық, әскерилендірілген, саяси жүйе қалыптастырыла бастады.

Гитлердің диктаторлық режимін заңдастыру (легализациялау) үшін парламенттік вотум (көпшілік дауыспен қабылданған пікір, қаулы) қажет болды. Фашистік унификацияны (бір жүйеге, формаға, бір қалыпқа келтіру) ешбір кедергісіз жүзеге асыру үшін Гитлерге төтенше өкілеттіліктер қажет болды.

1933 ж. 24 мартта рейхстаг халықтың және мемлекеттің мүшкіл халін жақсарту үшін заң қабылданды. Бұл заң бойынша Гитлер төтенше өкілеттіліктерге ие болды. Атап айтқанда, империялық үкімет заңдар қабылдауға өкілетті болды. Осылайша, рейхстаг үкіметті қадағалау мүмкіндігінен мүлдем айырылды (Розанов: «рейхстаг превратился в фашистский балаган»). Бұл заң Веймарлық конституцияны жоюға да бастама болады. Онда үкімет қабылдаған заңдар конституциядан ауықы алады делініп, үкімет бюджет мәселесі бойынша заң шығаруы да өз қолына алды. Сондай –ақ заңда шетел мемлекеттерімен жасырын шарттар және оның орындалуы парламенттің келісімін қажет етпейді деп баса көрсетілді. Ендігі кезде барлық империялық заңдар нацистер партиялық канцеляриясында дайындалатын болды.

Төтенше өкілеттіліктің туралы заңға сүйене отырып, нацистік унификациялау саясатына кірісті. Унификация – барлық фашистік емес саяси партияларды, бұқаралық қоғамдық ұйымдарды, жергілікті өзін-өзі басқару демократиялық органдарын жойып, бүкіл мемлекеттік билікті фашистік партияның жоғарғы тобының қолына шоғырландыру.

Осы мақсатта 1933 ж. 10 майда үкіметтің қаулысы бойынша СПГ (Германиялық Социалистік Партия) және оның қосалқы ұйымдарының мүлкі тәркіленді. 22 июньде СПГ «Германия және оның заңды үкіметіне қарсы сатқындық әрекет» үшін айыпталды. СПГ-ң кез келген формадағы қызметіне тыйым салынды. 1933 ж. 7 июльде ішкі істер министрі Фриктің өкімімен рейхстагтағы, ландтагтағы, жергілікті кеңестердегі СПГ депутаттарының қызметі заңсыз деп жарияланды. 1933 ж. 2 майда жалпыгерманиялық кәсіподақтар бірлестігі таратылды. Көп ұзамай барлық бұқаралық ұйымдар тіпті спорттық, мәдени ұйымдар да таратылды.

1933 ж. 1 декабрьде қабылданған «Партия мен мемлекеттің бірлігін қамтамасыз ету» туралы заң фашистік партияны «неміс мемлекеттік идеясын» қорғаушы деп жариялады. Бұл заң бойынша, рейхстагты Гитлердің өзі қалыптастырды (по списку «одобренных» плебисцитом). Министрлер т.б. лауазымдық қызметке тек нацистік партияның жоғарғы тобы өкілдері тағайындалды. Партия мен мемлекеттің бірлігін «фюрерлік» принцип бойынша қамтамасыз етілуі тиіс болды (яғни, фашистік көсемге «фюрерге» сөзсіз бағыну және мүлдем демократияның болмауы). Нацистік партия ішінде үстелу еткен осы принцип, енді бүкіл мемлекеттік механизмге таратылды.

«Унификациялау» саясаты біртіндеп жергілікті өзін-өзі басқару органдарын да қамти бастады. 1933 ж. 7 апрельдегі «Империя және облыстардағы саяси режимді унификациялау» бұл арнаулы заң бойынша барлық Германия жерінде үкімет наместнигінің

институты – штатгальтер институты енгізілді. Оларды президент канцлердің санкциясы бойынша тағайындалды. Штатгальтер жергілікті үкімет басшыларын, мүшелерін тағайындады, босатты, ландтагты тарата алды, жаңа сайлауды белгілі жергілікті маңызы бар заң қабылдады, судьяларды тағайындап, ауыстыра алатын болды.

1934 ж. 30 январьда «империяның жаңа құрылымы» туралы заң бойынша, ландтагтар жойылды. Германия жерінің үкіметі тікелей императорлық үкіметке, ал штатгальтер ПМ-не бағынады.

1934 ж. 14 февральде «Рейхсратты жою туралы» заң бойынша императорлық парламенттегі Германия жерінің өкілдік органы жойылды.

1933 ж. 7 апрельде «кәсіби чиновниктікті қалпына келтіру туралы» заң бойынша мемлекеттік аппараты «сәйкес келмейтін тұлғалардан» тазарта бастады: Аппаратқа 1918 ж. кейін келгендер, «арий тегіне жатпайтындар» чиновниктерге неарийкаларға үйленуге тыйым салынды.

Сот жүйесінде де елеулі өзгерістер болады. Фашистік судьялар өз қызметтерде неміс азаматтарының жеке құқығының мүлдем мойындамауды басшылыққа алды. 1933 ж. бастап әрбір сот округында фашистік режимнің қарсыластарын соттайтын ерекше соттар құқығы. 1934 ж. тағы бір төтенше сот – халықтың трибуналдар құрылды (мемлекетке мақындық істері бойынша).

Бұл сотта алдын ала тергеу қажет болмады. Трибуналдың үкімі шағымдануға жатпады. Әскерде әскери дала соттары қызмет етті.

1934 ж. 1 августта президент Гинденбург қайтыс болды. Сол күні Гитлердің ұсынысы бойынша «Герман империядағы мемлекеттің жоғарғы басшысы» туралы заң қабылданды. Бұл заң бойынша президент пен рейхканцлердің қызметі біріктірілді. Президенттің барлық өкілеттіліктері рейхканцлерге өтті. Егер бұрын президент 7 жылға сайласа, енді Гитлер мемлекет басшысы ретінде өмірлікке тағайындалды. Сондай –ақ Гитлер өзіне «мұрагер» тағайындауға құқылы болды (құпия жарлық бойынша Герингті тағайындады). Осы заң Германияда фашистік диктатураның қалыптасуын аяқтады.

Нацистер «жаңа 3-ші рейхті» құру үлесін бүкіл ғаламдық жаулап алуды жүзеге асыруы керек еді. 1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға шабуыл жасады. 1945 жылы СССР және одақтас елдер АҚШ, Англия, фашистік Германияны толығымен талқылады.

Германия 4 оккуптарлық зонаға бөлінді. Зоналардың командирлері одақтық бақылау кеңесін құрды. 1945 жылы июльде Гюдстамда одақтас елдердің арасында конференция өтті. Онда герман әскері мен флотын жою болды, әскери қылмыскерлерді сотқа беру туралы және демократиялық институттарды қалпына келтіру туралы шешім қабылданды.

1949 жылы 3 батыстық зона бірігіп – ФРГ-ны құрды, жаңа Конституция (Бонн) қабылданды. Бұл Конституция Веймарлық Конституцияға өте ұқсас болды: 10 жер; Бундесрат (Одақтық Кеңес); Вундестаг; Президент 5 жыл; ол канцлерді ұсынады; федералдық Конституциялық Сот.

Ал Шығыс Германияны СССР басқарды. 1948 жылы Герман Демократиялық Республикасы құрылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Біртұтас мемлекет құрылғанға дейін Герман мемлекеттерінің қандай бірлестіктері өмір сүрді?

2. 1849 ж. Франкфурт конституциясына сипаттама беріңіз.

3. Пруссия монархиясының ерекшеліктері қандай болды?

4. 1871 ж. Конституция бойынша Германияның басқару нысанына сипаттама беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Әлдибеков Ж.С. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – 264 б.

2. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран: Избранные памятники права. Древность и Средневековье: Учебное пособие. – М.: Норма, 2018. – 528 с.

3. Крашенинникова, Н.А. История государства и права зарубежных стран в 2-х томах. Т.2. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 720 с.

4. Батыр К.И. История государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

5. Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

6. Словарь терминов по истории государства и права зарубежных стран // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pravo/istrp/index.php

Тақырып 11. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы

Мақсаты: Қазақстан аумағындағы мемлекеттік және құқықтық дамудың негізгі үрдістерін талдау және тарихи-құқықтық фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді жіктеу.

Негізгі терминдер: тайпа, тайпалық одақтар, рулық құрылыс, сақтар, протомемлекеттер, гунымо, күнби, түркілер, тархан, Ақсақалдар кеңесі, ябғу, инал-тегін, аумақтық және әкімшілік бөліну, қаған, бұйрық, би, ихта, шарифат, тархан, Дешті-Қыпшақ, таян, хан, ұлыс,

Сұрақтар:

1. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы.

2. Ежелгі ғұн империясы.

3. Үйсін және қаңлы мемлекеттері.

4. Ежелгі түрік қағанаты және оның құқықтық жүйесі.

5. Оғыз мемлекеті.

6. Қарахан мемлекеті.

7. Қимақ қағанаты мен қыпшақ хандығы.

8. Найман және керей ұлыстары

1.1 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы

Әдетте мал шаруашылығы мен жер өңдеу ісі неолит-жаңа тас ғасырынан басталды деп есептеледі. Бірақ тарихи процестің ерекшелігіне сәйкес тоқымашылық және құмыра құю ісін ойлап тапқанмен адамдар әлі де болса аңшылық кәсіппен шұғылдана берді. Сондықтан да әлеуметтік ұйымның негізгі көзі-рулық қауым болып қала берді. Ол әлеуметтік теңсіздікке жол бермейтін, ағайындық-ұжымдық жер меншігіне иелік ететін қандас-туыстық негізде дамыды. Әрине, қауымдастық бірнеше топтарға бөлінді, олар жауынгер еркектер мен әйелдер және балалар топтастығы еді. Балалық топтан ересектер тобына алмасу ерекше салттық негізде жүргізілді. Қауымның маңызды істері ересек еркектер жиналысында шешілетін. Қауымнан дәстүр мен салтты, рәсімді жақсы білетін абыздар мен көрші қауымдастықтармен болатын қақтығыстарда басқаратын әскери көсемдер бөлініп шықты. Қауымның қарым-қатынастары мен тыныс-тіршіліктері өздеріне тән рәсімдері және тыйым салынған әдет-ғұрып жүйелері арқылы реттелетін.

Қазақстандағы қоғамның экономикалық базасы біздің заманымызға дейінгі III-II мыңжылдықтарда, яғни энеолит қола дәуірінде өзгере бастады. Аталған уақытта Қазақстанның солтүстігінде Көкшетау облысының Ботай бекеті жанындағы қоныспен аттас Ботай мәдениеті қалыптасты. Оған Солтүстік Қазақстанның далалық энеолитін сипаттаумен бірге оның қалыптасуына неолиттік Атбасар және Маханжар мәдениетін құраған тайпалар қатысты. Оның мерзімі тарихи деректерге сүйенсек б.з.б. III-II мыңжылдықтармен белгіленеді. Демек, ол бір мың жыл болған деген болжамға саяды. Ботай мәдениетін алғашқы зерттеушілердің қатарында В.Ф.Зайберт болды. Ботай археологиялық мәдениетін таратушылар жылқы шаруашылығымен айналысты. Ол жерден

табылған көптеген остеологиялық (Анатомияның сүйектің атқаратын қызметіне қарай қалыбы (формасы) мен құрылысын зерттейтін бөлімі — автор) материалдардың басым көпшілігі жылқы сүйектерімен қоса зубр, тур, бұлан, елік, аю, түйе, құндыз, суыр, қоян, қабан, түлкі, қарсақ, құстардың сүйектері еді. Нақтылай айтқанда мысалы, Ботай қонысынан 70000 жылқының сүйегі табылған. Мұндай мал шаруашылығына көшу өндірістік күштерді дамытумен бірге алғашқы рет өнімдердің артуына мүмкіндік берді. Өндірістік айналымның күшеюі жергілікті тұрғындар арасында өндірісті ұйымдастыратын ерекше топтардың пайда болуына мүмкіндік ашты.

Әдетте, адамдардың баюына әкеп соқтыратын әртүрлі соғыстар мен қақтығыстар қауымның арасынан ерекше байыған өнімі көп кәсіпқой жауынгерлерді бөліп шығарды. Осыдан келіп, өндіріспен айналыспайтын белгілі бір топ пайда болады. Сөйтіп қауымдастық “страта” деп аталатын жікке бөлінді. Ондай қауымдастықтарды ғылымда “стратиланғандар” дейді. Алғашқы кезеңде үш жік ерекше бөлініп шыққан болатын. Олардың біріншісі мал шаруашылығымен айналысушылар да, ал одан кейінгілері жауынгерлер мен абыздар болып саналды. Сондықтан да жікке бөлінген қауымдастық арасында болып жататын жиі-жиі қақтығыстарды енді әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы реттеуге мүмкіндік болмай қалады да, оларды бірте-бірте реттейтін құқықтық жүйе жағдайындағы іс-әрекеттер дами бастайды. Қандас-туыстық қауым ыдырап, орнына көршілік қауым келеді. Енді қауым арасындағы байланыс туысқандық емес экономикалық негізде қалыптаса бастайды. Жерге ұжымдық меншік сақталғанмен малға жеке меншік иелігі пайда болады. Міне, осы кезден бастап меншік құқығы мен өндіріс арасындағы құқықтық пайдалану негіздері қалыптасты. Осыдан келіп бір-бірімен көрші қауымдастықтардың әлеуметтік-құқықтық байланысын нығайтатын және жауларынан қорғануға толық мүмкіндік беретін жаңа қауымдастық одағы — тайпа пайда болды, оның өзіндік әскери басшылары, абыздары мен басқару әкімшілігі өмірге келді. Осы кезден бастап жария билік, яғни билік қызметін атқаратын ерекше бір адамдар жігі қоғамдық өмірге араласа бастайды. Сондықтан да ғылымда жария биліктен мемлекеттік пайда болғанға дейінгі аралықтағы қарым-қатынасты потестарлық қатынас деп атайды. Ендеше, тайпа потестарлық бірлестік болып саналады. Ол жария биліктің қалыптасуына негіз болған еді.

Мұндай күшті биліктің болғанына куә болатын дерек біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтың басындағы Қазақстанның солтүстік-батыс аймағындағы Ресейге жақын жерлерден табылған алғашқы қалалардың орны болып табылады. Олардың ішінде ең белгілісі — Арқайым, одан басқа қолөнер кәсібі мен ауыл шаруашылығы орталығы болып саналатын 20-ға жуық елді мекендер анықталды. Аталған дәуірдегі Евразия кеңістігін жайлаған дала жайындағы алуан түрлі ғылыми түсініктерге қала үлгісіндегі Синташт және жаңағы айтып өткен Арқайым бекіністі қоныстарының ашылуы мен зерттеулері принципті түрде өзгертулер енгізді. Алғашқы қалалар қорғанысқа мықты әрі жақсы жобамен салынған мәдени құрылыстардан тұратын еді.

Біздің заманымызға дейінгі XII-X ғасырларда Қазақстандағы этникалық жағдай едәуір өзгерді. Орталық Қазақстанды шығыстан Қарасу мәдениетін алып келуші тайпалар қоныстанып, жергілікті тұрғындар негізінде Дәндібай-Беғазы мәдениеті қалыптасып, ол Сырдарияның төменгі ағысына дейін тарайды. Міне, осындай көші-қон жағдайында андронов-арийлықтар оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағытта Орта Азия арқылы Иран мен Солтүстік Индияға алмасады. Сөйтіп Қазақстан тұрғындарының шаруашылығы бірте-бірте өзгеріске ұшырап, онда мал шаруашылығы кең етек алды. Содан кейін-ақ мүйізді ірі қара малдарды ұстаудың үлесі азайып, жылқылар мен түйелер және қойларды өсірудің саны артып, олар толық отырықшылықтағы мал шаруашылығынан жартылай Бұл процесс қоғамдық құрылымға ықпал етпей қойған жоқ. Содан кейін, қайтадан қауымдастықтардың әлеуметтік жіктелуі орын алды. Тайпа көсемдері көптеген байлықтарды иеленіп, ол оларды жерлеу рәсімінен-ақ байқалатын дәрежеге жетті. Оның айғағы күні бүгінге дейінгі кең байтақ Қазақстанның әр тараптарынан табылып жатқан алып кесенелер мен қабірлер.

Мұның бәрі айрықша биліктің белгісін көрсетеді. Жалпы, Қазақстан қоғамының қола дәуірінде мемлекеттің пайда болуы кезеңінде тұрғанын, оның басты-басты элементтері әр түрлі тайпалар бірлестіктерінің тыныс-тіршілігінен көріне бастағанынан аңғаруға болады.

1.2. Ежелгі ғұн империясы

Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы мемлекеттік құрылымның бірі— ғұндар мемлекеті. Бұл көшпелі тайпалар мемлекетінің алғашқы көрінісі.

Біздің заманымызға дейінгі III ғасырда қазіргі Моңғолияның оңтүстігіндегі Ордостан Каспий өңіріне дейінгі Орталық Азияның кең байтақ кеңістігін мекендеген көшпелі ғұн империясы құрылды. Олар біздің заманымызға дейінгі IX ғасырдың өзінде-ақ алғашқы мемлекеттік бірлестік ретінде танылып үлгерген еді. Оларда сайланбалы түрде билікке ие “сеңгір” немесе “тәңірқұты” лауазымымен белгілі “жоғарғы” мәртебелі басқарды сондай-ақ әскери-потестарлық конфедерациядан тұрды. Ғұндардың жоғарғы билеушісін қытай авторлары шанью деп атайды. Біздің заманымызға дейінгі 206 жылы ғұн тайпаларын сеңгір Мөде (Боғда) шаньюй басқарды. Мөде билік еткен жылдардың алғашқы кезінде-ақ, ол Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап отырды. Ол жеміссіз де болған жоқ. Кескілескен қиын да күрделі шайқаста Мөде әскери-саяси қуаты өзінен әлдеқайда басым Хань әулетін сюнну-ғұндардың Ордостағы көшіп жүретін жерлерінен дәме етуден біржола бас тартуға мәжбүр етті. Хань императоры Гаоцзу әйгілі Мөде (Боғда) батырдың бір орталыққа бағынған ұлы держава және империя құрудағы белсенді қызметінің алдында тік тұрып, онымен “тыныштық және туыстық туралы шартқа” қол қойды. Қол қоюмен бірге оған жыл сайын “сыйлық ретінде” салық төлеп тұруға да міндеттенді. Ғұндар тәңірлік дінді ұстанған, олардың мекен-тұрағы Орталық Азия, оның ішінде негізінен қазіргі қазақ даласы еді. Сонымен бірге олар мал шаруашылығымен айналысты.

Ғұндар мемлекетінің құрамына шығыстағы “Шығыс ху” тайпалары мен батыстағы юедилер (юечжи) және үйсіндер және оңтүстік байян мен лауфань секілді көршілері жойқын күйретулерден кейін кірді. Ғұндар мен Қытай арасындағы соғыс біздің дәуірімізге дейінгі 188 жылы аяқталып, соңғысы айтарлықтай салық төлеп тұрды. Біздің дәуірімізге дейінгі 90-шы жылдары Қытай тағы да жеңіліске ұшырады. Бірақ біздің дәуірімізге дейінгі 47-ші жылы ғұн империясы солтүстік және оңтүстік аймаққа бөлініп, соңғысы Қытай империясының құрамына қосылды. Б.э. 93 жылы ғұн мемлекеті өмір сүруін тоқтатты.

Ал енді ғұн державасының басқару жүйесіне келсек, билік басында монарх тұрды. Ол күрделі “жер мен аспаннан туылған, ай мен күн тағайындаған ғұнның ұлы сеңгірі” лауазымын алды. Сондай-ақ, ол “көктің (тәңірдің) мейіріміне ие” “Тәңір құты” титулын иеленді. Ғұн билеушісі қасиетті билеуші қызметін атқарып қана қоймай, бірінші дін қызметкері міндетін де атқарды. Билік әкенің балаға мұра етіп қалдыруымен бірге тақ билігі негізінен аманат жолымен тағайындалатын. Кейде билікті қысқарту және билік иесін сайлау атақты адамдар арқылы жүргізілетін. Сеңгірдің өкілеттілігі өте кең болды. Ол саяси және рухани билік етіп қана қоймай, жоғарғы әскери қолбасшы және дипломатиялық қызметті де қоса атқарды.

Сеңгір Си немесе Цяо (Цюлинь) руынан болуы керектігі міндетті еді. Сонымен бірге атақты үш руы Хуянь, Сюйбу, Лань рулары болды. Сеңгір олардың арасынан өзіне жар таңдап ала алатын. Аталған рулардың өкілдері ғана мемлекетте жоғары лауазымды қызметтерді атқара алатын. Ғұн мемлекетінің шенеуніктер қызметі өте күрделі де ыңғайсыз болды. Бес жоғарғы класты шенеуніктер тобы сеңгірдің туысқандарынан тұрды.

Олар “данышпан князьдар”, “лули князьдар”, “ұлы қолбасшылар”, “бас басқарма”, “ұлы бастықтар” еді. Қалған лауазымдар түрін белгілі ру мүшелері алатын. Барлық лауазым иелері “оң” және “сол” атанып, сондай-ақ “үлкен” және “кіші” болып бөлінді. Ру ақсүйектерінен басқа ешқандай руға кірмейтін “құтты” деген топ болды. Ғұнның мемлекеттік аппаратында 24 жоғарғы шендегі шенеунік болды. Олардың әрқайсысында 10 мыңнан 20 мыңға дейін жауынгері болып, олар тапсырманы бас сеңгірдің өзінен алды. Уақыт өткен сайын сеңгірлердің руы көбейіп ол өзінің туысқандарын белгілі бір қызметке

кою үшін шенеуніктік аппаратты ұлғайтып отырды. Сөйтіп, жаңа шендер пайда болды. Олар ұлы цзюй-кюй және жичжо-князь атанды.

Оңтүстік ғұндардың басқару жүйесінде бірнеше өзгерістер болып, алғашқы екі кластағы шендер өзгеріссіз қалып “төрт мүйізге” бірікті. Аталған қызметтер сенгірдің туысқандарына тиесілі еді. Одан әрі “алты мүйізділер” оң және сол жичжо, вньюйди және чжаньгянди аталып олар белгілі рулардан сайланды. Одан кейінгілер құтты ұлық және жичжо-құтты ұлық аталып, олардан кейінгілер “билік иелері” сонан соң “меңгерушілер” узюкуй атанды. Одан басқа оңтүстік ғұндарда тақ мұрагерлері үшін жаңа жүйе пайда болды. Ол басқыштық жүйеде жүргізілетін. Алдымен ағайындылар кезекпен басқарса, одан кейін олардың балалары басқарып, ең кіші немерелерінің үлкені басқаратын болды.

Әрбір 24 жоғарғы шендегі шенеуніктер істі тиянақты атқару үшін өздеріне мыңбасы, жүзбасы, онбасы сияқты әскербасыларды тағайындап, олар әлеуметтік және әскери міндетті атқарды. Ғұндардың басқару жүйесіндегі ең басты орынды алатын бір жылда екі рет жиналатын шенеуніктер кеңесі болды. Онда діни рәсімдер мен мемлекеттік іс жөніндегі мәселелер қаралатын. Олардың халықты басқарудағы атқаратын рөлі ерекше болып, құдай жолындағы биліктің рөлін қуаттап қолдайтын. Әрбір күз сайын шенеуніктер мен удельдік басшылары және бөлек-бөлек көшпелі қауымдастық өкілдері жиналып, өзінше ерекше бір «халық санағын және мал “тексеруін” жүргізетін.

Ғұн империясының территориясы мен тұрғындарына келсек, оның құрамына ғұндардан басқа Орталық Азия аймағындағы барлық көшпелі халықтар, сондай-ақ жеке отырықшылықпен айналысатын аймақтағылар кіретін. Мемлекеттің территориясы нақты белгіленіп, ол күзетшілермен қорғалатын. Территорияның тұтастығы мен ондағы саяси жүйе бірлігі Мөде (Боғда) батырдың қатаң қадағалауында болып, соғыстан бас тарту үшін кез келген жердің бір пұшпағы жат жұрттыққа берсін деп кеңес берген шенеуніктің басы кесілді. Мөде “жер мемлекеттің негізі, ол ешкімге берілмеу керек” деген принципте қызмет етті. Сөйтіп, ғұндар санасында мемлекет пен оның территориясының қалыптасуы ерекше орын алды.

Империя батыс және шығыс — қос қанаты болып бөлініп, оны “ұлы басшылар” басқарды. Оның әрбір қанаты әскери бірлестіктерге бөлініп, оларды шенеуніктер биледі. Жаулап алынған территорияларда жергілікті жерден әскербасылар тағайындалып, олар салық жинауымен айналысты. Бағындырып алынған жерлер ғұн билеушісіне бағынышты болып “бір үйді құрады”. Яғни, ол бір мемлекет деген сөз.

Ғұндардың салық салу жүйесі жөнінде мәліметтер тым аз. Мөденің басқару кезінде халықтан алған малдар мен мүліктер санағын жүргізетін арнаулы кітап болды. Содан отырықшы және ғұн мемлекетіне бағынышты елдерден жиналған салықтардың есебін білуге болатын. Салықты уақтысында төлемегендердің әйелі мен балалары алынды. Ғұн мемлекетінің шығыс ауданын жайлаған ухуньлықтар жылқы және қой, тағы да басқа малдар терілерін салық ретінде төлеп отырды. Басқарудың тағы бір жүйесі ол отырықшы аудандарды қоныстанған жұртшылықты империя орталығына көшіріп әкеліп сіңістіріп жіберу еді. Салық жинаумен “әскербасылар” және “наместниктер” айналысты. Сонымен бірге ғұндар керуен жолдарын қатаң қадағалап, сауда иелерінен баж салығын алып отырды.

Ғұн империясының егемендігі мен халықаралық құқық субъектілігі. Біздің заманымызға дейінгі 206 жылдан біздің ғайіуіуіс!а дейінгі 47 жылға дейін Ғұн империясы өз егемендігі мен тәуелсіздігін өзінің территориясында нық жүргізіп және оны көрші территорияларға да енгізе білді. Ғұндардың мемлекеттік идеологиясы бойынша сенгір Аспан өкілі болып саналып, ол “бүкіл халықтарға патшалық ете алады” және ол күштеп жүргізілді. “Аттың үстінде соғысу біздің мәртебеміз, сондықтан да біз барлық халықтардың алдында жоғарымыз”, - дейтін ғұн ақсүйектері өзінің сенгіріне.

Ғұндардың құқықтық жүйесі. Күрделі мемлекеттік жүйенің пайда болуы қоғамда құқықты реттеудің пайда болуына мүмкіндік ашты. Ғұндардың құқықтық негізінің көзі әдет-ғұрып болды. Қытай жазбаларына сүйенсек ғұндардың заңдары “жеңіл және орындауға оңай” еді. Сот 10 күн аралығында созылып, қамауда отырғандардың саны оннан

аспайтын. Күрделі қылмыс жасағандарға өлім жазасы кесіліп, ұрлық жасағандардың мүлкі тәркіленсе, жеңіл-желпі жағымсыз іс-әрекеттер еткендердің жүзінде із қалдырылды. Сонымен бірге көшпелілердің дағдылы не әдеттегі құқығы кодификациялана (жүйелене) бастады. Сондықтан да Мөде сеңгір шығарған кодекс бойынша әскери тәртіпті бұзғандар мен әскери қызметтерден бас тартқандарға өлім жазасын кесті. Ал меншік құқығына келсек, көшпелі қоғамдардың бәріне тән қасиеттер болды. Мысалы, ерекше болып көрінетіні жеке отбасы меншігі, қауым меншігі, әскери-потестарлық бірлестіктер мен мемлекет меншігі еді.

1.3. Үйсін және қаңлы мемлекеттері

Ғұн державасының пайда болуы Қазақстан территориясында басқа да дамыған мемлекеттік-құқықтық жүйелердің пайда болуына себепкер болды. Әсіресе ол ғұндар билігіндегі аймақтарда кең етек алды. Солардың қатарына үйсіндер мен қаңлылардың мемлекеті жатады. Үйсіндер алғашқы кездері біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда Данхэ өзені аймағын жайлаған еді. Егер VIII ғасыр шежіресіне жүгінсек, онда Бесбалықты “Усун князінің шекарасы” дейді. Ендеше, үйсіндердің шығыс шегі Бесбалық екен. Олар ғұндардың соққысына ұшырап, ақыры солардың империясының құрамына қосылды. Сондықтан да үйсіндерге “Батыс жақтағы (шекараны) қабырғаны қадағалау” тапсырылды. Сеңгірдің көмегімен үйсіндер юэчжейлерді күйретіп Жетісу өңірін жайлады. Жалпы, үйсіндер туралы алғашқы хабарлар б.з.б. II ғасырдың аяғында пайда болған. Ал қазіргі кейбір қолда бар деректерге қарағанда олар Жетісу өңірімен бірге одан да басқа кең байтақ аумақты алып жатқан. Жетісуға Үйсіндер Орталық Азияның түкпіріндегі Дұнхуаң және Чилан тауы аралығынан б.з.д. II ғасырда шамамен 160 жылдары көшіп келген деген де дерек бар. Көне Қытай жазбаларының бірі “Хан патшалығы тарихы” Жаң Чилан өмірбаяны тарауында үйсіндердің ханы күнму(күнби)” деп аталған. Үйсіндер Жетісуды қоныстанбай тұрып мемлекет болған деген де дерек бар. Мысалы, “Күнмудың әкесі Нәнді би тегінде Чилан мен Дұнхуаң аралығындағы Ұлы иозылармен қанаттас әрі қоныстас отырған кіші мемлекеттің иесі” деген де дерек кездесіп қалады. Ұлы иозылар –юечжілер б.з.д. дейінгі III-II ғасырларда Чилан мен Дунхуан аралығын мекендеген көшпелі тайпалар. Жалпы, “үйсін” терминінің мағынасы бүгінгі күнге дейін өзінің нақты дәйектемесін таба алмай, ол кейбір қытайдың иероглифтік жазбаларынан ғана бізге мәлім болып отыр. Оның қазіргі айтылуы қазақ этнонимдерінің бірі — Ұлы жүз қазақтарының басты этникалық белгісі болып табылатын тайпаның өзін атайтынындай “үйсін” сөзіне сәйкес келеді. Соған қарамай бірқатар зерттеушілер бұл транскрипцияны Орта Азия тарихынан мәлім асиан этнонимі деп білуге бейім

Біздің эрамызға дейінгі 177 жылы ғұндар протектаратына қарасты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұрғындарының басым көпшілігін жоңғар және Шығыс Қазақстан, Жетісу тайпаларындағы сақтардың ұрпағы құрады. Біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың ортасының өзінде-ақ үйсіндер ғұндардан бөлініп шыққан болатын. Соған қарамай біздің дәуірімізге дейінгі 53 жылы үйсіндердің мемлекеті екіге бөлінді.

Ал қаңлы мемлекеті жөнінде дерек өте мардымсыз, тіпті аз деуге де болады. Қаңлылар б.э.д. III ғасырдың бастап Сырдарияның орта алқабы мен Қаратау өңірін мекендеген. Қаңлыларға Ташкенттен Хорезмге дейінгі аралықтағы елді мекендер қараған. Қаңлы мемлекетінің астанасы-Битянь қаласы Сырдарияның орта шенінде орналасты.

Жалпы, Қаңлылар мемлекеті Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Өйткені, ол ежелгі қазақ жерінде алғашқы мемлекеттік құрылым қалыптастырып, өзіндік мәдениет пен өркениеттің дамуына ықпал етті.

Б.з.д. II-I ғасыр аралықтарында Қаңлылар алып мемлекетке айналып, ол туралы “Сүй патшалығының тарихы. Батыс өңір шежіресі. Қаңлы тарауында”; Қаңлы елінің 120 мың үй, 600 мың жан саны, 120 мың әскері барын жазады. Олар Қытай патшалығымен елші алмасып, сауда-саттық, дипломатиялық қарым-қатынаста болады. Қаңлылардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы еді. Қытай мәліметтеріне қарағанда ол біздің эрамызға дейінгі III ғасырда пайда болған. Олар жергілікті дахо-массагеттер мен исседон тайпаларынан біріккен. Бір кезде үйсіндермен көрші болып, қатар қоныс тепкен Қаңлы

мемлекетін қытай деректерінде “Кангюй”, “Қанғар”, “Кенріс” дейді. Сондықтан да, біз сол ұғым-терминге байланысты тарихи деректерді азды-көптілігіне қарамай барынша пайдалануға ұмтылдық.

Қытай деректерінің ендігі бір тұсында, яғни “Сүй патшалығының тарихы. Батыс өңір шежіресі. Қаңлы тарауында” олардың ханы Ұлы иозылардың уын руынан шыққан деп жазады. Ал қоныстанған мекендері Чилан тауының солтүстігіндегі Жауу қаласында деген мәліметпен толықтырылады. Сонымен бірге оларды ғұндар талқандап, содан кейін қаңлылар батысқа қоныс аударды делінген.

Үйсіндердің басқару жүйесіне келсек, мемлекет басында Күнбек (Күнби) — “ұлы билеуші” дәрежесін алған билеуші отырды. Ондағы тақ алмасу рәсімі мұрагерлік арқылы жүргізілді. Сонымен бірге күнбектер (Күнбилер) өзінің атақ-дәрежесіне “би-князь” дәрежесін де қосып алды. Біздің дәуірімізге дейінгі 53 жылы мемлекет екіге бөлінген кезде бір-біріне тәуелсіз, егеменді Ұлы күнбек және Кіші күнбек пайда болды. Сонымен бірге жоғары билеушімен қатар шенеуніктердің бірнеше категориясы болды.

1.4. Ежелгі түрік қағанаты және оның құқықтық жүйесі

V ғасырда Қытай-ашинаға бағынған алғашқы ғұн бірлестігі Алтай территориясына көшіп, жужандардың құрамына кіреді. Міне, осы бірлестік “Түрік” атын алады. Түрік этнонимінің алғаш рет аталуы Қытай жылнамаларында кездеседі. 551 жылы түріктер жужань билігінен құтылу үшін Қытаймен одақтасады. 552 жылы түрік билеушісі Бумын Ел-хан дәрежесін алып, жаңа түрік империясының өмірге келгенін заңды түрде мәлімдейді. Сөйтіп, VI ғасырдың 60-70 жылдарында Тынық мұхиты мен Қара теңіз аралығындағы Еуразия даласын жайлаған жартылай көшпенді және көшпенді бірлестіктердің барлығы сол түрік қағанатына бағынды. Ал, 603 жылы ол Шығыс және Батыс түрік қағанаты болып бөлінді. Батыс түрік қағанаты қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістанның жарты территориясын игерді. Батыс түрік қағанатының орталығы Суяб (Жетісу) болды. Батыс түрік қағанаты аталған бөлінуге қарамай Шығыс түрік қағанатына едәуір дәрежеде саяси тәуелділікте болды. Ондағы өкімет билігі түріктердің қаған руы — ашиналардың қолында еді. Батыс түрік мемлекетінің бірінші басшысы-қаған, жоғарғы билеуші, билеп-төстеуші, әскер басы болды. Ол бүкіл қағанатты биледі. Сонымен бірге оның билігіне Шығыс қағанат та кіретін. Ал оның Батыс бөлігі жалпы қағанға бағынатын Ябғу-қаған дәрежесіндегі басшының билігінде болды.

Қағанаттағы биліктің негізгі бастауы көк Тәңірі еді. Ол құт болып саналды. Қаған дәрежесінің өзі “Тәңіріден жаралған, Тәңірге ұқсаған” деген ұғымнан шыққан болатын. Түрік қағанатында тақ мұрагерлігі сатылы жүйеде жүрді. Ол Оңтүстік ғұндардан алынып, удельдік жүйемен толықтырылған болатын. Жаңа тәртіп бойынша тақ мұрагерлігін әкесі баласына емес, ағасы інісіне және немерелерінің үлкендерінің бірі кіші немере ағасына мұрагерлікке береді. Кезек күткен тақ иегерлері удельдік билікті бөліскен кездерінде таққа қайсысының жақындығына байланысты бөлісті. Жаңа қаған сайланғаннан кейін бүкіл кезек салыстырмалы түрде ілгері жылжып, ханзадалар жаңа удельдерді иеленді. Ол жаңа мәртебеге (статусқа) сай болды.

Шығыс және Батыс түрік қағанатының басқару жүйелерінде айырмашылық бар еді. Шығыс қағанатындағы билік басындағы жоғары шенеуніктер қатарына келсек; қағаннан кейінгі екінші адам ұлық болып, ал жоғарғы лауазымдылар шад және елтебер, жабғу, тұтық болды. Қағанның туысқандары тегін дәрежесін алды. Сот қызметін бұйрықтар мен тархандар атқарды. Ал Батыс қағанатында удельдерді басқаратын еркіндер мен шоралар басшылығы болды. Кейін әрбір әскери әкімшілік бірлестігіне ябғу қағанның өкілдері болып келетін шадтар сайланды. Жергілікті жерлердегі ақсүйектер сословиесінің басты тірегі болған тайпа бастықтары бектер деп аталды. Түріктерге бағынышты Орта Азия княздіктерінде бұрынғы билеушілер өз орнын сақтап, олардың басым көпшілігі қағанға бағынатын қаңлы династиясынан болды. VIII ғасырда әрбір князьдікке қаған наместнигі тұдындар сайланды.

Түрік қағанатының негізгі құқықтық көзі-әдет-ғұрып болған.

603 жылы Батыс қағанаты өзінше жеке мемлекет болып, кейін Батыс-Түрік қағанаты атымен белгілі болды. Оны ашин руынан шыққан қаған биледі. Қағаннан кейінгі екінші адам ұлық деп аталды. Қалған шенеуніктер санаттық қағанатының басқару құрылымын қайталады. Ол 704–756 жылдар аралығында Түргеш қағанаты аталса да, сол басқару жүйесі сақталып қалды. Ал, түргеш қағанаты ашин династиясын алмастырған болатын.

VIII-IX ғасырларда Жетісу және Оңтүстік Қазақстан территориясында билік құрған Қарлұқтардың басқару жүйесінің желісі қарапайым болды. Олар алғашында ұйғыр қағанатына бағынып, қарлұқтар басқарушысы оң ябғу немесе жабғу лауазымын алды. 746 жылы қара қарлұқтардың жабғысы өзінше жеке билікке ие болып, 756 жылы Түргеш қағанатын ысырып шығарды. Қарлұқ мемлекетіне кіретін жеке билік иелері өзіндік еркіндікке ие болып хан, тегін, инал-тегін, ялан-шах және басқа да лауазымдарға ие болды.

Жалпы, көшпелі түркі қағанатының ел басқару құрылымы үштік жүйеге негізделген. Олар қағанатты тардуш (оң қанат), төлес (сол қанат) және ічрекі (орталық) деп үшке бөлген. Бұл жүйе сонау скифтерде (ісууз ~ іс-оууз-ічоғуз) іш-оғуз орталық, сыртоғуз (оң және сол қанат) болып үшке бөлінсе, іш-оғуздардың (скиф) өздері бөлек мемлекет болған кезде скиф-патша (хан тұқымы), скиф-көшпелілер (мал шаруашылығындағылар), скиф-жер жыртушы (егінші) деп бөлінеді. Скифтердің арғы атасы Тарғытайдан да үшеу (Липоксой, Арпоксой~, Ёіёіёіёіё~), ал Гераклдің үш ұлы Агафрис (агачер), Гелон (жылан-иылан), Скиф (іч-оғуз) тағы да үшеу. Хуннулар да осы үш құрылымды пайдаланған. Олар да батыс, шығыс жүкилер және ханорда болып келеді.

Түрік қағанатының территориялық және әкімшілік бөлінуі. Жоғарыда атап өткеніміздей Түрік қағанаты Шығыс және Батыс қағанаты болып екіге бөлінді. Егер тұтастай мемлекет түрік елі атанса, батыс бөлшегі, яғни Батыс Түрік қағанаты “он оқ” елі атанды. Оның олай аталуының себебінің сыры — ондағы әкімшілік-территориялық ел бөлінуінің он аймаққа — он оққа бөлінуінен еді. Суябтан батысқа қарай біріккен бес аймақ оң қанат болып-он шад аталса, ал шығысқа қарай бес аймақ дулу атанды. Оларды бөліп жатқан шекара Іле өзені еді. Түрік қағанатына бағынған Жетісу мен Орта Азиядағы қалалар бұрынғы басқару жүйесін сақтап қалған.

656 жылғы жеңілістен кейін Батыс Түрік қағанатының екі қанаты Қытайдың екі наместниктілігіне негіз болды. Қытай жаулап алуынан кейін Түргеш қағанаты өз империясын жаңадан қалыптастырды. Бірақ әкімшілік жүйесі өзгерді. Үшелік қаған VIII ғасырдың басында мемлекетті әр бірінде 7000 шаруашылық бар 20 аймаққа бөлді. Ол тұтық (түтүк) деп аталды. Аталған аймаққа қоныстанғандарды ешқандай тайпаға не ұлысқа жатқызуға болмайды. Олар этникалық жағынан емес, саяси тұрғыдан біріккен еді. Өйткені, Батыс Түрік қағанаты соғыс кезінде бір түмен, яғни 10 мың әскер шығарып, оларды қаған сайлаған шенеунік басқарды. Осыған қарамай түрік дәуіріне дейінгі тайпалар бірлестігі кей жерлерде жеке-жеке бөлініп, аймақтар құрамына кірді. Он оқ бірлестігімен бірге Түрік империясының құрамына оғыз бірлестігі енді. Ол өзіне орта азиялық Соғды князьдығы мен өзіне тәуелді көшпелі жұртшылықты енгізетін. VIII оның әкімшілік бөлінуіндегі құрылымдар да біршама өзгерді. Аймақтар жартылай тәуелсіз иеліктегі қалалық аймақтар мен көшпелі тайпалар бірлестігіне айнала бастады. Сөйтіп бір кездегі орталығы ірі қалалар болған удельдіктер жүйесі кеңінен дамыды. VIII ғасырда Ислам дінінің таралуына байланысты Түрік қағанатының әкімшілік құрылымына едәуір жаңалықтар енгізілді.

Батыс Түрік қағанатындағы өзара тартыстар, Жетісу өңірінде үстемдік орнатуға ұмтылған Қытайдың императорлық әулетінің әскери-саяси әрекеттері қаған билігін әлсіретіп, тіпті бертін келе оның атының өшіп қалуына ықпал етті. Нәтижесінде тарихта Баға-тархан (мөге-даган) деген атағы бар Үшлік (Учжилэ) бастаған түркештер пайда болды. Мұның бәрі бір кездегі “Он оқ” құрамына кірген тайпалардың бұрынғыдай қаған атынан емес, өз қимыл-әрекеттері арқылы мінез көрсете бастауларынан еді. 694 жылы таққа отырған Ашина Туйцзы тибеттіктермен одақтаса отырып Шығыстағы Қытай әскеріне қатты қарсылық ұйымдастырып Жетісудағы Нұзұқ-Еркін, түргеш Чықан және ұлық-оқ

тайпаларының басшысы бастаған тайпалар Суяб бекінісін қоршауды ұйымдастырған деген де шежірелерде жазбалар бар.

Аталған аймақтың халқын басу үшін түрік Хусэлоның бастауымен әскери күш ұйымдастырылып, үлкен жорыққа әзірленеді. Бірақ ол жоғарыда айтқанымыздай, Бағатархан (мөге-даган) деген атағы бар Үшлік (Учжилэ) бастаған түркештер еді. Қағанаттың сол қанатының құрамына кіріп, халқы көп саналатын түркештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралындағы кең байтақ алқапты алып жатты. Сонымен бірге олар Жетісу керуен жолдарының көбін өз бақылауында ұстады. Сөйтіп, түркештердің ықпалы бірте-бірте аталған аймақта артып қана қоймай, оларға бағынышты тайпалар саны да арта түсті. Үшлік өздері иеленген жерлерде әрқайсысы 7000 адамнан 20 түтіктік құрды. Сөйтіп, Шудың солтүстік-батысындағы өз ордасын Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады. Сонымен бірге Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы да болды.

1.5 Оғыз мемлекеті

VIII ғасырдың аяғында Оғыздар немесе теле тайпасы Жетісу территориясына ауып келіп, кейін қарлұқтардың қысымымен Батысқа қарай кангрестердің жеріне ысырылады. Қаңлылар (кангюй) (кангрестер — византия жазбалары бойынша) Сырдария бойындағы қалалар мен оазистерді барынша қорғап бақты. Бірақ қимақтар, оғыздар мен қарлұқтардың біріккен күштері арқылы ол қарсылықты күйретті.

Қаңлылардың отырықшылық жермен айналысатын өркениеттілігіндегі қалалық сауда өз егемендігін жоғалтып, жаңадан қалыптасқан оғыз мемлекетінің бір бөлшегі болып қалды. IX ғасырдың басында қарлұқтар Сырдария өзенінің жоғарғы жақтарын жайласа, ал оғыздар оның орта және төменгі бөлігін иеленеді. Ал қаңлылардың (кангю) көшпелі тобы батысқа қарай жылжып Волга мен Орал өзендерінің бойларын жайлап, кейін “печенегтер” атымен аталатын рулар федерациясын құрайды.

Ал оғыздар болса, өздері жаулап алған территорияларда өздерінің басқару аппаратын құрып, бірте-бірте Иран тілді отырықшы ел басын біріктіретін бірлестік пен жаңа мемлекет құрайды. Олардың көшпелі билік салаларын түрік тілділер басқарды. Сырдарияның төменгі жағындағы далалық шекаралары мен оазистерінде оғыз билеушісінің қарамағындағы жаңа мемлекеттің басын біріктірген Янгикент (Жаңакент) немесе Жаңа Гузия орталығы ашылды. Мемлекеттік билікті ашиндерден тарайтын жабғу (ябгу) атақ дәрежесі бар билеушілер иеленді. Оғыз жабғуларының “күл-еркіндер” деген атақтары бар кеңесшілері болып, олар ақыл-кеңес беріп отырды. Жабғу билігі ресми сайланғанымен мұраға қалатын. Жалпы билеушілер кеңестерде сайланды. Оғыз әскерлерінің қолбасшысын сюбашы деп атады.

Оғыздар өздерінің жаулап алған территорияларын асқан жылдамдықпен кеңейте бастады. IX ғасырдың орта шенінің өзінде Арал мен Каспий теңізінің аралығындағы территорияларды бақылауға алып, Хорезмді, сосын Орал өзені бойындағы печенегтерді Еділ (Волга) өзеніне дейін жаулап алды. Сөйтіп, оғыз мемлекеті құрылды.

Оғыздардың қоғамдық және мемлекеттік құрылымы. Оғыз мемлекетінің территориясы екі категорияға бөлінді. Олардың біріншісі отырықшылықпен айналысқан қауым болды. Олардың әкімшілік жоғарғы биліктерін негізінен оғыздар құрады. Ал екіншісі, көшпелі шаруашылықтармен айналысқандар еді.

Оғыздар 24 тайпадан құралды, бұзұқтар және ұшұқтар деген екі қанатқа бөлінді. Әрбір қанат 12 тайпадан тұратын, олар “бой” атанатын. Ал “бой” болса, өз кезеңінде “оба” — ру және “көк” — тамыр деп бөлінді. Оғыздар бұған қоса ұрұғтар мен аймақтарға бөлінген. “Ұрұғ” терминімен рулық бөлімшелер мен патронимия құрайтын атақты тұқымдар мен әулеттер аталған. Қоғам болса мүліктік жағынан әртүрлі топтарға бөлінді. Көпшілік топты құрайтын еркін көшпенділерді “Ерлер” (эры) — еркектер біріктіретін. Олар өз биліктері өзінде, арнаулы өз шаруашылықтары бар отбасы иелері болып саналды. Сонымен қатар кедейленген, өздерінің шаруашылықтары жоқ қоғамдық қатынастардан тыс қалған гарапчи және иоксулдар тобы болды. Сондай-ақ жатақтар (ятуки) — жерге иелік ететін, жер шаруашылығымен айналысатын өзіндік қоғамдық құрылымы бар кедейленген оғыздар болды. Қоғамның жоғарғы биліктерін бектер, яғни ру ақсақалдары мен байлар, нақтылай

айтқанда мал иелері, әмірлер, сардарлар иеленді. Жоғарғы мемлекеттік институттарды жабғу, хандар мен ел билері басқарды. Соңғы екі лауазым дәрежесін алу үшін ерекше жүйенің керегі жоқ болатын. Олар аймақтық биліктерді ғана басқарды. Барлық ерікті бектер, ерлер мен басқа билік иелері өз шаруашылықтарында құлдар ұстады. Олар өздерінің атқаратын қызметтеріне сай “гулямдар” және “чакирлар” (күзетшілер) болып бөлінді.

“Оғыз” ежелгі түрік терминологиясында одақ белгісін білдіреді. Аталған мезгілде теле руларының одағы “түрік елі” деген екінші қағанатты құрып, олар 24 тайпадан да көп болды. Оғыз бірлестіктерінде, ол мейлі қарлұқ, ұйғыр басмылдар немесе басқа этностар болсын бек, тайпалық ақсақалдар дәстүрі күшті еді. Бірлестіктің негізгі саяси жағдайларын осы топ билеп төстеді. Ал жабғулар билігі шектеулі және белсенді болмайтын. Тұтастай алғанда бектер біріктіруші күшке ие болумен бірге әскерлерді басқарып, би жоғарғы төрешілер қызметін атқарды. Бектер тайпаларды билеп қана қойған жоқ, сонымен бірге жабғулардың тапсырмасымен жекелеген облыстарда билік жүргізді. Мемлекеттік қызметтегі әр түрлі жұмыстарды атқаратын бектерді тархандар дейтін. Олар бектердің бегі атанып, мемлекеттік әскерлердің оң және сол қанаттарын басқарды. Аталған қызметке өзінің әскери қабілетін жан-жақты көрсеткен адам таңдалып алынды. Олардың өзінің қарамағындағы бағынышты адамдарға бұйрық беріп, жазалауға құқы болды. Ал, соғыс кезінде оның билігі кеңінен болатын. Жабғудың негізгі көмекшісі, кейбір жағдайларда өкілі болып күл-еркін сайланды.

Заң шығарушы билік “қандас” (кандаш) — халық жиынында болды. Олар жаңа жабғуды сайлауға, сондай-ақ мемлекеттік шешімдерді және саяси мәні бар мәселелерді бекітуге құқылы болды. Сонымен бірге жабғудың жанынан құралған кеңестің рөлін атқарды.

Сарай өміріндегі жоғары билікті жүргізуде тақ мұрагері — инал болды, иналды бағып қағатын — атабектер, сонымен бірге билеушінің бәйбішесі — қатын ерекше орын алды.

Бастапқы кезде Сырдария жабғуының нақты билігі шектеулі болды және бүкіл оғыз жеріне жүрмейтін. Оғыздар территориясы кеңейіп және басқа аймақтарды жаулап алғаннан кейін ғана өзіндік билікке ие шаруашылықтар тобында болды. Елдің ішкі жағдайының күрделенуіне бірден бір себеп болған жай, ол елде ислам дінінің тарала бастауы еді. Ал енді оғыздардың бір тобы болса бұрынғы тәңірлік дінінде қалғысы келетін. XI ғасырдың басында оғыздар үлкен үш топқа бөлінді. Батыс Қазақстан оғыздары орталықтан бөлек болып, оны күл-еркіндер (коль-эркин) биледі. Бұл топта археологиялық ізденістен кейін байқалғаны исламның белгілері аз екендігі анықталды. Орталықпен болған қақтығыс және олардың қыпшақтан жеңілуі — оларды Русь және Византия Санжар сұлтанның бастауымен салжұқтардың қозғалысымен бірігіп Жаңақенттегі тақ таласына араласты. Ал енді, оғыздардың үшінші тобы жабғулар, оларды қоршағандар мен тайпалар тақты қолдай отырып, араб миссионерлері арқылы исламды қабылдады. Сөйтіп, бұрынғы атақ-дәреже жаңа мұсылман әлемінен келген сұлтандықпен алмасады. Салжұқтармен болған шайқаста көне династияның өкілі сұлтан Шахмәлік қайтыс болады. Ұзамай оғыз-түркімендер (ислам дінін қабылдаған оғыздар мен қарлұқтарды солай атаған) қыпшақтардан күйрей жеңіледі. Ал, 1142 жылы салжұқтар моңғол тілді қарақидандықтардан соққы алады.

Сөйтіп, Амударияның төменгі жағында жаңадан құралған қараханид Хорезм шахы мемлекеті мен қыпшақтар бұрынғы оғыз территориясын бөліп алды. Бұрынғы этностардан аман қалғаны Үстірт Түркімендері хорезм құрамына кірді.

1.6. Қарахан мемлекеті

X ғасырда Еуразия картасында жаңа мемлекеттік құрылым пайда болды. Оның саяси және құқықтық жүйесінде түрік және жаңа мұсылмандық элементтері тығыз араласып, бір-бірімен байланысты еді. Бұл мемлекет VIII-IX ғасырлардағы Жетісу өңірін мекендеген қарлұқ бірлестігінің негізінде қалыптасты. Ол ғылым тілімен айтқанда Қарахан мемлекеті деп аталды. Бұл династияны қалыптастырушы 840 жылы қаған атағын алған қарлұқтық Білге-Күл Қадыр-хан жабғуы болатын. Ол Жетісу аумағы және Қашқардың бір бөлігінде әлеуметтік-қоғамдық құрылымы дамыған, өзінен бұрынғы мемлекеттегі әлеуметтік-

қоғамдық және саяси институттарын бойына табиғи түрде жинақтаған мемлекетті басқарды. Оның немересі Сатұқ-Боғрахан 969 жылы ислам дінін қабылдап, оны мемлекеттік дін ретінде жариялайды. Жаңа мемлекеттік жүйе қалыптасады да, Қарахан мемлекетінің басқару жүйесінде мемлекет басшысы қаған болып есептеліп, ол Тамғач-хан, Арслан Қарахан немесе Боғра Қарахан дәрежесін алады. Одан кейінгі мемлекеттік аппараттағы билік басқышы жеке удельдіктерді билеушілер — Арслан-хан, Боғра-хан немесе Арслан-тегін және Боғра-тегін деп аталды. Келесі басқыштардағы билік билік жүргізуші династиялардың өкілдерінің қолында болды. Олар хақанның басты кеңесшісі және удельдік хандар мен жоғарғы биліктегілердің арасын байланыстырушы ұлұғ-хаджиб, әскери басшы - сипахсалар, мұсылмандардың рухани басшысы — халиф, бас төреші — қазы жоғарғы шенеуніктер — жабғу, капуг басшы, торғұл, чигир, инанчбек, сагун, йиркан, йига болды.

Келесі мемлекеттік аппарат басшылықтарында югуруштер, туркисиндер, хаджибдер, ялввочтер, қазы-әскерлер болса, бесінші категориядағы шенеуніктер қатарына сюбашы, пардачи-башы, битукчи, қазынашы, казибек және мухтасибтер болды. Жалпы, барлық шенеуніктердің тұтастай атын тапұқшы дейтін.

Қарахан мемлекетінің аппаратында кеңселік (канцелярия) жүйе — диван болып, ол әртүрлі мемлекеттік жүйелер салаларымен байланысты еді. Барлығы 10 диван болған. Бірінші — уәзір диваны, екінші — қазынашы диваны, үшінші — мустафи диваны (салық мекемесінің бастығы), төртінші — сыртқы істер диваны, бесінші — гвардия басшылары диваны, алтыншы — қазынаның кірісі мен шығысын бақылайтын, сонан соң басқа да қаржы істері, мемлекеттік иеліктерді қадағалайтын диван, жетінші — дін дәстүрі мен рәсімдерді сақтайтын қолөнер бұйымдары сапасын бақылайтын және базарларды қадағалайтын бақылаушылар диваны, сегізінші — діни ұйымдардың мүліктерін басқаратын мекеме шенеуніктері мен сот-төрешілер диваны, тоғызыншы — пошта бастығы диваны, оныншы — жергілікті билік иелерін қадағалайтын құпия диван.

Жергілікті билік далалық аудандардағы елші басшы, яғни ел басы, тағы сондай ел басшылары көшпелі қауымдастықтардың әскери-потестардағы билеушілер болды. Ал отырықшы аймақтардағы билік ауылдық және қалалық басшылар — хакімдер мен мехтарлардың және райс-старостарлардың қолында еді. XII ғасырдың алғашқы жартысында Жетісу территориясы қара қытайлардың басқаруына көшті. Олар моңғолдан тараған халықтарға жататын. Соған қарамай мемлекеттік басқару жүйесінде үлкен өзгерістер бола қойған жоқ. Қара қытайлардың жоғарғы билеушісі Гурхан деп аталды. Елхандар, тегіндер және жергілікті билеушілер өздерінің биліктерін сақтап қалды. Қарахан мемлекетінің әкімшілік жүйесі удельдік жүйелер басшылығымен айқындалатын. Ол қарлұқтардан мұра боп қалған еді. Мемлекет екі иелікке бөлінді. Оның шығысы Жетісу және Шығыс Түркістан территориясын алып жатты. Орталығы Баласағұнға жақын Орда (Күз-Орду, Қара-Орду) болды. Ал батыс иелігі болса Сырдария мен Амудария өзендерінің территориясын жайлап, оның орталығы Үзгент, кейін Самархан болды. Өзара қырқыстардан кейін 1040 жылы аталған мемлекет күйреп, шығыс және батыс қағанаты құрылды. Олар бір-біріне тәуелсіз еді.

Мемлекет бірнеше ірі және шағын удельдерге бөлініп, оны билеуші династия өкілдері басқарды. Ірі шығыс қағанатының орталығы Баласағұн болып, оны Қараханның өзі биледі. Ал Тараз бен Испиджабта “Ілек” хан (үлестік билік иесі ханды ілектер) билік етті. Бұл удельдіктер ұсақ иеліктерге бөлінді. Оларды билеушілер өздерінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізуде тәуелсіз болды. “Ілек” хан өзінің басқару аппаратымен бірге орталық билік органдарын қайталаушы өз әскері болып, өз атынан тиындар дайындайтын. Сондай-ақ, хакімдер мен бектердің және ел басшыларының өкілеттігі де кең еді. Тіпті кей-кездері олар өздерінен жоғары билік иелеріне бағынбай, өзді-өздерімен де қарулы қақтығыстарға барып отырды. Сөйтіп, Қарахан мемлекетіндегі мемлекеттік жүйе бюрократтық аппараттың дамуымен үндесіп, билікті қадағалайтын жүйенің барлық саласындағы биліктер де бытыраңқылыққа ұшырап және әкімшілік бөлшектері автономияландыруға

әкеп соқтырды. Міне, осындай қайшылықтардан кейін Қарахан мемлекеті XII ғасырда күйреді.

Қарақытай билеген Гурхан әкімшілік жүйесінде Жетісудағы билік оншалықты өзгере қойған жоқ. Қарақытай билеушілері удель биліктеріне өз адамдарын қоймастан бұрынғы билеушілерді орындарында қалдырды. Сөйтіп Гурханның ордасы Жетісудағы мемлекет жүйесінен тыс тұрды. Қарақытай билеушілері мен жергілікті удель хандарының арасын байланыстырушылар наместниктер болды. Олар әрбір ірі қалалар мен удельдерде тағайындалып, олардың міндеті салықтар жинап, оны ордаға жеткізу еді.

Қарахан мемлекетінің егемендігі мен халықаралық құқық субъектілігі. Білге Күл Қадыр хан иеленген қаған дәрежесі Жетісу түріктерінің мемлекеттік статусының тәуелсіздігін анықтайтын. Қарахандықтардың исламды қабылдауы оларды халықаралық құқық жүйесіне ендірді. Ол шарифатқа негізделген еді. Сонымен қатар Қарахан мемлекеті Саманид, Сельжук, Газневи державаларымен байланыс жүргізді. Сондай-ақ ол Шығыс Түркістан мен Орталық Азиядағы мұсылман емес халықтармен қақтығыстарға барды.

Қарахан мемлекетінің қаржы және салық жүйесі дұрыс жолға қойылған болатын. Мемлекеттің орталық аппараты мен Ілек-хан (ханды іліктер) ордаларында салық жинауға жауап беретін шенеуніктер — мұстауфалар болды. Ал отырықшы жұртшылықтан харадж алынып, яғни астықтың оннан бірін салыққа жинайтын. Ұсталар мен көпестер сауда құқына ие болу үшін салық төлейтін.

Қарахан мемлекетінің салық жүйесіндегі ерекшелігі — ол Ихта институты болды. Жеке тұлғаларға мемлекет беретін салық жинау құқы солай аталды. Оларды кейде ихтадерлер немесе мұхта дейтін. Бұл жерде ихтадарлықтарға салық мөлшерін көтеруге рұқсат берілмейтін немесе Ихтал тұрғындарына қысым жасамайтын. Мұндай жағдайлар билеуші династиялар, шенеуніктерге, әскер басшыларына жасалды. Ихтаның кең тараған формасы ихтат-и-хашам - әскери ихта, яғни ихтадерлерге әскери қызмет кезінде жасалатын жағдай еді.

Қарақытайлықтар Ихта институтын қысқартып, салық жүйесін күшейтті. Сөйтіп, Жетісу өңірінің тұрғындары жаңа салық үй басына бір динардан төлейтін болды. Салық жинаумен мен Гурханның наместниктері айналысты. XII ғасырдың ортасында салық саясаты күрделеніп, қарақытайлар өздеріне қарайтын тұрғындарды қатты қыспаққа алып, көшпелі қауымдар отырықшылыққа күштеп көшірілді. Ол жер салығы “харадж” салығын арттырды. Бұл саясат жергілікті тұрғындардың ашу-ызасын келтіріп, қарақытайлар мемлекетінің әлсіреп, ақыры оның күйреуіне әкеп соқты.

Қазақстандағы құқықтың даму барысында X ғасыр ерекше бір кезең болып саналады. Исламды қабылдаған Жетісу және Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде жаңа құқықтық жүйе мұсылмандық немесе шарифат қалыптасады. Шарифат — заңдық нормалардың жиынтығы, әрі іс-әрекет ережесі мен қағидалары болып саналады. Құқықтың негізгі көзі — Құран мен Сунна. Шарифат бойынша құқықтың төрт түрі болды. Бірінші, әрбір адам құлшылық етіп, мойындайтын Алла билігі, екінші, жеке тұлға құқығы, үшінші, айналадағы адамдар құқығы, төртінші, құдай жаратқан барлық нәрселердің құқығы. Бұл исламның негізі. Мұсылман құқығында бірнеше құқықтық мектептер немесе мазхабтар болды. Қазақстанда орта ғасырларда ханифийлер мазхабы (түркі әлемі “Имам Ағзам” деп атайтын Әбу Ханифа мазхабы) кеңінен тарады. Оларға адатты (әдетті) пайдалануға тыйым салынбады. Ол исламның таралуына ешқандай кедергі жасамайтын. Фикх саласындағы басты бедел болып саналатын адам муфти болды. Соттық қызметті қазылар атқарды. Мұсылмандық құқықтың енуі әдеттегі құқыққа қарағанда тиімді еді. Бұл кезең ислам Ренессансының кезеңі болды. Сол кездегі мәдениет пен ғылымның, сондай-ақ құқықтанудың дамуы ерекше өсті. Сөйтіп, ислам бұл жерде діни идеялар мен іс-әрекеттердің жиынтығы ғана болып қалмай, біріншіден бойына философиялық құқықты сіңірген философиялық жүйе болып қалыптасты. Яғни, құқық алғашқы рет осылайша ғылымға айналды.

Осылайша, X-XII ғасырларда мемлекет және құқық Жетісу өңірінде ерекше өзгертулерге ұшырап, Орталық Азия дәстүрімен Алдыңғы Азиялық жаңартулар арқылы түркі-мұсылман мемлекетінің құқықтық жүйесі қалыптасты.

1.7 Қимақ қағанаты мен қыпшақ хандығы

IX ғасырда бірнеше тәуелсіз мемлекеттер пайда болып, олардың мемлекеттік жүйелерінде Орталық Азия және жергілікті жерлердің дәстүрлері араласып, бір-бірімен кірігіп кетті. Бұл қимақ қағанаты мен қыпшақ хандықтары еді. Солтүстік, Орталық және Батыс Қазақстан аймақтарын мекендеген Түрік мемлекетінің ішіндегі империялық атақ-дәрежеге ие болғандардың ең күштісі Қимақ қағанаты болды. 656 жылы Батыс түрік қағанаты күйрегеннен кейін оқшауланған Қимақ (кейде кимек) тайпасы басшысының “шад-түрік” атағы болған. “Шад” және “түрік” деген атақтар түріктерге кеңінен таныс, ол ертедегі руналық жазбаларда да бар. 840 жылдан бастап оның билеушісі болып “Жабғу”(ябғу) деген атақ алды. X ғасырдың басында Қимақ мемлекетінің күшеюі және оның құрамына өзге де түрік халқының қосылуына байланысты жабғу қаған (хақан) деп атала бастады. Қаған-хандардың ханы деген мағынаны білдіреді. Бізге жеткен кейбір құндылықтарға қарағанда онда он екі удель билеушілері өмір сүріп, олар әскер басшы әрі өзінше саяси мәселелерді шеше алатын билікке ие болған. Сондай-ақ, араб жазбаларына қарағанда қимақтарда сарай министрлері — хаджибтер және уәзірлер болған көрінеді. Ал енді, қыпшақтардың мемлекеттік аппаратына келсек, оларды алдымен хан немесе ұлы хан билеген. Билік мұра ретінде атадан балаға алмастырылып отырған. Басқару аппараты хан ордасында жүргізілді. Оның басты қызметі хан (мемлекет) мүліктеріне және әскерге иелік ету еді. Хан әскери және азаматтық билікті қолында ұстап, оларға айналасындағы кеңесшілері арқылы билік жүргізді. Ханның тұрағы Орда деп аталды. Ханнан басқа қыпшақтардың басын біріктіретін ірі-ірі шенеунік, ақсүйектер — тархандар, басқақтар және бектер, югурлер болды. Сондай-ақ, қыпшақ ханының ордасында іс-қағаздарын жүргізуші де болатын. Ал, Қимақ қағанаты төрт облысқа және он екі удельге бөлінді. Оларды парсы жазбаларында төмендегідей салалап белгілейді. Бірінші, Йагсун-Йасу Ешім мен Ертіс арасындағы Барабин даласынан бастап Обтан батысқа қарай жайлаған жерлер. Осы жерде қағанаттың орталығы және оның жаңа және ескі екі астанасы болды. Екінші, Қырқырхан-Шығыс және Орталық Қазақстандағы Ертіс өзенінен бастап Балқаш пен Алакөл өзендеріне дейінгі аралықтар, оған Қарқаралы, Шыңғыстау, Тарбағатай таулары қосылады. Үшінші, ішкі қыпшақтардың Орталық Қазақстанның Оңтүстігінде Шу және Талас өзендерінің төменгі жақтарын алып жатқан жерлер. Төртінші, Оңтүстік Орал және Торғай далаларын алып жатқан сыртқы қыпшақтар.

Қимақ қағанатының орнына келген Қыпшақ хандығында әкімшілік бөліну басқаша болды. Ол дәстүрлі әскери-әкімшілік жүйесімен қалыптасты. Әрі орасан үлкен территорияны алып жатқан халық (этнос) ретінде қалыптасты. Бұл хандық екі қанатқа бөлінді. XI-XII ғасырларда қыпшақ бірлестіктері екі бір-біріне тәуелсіз одақ болды, олар Батыс (Волгадан Батысқа қарай) және Шығыс (Қазақстан территориясында) еді. Олардың соңғысы екі қанатқа бөлінді. Хандық орталығы Торғай даласында тұрды. Оң қанаты Қазақстанның Батыс аймақтарын қамтып, орталығы Оралдың төменгі жағында болды. Сол қанаты Сырдария, Орталық және Шығыс Қазақстан территориясында орналасты. Сол қанатының ордасы Сырдарияның бойындағы Сығанақ қаласы болды. Оның әкімшілігінің негізгі бөлшегі әскери-потестарлық бірлестік — “тайпа” еді. Батыс Қыпшақ одағында оның саны 11 болды. Ал, Шығыс қыпшақ хандығына 16 әскери-потестарлық бірлестік енді. Ол Оғыз мемлекетінің әкімшілік бөлінуіне ұқсас еді. Әскери-потестарлық бірлестік “ел” немесе мемлекет аталып, көптеген ұсақ аймақтардан құралды. Қыпшақ даласы “Дешті-Қыпшақ” аталды. XII-XIII ғасырларда қыпшақтар мейлінше күшті ел ретінде танылды.

Қимақ және Қыпшақ мемлекеттерінің егемендігі мен халықаралық құқық субъектілігі. Парсы жазбаларының айтуына қарағанда Қимақ ханы ең ұлы хандардың бірі болып саналады. Ал X ғасырдағы араб авторлары болса, түркі мемлекетіндегі ең құдіреттілерінің бірі қимақтар деп санады.

XI ғасырда Оғыз мемлекеті өмір сүруден қалып, олардың жерлері қыпшақ хандығына қосылады. Сондай-ақ, IX-XII ғасырлар аралығындағы Қазақстан территориясын мекендеген қыпшақтың мемлекеттік бірлестігінің құдіреті талайды еріксіз таңқалдырды. Олар бір орталыққа бағынған мемлекет жүйесін құрмаса да Еуразия кеңістігінде өзінше бір мықты әскери-саяси күш болып қалыптасты. Қыпшақ хандары орыс князьдарымен тығыз қарым-қатынаста болып, Византия, Грузия, Хорезм және Қарахан мен Қара қытай мемлекеттерімен тығыз байланыс жасады. Дипломатиялық қатынастың басты бір белгісі династиялық — некелік байланыстар болды, ол саяси-әскери және экономикалық одаққа бірігуге итермелейтін бірден бір негізгі күш еді. XII ғасырдың аяғында Шығыс-қыпшақ одағының сол қанаты күйреп, өзінің егемендігін жоғалтады да Хорезмшах мемлекетінің билігіне көшеді. Қимақ және Қыпшақ мемлекеттерінің құқық және салық жүйесі туралы бүгінгі күнге мәлімет өте аз жеткен. Соған қарамай мемлекеттік қазынаны толықтырып отыратын байлық көздеріне қарағанда оларда салық және құқық жүйесі жақсы жолға қойылғаны байқалады. Мысалы, Қимақ қағанаты өз елінде шығарылатын алтыннан өзінің “міндетті үлесін” алып отырған және оларды жүргізетін салық жинаушылар болған. Егер салық төлеуден бас тартқандар болса, онда оған күшті қол жіберіліп, олар қатаң жазаланатын. Мемлекеттің басты міндеті құқықтық нормалар жасау болып саналады. Мысалы, қыпшақтардың әдеттегі құқында төрелердің рөлі ерекше болған. Сондай-ақ, сот және соттық шешімдер қыпшақтарда жарғы деп аталған. Міне, осылар арқылы жер және мүліктік талас-тартыстар мен қылмыстар, басқа да құқық бұзушылық қатаң жазаланып не әшкереленіп отырды.

1.8 Найман және керей ұлыстары

IX ғасырдың ортасында Орталық Азияда жаңа саяси қайта құрулар басталып, әлем картасында наймандар мен керей ұлыстары, яғни мемлекет пайда болады. Олар алғашқы рет VIII ғасырда Ұйғыр қағанаты құрамында аталды. Ұйғыр қағанаты 840 жылы құлағаннан кейін, Орталық Азияда жинақтаушы цзубу атымен белгілі көшпенділер конфедерациясы пайда болады. Солтүстік цзубу деп керейлерді атаса, ал Батыс цзубу деп найман ұлыстарын атады. Бұл мемлекеттердің күшеюі X-XI ғасырлардағы христиандардың несториан бағытындағы ағымды қабылдауынан басталды. Соған қарамай X-XII ғасырлар басында цзубу оның ішінде наймандар Ляо империясының билігіне көшеді. Сөйтіп олар Ляо империясына вассалдық тәуелділікте болып, Шығыс Қазақстан мен Батыс Моңғолия жерінде тұрады. Тек 1125 жылы Керейлер тәуелсіздік алса, ал 1143 жылы Наймандар тәуелсіздік алды. Сол кезден бастап олар өз еркіндіктері өзінде мемлекет ретінде дамып, тек XIII ғасырдың басында ғана моңғолдар билігіне көшті. Жалпы найман тайпалар одағы VIII ғасырдың Ортасында Жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында сегіз-оғыз деген атаумен пайда болып еңсе көтерген.

Найман және керей ұлыстарының мемлекеттік басқару құрылымы. IX-XI ғасырларда цзубу конфедерациясын, яғни көшпелілер бірлігін далайхан атақ дәрежесіндегі билеуші басқарды. Ол кезде аталған одаққа кіретін әрбір бірлестіктің билеушісі хандар болды. Кейбір жазбаларға қарағанда сол кезде наймандарды Таяндар және хандар билеген. Бірақ, бұл атақ-дәреженің ара-жігін айырып, көрсететін мәліметтер жоқ. 1092 жылғы қидандармен болған соғыста Далай-хан Маргузаның жеңілісі көшпенділерді Ляо империясының билігіне бағындырды. Кейін қайта тәуелсіздік алғаннан соң мемлекеттік басқару жүйесі біршама өзгерді. Ал, керей билеушісі Бұйрық-хан атағын алып және ол мұрагерлікпен алмастырылып отырылды. Керейлер бағындырған моңғолдарды гурхан биледі. Ол Бұйрық-ханға тәуелді болды. 1183 жылы Керейлердің билеушісі Тоғұрылды Қытай империясы ван — патша ретінде мойындап, Керей мемлекетінің егемендігі жарияланды. Сөйтіп, Тоғұрыл ван-хан атақ дәрежесін алады. Ван-хан туралы әртүрлі жазбаларда әрқилы айтады. Мысалы, Шыңғыс хан талқандаған керей ұлысының билеушісі Ван-ханның (Бұл жерде атақ-дәреже емес) наймандар иелігін қорғаған найман қарауылымен қақтығыста қаза тапты деген мәлімет бар. 1203 жылы керейттерді моңғолдар күйретіп, олар өздерінің тәуелсіздіктерін жоғалтады.

XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басында Найман мемлекетін екі билеуші — Бұйрықхан және Таян-хан биледі. Найман және Керей мемлекетінің атқарушы билігінің органы болып, хан ордасы және оның үкіметі болды. Орда хан және оның әскер мүліктерін басқарды. Басқару қызметін ерекше категориядағы қызметкер адамдар немесе шенеуніктер атқарды. Ордада арнаулы іс-қағаздары хан мөрімен белгіленді. Найман ханының кеңсе бастығы және мөрін сақтаушысы XII ғасырда ұйғыр Тататунг болды.

Найман мен Керей ұлыстарының территориясы мен әкімшілік жүйелері. Цзубу мемлекетінің территориясы бірнеше жартылай тәуелсіз бірлестіктерге бөлінді. Оның Солтүстік цзубуы керейлер аталса, ал батысы наймандар болып аталды. Наймандар мен Керейлер тәуелсіздік алғаннан кейін көшпелі мемлекеттің бір формасы Ұлыс пайда болды. Ұлыс термині “халық”, “халық билігі” деген ұғымды білдіріп, өзін-өзі басқаратын әрі өзінің территориясы мен халқы бар саяси жүйе болып саналды. Территория шекаралары ат басын шалатын бекеттер арқылы белгіленіп қорғалды. Керейлердің Тоғұрыл (Ван-хан) ханы найман күзетшілеріне жолығып қалып, сол қақтығыста қайтыс болғаны тарихтан белгілі. Керей ұлысы әскери-потестарлық құрылым — “тайпаға” бөлінді. Кейбір жазбалар бойынша олар әскери әкімшілік бөлінуге қарай әрбір тұрғындар әкімшілік бөлшек «түмен», “мыңдық”, “жүздік”, “ондық” болып бөлінді. Бұл қаншалықты әскер барын аңғартатын цифрлар. Найман ұлысы болса екі қанатқа бөлінді. Оларда да жоғарыдағыдай түмендерден, мыңбасылардан, жүзбасылардан, онбасылардан тұратын. Наймандар мен керейлерде өз билеушілерімен бірге жергілікті қауымдастықтардан, әсіресе қыпшақтар мен қаңлылардан шенеуніктер қызметке тартылды.

Найман мен Керейлердің егемендігі мен халықаралық құқық субъектілігі. Орта Азиядағы алғашқы көшпелілер егемендігі IX-XI ғасырларда цзубу конфедерациясы шеңберінде болды. 1008-1009 жылдары ол өзінің басты қарсыласы деп Ляо империясын жариялады. Цзубу билеушісі Уварды “барлық көшпелілердің ханы” деп мойындады. Ал, екінші кезең болса, XII-XIII ғасырдың бас кездерінде Керей мемлекетінің тәуелсіздігіне байланысты дала империясының белгілерін алуы болды. Олардың билігіне монғолдардың көшпелі қауымдастықтары енді. Олар жеке ұлысқа бірікті. Бірақ Тоғұрыл мен оның туған ағасының арасындағы қайшылық XII ғасырда моңғол бірлестіктерін қадағалайтын күштің әлсіреуіне әкеп соғады. XII ғасырдың аяғында Тоғұрыл Керей-моңғол конфедерациясын қайта қалпына келтірсе де, 1203 жылы ұзаққа бармай керейлер моңғолдар билігіне көшеді.

Наймандар мен Керейлер тәуелсіз де егеменді мемлекет ретінде сыртқы саяси қызметті белсенді жүргізді. Бірінші 1007 жылғы дипломатиялық ірі қарым-қатынас барысында Мервтегі несториан ағымындағы христиан дінін қабылдауы және оның кең далада тарауына ықпал ететін акция болды. Қытай, таңғұт, турфан және Ляо империясымен болған әртүрлі елшілік қарым-қатынастар да соған жатады. Сондай-ақ, Керейлер мен Наймандар арасындағы қарым-қатынас та бұл саладағы ірі жеңіс еді.

Керей мен Наймандар өз мемлекеттері мен оның статусын халықаралық байланыста кеңінен мойындалуын қамтамасыз етті. Найман мен Керей құқығының негізгі көзі- әдет-ғұрып, салт-дәстүр болды. Кейбір жазбаларға қарағанда олар “Еке-Төре” немесе “Ұлы ақиқат” атты заңдар кодексын пайдаланған көрінеді. Наймандар мен Керейлер көк тәңіріне сыйынып, оны құқық нормасы ретінде қабылдаған. Ал хандар болса, Алланың жердегі билігіне ие, әрі соның нормаларын орындаушы болып саналған.

Сөйтіп, YI-XII ғасырларда Қазақстанның мемлекет және құқығы жаңа кезеңге көшіп, өзінің өрлеу дәуірін кешті. “Орда”, “ел”, “ұлыс” сияқты жаңа институттар пайда болып, салық, әрі удельдік басқыншылық билікті мұрагерлік ететін жүйе пайда болды. Одан кейін құқықтық жүйе де біржола дамып, алғашқы жазбаша заңдар өмірге келді. Сондай-ақ, Қазақстанға исламның келуі құқықтану процесін ерекше ғылыми жүйеге түсірді. Қазақстанның мемлекет және құқығы Еуразияның барлық территориясындағы мемлекеттік құқықтық жүйені дамытуға негіз болған бірден-бір көз болды.

Әдебиеттер:

1. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 237 б.
2. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 262 б.
3. Т.С.Жумаганбетов. История государства и права Республики Казахстан. (Древность и средневековье). Алматы “Жеті жарғы”, 2000.
4. Еркін Абиль. История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до нач. XX века. ТОО “ФОЛИАНТ”, Астана, 2000.
5. История государства и права Казахской ССР. Часть I. Под общей редакцией члена-корреспондента АН КазССР С.С.Сартаева. Алма-Ата, “Мектеп”. 1982.

Тақырып 12. Қазақ хандығының құрылуы және дамуы.

Мақсаты: Қазақстан аумағындағы мемлекеттік және құқықтық дамудың негізгі үрдістерін талдау. Қазақ хандығының мемлекеттік институттардың, құқықтық және сот жүйелерінің мазмұны мен қызметін талдау;

Негізгі терминдер: Дешті-Қыпшақ, Ақорда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, саяси-экономикалық алғышарттар, ұлыстар, Хан кеңесі, Билер кеңесі, Мәслихат, Құрылтай, төрелер, сұлтандар, харадж, ұшыр, батырлар, төлеңгіттер, құлдар, жатақтар.

Сұрақтар:

1. Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары.
2. Қазақ хандығының қоғамдық құрылысы.
3. Қазақ хандығының саяси құрылысы.
3. Қазақ хандығының саяси-потестарлық жүйесі.
4. Хан сайлау дәстүрі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан институтының негізгі қызметтері. Ханның қоғам ішіндегі саяси қызмет.

XV ғасырдың ортасында Қазақстан территориясында жаңа мемлекеттік құрылым - Қазақ хандығы құрылды. Бұл жағдай қазақ халқының тарихында және Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық жүйесінің қалыптасу кезеңінде ерекше орын алады. Қазақ хандығының негізгі тұрғындары қазақ халқы этнос ретінде қалыптасты. Қазақ хандығы осы өңірде өмір сүрген ежелгі ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттерінен бастап Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығына дейінгі мемлекеттердің заңды жалғасы ретінде дүниеге келді.

Жалпы, қазақ хандығының құрылуы Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның кең байтақ территориясындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық процестердің заңды қорытындысы болып есептелінеді. Экономикасы аралас, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан аймақтардың табиғи интеграциясы негізінде XIV-XV ғасырларда тұтас экономикалық және бір саяси құрылымға біріккен мемлекеттің пайда болуына қолайлы жағдай әзірледі. Сөйтіп, қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу процесінің аяқталуына себепкер болды. Әсіресе, Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы; Ноғай Ордасы шеңберінде жергілікті этникалық негізде бір мемлекеттің даму тәжірибесі қалыптасып біртұтас халықтың саяси жағынан бірігуі қажет екенін түсінуіне әкеліп соқтырған жағдайлар қазақ хандығын қалыптастырды. Сондықтан да қазақ хандығының құрылу кезеңдерін төмендегідей қараған жөн.

Қазақ хандығының құрылуы. Әбілқайыр мемлекетінің XV ғасырдың 50 жылдарындағы саяси жүйесінің дағдарысқа ұшырауы, оның қарсыластарын күшейтіп қана қоймай, олардың санын арттырды. Ол жалпы жұртшылық қана емес, беделді адамдардан да қолдау таппады.

Қазақ хандығының негізін салушылар Ақ Орда билеушісі Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек хандар болды. XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек Шығыс

Дешті Қыпшақта Ақ Орда хандары әулетіне қарсы күресе отырып, халық бұқарасының наразылығын пайдалана білді. Оларға қараған екі жүз мыңдай адам Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанға қарасты Шу мен Қозыбасы өңіріне орда тікті.

Әбілқайырдың оларды ұстап тұруға қаһары да, күші де жетпеді. Жалпы, 1459-60 жылдардағы наразылыққа толы көші-қон Дешті қыпшақтың шығыс тұсындағы ұлы ұлыстың бір бөлігі Әбілқайыр мемлекетінің, күйреуіне әкеліп соқты. Әбілқайыр 1468 жылы Моғолстанға жорыққа аттанып, сол жолы қаза тапты да хандық ыдырады. Әбілқайыр хандығы мен қазақ хандығы құрамындағы халықтар бірыңғай болғандықтан, олар ешбір қан-төгіссіз бірігіп, бүкіл жерлер Қазақ хандығына қарады.

Әбілқайырдың қазасы мемлекеттегі саяси дағдарысты күшейтіп, кейбір жазбаларда оның тақ мұрагерін ұлы Шейх-Хайдар десе, ал енді біреулер Жәдігер (Йадгар) хан дейді. Қалай дегенде де билік үшін болған қым-қиғаш тартысқа кейін маңғыт билері Мұса мен Жаңбыршы, шейбанид Ибрахим араласады, Жәнібек пен Керей сұлтан да одан тыс қалмайды. 1469 жылдың аяғы- 1470 жылдың басында Шейх-Хайдардың жақтаушылары күйреп, ханның өзі өлтіріледі де, оның иелігі үшке бөлінеді. Батыс Жетісу, Орталық Қазақстан, Сырдарияның орта ағыстары Жәнібек пен Керей қолына көшеді. Батыс Қазақстанда Маңғыт билерінің басшылығымен мемлекеттік құрайтын Маңғыт жұрты немесе Ноғай ұлысы деген атпен белгілі мемлекет құрылды. Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір шейбанид Ибрагим билігінің құрамына кіріп, Сібір хандығы атанды.

Қазақ хандығының пайда болуына бірден-бір себеп болған жағдайларды тұтас саяси-экономикалық және этникалық іс-әрекеттерден деп бағалау керек. Оның саяси себептерінің бірі — Ұлы ұлыстың империялық дәстүрі негізінде қалыптасқан саяси-құқықтық жүйенің қоғам өмірінде жүйелі түрде дами алмауы болды. ХІҮ ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ ХҮ ғасырдың алғашқы жартысына дейін билікке келген саяси топтар бір орталыққа бағынған бюрократиялық мемлекеттің күшті хан билігіне бағынышты болуын қалағанмен, оған олардың экономикалық негізі сәйкес емес еді. Сондықтан да Әбілқайыр хан қарауындағы жұртшылық оның ұстаған саясатын қолдамай, қайта мемлекеттік құруға лайықты жаңа жобалар ұсынған оның қарсыластарын қолдады. ХҮ ғасырдың ортасындағы Мұса мен Жаңбыршы билер атынан іс-әрекетке көшкен Едіге ұрпақтары төре Шыңғыс ұрпақтарын және хан билігін жойып, оларды Едіге ұрпақтарымен алмастыруды ұсынды. Ал Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей хан билігін сақтап, оны қауымдастық өкілдерінің съезді — Мәслихатпен шектеп отыруды қолдады. Әбілқайыр мемлекетінің күйреуі және маңғыт билері мен қазақ хандарының бір бірімен күресі Қазақстандағы саяси құрылымның болашағы үшін болған қарама қайшылықтары еді. Сөйтіп, ұзақ шайқастардан соң ХҮІ ғасырдың аяғы ХҮІІ ғасырдың басында қазақ хандары жеңіске жетіп, бүкіл билікті өз қолдарына алды.

Ал, оның экономикалық себебі, төменгі Повольжьенің Еуразияның экономикалық орталығы ретінде күйреуі болды. ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы Ұлы ұлыс жұртшылығының батыс аймақтардан шығысқа қарай, яғни қазіргі Қазақстан территориясына қарай көшуі үлкен тарихи жағдайларға әкеліп соқтырды. Осы мезгілде транзиттік халықаралық сауда жүйесі бұзылды. Біріншіден, барынша дамып келе жатқан Еуропа мемлекеттері Ұлы ұлыс территорияларын айналып өтетін Индия мен Қытайдың теңіз сауда жолдарын игере бастады. Екіншіден, Осман империясының өркендеуі-Ұлы ұлыстың негізгі экономикалық әріптесі және Еуропамен сауда-саттықтағы делдалдық қызмет атқаратын Генуя республикасының саяси және экономикалық жағдайының құлдырауына әкелді. Сөйтіп, жеңіске қол жеткізген түріктер Қара теңізді өз иеліктеріне алып, Ұлы ұлысты әлемдік рынокқа шығармай қояды. Мұндай дағдарыс пен саяси қиындықтар Ұлы ұлыстың сауда орталығына айналған қалаларындағы тіршілікті қиындатып, ақыры 1395 жылы Әмір Темір әскерлерін ойсырата күйреуге әкеліп соқтырады. Сөйтіп, Повольжье мен Солтүстік Кавказдағы қалалардың біраз бөлшегі өмір сүруден қалды. Повольжьенің экономикалық жағдайы ХҮІ ғасырдың екінші жартысында ғана қайта қалпына келіп дамиды. Бірақ

Еуропаға шығатын жолы Қырым емес Ресей болды. Сөйтіп, ол Мәскеу патшаларының билігіне көшеді.

Сонымен бірге Сырдария өзенінің бойындағы қалалардың маңызы артып, Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда-саттық дамуы сауда — егіншілікпен айналысатын Повольжьеден мал-жер шаруашылығымен айналысатын Қазақстанға көшеді. Сөйтіп, жаңа мемлекеттің қалыптасу кезеңі басталды.

Қазақ хандығының қалыптасуына ерекше ықпал еткен жағдай, ол **этникалық** процестің жан-жақты жүруі болды. ХІҮ-ХҮ ғасырларда Қыпшақ этносы дағдарыс кезеңін бастан өткізеді және оның этникалық құрылымы күйреп, жаңа белсенді субэтникалық топтардың құрылуына әкеп соғады. ХІҮ ғасырдың 50-60 жылдары Сырдария бойында жаңа **ноғайлы** субэтносы қалыптасады. Олар Ислам өркениеті мен қалалық мәдениетке қарсы көшпелі дәстүрді сақтап қалады. Келе-келе **ноғай** термині ежелгі Қыпшақ этнонимімен алмастырылады. Сөйтіп, **алаш** субэтносы пайда болады. Ол Ұлы ұлыстың сол қанатын жайлаған, Ислам әлі толық сіңісе қоймаған **алаш** жұрты еді. Этникалық дағдарыстың жалғасуына себеп болған қозғалмалы көшпелілердің жиынтығынан **казак** немесе **қазақ** атымен аталатын субэтнос пайда болды. Сондай-ақ, Ұлы ұлыстың бұрынғы көшпелі жұртшылығының атын жинақтаған **өзбектер** десол кезеңде өмірге келді.

Сөйтіп, ХІІІ-ХҮ ғасырлардағы **қыпшақ**, ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы **ноғай** және ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы **өзбектің** тұтас этносы ХҮІ ғасырларда да өмір сүріп, олар жалпы қазақ этнонимін бекітеді де, оның аты Қазақ елі атанады. Сөйтіп, қазақ хандығының құрылуына байланысты төмендегіні айтуға болады:

1. Керей, Жәнібек сұлтандардың Шу өзені аймағына көшіп, 1465-1466 жылдары Қазақ хандығын жариялауы болса, немесе сол Керей, Жәнібек сұлтандардың 1469-1470 жылдары Сарыарқа және Сырдария аймақтарындағы территорияларда өздерін екінші рет хан сайлаулары. Тарихи жазбаларға қарағанда мұның екіншісі Қазақ хандығының құрылғанына бірден-бір себепкер болған секілді.

2. Қазақ хандығы ХҮ-ХҮІ ғасырларда Ұлы ұлыстың бір ұлысының негізінде пайда болып, оның көшпенді ұрпақтарынан өрген және оның мұрагері ретінде дамығандығы еді. Ұлыстың территориясы ХҮІ-ХҮІІ ғасырдың басында Қазақ хандығы мен Ресей патшалығы арасында бөлініп алынды.

3. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығы ХІІІ-ХІҮ ғасырлардағы Ұлы ұлыс қыпшақтарының тікелей мұрагерлері ретінде өздерінің этникалық, мәдени, антропологиялық жағынан еш өзгермеген еді.

4. ХҮ-ХҮІІІ ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси ұйымдасуы Моңғол империясы мен Ұлы ұлыстың мемлекеттіліктерінің моделі ретінде дамуына негізгі база болып саналды.

ХV-ХVІІ ғасырлардағы қазақ хандығы. Жас Қазақ хандығы құрылған күннен бастап, бүкіл қазақ тайпаларының басын қосып, Сырдария бойындағы қалаларды қосу үшін күрес жүргізді. 1473 жылы Керей хан өлгеннен кейін, оның орнын баласы Бұрындық алды (1474 -1511 жж.). ХҮ ғасырдың аяғында қазақтар Оңтүстік Қазақстанның үлкен бір бөлшегін иеленіп, одан Әбілқайыр ұрпақтарын ығыстырып шығарады. Сөйтіп, қала орталықтарына иек артқан Бұрындық хан Жетісу, Орталық және Батыс Қазақстанның көшпелі руларының басын біріктіреді. Соған қарамай ХҮІ ғасырдың басында мемлекеттің толық билігі Жәнібектің баласы сұлтан Қасымның қолында болды (1511-1523 жж.). Бұрындық пен Қасымның арасындағы билікке талас соңғысының жеңісімен аяқталады. Қасым хан билеген жылдар қазақ хандығы үшін ең бір құдіретті кезең болды. Сол жылдары қазақтар Сырдария жағалауындағы қалалардың біразын өзіне қаратып, Жетісу мен Тянь-Шань өңіріндегі қалаларды да игерді. Қазақстанның батысындағы жерлерде де өз иелігі кеңейтіле түсті. Маңғыт жұрты Мұса мырзаның өлімінен кейін ауыр кезеңді бастан кешіп, олардың Едіге ұрпағымен қырқысы күшейе түсті. Міне, осындай жағдайлардан кейін Маңғыт жұртының билеушілері Қазақ ханымен одақтасып, Сарайшық Қасым ханның ордасына айналады.

Бірақ бұл мемлекеттің күшеюі уақытша еді. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы қазақ қоғамындағы саяси жүйе Ұлы ұлыстың империялық басқаруына себепкер болған қайшылықтарды да бойына сіңірген еді. Сондықтан да алғашқы Қазақ хандарының билеу жүйесіндегі әлсіздіктер олардың саяси аренадағы беделін түсірді. Қасым хан өлгеннен кейін, қазақ-маңғыт одағы ыдырайды. Сөйтіп, Қасым мұрагерлері арасындағы билікке талас бірнеше хандықтардың өмірге келуіне себепкер болды. Аталған таластан кейін қазақтар билігіне Жетісу мен Сырдарияның бір бөлшегі қалады да, қалғандары Маңғыт билері мен Орта Азия билеушілерінің билігіне көшеді. Тек ХҮІ ғасырдың 50 жылдары ғана Хақназар ханның кезінде (1538-1580 ж.ж.) Қазақ хандығы ұзақ дағдарыстан шығып, өзінің саяси жүйесін өзгертеді.

Қазақ хандығының жоғарғы заң шығарушы билігі **мәслихат** немесе **құрылтай** — сұлтандар мен қауымдастық өкілдерінің съезі болды. Мәслихатқа қатысуға ересек және еркін ер азаматтардың құқы бар еді. Олар мәслихаттың толық мүшесі болу үшін өздерінің қару-жарақтары болуы керек болатын. Съезд жұмысына халықтың көп бөлігі жиналатын, сондықтан да кейбір жазбаларда мәслихатты **халық жиналысы** деп атайды.

Хан билігінің күші ондағы удельдік басқару жүйесінің қаншалықты мықты да қалыпты болуына байланысты болды. Ол туралы кезінде И.Георги: “...Өзінің ағайындары, сұлтандары, нағашылары немесе достары болғанына қарамастан, ханға старшындарға қарағанда ерекше ілтипат көрсетілді” деп жазды.

Қазақ қоғамының жоғарғы мемлекет басшысы хан болды. Хан мәслихат кезінде Шыңғыс хан ұрпақтарынан сайланып, ол хандық қызметін өле-өлгенше атқарды. Тіпті кейде хандар алмастырылып, олар қуғынға түсіп тұратын да кезеңдер болды. Мысалы, 1511 жылы Бұрындық хан өз тағын тастап Самарханға кетуге мәжбүр болды. Ал 1526 жылы Таһир хан Қазақ хандығын тастап Қырғызстанға кетті. Хан сайлауы өткір саяси талас-тартыспен өтетін. Кей кезде қарулы қақтығыстар да болып тұратын. Кей кездері мәслихат екіге жарылып екі не одан да көп хандар пайда болатын. Сондықтан да сайланған ханды жоғарғы **билеуші** деп атап, оны ақ киізбен үш рет көкке көтеретін. Ханның құзырына төмендегілер кіретін:

1. Мемлекетті сыртқы жаулардан қорғайтын қарулы күзетті ұйымдастыру.
2. Мемлекеттің сыртқы саяси бағыт-бағдарын анықтау.
3. Жоғарғы сот билігі қызметін атқару.
4. Қоғамдық құрылысты және түзелген тәртіпті қорғау.

Ханның қолында әскери және азаматтық билік шоғырланды. Хан әскерлердің бас қолбасшысы болып есептелді. Мыңбасыларды тағайындады. Соғыс жариялау және бітім мәселелерін шешті. Рубасы сұлтандарды тағайындады. Билерді белгіледі.

Хан жоғарғы биліктің сот-төрешісі болып саналды. Оның құзырына өзіне дейінгі билер шешіміне апелляция жасау, әр түрлі ұлыстардың арасындағы дау-дамайларға төрелік айту кірді. Сот істерін шешкен кезде хан әдеттегі заң нормаларын басшылыққа алды. Пайдаланудағы тәртіптер мен қоғамдық жағдайларды қалыптастыру және оны нығайту үшін хан өзі бұйрықтар шығарып, тапсырмалар бере алатын. Ол сонымен бірге салықтардың түрі мен көлемін белгілеп, хандықтың әкімшілік құрылымдарын қалыптастырды және олардың басшыларын тағайындады.

Ханнан кейінгі жоғарғы мемлекеттік билік сұлтандардың қолында болды. Сұлтан деген атақ тек Шыңғыс ханның ұрпақтарына берілді. Сұлтандар болашақта хан сайлануға құқылы болды.

Сұлтандар ханның тапсырмасымен жергілікті әкімшілік билікті жүзеге асырды. Ол ханға тікелей бағынып, өз иелігінде соттық, азаматтық және әскери билік жүргізе алды.

Билер кеңесі хан бұйрығыменен жиналып, ең күрделі саяси және заңды мәселелерді кеңестік құзырда шешті. ХҮ-ХҮІ ғасырларда бұл органның рөлі оншалықты болған жоқ. Оның құрамына беделді билер мен қауымдастықтардың өкілдері кірді. Ол билердің бірі хан кеңесшісі болды. Жалпы, сот құрметті де жасы келген бір биден тұрып, ол өзінің айналасына алтыға дейін тұратын билер тобын құрайтын. Онда биге төраға ретінде ерекше

билік берілетін. Егер соттардың біріне арызданушы немесе жауап берушілердің біреуінің күдігі болатын болса, ол биліктен босатылады. Биге түсетін күдіктің ең бастыларының бірі оның екі жақтың бірінен пара алып қою немесе сол екі жақтың біреуінің туысқаны болып шығуы себеп болады. Би мен сот төрешісі дау мәселесін шешу барысында ешқандай да қаржы не төлем алмайды, ондай болған жағдайда олардың қай-қайсысы болмасын биліктен босатылады. Ал егер бидің алдында айыпталушы не айыптаушы айқайлап жаман сөздер айтатын болса, онда олардың қай-қайсысын болмасын қамшымен дүре соқтырып, ол жат-жұрттық болса, қуып жібереді. Бидің мұндай қызметі қазақ хандығының құрылуы кезеңінен бастап, оның Ресей отарлауына түскен кезеңге дейінгі аралықта өз күшін жоғалтқан жоқ. Орыс жылнамаларында оны **орда билері** дейді. Олар ордадағы соттау және жаза қолдануды талап ететін істердің барлығын жүргізіп, өздерінің халық құқығын іске асырушы өкіл ретіндегі міндетін атқаратын. Оларды әскер басылары мен бай басқарушылармен еш салыстыруға болмайды. Олардың әрқайсысына бөлінген міндеттері әр түрлі. Кез келген адам ордалық биге өзінің арыз-шағымымен бара алатын болған. Істің ақ-қарасын анықтау үшін биге жан-жақты құқық беріледі. Ал хан тарапынан оған ешқандай да ерекше құқық немесе жеңілдік берілмейді. Оның барлық айырмашылығы биге халық тарапынан берілетін бағамен анықталып отырған.

Сонымен бірге хан жанындағы іс-қағаздарды жүргізетін кеңсе қызметкерлері **дуан** деп аталды. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы хан әкімшілігі аппаратының орталығы тұрақты бір жерден орын теппей, хан және оның ауылымен бірге көшіп отырды. Тек Бұрындық және Қасым хан ғана аз уақыт көлемінде Орал бойындағы Сарайшықты мемлекет орталығы етті.

Әкімшілік құрылымы. Қазақ хандығының территориясы мен халқы хан туысқандары — сұлтандардың бастауымен удельдерге бөлінді. Әрбір удельдер 50-60 мыңдай отбасы болды. ХҮІ ғасырдың басында Қазақ хандығы үш-төрт ірі-ірі удельдерге бөлініп, оның біреуі тікелей хан билігінде болды. Әр бір удель 10 мың отбасыдан тұратын ұлыстарға бөлінді. Ұлыстардың басында хан сайлаған сұлтандар тұрды. Әрбір ұлыстың өзіндік территориясы бар еді. Сондықтан хандық әскери-әкімшілік бөлшекке бөлінді.

Ұлыстар құрамына тайпалар ұйымы кірді. Оларды билер мен старшындар биледі. Әрбір ұйым тайпаларды біріктіріп, бір территорияда көшіп-қонатын.

Хан өз аппаратын ұстап тұру үшін өз билігіндегі жұрттан **салықтар** жинады. Салықтың **баж** және **харадж** деген екі түрі болды. Көшпелілер қазынаға әр бас малының саны есебінен 5 пайыз **ұшыр** төледі. Салық жинау жергілікті билік иелеріне берілді. Қазақ хандары Сырдария бойындағы қалаларында өз теңгелерін дайындады.

Сөйтіп, ХҮ-ХҮІ ғасырларда Қазақ хандығы хандық республика дәрежесінде дамып, оны жабық типтегі төре-Шыңғыс ұрпақтары биледі. Қазақ хандығы мемлекеттік құрылымы бойынша **унитарлық** мемлекет болып саналды.

ХҮІ ғасырдың 50-ші жылдары Қазақ хандығы таққа Хақ-назардың келуімен (1538-1580) едәуір күшейе бастады. Қасым хан қайтыс болғаннан кейінгі мемлекеттің тұтастығын қайта қалыптастырып, қазақтардың басын біріктіруде оның атқарған рөлі ерекше болды. Хақназар басқарған кезінде қазақ хандығының мемлекеттік шекарасы батысында Оралды мекен етіп, солтүстігінде Ешім мен Нұра, шығысында Шыңғыстау, Балқаш және Шу өзендері территорияларын алып жатты. Оңтүстігінде қазақтар Ташкентпен көрші тұрды. Сонымен бірге Хақназарға башқұрлар мен қырғыздардың бір бөлігі бағынды.

Хақназар өлгеннен кейін Қазақ хандығы қысқа уақыт дағдарысқа ұшырап, Шығай ханның тұсында (1580 -1582 ж.ж.) Бұхар хандығына бағынады. Кейін ХҮІ ғасырда таққа Тәуекел хан отырып (1582-1598) Бұқараны күйрете жеңіп, Ташкент пен Ферғана аймағындағы қалаларды өзіне қаратып алды. Сөйтіп, Сырдария бойының барлығы қазақтарға қарайды.

Қазақтардың саяси-потестарлық жүйесі бірнеше деңгейде болды. Бүкіл билік қауымдастық басқарушысының қолында болып, ол қауымдастық ішіндегі қарым-қатынасты реттеп отырды. Келесі деңгей өте күрделі қауымдастық иерархиясынан тұрды.

Ол ассоциация түрінде бірікті. Бірнеше ассоциация бір территорияны иеленіп, әскери-потестарлық топ **руға** бірікті. Бірнеше ру әскери-потестарлық бірлестікті құрап, ел немесе **аймақ** болып бөлінді. Оларды орыс жазбаларында тайпалар дейді. Соған қарамай қазақтардың ең жоғарғы саяси жүйесі **мемлекет** саналды. Олардың әрқайсысының өз **таңбалары** және әскери **ұрандары** бар еді. Кәсіпқой әскер басшыларын жасаған ерліктеріне сәйкес **батырлар** деп атады.

XVII ғасырдың басында қазақ қоғамындағы саяси жүйелердің бір ерекшелігі жүзге бөлінеді. Әр жүз өзінше ірі әкімшілік-саяси және территориялық шаруашылық бірлікке ие автономия құрды. Халық дәстүріне қарағанда жүздердің құралуын Хақназардан бастайды. Қазақстанда ерте орта ғасырлардың өзінде-ақ үш негізгі аудандар бір-бірінен айырмашылықта тұрды. Бірінші Жетісу, екінші Батыс Қазақстан және Арал өңірі болса, үшінші Солтүстік-Шығыс, Орталық Қазақстан және Сырдарияның орта ағаш еді. Міне, осы шекара бойында қазақ жүздері-ұлы немесе аға (Ұлы жүз), орта (Орта жүз) және кіші (Кіші жүз) тұрды. Мұның бәрі **шежіреде** егжей-тегжейлі көрсетілді.

Сонымен дәстүрлі Қазақ мемлекеті қос билік құрылымына негізделген болатын. Онда бір-бірімен параллель екі авторитеттік (беделдік) және ақсүйектер билігі болды. Оның біріншісі дәстүр, әдет-ғұрып негізінде құралып, ашық түрде болды. Оларды билеушілер тәжірибе мен беделге сүйенді. Ол билікті билер мен старшындар жүргізді. Ал ақсүйектер билігі жабық типті құрамына жаңа мүшелерді қоспайтын түрде дамыды. Бұл билік Шыңғыс тұқымдары- төрелердің қолында болды. XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың басында беделді билік иелері — жүз өкілдері, әскери-потестарлық биліктер мен жеке қауымдастық өкілдері болды.

Қазақ хандығындағы Сырдария бойындағы қалалар және егін шаруашылығымен айналысатын отырықшы округтер айрықша маңызға ие болды. Олар көшпелі бірлестіктерге қарағанда хан билігіне ерекше бағынды. Оларды билеуге хан **сұлтан** мен **әкімдер** тағайындады. Олар хан қазынасын толтыру үшін әртүрлі салықтар жинады.

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы өзінің саяси-потестарлық жүйесін дағдарысқа әкеліп ақыр аяғында өзінің егемендігі мен тәуелсіздігін жоғалтты.

Қорытындылай келгенде Қазақ хандығы XV ғасырдың екінші жартысында саяси, экономикалық және этно мәдени себептердің тұтастығы арқылы Ұлы ұлыстың сол қанатындағы негізде құрылды. Күрделі кезеңнен өткен Қазақ хандығы XVII ғасырдың басында тұрақты мемлекетке айналды.

Әдебиеттер:

1. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 237 б.
2. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 262 б.
3. Т.С.Жумаганбетов. История государства и права Республики Казахстан. (Древность и средневековье). Алматы “Жеті жарғы”, 2000.
4. Еркин Абиль. История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до нач. XX века. ТОО “ФОЛИАНТ”, Астана, 2000.
5. История государства и права Казахской ССР. Часть I. Под общей редакцией члена-корреспондента АН КазССР С.С.Сартаева. Алма-Ата, “Мектеп”. 1982.

Тақырып 13. XV-XVIII ғғ. қазақ әдет-ғұрып құқығы.

Мақсаты: Қазақстан аумағындағы мемлекеттік және құқықтық дамудың негізгі үрдістерін талдау. XV-XVIII ғғ. мемлекеттік институттардың, құқықтық және сот жүйелерінің мазмұны мен қызметін талдау

Негізгі терминдер: әдет-ғұрып, партикуляризм, мал-мүлік, би, билер соты, жылу, сауын, жұртшылық, асар, мал дауы, жесір дауы, жер-су дауы, құн дауы, әменгерлік, құн, айып, тоғыз, прецеденттік шешім, салауат, бітім, қалың мал, ала жіп.

Сұрақтар:

1. XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығының дамуы.
2. Қазақ әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктері, қайнар көздері.
3. Қазақтың әдет-ғұрып құқығының нормалары
4. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша мүліктік қатынастарды реттеу.
5. Қазақ әдет-ғұрыптық міндеттемелік құқығы.
6. Қазақ әдет ғұрып құқығындағы қылмыс пен жаза жүйесі.
7. Сот және сот процесі

XV-XVIII ғасырлардағы әдет-ғұрып құқығы. Қазақстан территориясындағы жүздеген жылдар аралығында пайдаланған өзіндік заңы, әдеттегі құқық-рәсімдер мен салт-дәстүр заңдылықтары болды. Олар мемлекеттік билік арқылы бұзылмайтын негізде қаланып, қоғамдық қатынастарды қалыптастырды. Қазақтың әдеттегі құқы әдет немесе заң терминімен белгіленді. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан әдет немесе заң көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси-қоғамдық өмірлерінде негізгі тыныс-тіршілігімен байланысты дамыды

XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығы төмендегідей негізден тұрады. Бірінші, **әдет, заң**; екінші, **би билігі**; үшінші, **билер съезінің ережесі**. Қазақтар өздерін мұсылманмын деп санағанмен де олардың құқықтық жүйесінде **шариат** үлкен рөл атқармады. Ал, **әдет-ғұрып, рәсім құқығы** адамдар арасындағы қарым-қатынас ретінде ежелден тұтас қалыптастырылған іс-әрекетке жатты. Бұл қалыптасқан дәстүр ретінде көшпенділердің экономикалық тыныс-тіршілігінің негізін қалайтын жағдайлармен тығыз байланысты болды. Мемлекеттік билік бекіткен рәсімдер мен салт-дәстүрлер құқықтық әдетке айналды. Сонымен бірге жоғарыдағы **әдет** немесе **заң** сөздерімен бірге **жора, жарғы, жол** терминдері де қалыптасты. Міне, әдеттегі құқық заңдылықтарын қазақ хандары өз кездерінде бекітіп дамытқысы келді. Ол XVI ғасырда Қасым хан билігі кезінде бастау алды. **“Қасым ханның қасқа жолы”** салт-дәстүр негізіне айналған алғашқы **Кодекс** болып қалыптасты. Бірақ ол бізге жазба түрде жетпесе де, оның кейбір заңды акті ретінде қабылданатын бес бөлімі болған.

Бірінші бөлім-мүліктік және жер қатынастарын реттеуші нормалардан (мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері) тұрды. Екінші бөлім-қылмыс пен жазаға қатысты құқық нормаларын (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылытын жазалар) жинақтады. Үшінші бөлім-әскери міндеттілік және оны орындау, сондай-ақ әскери тәртіп бұзғандағы жазаларға байланысты құқықтық нормаларды (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.) қарастырды. Төртінші бөлім-елшілік жораларға қатысты, елшілерді тағайындау және қабылдау тәртібі, дипломатиялық этикет мәселелері туралы нормалардан (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, сөйлеу мәнері) тұрды. Бесінші бөлім-жұртшылық заңы (қайтыс болғандарды жерлеу, шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.) рәсімдеріне арналды.

Қасым ханмен туысқан Жәдік ханның немересі Шығай ханның баласы Есім ханның кезінде (1598-1628 ж.ж.) әдет-ғұрып құқықтары қайта жүйеленді. Ол заң “Есім ханның ескі жолы” деп аталды.

Есім хан негізінен бұрынғы Қасым хан тұсындағы құқықтық ережелерді қайталады. Есім ханның тұсында қалмақтармен соғыстардың күшеюіне байланысты әскери міндеткерліктер күшейтіліп, әскери тәртіп бұзған үшін жазалар қатайтылған. Бізге келіп жеткен деректер бойынша Есім хан ердің құнына 100 жылқы және алты жақсы (6 түйе)

кесім белгіген. Ол бай-кедей, жас-кәрі, қараша-сұлтан демей еркек аталудың бәріне бірдей қолданылған.

Тәуке ханның (1680-1718 ж.ж.) тұсында мемлекеттік аппараттың құрамында үлкен өзгерістер болып, ол белгілі заң-құқық жүйелері арқылы қазақ мемлекеттілігін қалыптастыра бастады. Сөйтіп, әкімшілік-басқару процесіне “билер кеңесі” енгізілді. Бұл мемлекеттік орган қазақ хандығының саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болумен қатар, мемлекеттік ішкі, сыртқы саясатты жүргізуде орасан зор рөл атқарды. Тәуке хан алғаш рет қазақ қоғамының құқықтық жүйесін қалыптастырды. Ол билік құрған кезеңде мемлекетті нығайтып, белгілі тәртіп орнату үшін тиімді, халық мүддесіне сай, ал орындалуы, арнаулы тетіктермен қамтамасыз етілетін заң жүйесі керек еді. Бұл қағиданы жете түсінген Тәуке хан жаңа құқық жүйесін қалыптастыру үшін қазақтың қара қылды қақ жарған, өздерінің әділ шешімдерімен елге танымал болған билерін қызметке тарта білді. Олардың қатарында Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке би бар еді. Соның негізінде қазақ қоғамының “ұлттық Хартиясы” дүниеге келді. Ол — “**Жеті Жарғы**” деп аталды. Жарғы 7 бөлімнен тұратын. **Бірінші, Жер дауы;** онда меншік құқығы мен нормалары реттеліп жайлаулар мен су қорларын пайдалану бір жүйеге салынып отырды. **Екінші,** жесір дауы; онда жесірлер мен жетім қалғандардың жеке бастарының құқы және олардың мүліктеріне иелік реттеліп отыруымен бірге ағайындармен қарым-қатынастары қалыпты жүйеге түсірілді. **Үшінші,** отбасы-неке құқығының нормалары. **Төртінші,** сот процесін жүйеге түсіруші нормалар. **Бесінші,** мемлекетті басқару және әскери істерге байланысты құқық нормалары. **Алтыншы,** айып төлеуге байланысты қылмыстық құқық нормалары. **Жетінші,** құн төлеуге байланысты қылмыстық құқық нормалары. Осының бәрі Кіші Орда қырғыздарының (қазақтарының) айтуына қарағанда қазақ халқы бір жылдары тыныштықта өмір сүріп, өз заңдары мен құқықтық және соттық тәртібі болып, әрі атақты Тәуке ханның билік жүргізу кезеңін “Алтын ғасырға” балаған да кезең болғанын көрсетеді.

“Жеті жарғы” бойынша кім сұлтанды немесе қожаны өлтірсе, оның ағайындары өлген адамның туысқандарына жеті адам үшін құн төлеген. Егер әйелі күйеуін өлтірсе, онда оған өлім жазасы кесіліп, оны ешбір құнмен құтқара алмайтын болған. Ал, өзіне-өзі қол салғандар болса, олар басқа өлгендермен бірге жерленбеген. Міне, осындай заңдылықтардың қалыптасуы Тәуке ханның хандық құрған кезін “Алтын ғасырға” теңейді. Абай Құнанбаевтың “Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы “Қасым ханның қасқа жолын”, “Есім ханның ескі жолын”, өз Тәукенің “Жеті жарғысын” білмек керек”, — деп айтуы Ресей патшалығының қазақтарға таңған жолының дұрыс еместігін, билерді еш уақытта да сайлап қоюға болмайтындығын көрсетеді.

Патшалық Ресей отары болғанға дейін қазақ қоғамында жазба түрдегі құқық болмағанына қарамай, ұлт өмірінде **әдет-ғұрыптық (адат) құқықтық** жүйе мейлінше жақсы дамып, ол — әлеуметтік-реттеу және басқарымдық құрылымда ерекше орын алды. **Әдет-ғұрып құқығы** өзінің ежелгілігіне қарамай белгілі бір кезеңдерде өзгертіліп-толықтырылып отырылды. Соған қарамай сандаған ғасырлар бойы негізгі құқықтық институт ретінде оған айтарлықтай өзгертулер енгізілген емес. Осы тұрғыда алғанда ол патриархальдық-феодалдық қоғамдық және саяси қатынасты реттейтін құрал ғана болып қалмай, қазақтың болмыс-бітімін қорғап-қолдайтын бірден-бір қуатты күшке ие негіз көзі еді. Қазақ әдет-ғұрып құқығын зерттеп-зерделемей, оның қазан төңкерісіне дейінгі тыныс-тіршілігін, тұрмыс-салтын, өмірге көзқарасы мен тарихи қалыптасуын сипаттау мүмкін емес. Ол 1917 жылға дейін патшалық Ресей отарлауы арқасындағы қарым-қатынастардан орыс заңының қазақ даласына етенелей енгеніне қарамай өз күшін бірде әлсіреткен емес. Оның күні кешеге дейін, яғни тәуелсіздік алған мезгіл аралығы уақытында жалпы теориялық жағынан терең оқытылмағаны да жасырын емес. Құқықтанушылар әдет-ғұрып құқығын тек құқық көзі ғана деп талдап-талқылайды. Бұл дұрыс емес. Қазақтың әдет-ғұрып құқығын тарихи этнографиялық тұрғыда зерттеп-зерделеп қана қоймай, оны жүйеге

түсірілген норма ретінде зерттеп-зерделеу керек. Сонымен бірге әлеуметтік-нормалардың табиғи даму арқылы тәрбиелік мән-мағына жағынан да даму процесіне барынша назар аударылуы тиіс. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы негізінің көзі ауызша салт-дәстүр — адат болып есептелінеді. Ол әлем халқы тарихы құқығының бөлінбес бір бөлшегі ретінде қарауға толық құқығымыз бар. Қазақстандағы дәстүрлі құқық нормаларын зерттеп-зерделеу бүкіләлемдік тарихи процестің заңдылығына үлес болып қосылатыны анық. Өйткені, әртүрлі халықтардың әдет-ғұрып нормаларының бір-бірімен ұқсап жатуы, яғни әлеуметтік-экономикалық, жағрафиялық және басқа да жағдайларының үндесіп өзді-өзін толықтыруы да соның айғағы. Оған адамдар қарым-қатынасындағы заңдық нормаларды басқа да қоғамдық құбылыстармен байланыстырсақ, онда қазақ әдет-ғұрып салтының қыр-сыры ашыла түседі. Қазақ әдет-ғұрып құқығын талдап-талқылау үшін алдымен біз **адат** терминінің қайдан шыққанына және мән-мағынасына үңілуге тиіспіз. Ол Шығыс халықтарында салт-дәстүр мен әдеттерді немесе қарым-қатынас құқығын сақтайтын қоғамдық дәстүр күшінің бірлігін көрсетеді. Бұл туралы ғалымдар әртүрлі болжамдар айтып жатады. Жалпы, **адат** — әдет-ғұрып, салт-дәстүрді көрсететін араб сөзі. Қазақ қоғамының экономикалық және мәдени даму процесіне сай бұл форма ұлттың қалыптасу кезеңдерінің айнасы дегендей боларлық. Қазақ хандары ұлттың әдет-ғұрыпын сан рет өзгертуге тырысып, оны билеуші тап өкілдеріне лайықтап жасамақшы да болған еді. Тарихи құжаттар деректеріне назар аударсақ, Хакназар хан (1538-1580) және Есім хан (1598-1628) билеген кезеңдерде қазақтың әдет-ғұрып салтына едәуір мемлекеттік дәреже (статус) берілгені белгілі. Ал, Тәуке хан кезіндегі (1680-1718) құжатта: “**хан Тәуке Күлтөбеде жеті биді жинап, Қасым және Есім ханнан қалған ескі әдет-ғұрыптардың басын біріктірген... Сөйтіп олардан жаңа Жеті жарғы аталатын құқықтық-заңдық әдет-ғұрып жүйесін қалыптастырды**”, — деп көрсетіледі. “Жеті жарғы” нормалары қазақтың әлеуметтік теңсіздігі принциптеріне негізделіп жасалды. Одан сол кездегі экономикалық және саяси жағдайдың қаншалықты болғандығын байқауға болады. Жеті жарғы және әдет-ғұрып құқық нормалары би-сұлтандардың және хандардың төрелік ету қызметі барысында жаңарып-толықтырылып отырды. Билер шешімі (бидің билігі) күнделікті әдет-ғұрып құқық нормаларына енді. Ол тергеуші би қызметіндегі іс-әрекеттер мен жағдайларға және қабылданған шешімдерге орай **Ереже** деп аталды. Ереже негізгі қағида есебінде саналып, құқықтың көзі болды. Оның құқықтық-материалдық жаңа түрі де өмірге келді. Қазақ билері бұл тұста мұсылмандық-шариғат жолын да қолданып отырған.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының үлкен ерекшеліктерінің бірі- барымта институтының сақталуы. Оның негізгі қағидасы біреу екінші біреуге құн не айыбын төлемеген жағдайда бір-бірінің мал-мүліктерін алып кету еді. Көшпелі қазақ сахарасына мұсылмандық-исламның енуі шариғаттың тарауына үлкен септігін тигізіп, қазақтың әдет-ғұрыпына едәуір ерекшеліктер енгізді.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының көзі болып: а) әдет (адат); б) билер сотының тәжірибесі; в) билер съезіндегі ережелер болып есептелді. Әдет-ғұрыптың салт-дәстүрлері белгілі бір идеологтар, ақсақалдар арқылы ауызша тарайтын. Оның өзіндік ресми және бейресми нысандары болды. Ресми нысандары көп жағдайда билер билігі мен шешілген іс-әрекеттердің көрінісі болып табылды. Билер өздеріне дейінгі Майқы би секілді билерден қалған дәстүрге жүгінді.

Қазақ құқығындағы **меншік қатынастары** XIX ғасырға дейін ру және қоғам, қазақ хандары мен билері меншігіндегі әдет-ғұрып құқығы арқылы анықталды. Мысалы, жайлаулар формальды-заңды түрде жерге ие адамдардың меншігі ретінде саналды. Ал, XVIII ғасырдан бастап кейбір қыстаулар феодалдардың жеке меншігіне көшті. Кең байтақ кеңістікте көшіп жүретін малшылардың жерге қатынасы екі түрде дамыды. **Бірінші** жайлауларды иелену құқы және **екіншісі** бос немесе иесі жоқ жайлауларды басып алу. Хандар, ханның руластары ең құнарлы жерлерді иеленді (сұлтандар, билер, ру басшылары, ауыл ақсақалдары). Қазақтың әдет-ғұрып құқығында кейбір дау-дамайлар төмендегідей шешілді. Егер жерге екі адам таласса, оның бірі сұлтан,

екіншісі жай қазақ болса, онда жер оның алдыңғысына берілді. Ендігі бір жағдайда жерге таласушылардың бірі би, екіншісі бір рудағы ақсақал болса, онда ол жер соңғысына бұйырды. Ал, жерге таласушылардың екеуі де қарапайым адамдар болса, онда ол жер әлгі екеудің үлкеніне бұйырды. Меншіктің екі түрі болды. Оның **біріншісі** — мал, **екіншісі** — мүлік деп аталды. Малға таңба салынды. Жеке меншік мал жеке меншіктің негізгі объектісі болып саналады. Оған жасалатын қылмыстың ең басты қатерлісі — барымта. Ал жермен айналысатын Жетісу және Сырдария өңірінде феодалдар меншігінде құдықтар және сирек кездесетін су көздері болды. Қазақ әдет-ғұрып заңы (адат) бойынша меншік шарттары көп жағдайда рулық немесе ауылдағы қоғамдық қарым-қатынастар арқылы жүргізілді. Оның тағы бір ең жақсы, бүгінгі тілмен айтқанда демократиялық бағыт-бағдары ағайындық қарым қатынастан анық байқалды. Оның түрлері **малды қарызға** беру. Қарыз алушы мен қарызға беруші арасында кепілдік жүрді. Сондай-ақ куә да болатын. Ендігі бір меншік қатынасының түрі — **сауын**. Ол уақытша беріледі. Несиеге беруші өзі берген малды кез келген уақытта алып, қайтара алатын болды. Сонымен бірге **аманат мал, жылу, асар** секілді әдет-ғұрып құқығына негізделген қарым-қатынастар болды. Олардың ең кең тараған түрлері **айырбас** еді. Айырбас арнаулы келісімдер арқылы жүргізілді. Ол әрбір азаматтың өз еркі болғандықтан да **азаматтық құқық сипатына** жатты. Мұның арасындағы қарыз алып-қарыз беру шарттары да негізгі куәлар арқылы жүргізіліп, оның мерзімі тиянақты түрде көрсетілді. Қарыз алушы адам қайтыс бола қалған жағдайда, оны қарыз алушының баласы немесе оның бала-шағасы немесе ең жақын туған-туыстары қайтаратын. Бұл жерде ерекше рөл атқаратын жағдай **рулық өзара көмек** және ешқандайда құжат емес сөзге тоқтау, сөзге **сену** яғни, **сенім институтының** қазақ әдет-ғұрыпында жан-жақты жақсы дамуы болды. Мысалы, біреу үй сала қалған жағдайда немесе басқа да қиын-қыстау кезеңдерде руластары не көрші - қолаңдары “**асарға**” жиналатын.

Қазақтың сан ғасырлар, ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі аралықта дамып, заманына қарай дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан бірден - бір әдет-ғұрыпының негізі — **отбасылық заңы**. Қазақ отбасы туысқандық аядан шығып өзіндік шаруашылық және қоғамдық тұтастығын сақтады. Мүліктік және басқа да отбасындағы талас-тартыстар сыртқа шығарылмай, сол отбасында шешілетін.

Отбасының мүшелері еркек (әкесі), әйелі, қызы не баласы арасындағы қарым-қатынаста негізгі заңдылықтар сақталды. Отбасындағы бүкіл мүліктің иесі — әкесі саналды, бірақ ол еш уақытта отбасына қысым жасау арқылы жүргізілмейтін. Әдет-ғұрыптың құқықтық нормалары отбасының және бүкіл ерлердің мүддесін қорғады. Әйел құқығы шектелді, бірақ ол үй-жайдағы мүліктерді күйеуімен тең дәрежеде иеленіп, оның ағайындарымен тығыз байланыста болды.

XV-XVIII ғасырларда қазақтар арасында отбасы және неке құқығының бастаулары, оның қалыптасқан дәстүрлі салттары мен рәсімдері болды. Отбасының басшысы — еркегі болса, әйелі үйдегі меншіктерге ерімен бірдей иелік жүргізді. Егер **әйел жесір** қалса, күйеуінің ағайындарымен бірге тұрып, балалары ер жеткенше отбасы иелігінің құқығын алды. Қазақтың әдеттегі құқығы балаларға келгенде төмендегідей болды. Олар отбасын құрып, әкесінен **өзеншісін** алуға құқылы еді. Мүлік бөлісу оның әкесінің жағдайына байланысты болды. Ал, **кенже** баласы болса әкесінің отбасына қарау құқығына ие болатын. Қыздарының құқығы ұлдардың құқығымен салыстырғанда аясы тар еді. Қыздары мұрагерлікке ие бола алмайтын. Күйеуге шықпаған қыздары ұлдарына тиесілінің жартысына ие бола алатын. Қазақтар өздерінің көшпелі өміріне байланысты әйелдерге еркіндікті мол берді. Олар өндірістік және өнеркәсіптік жұмыстарға белсене араласатын. Исламдағыдай қазақ әдеті көп нәрсеге кедергі жасамайтын. Қазақтар жағдайына қарай екі әйел алуға құқылы болды. Олардың біріншісін — **бәйбіше** десе, екіншісін — **тоқал** деді.

Жеті атаға дейін ағайын адамдардың бір-бірінен қыз алуына тыйым салды. Қазақтың неке және отбасы құқығының бір-бірімен байланыстылығы біріншіден, **қалың мал**; екіншіден, **бел құда**; үшіншіден, **бесік құда**; төртіншіден, **қарсы құда** арқылы байқалып, одан кейін **қыз алып қашу, әменгерлік, мұрагерлік** жолдарымен анықталып

отырды. Оның тағы бір жолы — **тамырлық** болды. Ол екі адамның келісуі арқылы жүргізілді. Олар өздерінің болашақ балаларын қалың мал төлемей-ақ қосуға алдын-ала келісіп алады. Ал **әменгерлікке** келсек, егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, оны күйеуінің ағасына, не інісіне қосатын. Ал, **қалың мал беру** құда түсушілермен арадағы келісімдер арқылы жүргізілді. Құда түсу салт-дәстүрі әйелдердің жасына байланысты белгілі бір нормамен көрсетілмейтін. Құда түсу ата-аналар арқылы жүргізіліп, ол бұзылған жағдайда “өлтіруге” дейінгі аралықтағы жаза қолданылды. Некеге тұру немесе құда түсу салты қыздың басына қалың төлегеннен кейін жүргізілді. Ал құда түскен жағындағы еркек қайтыс болған жағдайда, ол заңды түрде құда түсушінің ағасына немесе басқа бір туысқанына алмастырыла алынатын. Егер қалың мал қайтарылған жағдайда келісім-шарт бұзылатын.

Үйленгеннен кейінгі некені бұзу әдет-ғұрып (адат) жағдайында күйеу тарапынан әйеліне деген сенімсіздігі жоғалған кезде жүргізілді. Мұндай жағдайда еркек әйелін туысқандарына қайтарады.

Әйел құқығының ең бір ерекше тұсы **әменгерлік институтынан** байқалды. Егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, ол жесір ретінде қайтыс болған күйеуінің ағасына, не інісіне тиеді. Қайтыс болған адамның дүние мүлкі әменгерге көшеді. Әменгерлік сондай-ақ қайтыс болғанның туған ағасы болмаса ағайындарына да ауыса беретін. Егер жесір әменгерлікке көнбей, күйеуге тигісі келмесе, ол өз отбасындағы мүлікке бала-шағалары ер жеткенше иелік етті.

Міне, осы тұста қазақтың әдет-ғұрып салтындағы **мұрагерлік** құқы қолданылды. Қазақ отбасындағы мүлік пен малдарды оның балалары, ағайындары немесе ең жақын туыстары, сондай-ақ әйелінің туысқандары мұрагер ретінде алып қала алатын. Жесір мұрагер ретінде мұраның 1/8 бөлігін, күйеуге шықпаған қызы ұлға бөлінген үлестің жартысын алатын. Сондай-ақ мұраның бір түрі **ата мұрасы** деп аталды. Бұл қазақ үшін ең тиімді жол еді.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығының басты нормаларына **қылмыстық** іс-әрекет үшін жазалау сипатындағы іс-әрекеттер жатады. Жаза қолдану кезінде билік жүргізушілер ең алдымен қылмыскердің жасаған қылмысына қарай жаза тағайындайтын. Оның ең қатал түрі “қанға-қан — жанға-жан” принципіне жүргізілді. Бірақ ол келе-келе қазақтың тұрмыс-жағдайына байланысты өзгерді. **Жазаның** төмендегідей түрлері болды: **1. Өлім жазасы, 2. Құн төлеу, 3. Айып, 4. Құлдыққа беру, 5. Дене жазасы, 6. Жапа шеккендерге қылмыскерді басымен беру, 7. Мүлкін тәркілеу, 8. Жұрт алдында масқара ету, 9. Руластарынан аластату.** Сондай-ақ жапа шегуші немесе оның туысқандары қылмыс жасаған адамға “қанға-қан — жанға-жан” принципіне жаза қолдануды немесе оны басқа жазамен алмастыруға құқы болды.

Сот билігін Қазақ хандығында хандар, сұлтандар және билер жүргізді. Хандар мен сұлтандар ең маңызды деген қылмыстық және азаматтық істерді тексеріп-тергеді. Оларға ру аралық және ауыл аралық талас-тартыс, сондай-ақ төрелер мен атақты ру басшылары арасындағы қарама-қайшылықтар жатады. Ең маңызды деген істерді хан мен сұлтандар белгілі билердің және халықтың араласуымен жүргізді. Өлім жазасын тек хан немесе сұлтандар соты шеше алатын.

Би билігі сот билігінің негізі болып саналатын. Кез келген ру басшысы би — төреші бола алмайтын. Би билік айту үшін ол қазақтың әдет-ғұрпын жақсы меңгеруі және өзін әділ би ретінде көрсетуі тиіс. Билерді ешкім сайламаған және тағайындамаған. Би дәрежесі мұрагерлікке қалдырылмайды. Билік айту іс барысында, құқық бұзушының іс-әрекетін талдау жағдайында жүзеге асырылды. Сондықтан да би ру басшысы, сот жергілікті жердегі әкімшілік биліктің рөлін атқаратын. Сот процесі арызданушының немесе жапа шегушінің өтініші бойынша өздері таңдаған биге байланысты жүргізілді. Жапа шегуші таңдаған би қылмысты істі қараудан бас тартуға құқығы жоқ болды. Істі қарауға биге сенім білдірген кезде айыпталушы да, жапа шегуші де бидің алдына отырып, ақ орамал тастайды. Осы арқылы арызданушылар сот шешіміне келісім беретінін көрсететін. Куәгерлердің сотқа қатынасуын бидің күштеп жүргізуіне де құқығы болды. Куә ретінде әйелдер және арызданушы мен жауап берушінің ағайындары жүрмейді. Азаматтық істің күрделілігіне

байланысты екі-үш куәге дейін тартылды. Куәгерлер іс барысында әртүрлі себептермен істің анық-қанығын ашуға көмектеспей жатса, би **ант қабылдау институтын** пайдаланған. Би шешімдері ауызша шығарылды.

Процессуальдық нормалар би шешіміне қарсы болған жағдайда сұлтандар тарапынан істі қайта қарауға болатын. Сот шешімдерін орындау арызданушының өзіне тапсырылды. Сондықтан да ежелгі уақытта барымта институты сот шешімін орындаудың негізі болып табылды. Барымта қазақ әдет-ғұрып заңдарына ғана тән институт еді. Ол айыпкердің ағайындарының және туған-туысқандарының малдарын айдап кетуменен орындалды. Негізсіз жасалынған барымта, ұрлық немесе жазықсыз шабуыл деп саналып, құқықтық негізде жазаға тартылды. Сондай-ақ, барымта би шешімін орындау ғана емес, құқықтық айып жолын орындаудағы бірден-бір іс-әрекет болды. Ол заң ғылымында әлі толық зерттеліп бітпеген құбылыс.

Қазақ құқығында қылмыстық ұғым қалыптаспаған еді. Қазақтар оны **жаман іс** немесе **жаман қылық** деп белгілеп **күнәлі** немесе **жазықты** деген айыптар тағатын. Өлім жазасы өте сирек қолданылды. Егер екі жақ келіскен жағдайда өлім жазасы құнмен алмастырылуға болатын. Өлім жазасы ері бар әйелді немесе бейкүнә қызды зорлаған кезде қолданылатын. Ал екінші, дене және ел бетіне қарай алмайтын жаза, ол дінге қарсы іс-әрекеттер жасағанда немесе антты бұзғанда қолданылды. Құн біреуді өлтірген кезде немесе денеге ауыр жарақат түсіргенде төленді. Қарапайым адамды өлтірсе, оған мың қой, 200 жылқы немесе 100 түйе құн төленді. Ал егер сұлтанды, биді не батырды өлтірсе, онда айыпталушы оған екі есе құн төлейтін. Беделді сұлтанды өлтіруші жеті есе құн төлейтін. **Айып** болса жеке адамнан немесе мүліктік қылмыс жасағандардан алынатын. Олар тоғыз-тоғызбен төленді. Бірінші, бас тоғыз; екінші орта тоғыз; үшінші, аяқ тоғыз, төртінші тоқал тоғыз; бесінші, ат-шапан айып төленді. Бұлардың құрамында түйеден бастап, жылқы, өгіз, қой, жылқы және қымбат шапанға дейін болды. **Айыптыны айыптаушыға беру**- егер айыпталушының ағайындары құн немесе айып төлеуден бас тартқан кезде болатын іс-әрекеттер болып саналды. Ал **ортадан аластату** - ол ешқандай да айып төлеуге мүмкін болмай қалған жағдайда қолданылды. Бұл жағдайда айыпталушының киімдері жыртылып, қауымнан, ортадан қуылып, оның тұрмыс-тіршілігі заңсыз деп есептелді.

Жалпы, қазақтардың әдет-ғұрып құқығы көшпенділердің шаруашылығын реттеп, жөнге келтіруде ерекше рөл атқарды. Ол ХХ ғасырдың басына дейін өмір сүрді. Әсіресе, қазақтың неке және отбасы құқығының сол кезден қалған элементтері бүгінгі күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

1.1. XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығының дамуы

Қазақстан территориясындағы жүздеген жылдар аралығында пайдаланған өзіндік заңы, әдеттегі құқық-рәсімдер мен салт-дәстүр заңдылықтары болды. Олар мемлекеттік билік арқылы бұзылмайтын негізде қаланып, қоғамдық қатынастарды қалыптастырды. Қазақтың әдеттегі құқы әдет немесе заң терминімен белгіленді. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан әдет немесе заң көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси-қоғамдық өмірлерінде негізгі тыныс-тіршілігімен байланысты дамыды

XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығы төмендегідей негізден тұрады. Бірінші, әдет, заң; екінші, би билігі; үшінші, билер съезінің ережесі. Қазақтар өздерін мұсылманмын деп санағанмен де олардың құқықтық жүйесінде шариат үлкен рөл атқармады. Ал, әдет-ғұрып, рәсім құқығы адамдар арасындағы қарым-қатынас ретінде ежелден тұтас қалыптастырылған іс-әрекетке жатты. Бұл қалыптасқан дәстүр ретінде көшпенділердің экономикалық тыныс-тіршілігінің негізін қалайтын жағдайлармен тығыз байланысты болды. Мемлекеттік билік бекіткен рәсімдер мен салт-дәстүрлер құқықтық әдетке айналды. Сонымен бірге жоғарыдағы әдет немесе заң сөздерімен бірге жора, жарғы, жол терминдері де қалыптасты. Міне, әдеттегі құқық заңдылықтарын қазақ хандары өз кездерінде бекітіп дамытқысы келді. Ол XVI ғасырда Қасым хан билігі кезінде бастау алды. “Қасым ханның қасқа жолы” салт-дәстүр негізіне айналған алғашқы Кодекс болып

калыптасты. Бірақ ол бізге жазба түрде жетпесе де, оның кейбір заңды акті ретінде қабылданатын бес бөлімі болған.

Бірінші бөлім-мүліктік және жер қатынастарын реттеуші нормалардан (мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері) тұрды. Екінші бөлім-қылмыс пен жазаға қатысты құқық нормаларын (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылатын жазалар) жинақтады. Үшінші бөлім-әскери міндеттілік және оны орындау, сондай-ақ әскери тәртіп бұзғандағы жазаларға байланысты құқықтық нормаларды (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.) қарастырды. Төртінші бөлім-елшілік жораларға қатысты, елшілерді тағайындау және қабылдау тәртібі, дипломатиялық этикет мәселелері туралы нормалардан (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, сөйлеу мәнері) тұрды. Бесінші бөлім-жұртшылық заңы (қайтыс болғандарды жерлеу, шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.) рәсімдеріне арналды.

Қасым ханмен туысқан Жәдік ханның немересі Шығай ханның баласы Есім ханның кезінде (1598-1628 ж.ж.) әдет-ғұрып құқықтары қайта жүйеленді. Ол заң “Есім ханның ескі жолы” деп аталды.

Есім хан негізінен бұрынғы Қасым хан тұсындағы құқықтық ережелерді қайталады. Есім ханның тұсында қалмақтармен соғыстардың күшеюіне байланысты әскери міндеткерліктер күшейтіліп, әскери тәртіп бұзған үшін жазалар қатайтылған. Бізге келіп жеткен деректер бойынша Есім хан ердің құнына 100 жылқы және алты жақсы (6 түйе) кесім белгіген. Ол бай-кедей, жас-кәрі, қараша-сұлтан демей еркек аталудың бәріне бірдей қолданылған. Тәуке ханның (1680-1718 ж.ж.) тұсында мемлекеттік аппараттың құрамында үлкен өзгерістер болып, ол белгілі заң-құқық жүйелері арқылы қазақ мемлекеттілігін қалыптастыра бастады. Сөйтіп, әкімшілік-басқару процесіне “билер кеңесі” енгізілді. Бұл мемлекеттік орган қазақ хандығының саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болумен қатар, мемлекеттік ішкі, сыртқы саясатты жүргізуде орасан зор рөл атқарды. Тәуке хан алғаш рет қазақ қоғамының құқықтық жүйесін қалыптастырды. Ол билік құрған кезеңде мемлекетті нығайтып, белгілі тәртіп орнату үшін тиімді, халық мүддесіне сай, ал орындалуы, арнаулы тетіктермен қамтамасыз етілетін заң жүйесі керек еді. Бұл қағиданы жете түсінген Тәуке хан жаңа құқық жүйесін қалыптастыру үшін қазақтың қара қылды қақ жарған, өздерінің әділ шешімдерімен елге танымал болған билерін қызметке тарта білді. Олардың қатарында Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке би бар еді. Соның негізінде қазақ қоғамының “Ұлттық Хартиясы” дүниеге келді. Ол — “Жеті Жарғы” деп аталды. Жарғы 7 бөлімнен тұратын. Бірінші, Жер дауы; онда меншік құқығы мен нормалары реттеліп жайлаулар мен су қорларын пайдалану бір жүйеге салынып отырды. Екінші, жесір дауы; онда жесірлер мен жетім қалғандардың жеке бастарының құқы және олардың мүліктеріне иелік реттеліп отыруымен бірге ағайындармен қарым-қатынастары қалыпты жүйеге түсірілді. Үшінші, отбасы-неке құқығының нормалары. Төртінші, сот процесін жүйеге түсіруші нормалар. Бесінші, мемлекетті басқару және әскери істерге байланысты құқық нормалары. Алтыншы, айып төлеуге байланысты қылмыстық құқық нормалары. Жетінші, құн төлеуге байланысты қылмыстық құқық нормалары. Осының бәрі Кіші Орда қырғыздарының (қазақтарының) айтуына қарағанда қазақ халқы бір жылдары тыныштықта өмір сүріп, өз заңдары мен құқықтық және соттық тәртібі болып, әрі атақты Тәуке ханның билік жүргізу кезеңін “Алтын ғасырға” балаған да кезең болғанын көрсетеді.

“Жеті жарғы” бойынша кім сұлтанды немесе қожаны өлтірсе, оның ағайындары өлген адамның туысқандарына жеті адам үшін құн төлеген. Егер әйелі күйеуін өлтірсе, онда оған өлім жазасы кесіліп, оны ешбір құнмен құтқара алмайтын болған. Ал, өзіне-өзі қол салғандар болса, олар басқа өлгендермен бірге жерленбеген. Міне, осындай заңдылықтардың қалыптасуы Тәуке ханның хандық құрған кезін “Алтын ғасырға” теңейді. Абай Құнанбаевтың “Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы “Қасым ханның қасқа жолын”, “Есім ханның ескі жолын”, өз Тәукенің “Жеті жарғысын” білмек керек”, — деп айтуы Ресей патшалығының қазақтарға

таңған жолының дұрыс еместігін, билерді еш уақытта да сайлап қоюға болмайтындығын көрсетеді.

Патшалық Ресей отары болғанға дейін қазақ қоғамында жазба түрдегі құқық болмағанына қарамай, ұлт өмірінде әдет-ғұрыптық (адат) құқықтық жүйе мейлінше жақсы дамып, ол — әлеуметтік-реттеу және басқарымдық құрылымда ерекше орын алды. Әдет-ғұрып құқығы өзінің ежелгілігіне қарамай белгілі бір кезеңдерде өзгертіліп-толықтырылып отырылды. Соған қарамай сандаған ғасырлар бойы негізгі құқықтық институт ретінде оған айтарлықтай өзгертулер енгізілген емес. Осы тұрғыда алғанда ол патриархальдық-феодалдық қоғамдық және саяси қатынасты реттейтін құрал ғана болып қалмай, қазақтың болмыс-бітімін қорғап-қолдайтын бірден-бір қуатты күшке ие негіз көзі еді. Қазақ әдет-ғұрып құқығын зерттеп-зерделемей, оның қазан төңкерісіне дейінгі тыныс-тіршілігін, тұрмыс-салтын, өмірге көзқарасы мен тарихи қалыптасуын сипаттау мүмкін емес. Ол 1917 жылға дейін патшалық Ресей отарлауы арқасындағы қарым-қатынастардан орыс заңының қазақ даласына етенелей енгеніне қарамай өз күшін бірде әлсіреткен емес. Оның күні кешеге дейін, яғни тәуелсіздік алған мезгіл аралығы уақытында жалпы теориялық жағынан терең оқытылмағаны да жасырын емес. Құқықтанушылар әдет-ғұрып құқығын тек құқық көзі ғана деп талдап-талқылайды. Бұл дұрыс емес. Қазақтың әдет-ғұрып құқығын тарихи этнографиялық тұрғыда зерттеп-зерделеп қана қоймай, оны жүйеге түсірілген норма ретінде зерттеп-зерделеу керек. Сонымен бірге әлеуметтік-нормалардың табиғи даму арқылы тәрбиелік мән-мағына жағынан да даму процесіне барынша назар аударылуы тиіс. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы негізінің көзі ауызша салт-дәстүр — адат болып есептелінеді. Ол әлем халқы тарихы құқығының бөлінбес бір бөлшегі ретінде қарауға толық құқығымыз бар. Қазақстандағы дәстүрлі құқық нормаларын зерттеп-зерделеу бүкіләлемдік тарихи процестің заңдылығына үлес болып қосылатыны анық. Өйткені, әртүрлі халықтардың әдет-ғұрып нормаларының бір-бірімен ұқсап жатуы, яғни әлеуметтік-экономикалық, жағрафиялық және басқа да жағдайларының үндесіп өзді-өзін толықтыруы да соның айғағы. Оған адамдар қарым-қатынасындағы заңдық нормаларды басқа да қоғамдық құбылыстармен байланыстырсақ, онда қазақ әдет-ғұрып салтының қыр-сыры ашыла түседі. Қазақ әдет-ғұрып құқығын талдап-талқылау үшін алдымен біз адат терминінің қайдан шыққанына және мән-мағынасына үңілуге тиіспіз. Ол Шығыс халықтарында салт-дәстүр мен әдеттерді немесе қарым-қатынас құқығын сақтайтын қоғамдық дәстүр күшінің бірлігін көрсетеді. Бұл туралы ғалымдар әртүрлі болжамдар айтып жатады. Жалпы, адат — әдет-ғұрып, салт-дәстүрді көрсететін араб сөзі. Қазақ қоғамының экономикалық және мәдени даму процесіне сай бұл форма ұлттың қалыптасу кезеңдерінің айнасы дегендей боларлық. Қазақ хандары ұлттың әдет-ғұрыпын сан рет өзгертуге тырысып, оны билеуші тап өкілдеріне лайықтап жасамақшы да болған еді. Тарихи құжаттар деректеріне назар аударсақ, Хақназар хан (1538-1580) және Есім хан (1598-1628) билеген кезеңдерде қазақтың әдет-ғұрып салтына едәуір мемлекеттік дәреже (статус) берілгені белгілі. Ал, Тәуке хан кезіндегі (1680-1718) құжатта: “хан Тәуке Күлтөбеде жеті биді жинап, Қасым және Есім ханнан қалған ескі әдет-ғұрыптардың басын біріктірген... Сөйтіп олардан жаңа Жеті жарғы аталатын құқықтық-заңдық әдет-ғұрып жүйесін қалыптастырды”, — деп көрсетіледі. “Жеті жарғы” нормалары қазақтың әлеуметтік теңсіздігі принциптеріне негізделіп жасалды. Одан сол кездегі экономикалық және саяси жағдайдың қаншалықты болғандығын байқауға болады. Жеті жарғы және әдет-ғұрып құқық нормалары би-сұлтандардың және хандардың төрелік ету қызметі барысында жаңарып-толықтырылып отырды. Билер шешімі (бидің билігі) күнделікті әдет-ғұрып құқық нормаларына енді. Ол тергеуші би қызметіндегі іс-әрекеттер мен жағдайларға және қабылданған шешімдерге орай Ереже деп аталды. Ереже негізгі қағида есебінде саналып, құқықтың көзі болды. Оның құқықтық-материалдық жаңа түрі де өмірге келді. Қазақ билері бұл тұста мұсылмандық-шариғат жолын да қолданып отырған.

1.2 Қазақ әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктері, қайнар көздері

Қазақ әдет-ғұрып заңдарының үлкен ерекшеліктерінің бірі- барымта институтының сақталуы. Оның негізгі қағидасы біреу екінші біреуге құн не айыбын төлемеген жағдайда бір-бірінің мал-мүліктерін алып кету еді. Көшпелі қазақ сахарасына мұсылмандық-исламның енуі шарифаттың тарауына үлкен септігін тигізіп, қазақтың әдет-ғұрпына едәуір ерекшеліктер енгізді.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының көзі болып: а) әдет (адат); б) билер сотының тәжірибесі; в) билер съезіндегі ережелер болып есептелді. Әдет-ғұрыптың салт-дәстүрлері белгілі бір идеологтар, ақсақалдар арқылы ауызша тарайтын. Оның өзіндік ресми және бейресми нысандары болды. Ресми нысандары көп жағдайда билер билігі мен шешілген іс-әрекеттердің көрінісі болып табылды. Билер өздеріне дейінгі Майқы би секілді билерден қалған дәстүрге жүгінді.

Қазақ құқығындағы меншік қатынастары ХІХ ғасырға дейін ру және қоғам, қазақ хандары мен билері меншігіндегі әдет-ғұрып құқығы арқылы анықталды. Мысалы, жайлаулар формальды-заңды түрде жерге ие адамдардың меншігі ретінде саналды. Ал, ХVІІІ ғасырдан бастап кейбір қыстаулар феодалдардың жеке меншігіне көшті. Кең байтақ кеңістікте көшіп жүретін малшылардың жерге қатынасы екі түрде дамыды. Бірінші жайлауларды иелену құқы және екіншісі бос немесе иесі жоқ жайлауларды басып алу. Хандар, ханның руластары ең құнарлы жерлерді иеленді (сұлтандар, билер, ру басшылары, ауыл ақсақалдары). Қазақтың әдет-ғұрып құқығында кейбір дау-дамайлар төмендегідей шешілді. Егер жерге екі адам таласса, оның бірі сұлтан, екіншісі жай қазақ болса, онда жер оның алдыңғысына берілді. Ендігі бір жағдайда жерге таласушылардың бірі би, екіншісі бір рудағы ақсақал болса, онда ол жер соңғысына бұйырды. Ал, жерге таласушылардың екеуі де қарапайым адамдар болса, онда ол жер әлгі екеудің үлкеніне бұйырды. Меншіктің екі түрі болды. Оның біріншісі — мал, екіншісі — мүлік деп аталды. Малға таңба салынды. Жеке меншік мал жеке меншіктің негізгі объектісі болып саналады. Оған жасалатын қылмыстың ең басты қатерлісі — барымта. Ал жермен айналысатын Жетісу және Сырдария өңірінде феодалдар меншігінде құдықтар және сирек кездесетін су көздері болды.

Қазақ әдет-ғұрып заңы (адат) бойынша меншік шарттары көп жағдайда рулық немесе ауылдағы қоғамдық қарым-қатынастар арқылы жүргізілді. Оның тағы бір ең жақсы, бүгінгі тілмен айтқанда демократиялық бағыт-бағдары ағайындық қарым қатынастан анық байқалды. Оның түрлері малды қарызға беру. Қарыз алушы мен қарызға беруші арасында кепілдік жүрді. Сондай-ақ куә да болатын. Ендігі бір меншік қатынасының түрі — сауын. Ол уақытша беріледі. Несиеге беруші өзі берген малды кез келген уақытта алып, қайтара алатын болды. Сонымен бірге аманат мал, жылу, асар секілді әдет-ғұрып құқығына негізделген қарым-қатынастар болды. Олардың ең кең тараған түрлері айырбас еді. Айырбас арнаулы келісімдер арқылы жүргізілді. Ол әрбір азаматтың өз еркі болғандықтан да азаматтық құқық сипатына жатты. Мұның арасындағы қарыз алып-қарыз беру шарттары да негізгі куәлар арқылы жүргізіліп, оның мерзімі тиянақты түрде көрсетілді. Қарыз алушы адам қайтыс бола қалған жағдайда, оны қарыз алушының баласы немесе оның бала-шағасы немесе ең жақын туған-туыстары қайтаратын. Бұл жерде ерекше рөл атқаратын жағдай рулық өзара көмек және ешқандайда құжат емес сөзге тоқтау, сөзге сену яғни, сенім институтының қазақ әдет-ғұрпында жан-жақты жақсы дамуы болды. Мысалы, біреу үй сала қалған жағдайда немесе басқа да қиын-қыстау кезеңдерде руластары не көрші - қоландары “асарға” жиналатын.

Қазақтың сан ғасырлар, ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі аралықта дамып, заманына қарай дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан бірден - бір әдет-ғұрыпының негізі — отбасылық заңы. Қазақ отбасы туысқандық аядан шығып өзіндік шаруашылық және қоғамдық тұтастығын сақтады. Мүліктік және басқа да отбасындағы талас-тартыстар сыртқа шығарылмай, сол отбасында шешілетін.

Отбасының мүшелері еркек (әкесі), әйелі, қызы не баласы арасындағы қарым-қатынаста негізгі заңдылықтар сақталды. Отбасындағы бүкіл мүліктің иесі — әкесі саналды, бірақ ол еш уақытта отбасына қысым жасау арқылы жүргізілмейтін. Әдет-

ғұрыптың құқықтық нормалары отбасының және бүкіл ерлердің мүддесін қорғады. Әйел құқығы шектелді, бірақ ол үй-жайдағы мүліктерді күйеуімен тең дәрежеде иеленіп, оның ағайындарымен тығыз байланыста болды.

XV-XVIII ғасырларда қазақтар арасында отбасы және неке құқығының бастаулары, оның қалыптасқан дәстүрлі салттары мен рәсімдері болды. Отбасының басшысы — еркегі болса, әйелі үйдегі меншіктерге ерімен бірдей иелік жүргізді. Егер әйел жесір қалса, күйеуінің ағайындарымен бірге тұрып, балалары ер жеткенше отбасы иелігінің құқығын алды. Қазақтың әдеттегі құқығы балаларға келгенде төмендегідей болды. Олар отбасын құрып, әкесінен өз еншісін алуға құқылы еді. Мүлік бөлісу оның әкесінің жағдайына байланысты болды. Ал, кенже баласы болса әкесінің отбасына қарау құқығына ие болатын. Қыздарының құқығы ұлдардың құқығымен салыстырғанда аясы тар еді. Қыздары мұрагерлікке ие бола алмайтын. Күйеуге шықпаған қыздары ұлдарына тиесілінің жартысына ие бола алатын. Қазақтар өздерінің көшпелі өміріне байланысты әйелдерге еркіндікті мол берді. Олар өндірістік және өнеркәсіптік жұмыстарға белсене араласатын. Исламдағыдай қазақ әдеті көп нәрсеге кедергі жасамайтын. Қазақтар жағдайына қарай екі әйел алуға құқылы болды. Олардың біріншісін — бәйбіше десе, екіншісін — тоқал деді.

Жеті атаға дейін ағайын адамдардың бір-бірінен қыз алуына тыйым салды. Қазақтың неке және отбасы құқығының бір-бірімен байланыстылығы біріншіден, қалың мал; екіншіден, бел құда; үшіншіден, бесік құда; төртіншіден, қарсы құда арқылы байқалып, одан кейін қыз алып қашу, әмеңгерлік, мұрагерлік жолдарымен анықталып отырды. Оның тағы бір жолы — тамырлық болды. Ол екі адамның келісуі арқылы жүргізілді. Олар өздерінің болашақ балаларын қалың мал төлемей-ақ қосуға алдын-ала келісіп алады. Ал әмеңгерлікке келсек, егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, оны күйеуінің ағасына, не інісіне қосатын. Ал, қалың мал беру құда түсушілермен арадағы келісімдер арқылы жүргізілді. Құда түсу салт-дәстүрі әйелдердің жасына байланысты белгілі бір нормамен көрсетілмейтін. Құда түсу ата-аналар арқылы жүргізіліп, ол бұзылған жағдайда “өлтіруге” дейінгі аралықтағы жаза қолданылды. Некеге тұру немесе құда түсу салты қыздың басына қалың төлегеннен кейін жүргізілді. Ал құда түскен жағындағы еркек қайтыс болған жағдайда, ол заңды түрде құда түсушінің ағасына немесе басқа бір туысқанына алмастырыла алынатын. Егер қалың мал қайтарылған жағдайда келісім-шарт бұзылатын.

Үйленгеннен кейінгі некені бұзу әдет-ғұрып (адат) жағдайында күйеу тарапынан әйеліне деген сенімсіздігі жоғалған кезде жүргізілді. Мұндай жағдайда еркек әйелін туысқандарына қайтарады.

Әйел құқығының ең бір ерекше тұсы әмеңгерлік институтынан байқалды. Егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, ол жесір ретінде қайтыс болған күйеуінің ағасына, не інісіне тиеді. Қайтыс болған адамның дүние мүлкі әмеңгерге көшеді. Әмеңгерлік сондай-ақ қайтыс болғанның туған ағасы болмаса ағайындарына да ауыса беретін. Егер жесір әмеңгерлікке көнбей, күйеуге тигісі келмесе, ол өз отбасындағы мүлікке бала-шағалары ер жеткенше иелік етті.

Міне, осы тұста қазақтың әдет-ғұрып салтындағы мұрагерлік құқы қолданылды. Қазақ отбасындағы мүлік пен малдарды оның балалары, ағайындары немесе ең жақын туыстары, сондай-ақ әйелінің туысқандары мұрагер ретінде алып қала алатын. Жесір мұрагер ретінде мұраның 1/8 бөлігін, күйеуге шықпаған қызы ұлға бөлінген үлестің жартысын алатын. Сондай-ақ мұраның бір түрі ата мұрасы деп аталды. Бұл қазақ үшін ең тиімді жол еді.

1.3 Қазақтың әдет-ғұрып құқығының нормалары

Қазақтың әдет-ғұрып құқығының басты нормаларына қылмыстық іс-әрекет үшін жазалау сипатындағы іс-әрекеттер жатады. Жаза қолдану кезінде билік жүргізушілер ең алдымен қылмыскердің жасаған қылмысына қарай жаза тағайындайтын. Оның ең қатал түрі “қанға-қан — жанға-жан” принципіне жүргізілді. Бірақ ол келе-келе қазақтың тұрмыс-жағдайына байланысты өзгерді. Жазаның төмендегідей түрлері болды: 1. Өлім жазасы, 2. Құн төлеу, 3. Айып, 4. Құлдыққа беру, 5. Дене жазасы, 6. Жапа шеккендерге қылмыскерді басымен беру, 7. Мүлкін тәркілеу, 8. Жұрт алдында масқара ету, 9. Руластарынан аластату.

Сондай-ақ жапа шегуші немесе оның туысқандары қылмыс жасаған адамға “қанға-қан — жанға-жан” принципіде жаза қолдануды немесе оны басқа жазамен алмастыруға құқы болды.

Сот билігін Қазақ хандығында хандар, сұлтандар және билер жүргізді. Хандар мен сұлтандар ең маңызды деген қылмыстық және азаматтық істерді тексеріп-тергеді. Оларға ру аралық және ауыл аралық талас-тартыс, сондай-ақ төрелер мен атақты ру басшылары арасындағы қарама-қайшылықтар жатады. Ең маңызды деген істерді хан мен сұлтандар белгілі билердің және халықтың араласуымен жүргізді. Өлім жазасын тек хан немесе сұлтандар соты шеше алатын.

Би билігі сот билігінің негізі болып саналатын. Кез келген ру басшысы би — төреші бола алмайтын. Би билік айту үшін ол қазақтың әдет-ғұрпын жақсы меңгеруі және өзін әділ би ретінде көрсетуі тиіс. Билерді ешкім сайламаған және тағайындамаған. Би дәрежесі мұрагерлікке қалдырылмайды. Билік айту іс барысында, құқық бұзушының іс-әрекетін талдау жағдайында жүзеге асырылды. Сондықтан да би ру басшысы, сот жергілікті жердегі әкімшілік биліктің рөлін атқаратын. Сот процесі арызданушының немесе жапа шегушінің өтініші бойынша өздері таңдаған биге байланысты жүргізілді. Жапа шегуші таңдаған би қылмысты істі қараудан бас тартуға құқығы жоқ болды. Істі қарауға биге сенім білдірген кезде айыпталушы да, жапа шегуші де бидің алдына отырып, ақ орамал тастайды. Осы арқылы арызданушылар сот шешіміне келісім беретінін көрсететін. Куәгерлердің сотқа қатынасуын бидің күштеп жүргізуіне де құқығы болды. Куә ретінде әйелдер және арызданушы мен жауап берушінің ағайындары жүрмейді. Азаматтық істің күрделілігіне байланысты екі-үш куәге дейін тартылды. Куәгерлер іс барысында әртүрлі себептермен істің анық-қанығын ашуға көмектеспей жатса, би ант қабылдау институтын пайдаланған. Би шешімдері ауызша шығарылды.

Процессуальдық нормалар би шешіміне қарсы болған жағдайда сұлтандар тарапынан істі қайта қарауға болатын. Сот шешімдерін орындау арызданушының өзіне тапсырылды. Сондықтан да ежелгі уақытта барымта институты сот шешімін орындаудың негізі болып табылды. Барымта қазақ әдет-ғұрып заңдарына ғана тән институт еді. Ол айыпкердің ағайындарының және туған-туысқандарының малдарын айдап кетуменен орындалды. Негізсіз жасалынған барымта, ұрлық немесе жазықсыз шабуыл деп саналып, құқықтық негізде жазаға тартылды. Сондай-ақ, барымта би шешімін орындау ғана емес, құқықтық айып жолын орындаудағы бірден-бір іс-әрекет болды. Ол заң ғылымында әлі толық зерттеліп бітпеген құбылыс.

Қазақ құқығында қылмыстық ұғым қалыптаспаған еді. Қазақтар оны жаман іс немесе жаман қылық деп белгілеп күнәлі немесе жазықты деген айыптар тағатын. Өлім жазасы өте сирек қолданылды. Егер екі жақ келіскен жағдайда өлім жазасы күнмен алмастырылуға болатын. Өлім жазасы ері бар әйелді немесе бейкүнә қызды зорлаған кезде қолданылатын. Ал екінші, дене және ел бетіне қарай алмайтын жаза, ол дінге қарсы іс-әрекеттер жасағанда немесе антты бұзғанда қолданылды. Құн біреуді өлтірген кезде немесе денеге ауыр жарақат түсіргенде төленді. Қарапайым адамды өлтірсе, оған мың қой, 200 жылқы немесе 100 түйе құн төленді. Ал егер сұлтанды, биді не батырды өлтірсе, онда айыпталушы оған екі есе құн төлейтін. Беделді сұлтанды өлтіруші жеті есе құн төлейтін. Айып болса жеке адамнан немесе мүліктік қылмыс жасағандардан алынатын. Олар тоғыз-тоғызбен төленді. Бірінші, бас тоғыз; екінші орта тоғыз; үшінші, аяқ тоғыз, төртінші тоқал тоғыз; бесінші, ат-шапан айып төленді. Бұлардың құрамында түйеден бастап, жылқы, өгіз, қой, жылқы және қымбат шапанға дейін болды. Айыптыны айыптаушыға беру- егер айыпталушының ағайындары құн немесе айып төлеуден бас тартқан кезде болатын іс-әрекеттер болып саналды. Ал ортадан аластату - ол ешқандай да айып төлеуге мүмкін болмай қалған жағдайда қолданылды. Бұл жағдайда айыпталушының киімдері жыртылып, қауымнан, ортадан қуылып, оның тұрмыс-тіршілігі заңсыз деп есептелді.

Жалпы, қазақтардың әдет-ғұрып құқығы көшпенділердің шаруашылығын реттеп, жөнге келтіруде ерекше рөл атқарды. Ол XX ғасырдың басына дейін өмір сүрді. Әсіресе,

қазақтың неке және отбасы құқығының сол кезден қалған элементтері бүгінгі күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

Әдебиеттер:

1. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 237 б.
2. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 262 б.
3. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы, Жеті Жарғы, 1997 ж.
4. Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті жарғы— Алматы, «Санат», 1994.
5. История государства и права Казахской ССР. Часть I. Под общей редакцией члена-корреспондента АН КазССР С.С.Сартаева. Алма-Ата, “Мектеп”. 1982.

Тақырып 14. Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттары. Қазақстан Ресей империясының құрамында

Мақсаты: Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттарына талдау жасап, құқықтық және әлеуметтік маңызды проблемалар мен үдерістерді саралау.

Негізгі терминдер: қазақ-жоңғар қатынастары, аманат, патша үкіметінің реформалары, бодандық, округ, приказ, жарғы, билердің төтенше съездері, отрлау аппараты, болыстық жүйе.

Сұрақтар:

1. Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттары.
2. Қазақстан Ресей империясының құрамында.
3. Қазақстанның Ресей қоластына өтуі және оның себеп-салдары.
4. Қазақстан Ресей империясының құрамында. Абылай ханның реформалары.
5. ХІХ ғ. 20-40 жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер. 1822-ші жылғы Сібір қырғыздары туралы жарғы
6. ХІХ ғ. 60-90жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер.1867-1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалар.

1.1 Қазақстанның Ресейге қосылуының мемлекеттік-құқықтық шарттары. Қазақстан Ресей империясының құрамында.

Ресей мемлекетінің ХҮІІ ғасырдың аяғы, ХҮІІІ ғасырдың басындағы өзін жаңа кезеңге сай модернизациялауы оның шығысқа қарай жүргізетін саясатын отаршылдық бағытқа бұрды. І Петрдің кең байтақ қазақ даласын Шығысқа жол ашатын үлкен қақпа деп есептеуі оған дәлел бола алады. ХVІІІ ғасырдың басында Орталық Азия аймағына ену үшін әртүрлі іс-әрекеттер жасалды. 1714 жылы Шығыс Қазақстанға, Ертіс бойында қамал тұрғызу мақсатымен полковник Бухгольцтің әскери экспедициясы келді. Осы кезде Бекович-Черкасскийдің экспедициясы Каспийдің шығыс жағалауын зерттеді. І Петрдің ежелгі қазақ даласына етенелей енуді көксеуі және оған бірнеше экспедициялар жіберуінің сыры да осы Шығыс мәселесін шешуге байланысты болды. Ресей империясын қалыптастырған І Петрдің ерте қайтыс болуы оның алға қойған мақсатын орындауға мүмкіндік бермеді. Бірақ, ХVІІІ ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақ хандығының әлсіреуі мен сыртқы жағдай оның бір бөлігінің Ресей құрамына кіруіне ықпал етті.

1718 жылғы Тәуке ханның өлімі, Қазақ-Жоңғар соғысының жиілеп, бара-бара кең етек алуының өзі ХVІІІ ғасырдың басындағы Қазақ қоғамындағы қарама-қайшылықтардың толассыз өрбіп-өсіп отырғанын байқатады. Сыртқы және ішкі саяси жағдайлардың күрделенуі батырлар мен сұлтандардың беделін арттырып, олардың әлеуметтік-қоғамдық статусын көтерді. Сонымен бірге билердің де қазақ қоғамындағы алатын орны ерекшелене түсті. ХVІІІ ғасырдың басындағы Жоңғар шапқыншылығына байланысты әскери және бір

орталыққа бағынған мемлекет негізін күшейту керектігі қазақ тағдырында алға шықты. Сөйтіп, Тәуке ханның көзі тірі кезінде-ақ шекаралы аймақтарда сұлтандардың билігі артып, кейін келе-келе Ұлы жүйесі қайта жандана бастағандай дәрежеде болды. Солтүстік-Батыс аймақтарда жас сұлтан Әбілқайырдың беделі артып, ол 1709-1710 жылдардағы Башқұрлардың Ресейге қарсы көтерілісі және Орал казактары мен Волга қалмақтарының бас көтерілулеріне қатысып отырды. Ол кезде Орта және Кіші жүз бірлестіктерінің әскери-потестарлық бір бөлшегі сұлтан Қайыпқа бағынатын. Ал Ташкентте Рүстем мен Қарабақ сұлтанның билігі күшейеді. Соған қарамай олардың бәрі Тәуке ханға бағынды.

Тәуке ханның орнын иеленген Болат ханның билік жүргізудегі әлсіздігі Қазақ хандығын бірнеше өз егемендіктеріне ие хандықтарға бөліп тастады. Сөйтіп, біртұтас Қазақ хандығы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзге бөлініп, бытыраңқы мемлекет негізінде дами бастады. 1723 жылғы Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде халық “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” атты қасіретке ұрынды. 1726 жылы үш жүздің өкілдерінің бас қосуымен өткен Ордабасы кездесуінен кейін қазақ халқының басы бірігіп, Жоңғарларға қарсы көтерілді. Нәтижесінде, қазақтар “Қалмақ қырылған”, “Аңырақай” шайқастарында жоңғарларды жеңді. Сөйтіп, Жоңғар шапқыншылығына кең байтақ қазақ даласында тосқауыл қойылды. Соған қарамай қазақ қоғамындағы саяси дағдарыс бірден тыйылған жоқ еді. Қазақтар өздерінің Жоңғар шапқыншылығындағы жеңісін тиімді пайдалана алмады.

1.2. Қазақстанның Ресей қоластына өтуі және оның себеп-салдары

Басы бірікпеген үш жүз хандарының арасындағы қайшылық олардың әрқайсысы бір орталыққа бағынған билікке қол жеткізуге өзінше жол іздеуге мәжбүр етті. 1730 жылы Болат хан қайтыс болған кезде Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың “бүкілқазақтың ханы боламын” деген мақсаты орындалмағаннан соң, іргелес Ресейге арқа сүйеп өз позициясын нығайтпақшы болды. Сөйтіп, ол Уфаға елшілік жіберіп, өзінің Кіші жүз хандығын Ресейдің қол астына алуын өтініш етеді. Ал 1731 жылы 19 ақпанда патша Анна Иоановна Кіші жүздің Ресейдің қол астына кіргені туралы грамотаға қол қояды.

1731 жылы 10 қазанда Кіші жүз қазақтары Ресей құрамына қосылғаны жөніндегі құжатқа қол қояды.

1731 жылы 19-желтоқсанда Орта жүздің ханы Сәмекенің басшылығымен бірнеше рулар Ресей құрамына енеді, ал 1740 жылы 28-тамызда хан ретінде Әбілмәмбет, сұлтан ретінде Абылай Орта жүздің Ресей құрамына енгендігі жөніндегі құжатқа қол қояды.

Қазақстанның Ресей қол астына кіруі біртұтас жүйелі түрде жүргізілген жоқ еді. Сондықтан да Қазақ даласындағы сұлтандар мен билер арасындағы қайшылық өршімесе басыла қойған жоқ. Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы ғылыми-тарихи әдебиеттерде әртүрлі көзқарастар қалыптасты. Мысалы, 1943 жылғы “История Казахской ССР” атты еңбекте «Қазақтардың Ресей қол астына өтуі қазақ атқамінерлерінің бір тобының патша өкіметі мен ауыз жаласуының қорытындысы болды. Қол астына кіру халық бұқарасының еркінен тыс қабылданды», - деп жазылып, сол кездегі тарихи-қоғамдық көзқарастың алуан түрлі екендігін байқатты.

Ресей мен үш жүз хандарының арасындағы келісім Қазақ хандығының тұтастығына нұқсан келтіріп, оның құқықтық халықаралық қатынастағы беделін жоққа шығарды. Ресей өзінің қол астына кірген хандарды сыртқы жаулардан және ресейліктердің оларға жөн-жосықсыз шабуыл жасауларына жол бермеуге міндеттеме алды. Соған қарамай Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы келісім құқықтық жағынан заңсыз деуге келетін дәрежеде еді. Келісім жасаған екі жақ та өз жоспарларын іштей де, сырттай да өздерінше түсіндірді. Қазақ билеушілері Ресеймен әскери және саяси келісімді егемендік шеңберінде жасадық деп ойлады. Сонымен бірге бұл келісім-шартты кез келген жағдайда бұзамыз деп те ойлаған болатын. Сондықтан да Әбілқайыр 1737-1738 жылдардағы Ресейге қарсы Башқұрт көтерілісін қолдаса, ал 1740 жылы Хиуа ханы атанып, 40-шы жылдары Жоңғарлармен одақтасуға тырысты. Барлық қазақ билеушілері Қазақстан аймағында Ресей әкімшілігін мойындамайтын. Ал, орыс билеушілері Қазақстан территориясын жайлаған барлық жұртшылықты өз бодауындағы ел санап, онда билікті біз жүргізуіміз керек деп есептейтін.

Соған қарамай XVIII ғасырдың 30-жылдары Қазақстанның біраз территориясы Ресей билігіне көшті. Сонда да Қазақ хандығы өзінше егеменді мемлекет қалпында Ресеймен байланысты сыртқы істер коллегиясы арқылы жүргізді. Ресей қазақ даласында өзінің әскери-саяси экспансиясын тынымсыз жүргізіп отырды. Соның себебінен орыс-қазақ шекараларында қақтығыстар жиі болып тұрды. Сондай-ақ, Ресей тарапынан протектораттық-вассалдық қатынас отаршылдық саясатпен ұштасып, қазақтар өз жерлеріне деген биліктен біртіндеп ығыстырылып жатты.

Вассалдық қарым-қатынас қалыптасқан жағдайда тәуелді мемлекет халықаралық құқық субъектісі болудан қалады. Өзі бағынышты болған мемлекетке алым төлеп қана қоймай, аманат та береді. Міне, осындай жағдай Қазақстан мен Ресей арасында қалыптасты. Патша өкіметінің ә деген кезде-ақ Қазақ жерлерін отарлауға кіріскен саясаты іске асып, XVIII ғасырдың 50-ші жылдарында Каспий теңізінен бастап Ертіске дейінгі аралықта бірнеше қамалдардан тұратын әскери бекіністер салынып, қазақ жері тарыла бастады. Жайық, Тобыл, Елек, Есіл, Ертіс өзендерінің бойындағы жақсы мал жайылымдары казак әскерлерінің қолына көшті. Сөйтіп, 1756 жылы патша рескрипті, 1755 жылы сыртқы істер коллегиясының Жарлығымен аталған жерлердегі жайылымдарда қазақтар мал жаймайтындай дәрежеге жетті. Сондықтан да қазақ халқы Патша өкіметінің отарлау саясатының қазақ даласында кең етек жайып бара жатқанын байқап, көптеген көтерілістер жасады. Солардың алғашқысы 1783-1797 жылдардағы Сырым Датұлы бастаған көтеріліс еді. Патша өкіметі бұл көтерілісті аяусыз басып, Кіші жүзде хандық билікті жоймақшы болды. “Игельстром реформасы” деген атпен енген Орынбор генерал-губернаторы Игельстромның іс-әрекеті Сырым Датұлы бастаған көтерілісті Патшалық Ресей мүддесіне пайдалану еді. Нұралы хан Кіші жүзден қашып кеткен соң Игельстром хан сайлауға рұқсат етпей, елді сайлау құқығынан айырды. Сөйтіп, бұл шара сұлтандар арасындағы қайшылықты қайта күшейте түсті. Аталған реформа Кіші жүзді тайпалық құрамына қарай үшке бөліп тастауды ұсынған болатын. Әр бөлікті басқару үшін расправолар құру көзделді. Ол Орынборда 1786 жылы құрылған шекаралық сотқа бағынуы тиіс болатын. Реформа бойынша билік ру басшылары саналатын старшындарға өткеніне қарамай расправолар мен шекаралық сот қалыпты жұмыс істей алмады. Соның салдарынан II Екатерина патша хан сайлауын қайта қалпына келтіруге келісім беріп, Патша өкіметінің Кіші жүзде хандық билікті жою туралы алғашқы адымы іске аспай қалды.

Абылай ханның реформалары

Қазақ мемлекетінің жаңа бір кезеңге көшуіне биоден-бір ықпал еткен сұлтан кейін хан болған Абылай (Әбілмансұр) (1711-1781) болды. ХУІІІ ғасырдың 50-ші жылдары Абылайдың басшылығымен қазақ жерлері жоңғарлардан толық азат етілді. Абылай алғашында сұлтан болғанымен елде 40 жылдай билік жүргізді. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет қайтыс болғаннан соң, 1771 жылы Түркістан қаласында үш жүздің билеушілері өкілдерінің қатысуымен Абылай хан сайланды. Орыс елшілігі оған Ресей ханшасынан өзін хан етіп бекітуді өтін деп ақыл-кеңес берді. Бірақ сұлтан бұдан бас тартты. 1772 жылы оны қытай императоры мойындады. Ресей 1778 жылы Абылайды тек Орта жүздің ханы ретінде ғана бекітті. Бұған Абылай қанағаттанбай, 80-ші жыдары Ресеймен байланысты бүтіндей үзді. Абылайдың беделі үш жүздің алдында өте биік еді. Абылай билігі кезінде Қазақ хандығындағы мемлекеттік-құқықтық жүйесі қайта өзгеруге түсіп, орталық билікті күшейту жолына бағышталған. Бір кездегі өлім жазасын кесуге ие билер билігін хан өз қолына алды. Содай-ақ, Абылай жергілікті билеу және әскери-потестарлық бөлшектердің өзіндік биліктерін жойып, оларды қайта құруға тырысты. Сөйтіп, ол Ұлыстық жүйені қалыптастырмақшы болды. Соған қарамай Абылай билігі толық қазақ даласында жүрмеді. 1781 жылы Абылай өлгеннен кейін оның орнына баласы Уәли хан тағына сайланды. Сол жылы желтоқсанда Қытай оны хан ретінде мойындаса, 1782 жылы жылдың басында Уәли Петропавловск қамалына барып Ресейге мойын ұсынатындығына ант берді. Және ол Ресей тарапынан мойындалды да. Жаңа хан өзінің әкесіндей билікке ие бола алмады. Жалпы қорытындысында Уәли хан билеп отырған кезінде Қазақ хандығы әлсіреді. Басқарудың

удельдік жүйеге көшуі сұлтандардың ықпалын арттырып, ХҮІІІ ғасырдың аяғы ХІХ ғасырдың басында бір орталыққа бағынған мемлекеттің күйреуіне әкеп соқты. Сөйтіп, көптеген сұлтандар мен старшындар өзімен іргелес Ресей билігін жүргізушілермен тығыз қарым-қатынаста болып, Уәли ханмен белсенді түрдегі жүргізетін байланысты үзе бастады. Міне, осындай жағдайда ХІХ ғасырдың 20 жылдары Орта жүзде Ресей хан билігін жойып, қазақтарды өз тәуелсіздігі мен егемендігінен айыратын әкімшілік реформалар жүргізе бастайды. Ол біртіндеп-біртіндеп іске де аса бастаған еді. Жалпы, Ресей империясы тұсындағы қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының дағдарысқа ұшырау кезеңдерін шартты үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші, Қазақстанның Ресей отарлауына түсіп, оның қол астына ене бастауы дәуірінен қазақ хандығының жойылуы кезеңіне дейін (ХҮІІІ ғ. 30 жылдары — ХІХ ғ. 20 жылдары), екінші кезең ХІХ ғасырдың 20 жылдарынан — ХІХ ғасырдың 67-68 жылдарына дейінгі аралықтарды алса, үшінші кезең 1868 жылдан 1917 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы, қазақ даласын әкімшілік-саяси және мемлекеттік-құқықтық жағынан қайта құруды қолға алған Патша өкіметі әуелі оны әртүрлі әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлу қажеттілігін негізге алды. Сөйтіп, қазақтың қоғамдық өміріндегі әдет-ғұрып және рәсімге негізделген мемлекеттік және құқықтық жүйесін бұзды.

ХІХ ғ. 20-40жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер

Қазақ хандығының мемлекеттік тәуелсіздігін жойып, онда орыс отарлау саясаты жүргізіле бастаған тұстан-ақ Қазақ даласында оны іске асыратын реформалар кеңінен жүргізіле бастады. Сондай реформалардың бірі әрі бірегейі Орта жүзде хандық билікті жоюға негіз болған 1822 жылғы “Сібір қырғыздары туралы Жарғы” болды. Ол бойынша патша өкіметі Қазақстанды отарлауды барынша тереңдете түсті. Аталған Жарғы негізінде Орта жүзде хандық билік жойылды. 1825 жылы Орынбор қазақтары облысы, Шығыс, Орта және Батыс болып үшке бөлінді. Жарлық бойынша “Сібір қазақтары облысы” округтарға, округтар болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Округке 15-тен 20 болысқа, болысқа 10-нан 12 ауылға, ауылға 50-ден 70-үйге дейін кірді. Соған қарамай округтерде рулық белгі ескерілмей қалған жоқ. Сондықтан әкімшілік бөлулер рулық-территориялық сипатта болды. Округтер Омбы облыстық басқармасына бағынса, коллегиялық органды коллегиялық орган, округті приказ басқарды. Округті приказға аға сұлтан — төраға және 4 заседатель (оның екеуі ресейліктерден тағайындалса, екеуі құрметті қазақтардан сайланды) кірді. Округті аға сұлтан басқарды. Аға сұлтан 3 жылға сайланып, оны сұлтандар сайлады. Болыстарды басқарушы-сұлтандар қадағалады. Олар халықтың ”келісімімен” шексіз мезгілге сайланатын. Ол мұраға беріліп отырды. Соған қарамай сұлтан мұрагері де сайлаудан өтетін. Жалпы болыстық сұлтандар атқарушы билікті жүзеге асырды. Ауылдық старшындар болса, қазақтар арасынан 3 жылға сайланды. Сұлтандар старшындыққа сайлауға түспейтін. Сайлауды болыстық Жарлық бекітті.

“Жарғы” бойынша қазақтардың сот ісіне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдегі кейбір адами қатынасындағы құқығына өзгерістер еніп, билер сотының, адаттың билігі шектелді. Сөйтіп, барлық сот істері үшке бөлінді. Бірінші, қылмысты істер. Екінші, даулы істер. Үшінші, басқару үстінен берілетін шағымдар. Қылмысты істер империя заңдарымен тергеліп, ол сол заңдар бойынша жан-жақты қаралды. Билер сотына да бақылау орнады.

1822 жылғы “Жарғы” Қазақстан жеріндегі билер сотына ғана емес, сонымен бірге оның қоғамдық-саяси, құқықтық жағдайларына өзгерту енгізіп қана қоймай, отаршылдықты барынша нықтап, Орта жүзді одан әрі игеруге бағытталды. Хандық билік жойылды. Далаға сайлау жүйесі енді. ХІХ ғасырдың ортасына таман, мысалы 1851 жылы мұнда Ресей империясының ең көп қарулы күші орналасып, онда 1200-ден астам солдаттар мен офицерлер шоғырландырылды. Шекаралық комиссия кең дәрежедегі әкімшілік өкілеттікке ие болды. Олар қазақтардың үстінен полициялық қадағалау жүргізіліп, жеке басқарма органдарына қызметкерлер іріктеді және олардың қызметтерін қадағалап отырды. Соттық істерді де атқарды.

1824-ші жылғы Орынбор қырғыздары туралы жарғы

1824 жылы Ресей Үкіметі Орта жүзден соң Кіші жүзде хандық билікті жоюға кірісті. Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссеннің жетекшілігімен “Орынбор қырғыздары туралы Жарғы” қабылданды. Ол бойынша Кіші жүзде хандық билік жойылды. Сөйтіп, Кіші жүз Шығыс, Орта және Батыс бөліктерге бөлінді. Әр бөлікті билеуші сұлтандар басқарды. Кіші жүзді басқару шекаралық комиссиялар арқылы жүргізілді. Сұлтан билеушілерді Орынбор губернаторы тағайындады. Одан кейін әкімшілік бөлшектер, династия, қамалдар арасындағы учаскелер болып бөлінді. Династия арасы жергілікті немесе ауылдар болып бөлініп отырды. Шекаралық басқарма шептерде тұратын орыстар мен дала тұрғындары қазақтар қатынасын реттеп қадағалап отырды. Кейін әкімшілік органдар “жалпы” және “жеке” басқармалар деп бөлініп, ол 1868 жылға дейін өмір сүрді. Шекаралық комиссия болса, атқарушы-өкімші және сот билігін жүзеге асырды. Оның полициялық бөлімі тәртіпті қарап, одан кейінгі екі бөлімі азаматтық және қылмыстық істерін жүргізді. Әскери соттар мемлекетті сату туралы, адам өлімі, барымта, Ресей азаматтарын тұтқынға алушыларды және үкіметке қарсы істерді қарады. Ал, билер соты азаматтық істерді ғана қарап, 50 сомға дейінгі көлемде айыппұл салатын дәрежеде ғана болды.

Сөйтіп, Батыс Қазақстанда жүргізілген 20-50 жылдардағы құқықтық және әкімшілік реформалар Ресей империясының қазақ даласындағы билігін нық жүргізіп, отарлау саясатын қалыптастыра түсуге ерекше ықпал етті.

XIX ғ. 60-90жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер

XIX ғасырдың 60 — жылдарының ортасына қарай Қазақстан территориясы түгелдей Ресей құрамына ендіріліп, отарланып алынды да, Қоқан және Самарқан хандықтары бүтіндей күйретілді. XIX ғасырдың 60-70 жылдары жүргізілген Ресейдегі мемлекеттік құрылыс пен құқық саласындағы буржуазиялық реформалар Қазақстан аймағына да ықпал етпей қойған жоқ.

Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның қазақ өлкесі жөніндегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді. 1868 жылғы “Уақытша ереженің” 210 параграфы бойынша қазақтардың жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланып, қазақ даласы бүтіндей патшалық Ресейдің еншісіне көшті. Ресей императорының жарлығымен бекітілген 1867-1868 жылдардағы реформалар арнаулы түрде уақытша, яғни үш жылға деп қабылданды. Үш жылдық тәжірибе мерзімі өткеннен кейін оны қайтадан толықтырып, Қазақстанды басқару жөніндегі жаңа ереже қабылдануы керек болды. 1867 жылғы Түркістан генерал-губернаторлығын уақытша басқару ережесі 1871 жылы аяқталды. Сол жылдың басында Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман императорға жергілікті отарлау әкімшілігі дайындаған жаңа басқару ережесін ұсынды. Бірақ ол бірнеше министрліктер мен Ресей империясы ведомстволарының сан алуан тексерулерінен өтіп, жоба көптеген көрсетілген кемшіліктермен қайта қайтарылды. Міне, дәл осындай жағдай Қазақстанның кез келген жерінде жүріп жатты. Бірақ, жоғарыдағы аталған ереже 1891 жылы “Уақытша ереже” болып қайта қабылданды. Аталған ережелер негізінде қазақтардың жері тартып алынып келімсек мұжықтар мен кержақтарға таратылды. Қазақстанға осы кезеңде 1,5 миллионнан астам орыс, украин және беларусь келімсектері көшіп келді. Сөйтіп, кең даланы жайлаған елді мекендердің аттары өзгертіліп, оның ұлттық құрамы үлкен өзгеріске ұшырады. Қазақстан патша өкіметінің шикізат базасына айналды. 1867-1868 жылдар аралығында Қазақстан территориясы Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернатор құрамына кірді. Орынбор генерал-губернаторы құрамында Орал және Торғай облысы болды. Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына Ақмола және Семей облысы, Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына Сырдария және Жетісу облыстары енді.

Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернаторларының әкімшілік орталықтары Орынбор, Омбы, және Ташкент қалалары болды. Әрбір облыс уездерге бөлінді. Уездер болыстарға бөлініп, олардың әрбіріне мыңнан екі мыңға дейінгі шаңырақ

енді. Болыстар әкімшілік ауылдарына бөлінді. Олардың құрамына 100-ден 200-ге дейінгі шаңырақ енді.

1822-1824 жылдардағы “Жарғы” бойынша Қазақстан әрбір бас мал үшін 1 процент көлемінде жылына ясақ төледі. Сонан соң 1837 жылы Орынбор ведомствосында әрбір үйден бір жыл ішінде 1 сом 50 тиын күміс ақша ретінде түгін салығы жиналды. Оған қоса жолдар мен көпірлерді, мешіттер мен мектептерді, ауруханаларды жөндейтін қара шығын салығы жиналды.

Оңтүстік Қазақстанда жиналған астық бағасына қарай харадж салығы алынды. Жоғарғы генерал-губернаторлық билікті генерал-губернатор атқарды. Оған әкімшілік-саяси, әскери, сот және шаруашылық өкілеттілігі берілді. Ол жергілікті әкімшіліктер мен басқа да билік органдарына тікелей және жанамалай қадағалаулар жүргізді. Сондай-ақ, аталған жердегі әскери округтардағы әскерлерді басқарды, облыстық басқармалар бөлімшелерінің бастықтарын тағайындады. Генерал-губернаторлық, облыстық әскери-губернаторлықтың аппаратындағы және уездік бастықтар, сондай-ақ оның төңірегіндегі шенеуніктер түгелдей орыстар болды. Реформа бойынша кең байтақ қазақ даласындағы басқарудың төменгі жүйесі болыстық және ауылдық жүйе болды. Болыс пен старшынға ұсынылу үшін азаматтың жасы 25-ке келуі керек еді және ол ешқандай қылмысқа тартылмаған халық сеніміндегі адам болуға тиіс. Әр үш жыл сайын өтетін болыс сайлауына 50 үйден бір таңдаушы сайланды. Дауыс беру процесі халық арасында шар салу деп аталды. Патша өкіметі Қазақстанды басқару жүйесіне елеулі өзгерістер енгізу барысында жаңа ережелер де қабылдады. Мысалы, 1886 жылы 2 маусымда “Түркістан өлкесін басқару туралы” Ереже, 1891 жылы 25 наурызда “Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы” Ереже қабылдады. Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы Дала-генерал губернаторлығы деп өзгеріп, оған Сырдария облысынан басқа бес облыс кірді. Ал Сырдария облысы Түркістан генерал-губернаторлығына қарады. 1897 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді. 1867-1868 жылдардағы ең басты мәселе Қазақстан территориясында жалпы империялық соттар ережесінің таралуы болды. Сөйтіп, қазақ құқығына елеулі өзгерістер енгізілді. Үлкен маңызы бар қылмыстық істер әскери сот комиссиясында қаралды. Ал, одан басқа қылмыстық және азаматтық өтініштерден тұратын 2000 сомнан артық қаржы көлеміндегі істерді облыстық басқарма қарады. Үш күннен кем емес тұтқынға алатын немесе жүз сомға дейінгі айып салынатын қылмыстық істер, сондай-ақ 2000 сомға дейінгі азаматтық айыптауларды уездік соттар қарады. Сонымен бірге жаңадан жолға қойылған билер сотымен бірге “халық соты” да жұмыс істеді.

1867-1868 жылдары би қызметі сайланбалы түрде жүргізілді. Би болыстық съезде үш жылға сайланып оны әскери-губернатор бекітті. Әрбір болыста 4-8-ге дейін билер сайланды. Сондай-ақ, сот істерінде де елеулі өзгерістер болды. Сот шешімдері жазылып, олардың көшірмелері екі жаққа таратылды. Билер съезінде ережелерді жазу тиянақты түрде жүргізілді. Егер XIX ғасырға дейін қазақтар кез келген беделді биге жүгіне алатын болса, енді тек қана болыстық билерге ғана жүгіне алатын еді. Сөйтіп, “халық соты” жүйесі отарлау аппаратының бірден-бір құралы болып, ол дәстүрлі әдеттегі құқықты жоятын және қазақ ауылындағы сауда-саттықпен айналысатындардың мүддесін қорғайтын басты қаруы болды. Тұтастай алғанда XIX ғасырдың 60 жылдарындағы Қазақстанда жүргізілген құқықтық реформа, оның дәстүрлі құқығын бұзып, Ресей империясының құқықтық жүйесімен ұластырылған реформа болды.

1867-1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалар

1867-1868, 1886 және 1891 жылдардағы реформалар Қазақстанды бірден-бір отар елге айналдырды. XIX ғасырдың 50 — жылдарының басында қазақ даласының билігі Сыртқы істер министрлігінен алынып, Ішкі істер министрлігі мен әскери министрлікке берілді. Сөйтіп, Қазақстан халықаралық субъект құқығынан айырылды. Азаматтық және әскери әкімшілік бөлінбей, ол жаулап алушылық бағыт-бағдарда қызмет істеді. Қазақтарға қысым жүргізу тек ұлттық тұрғыдан ғана емес, діни тұрғыдан да жан-жақты жүргізілді. Іс

қағаздары, ауылдық деңгейдің өзінде орыс тілінде жүргізілетін. 1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша патша өкіметінің әкімшілік мекемелеріне сот билігі құқығы берілді. Сондай-ақ, жоғарыдағы аталған ережелер бойынша әскери соттық комиссиялар құрылды. Олар мемлекетке опасыздық, өкіметке қарсы үгіт, пошта мен көлікке шабуыл, христиандарды және христиан дініне кіргісі келгендерді, сондай-ақ, лауазым иелерін өлтіру сияқты қылмыстық іс-әрекеттермен айналысып, олар тонау, талқандау, өртеу, жалған ақша жасауды қараумен шұғылданды. Қазақтардың әдет-ғұрып құқына елеулі өзгерістер енді. Мысалы, отбасы некелі құқығына қарасты жесір даулары билер сотының қарауында қалды. Бірақ, билер сотының шешіміне уезд бастығына немесе әскери-губернаторға шағым жасауға болатын. Осындай сот жүйелері Қазақстанда 1917 жылға дейін қолданылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстанның Ресейге қосылуының саяси салдары қандай болды?.
2. Абылай ханның реформаларының маңызына баға беріңіз .
3. ХІХ ғ. 20-40 жж. реформалары бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысында қандай өзгерістер болды?
4. ХІХ ғ. 60-90жж. Реформалардың салдары Қазақстан үшін қандай болды?

Әдебиеттер:

1. Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 237 б.
2. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 262 б.
3. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы, Жеті Жарғы, 1997 ж.
4. К.А.Жиренчин. Политическое развитие Казахстана в XIX — начале XX веков. Алматы “Жеті жарғы”. 1996.
5. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. — Алматы: Атамұра, 1998.

Тақырып 15. Қазақстанның Кеңес билігі дәуіріндегі мемлекеті және құқығы

Мақсаты: Құқықтық ұғымдар мен категорияларды пайдаланып, қазіргі заман жағдайында мемлекет пен құқықтың даму жағдайын және даму серпінін бағалау, құқықтық және әлеуметтік маңызды проблемалар мен үдерістерді саралау.

Негізгі терминдер: кеңес үкіметі, Алаш автономиясы, Түркістан автономиясы, Қазревком, әскери коммунизм, ұжымдастыру, КСРО, ҚазКСР

Сұрақтар:

1. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы.
2. Қазақ АКСР-нің құрылуы.
3. Қазақстанның 30-90-шы жылдар аралығындағы саяси-құқықтық дамуы.
4. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы. Қазақ КСР-нің егемендігі туралы Декларация.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда әкімшілік және құқықтық жүйе барынша қайта құрылып, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы мен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі және ақпан төңкерісі қазақ халқының саяси сана-сезімін дамытуға үлкен ықпал етті. 1917 жылғы оқиға Қазақ мемлекетін демократиялық негізде дамытуға мол мүмкіндік ашқан болатын, бірақ ол әртүрлі себептермен өз өрісін таба алмады.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы. 1917 жылғы күзде Қазақстандағы кедей топтар барынша большевиктер мен олардың одақтастарының төңірегіне бірікті. Осы кезде қарапайым халықтың жағдайы тым нашарлай бастаған еді. Мысалы, Сырдария және Жетісу

аймақтарындағы көптеген жергілікті жұрт ашаршылыққа ұрынды. Сол 1917 жылдың қыркүйек-қазан айларында Петропавл, Орал, Орынбор-Ташкент темір жолы бойындағы станцияларда жұмысшылар көтеріліске шығып, Верный, Әулиеата және басқа қалаларда қалың бұқара халық ереуілге шықты, оны солдаттар қолдады. Айлар өткен сайын көтерілістер күрделене түсіп Уақытша үкіметтің оларға жасайтын ешқандай шарасы қалмастан, оның билік органдары шайқала бастады. Уақытша үкімет көтерілістерді күшпен басуға тырысты. Бірақ, оны тоқтату мүмкін емес еді.

1917 жылғы 25 — қазанда Петроградта большевиктер партиясы жеңіске жетті. Сөйтіп, уақытша үкімет құлады да, мемлекеттік билік кеңестердің қолына өтті. Ол жұмысшылар мен шаруалар диктатурасы еді. Кеңес үкіметі социалистік мемлекет және социалистік құқықтың жүйені құруға бет бұрды. Социалистік мемлекет пен құқықты қалыптастыруда революционерлер мен бірге, олардың көсемі В.И.Лениннің алатын орны ерекше. 25-26 қарашада өткен бүкілресейлік кеңестердің II съезі жаңа өкімет органдарын құрды. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып В.И.Ленин сайланды. Петроградта билік кеңестердің қолына өтті. Ондағы жеңістердің жалғасы Қазақстанды да шарпыды. Сөйтіп, 30 қазанда Перовскіде жұмысшылар кеңесі мен солдат депутаттары билікті өз қолдарына алғанын мәлімдеді. 1 қарашада үлкен майданнан кейін Кеңес үкіметі Ташкентте орнады. 6 — қарашада Әулиеата кеңестер билігінің қолына көшті. Желтоқсан айында Бөкей ордасында, Петропавлде, Көкшетауда, Атбасарда, Қостанайда, 1918 жылы қаңтарда Ақтөбеде, Орынборда Кеңес үкіметі орнап, атаман А.Дутовтың қарулы қарсылығына соққы берілді. 17 ақпанда Семейде, содан соң Өскеменде, Қарқаралыда, Зайсанда, кейін 3 наурызда Верныйда бүкіл билік кеңестер қарамағына көшіп, наурыз айының ішінде бүкіл Жетісу өңірінде кеңестер билігі орнады. Кеңес ғана едәуір қиындыққа кездесті. Ол тек азамат соғысы кезінде ғана жеңіске қол жеткізді. 1917 жылы 22 — қарашада Қоқанда 4-ші төтенше аймақтық мұсылмандар съезі Мұстафа Шоқайдың бастауымен ашылды. Съезде “Туркестони мухтариат” Түркістан автономиясын ашу туралы шешім қабылдады. Алдымен оны М.Тынышбаев, кейін М. Шоқай басқарды. Съезді өткізген және автономияның басқару органдарының орналасқан жері Қоқан болғандықтан оны “қоқандық” деп атады. Бірақ 1918 жылы ақпанда “Қоқан автономиясын” Кеңес үкіметі құлатты. Сөйтіп, 1918 жылы наурыз айында кеңес үкіметі бүкіл Қазақстан территориясында орнады. Бірақ Оралдағы жағдай сол күрделі күйінде қалып, кейбір Орынбор және Жетісу аймақтарында Кеңестерге қарсылық әлі де болса басыла қойған жоқ еді. Аз уақыт билікті өз қолына алған Алашорда өкіметі болса 1918 жылдың күзінде тарады. Қазақстанның облыстар мен уездерінде құрылған жұмысшы, шаруалар және солдаттар Кеңестері жаңадан орнаған биліктің тұңғыш өкілдері болып саналды.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі күрделі уақытта 5-12 желтоқсанда Орынборда Екінші бүкілқазақ съезі өтті. Оның жұмысына Қазақстанның барлық аймақтарынан делегаттар қатысты. Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Самарқанд облыстары мен бірге Алтай губернияларынан делегаттар қатысты. Оны ұйымдастырушылар А. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатов болды. Съез төрағасы Б.Құлманов еді. Съездің ашылған кездегі бірінші жұмысы Оңтүстік Қазақстан өңірінде болған аштық салдарынан кейбір қайшылықтарды жергілікті билік органдарының шеше алмай жатқандықтары туралы әңгіме болды. Содан соңғы күн тәртібіне енгізілген мәселелер: Сібір, Түркістан және Оңтүстік Шығыс одағы автономиясы, Қазақ облыстары автономиясы, милиция, ұлттық кеңес, білім, ұлттық қор, муфтиат, халық соты, ауыл басқармалары, азық-түлік сұрақтары болды.

Съездегі ең басты көтерілген мәселе ол қазақ автономиясын құру еді. Автономия туралы баяндаманы Ә.Бөкейханов жасады. Сөйтіп, Қазақ автономиясы туралы мәселе мен баяндама ерекше комиссия қарауына берілді. Комиссия атынан Қ.Ғаппасов сөйледі. Съезд бір ауыздан қазақ облыстарында автономия құрып, оған “Алаш” атын бермекші болып келісті. Сондықтан “Алаш-Орда” Уақытша халық кеңесі құрылды. Оның құрамында 25 мүше болды. Оның 10 орны орыстар мен өлкедегі басқа халықтарға бөлінген еді. Алаш-

Орданың орталығы Семей болып жарияланды. Өкімет басы төрағалығына бүкілқазақ халқы кеңесі Ә.Бөкейхановты сайлап, оған Б.Құлмаханов пен А.Тұрлыбаев таласқа түсті. Алаш-Орда жетекшілері кеңес өкіметімен байланыста болды. Бірақ Алаш автономиясының өмірі ұзаққа созылмады.

Жалпы, сол кезеңдегі тарихи-қоғамдық жағдай азаматтық-құқықты қарым-қатынасты уақыт талабына сай реттеуді қажет етті. Ел экономикасын, оның ішкі-сыртқы жауларының іс-әрекеттеріне қарай әскери жолмен ұйымдастыруды талап етті. **Сондықтан да қоғамдық қарым-қатынас пен мемлекеттік азаматтық құқықты реттеу тәсілі әкімшілік-құқықтық әдіспен біршама алмастырылды. Аталған кезеңде Қазақстанда капиталистік меншікті ұлттандыру одан әрі барынша сәтті жүргізілді.**

Кеңес өкіметін орнату Қазақстан территориясында азамат соғысының өрістеуіне жол ашты. 1917 жылдың қарашасында Кеңес өкіметіне қарсы Орынбор казактары атаман Дутовтың басқаруымен көтеріліске шықты. Оның құрамында 700-ге жуық казак отрядтары болды. 1918 жылдың көктемінде оның құрамы 22 мыңға жетті. Кеңес үкіметіне қарсылық Жетісуда да кең өріс алып, 1917 жылы билікті казактардың әскер кеңесі өз қолына алды. 1918 жылдың наурызында Гурьевтегі билікті генерал В. Толстов алып, өзін Орал казактарының атаманы деп мәлімдеді.

31 мамырда контрреволюционерлер Петропавловскіні, маусымда Ақмола, Атбасар, Қостанай, Павлодар, Семейді алып, соның нәтижесінде Орал, Ақмола, Семей және Торғай облыстарының көптеген бөлшектері ақ гвардияшылардың қолына көшті. Сібірде сібірдің уақытша өкіметі орнап, оны Колчак басқарды.

1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің декретімен қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құрылды. Қазревком Қазақ автономиясын құрғанға дейінгі барлық жоғарғы әскери және азаматтық билікті бір орталыққа шоғырландырған орган болды. Ол өлкедегі өкіметтің функцияларын атқарды. Оның төрағасы С.Пестковский, мүшелері: Ә.Жанкелдин, Б.Қаратаев, М.Тұнғаншин, С.Меңдешев, А.Байтұрсынов, Б.Каралдин т.б. Алашорда тараған соң оның кейбір мүшелері Кеңес өкіметінің жұмысына тартылып Қазревкомның құрамына өтті. Қазревком қабылданған декретке сай “жоғарғы әскери-азаматтық” басқару органы болып саналды. Оның территориясы құрамына Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары және Астрахань губерниясындағы қазақ жерлері кірді.

Қаз АКСР-нің құрылуы. Қазревкомның басты мақсаты өлкені автономияға әзірлеу еді. Сөйтіп, 1920 жылы 26-тамызда РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.И.Ленин және БОАК төрағасы Н.И.Калинин “Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы” декретке қол қойды. Сөйтіп, РКФСР құрамында Қазақ АКСР-і құрылды. Оның астанасы Орынборда болды. 1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай Кеңесі өтті. Съезд ҚАКСР-нің орталық мемлекеттік органдарын Қазақ Орталық атқару комитетін құрып, оның төрағасы етіп С.Меңдешовты, ал, Қазақ Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы етіп Р.Радусь-Зенковичті бекітті. Республика территориясы 5 миллионнан астам жұртшылығы бар 2 млн. шаршы км-ге жуық территорияны алып жатты. Құрылтай съезі “Қазақ АКСР-нде Кеңес өкіметін ұйымдастыру туралы” қаулы қабылдады және “ҚАКСР-дің еңбекшілері құқығының декларациясын” қабылдады. Бұл конституциялық қуаты әрі мәні бар декларация Қазақ автономиясының мемлекеттік құрылымын, территориясын, сайлау жүйесін тағы да басқа жақтарын анықтаған құжат болды. Кейін аталған декларация 1926 жылы қабылданған ҚАКСР-дің тұңғыш Конституциясының жобасына кірді. Жалпы, Қазақстандағы жоғарғы өкімет билігі кеңестердің бүкілқазақтық съезі болып танылды. Осы съезде Қазақ Орталық Атқару Комитеті сайланды. Ол 75-ке дейін мүшеден тұрып, 25 мүшелікке кандидаттан құралды. Қазақ Атқару Орталық Комитеті бүкілқазақтық съезді жылына бір рет шақырылды және ол аталған съезд аралығында жоғарғы билік органы болып есептелінді. Төтенше немесе кезектен тыс бүкілқазақтық съезді ол өз қалауы бойынша немесе республиканың 3/1 білдіретін жергілікті кеңестердің талабымен шақыра алатын еді.

Бүкілқазақтық съезд мемлекеттегі барлық билікке басшылық жасап, Қазақ Орталық Атқару Комитетін сайлады, әрі өкіметтің есебін тыңдап заңдар қабылдады. Бүкілқазақтық съездің делегаттары уездерден жіберіліп, съездер аралығында жоғарғы заң шығарушы, өкімші және бақылаушы съезд сайлаған Қазақ Атқару комитетінің қолында болды. ҚазОАК-нің құрамын бүк-нің құрамын бүк белгіледі. Ол ҚазОАК өкіметі Халық комиссарлар кеңесін құрып, өкіметтің жұмысына жалпы бағыт-бағдар берумен бірге барлық өкімет билік органдарының жұмысын басқарды. Сондай-ақ, оларды біріктірді, өзара келістірді және бақылады. ҚазОАК Халық комиссарлар кеңесімен біріге отырып республикадағы әртүрлі салаларды басқаратын халық комиссарларын құрды. Халық комиссарлар кеңесі — ҚАКСР-дың өкіметі және өзіне берілген құқық шеңберінде ҚазОАК-тің заң шығарушы, атқарушы және өкімші органы болды.

Жалпы, Халық комиссариаттары жеке дара және біріккен болып екіге бөлінді. Біріккен халық комиссариаттарға РКФСР-дің халық комиссариаттарына тікелей бағынышты халық комиссариаттары жатты. Бұл халық комиссариаттары, сондай-ақ ҚазОАК пен Қазақхалық комиссарлар кеңесіне де бағынды. Бірақ РКФСР басшылығымен келісіп отырды. Біріккен халық комиссариаттарына БОАК пен Халкомкеңестің 1920 жылғы 26 тамыздағы декреті бойынша мыналар жатты: азық-түлік, қаржы, жұмысшы—шаруа инспекциясы, қатынас жолдары, сонымен қатар халық шаруашылығы кеңесі, почта және телеграф басқармасы, қазақ статбюросы, төтенше комиссия.

Жалпы, Қазақстандағы кеңестік социалистік жүйе Кеңестік Ресейдегі жүйенің құрамдас бөлігі ретінде жасалып, ол Ресейдің Орталық мемлекеттік органдарының басшылығымен түзеліп отырды. Соның бір дәлелі ретінде аталып өтілетін жай, ол 1926 жылғы 18 ақпанда ҚАКСР ОАК-ті ҚАКСР-нің Конституциясының жобасын қабылдауы болды. Конституцияның алғашқы жобасы 1920 жылғы Қазақ Автономия Кеңестерінің құрылтай съезінде көтеріліп, ол БОАК-нің бекітуіне тапсырылған болатын. Бірақ, оны ол қарамай қойды. Конституция жобасы 7 бөлім, 18 тарау, 103 баптан тұрады. Жобаның 1-бөліміне жоғарыдағы айтып өткен 1920 жылғы бүкілқазақтық Құрылтай съезінде қабылданған «ҚАКСР-ның еңбекшілері құқығының Декларациясы енген болатын. Декларацияда Қазақ автономиясының РКФСР құрамындағы мәртебесі көрсетіліп, оның басқару органдары жергілікті совдептер, ҚазОАК және халық комиссарлар кеңесі екені аталып өтілді. Жалпы, Қазақстан жерінде РКФСР заңдарының жүзеге асатыны да баса көрсетілген болатын. Мемлекеттік тіл қазақ және орыс тілдері болып табылды және осы екі тілде бүкіл заң актілері жарияланып, онда шіркеудің мемлекеттен, мектептің шіркеуден бөлінгені көрсетілді. Жобаның екінші бөлімінде көрсетілген өтпелі кезеңнің негізгі міндеті ретінде қалалар мен селолардағы пролетариаттың кедей және шаруалардың кеңес өкіметі түріндегі диктатурасын орнатып, жалпы ұлттық езгіні жою жарияланды. Жобаның үшінші бөлімі қазақ автономиясының территориясына арналып, оған кіретін губерниялар мен облыстар көрсетілді. Қазақ автономиясының конституция жобасы БОАК тарапынан бекітілмегендіктен Қазақстан территориясында РКФСР конституциясы қолданылды.

Қазақстанның 30-90-шы жылдар аралығындағы саяси-құқықтық дамуы. 1930 жылдардың ортасында КСРО-да аса күрделі өзгерістер болып, уақыт пен заман лебі елеулі жаңалықтарға итермеледі. Өйткені, капитализмнен социализмге өтетін өтпелі кезең аяқталумен бірге социалистік қоғамдық қатынастар жеңіске қол жеткізілді деп есептелінді. Сондай-ақ, адамды адам қанау артта қалып, оның саяси-экономикалық негіздері жойылды деп саналды. Осынау түбегейлі өзгерістер КСРО конституциясын өзгертіп, 1936 жылы 5 желтоқсанда оның жаңа конституциясы қабылданды. Мұндағы елеулі оқиғалардың қатарына Қазақстанға Одақтас Республика мәртебесі берілгендігі болды. Сөйтіп, Қазақ Автономиясы Республикасы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына айналды. Бұл Қазақстанның болашақ тәуелсіздікке баратын алғашқы нұрлы жолы еді. Осынау үлкен мәні бар құқықтық акті, қазақстандықтар үшін үлкен жеңіс болды. Сөйтіп, 1937 жылы 26 наурызда бүкіл қазақстандық кеңестердің төтенше X съезі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясын бекітіп, Қазақстан жаңа Конституция қабылдады. Ол

11 бөлім, 11 тарау, 125 баптан тұрды. Конституцияда қоғамдық құрылыс анықталып, ҚазКСР жұмысшылар мен шаруалардың Социалистік мемлекеті деп мәлімделді. Сондай-ақ, социалистік меншік не мемлекет меншігі болумен бірге колхоздық — кооперативтік меншік түрі көрсетіліп, азаматтардың өзіндік меншігі де мойындалды. Конституцияда еңбек ету әр азаматтың міндеті екендігі айқындалып, “Еңбек етпеген ішіп жемейді” принципі көрсетілді. Қазақстан сол жылдары Конституция бойынша 8 облыстан тұрды. КСРО заңдары Қазақстан территориясында міндетті түрде қолданылып, оның азаматы КСРО азаматы болып есептелді. Мемлекеттік басқарудың салаларына халық комиссарлары басшылық етті. Конституция бойынша сайлау жүйесіне үлкен өзгерістер енгізіліп, ол мемлекеттің Ел таңбасын, Туын және астанасын белгіледі. Жалпы, 1937 жылғы Конституция 40 жылға жуық қызмет етіп, өзінің өзіне дейінгі қабылданған Конституцияларға қарағанда белгілі бір кезеңдерде өміршеңдігін көрсетті. Соған қарамай адам құқықтарына қатысты нормалар бұзылып, миллиондаған ел азаматтары қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

1941 жылы 22 маусымда Германияның КСРО-ға шабуылы, яғни Ұлы Отан соғысы басталды. Фашист стратегтерінің ойы бойынша, “Барбаросс” жоспарына сай Қазақстан территориясы «Үлкен Түркістанға» кіруі керек еді. Бірақ, сол кездегі Кеңес халқы ол жоспарды орындауға мүмкіндік бермеді. Соғыстың алғашқы күннен-ақ әскери бөлімшелер мен бөлімдер құрылды. Барлығы 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ден астам полктар мен батальондар құрылды. Соғыс жылдары Қызыл әскер қатарына 1196164 қазақстандықтар шақырылды. Сол уақытта Қазақстан территориясына 1,5 миллион адам іргелес Ресей территориясынан қоныс тепті. Алғашқы соғыс жылдары кеңес халқына өте ауыр кезең болды. 1941 жылдың аяғында КСРО өзінің жарты территориясынан айырылып, Украина, Белоруссия республикаларымен бірге Ресейдің еуропалық бөлігі Мәскеу қаласына дейінгі аралықта жау қолына көшті. Осындай қиын-қыстау кезеңде Қазақстанның соғыстағы алған орны ерекше еді. Республикадағы экономикалық және әлеуметтік тұрмыстың қиын-қыстау кезеңдеріне қарамай, сол 1941-1945 жылдар аралығындағы саяси және қоғамдық жағдайлар мемлекет пен құқыққа барынша ықпал етті. Мемлекеттік құрылыс және оның әр саладағы қызметтері, сондай-ақ құқықтық қатынастар соғыс талабына сай қайта қаралып, бәрі де жеңіс үшін қызмет ететін дәрежеге жеткізілді.

1941 жылдың 30 шілдесінде КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының БК(б)П Орталық Комитетінің және Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен төтенше орган- Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды. Сөйтіп, мемлекеттің барлық билігі түгелдей Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қолына берілді. Оның дайындаған актілері мен басқа да заңдылық құқы бар нормативтерін КСРО-дағы барлық органдар нақты да дәл орындауға мәжбүр болды. КСРО құрамына кіретін республикалардың барлығында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің тұрақты өкілі қызмет етіп, оның жұмысын реттеп, жөнге қойып отырды.

Қатерлі соғыс жағдайында бір орталыққа шоғырланған дерективалық басқару алдыңғы қатарға шығып, өкілетті органдардың қызметтері барынша шегерілді. Сөйтіп, жаңа мемлекеттік органдар құрылды. 1941 жылы ұлттық құрамалар жөнінде республикалық комиссия және халық комиссарлар кеңесі жанында еңбекке жарамды адамдарды ауыл шаруашылығы жұмыстарына мобилизациялау туралы бөлім және КСРО-ның соғыс жүріп жатқан территорияларынан эвакуацияланғандарды Қазақстан жеріне орналастыру бөлімдері секілді органдар құрылып, олар жан-жақты жұмыс істей бастады. Тағы бір ерекше қолға алған жағдай, әскери қызметкерлердің отбасылары мен оларды керек жарақтармен әрі қызметпен қамтамасыз ету басқармасы жұмыс істеді. 1944 жылы сондай қатерлі де қасіретті мезгілдің зауалына қарамай, Қазақстанда Көкшетау және Талдықорған облыстары құрылды. Ал, азаматтық құқық саласындағы жұмыстар болса, социалистік меншікті нығайтуға және ұрлық-қарлық секілді келеңсіз жайларға тыйым салатын органдар күшейтілді. Еңбек заңдары мен нормативтік актілеріне өзгертулер мен толықтырулар ендіріліп, Үкімет органдары 16 мен 55 жасқа дейінгі азаматтарды міндетті еңбекке тартуға,

сондай-ақ колхоздарда 12 жастан жоғары жасөспірімдерді еңбекке тартуға құқық берілді. Әскери оқудан және себепсіз еңбек күн толтырмаған адамдар қылмыстық жауап пен жазаға тартылды. Сөйтіп, әскери-сот органдарының рөлі артты. 1942 жылы әскери трибунал туралы ереже бекітілді. Ал КСРО құрамына енетін республикалармен бірге Қазақстанда соғыс жағдайы ендірілмегендіктен әскери трибунал туралы ереже әскерилендірілген мекемелерде ғана қолданды.

Сондықтан да көп жағдайда Қазақ КСР-ндағы мемлекеттік билік органдары мен мемлекеттік басқару жүйелеріне айтарлықтай принциптік өзгерістер енгізілген жоқ. Соған қарамай республиканың еңбекші депутаттар кеңесінің құзырына жүйелі және үздіксіз қызмет міндетін жүктеді. Соғыс кезеңінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сессияға бір-ақ рет жиналды. Ол 1944 жылғы 9-13 сәуір аралығында өткен 7-сессия болды. Онда 1944 жылғы Қазақ КСР-нің мемлекеттік бюджеті бекітілді. Соғыс барысы кезінде Қазақстанның партия және кеңес органдары баспасөз, радио және басқа да құралдар арқылы қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктерін жан-жақты паш етіп отырды.

Жалпы, 1941-1945 жылдардағы мемлекет пен құқық жүйесіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар өз кезінде Қазақстанның мемлекеттік және құқықтық жүйесін жаңа сапаға көтеріп, елде тәртіп орнатуға едәуір ықпал етті.

Соғыстан кейінгі жылдары “барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін” деген принциптегі мемлекеттік және құқықтық жүйенің салалары қайта бейбіт өмірге бейімделіп, жаңа тұрпатта дами бастады. Еңбек құқығы негізінен одақтық заңдармен реттеліп, соғыс кезінде алынып тасталған еңбек демалыстары қайта қалпына келтіріліп, ел бейбіт тіршілікке бейімделді. Еңбек дауларын қараудың жаңа ережелері қабылданып, 1972 жылы 21-шілдеде Қазақ КСР-нің Еңбек туралы заңдар кодексі қабылданды. Сөйтіп, Қазақстандағы еңбек тәртібі заңды түрде қайта реттеле бастады. Еңбекшілердің құқықтарын қорғауға, материалдық және моральдық ынталандыруды арттыруға негіз болған Еңбек заңдары көпшілік мүддесін қорғады.

1959 жылы қылмыстық және қылмыстық-процессуалды кодекстер қабылданды. Бұл Қазақстан тарихында тұңғыш рет болған жағдай еді. Оған дейін республикада РКФСР-дің Қылмыстық кодексі басшылыққа алынатын. Сондай-ақ, 1963 жылы республиканың “Азаматтық және азаматтық-процессуалдық кодекстері” қабылданып, өмірге енді. Олар социалистік заңдылықты, сондай-ақ социалистік қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған болатын. 1971 жылы “ҚазКСР-нің Еңбекпен түзеу кодексі” қабылданып, істі болған адамдардың күрделі деген мәселелері өзінше шешімін тапты.

1950-1990 жылдар аралығында сот құрылысы, сот ісі, адвокатура және нотариатқа қатысты заңдар жан-жақты жетілдіріліп, тіпті кейбіреулері қайта қабылданды. Мысалы, 1981 жылы “ҚазКСР-ның сот құрылысы туралы” заңы өмірге еніп, сот саласындағы іс-әрекеттер жүйелі түрде реттелді. ҚазКСР-ның сот жүйесін республиканың Жоғарғы соты, облыстық, Алматы қалалық, аудандық (қалалық) соттар құрды. Заң бойынша аудандық (қалалық) соттарды бес жылға аудан азаматтары, аудандық (қалалық) соттардың халық заседательдерін азаматтардың жұмыс орнынан және тұрған жерінен екі жарым жылға сайлады.

ҚазКСР Жоғарғы соты Жоғарғы сот органы ретінде республика соттарының қызметтеріне заңға сәйкес бақылау жасайтын. Аудандық (қалалық) соттарды сайлау жөніндегі ереже 1966 жылы бекітілді. 1966 жылы “ҚазКСР адвокатурасы туралы ереже” бекітіліп, 1974 жылы республикадағы “Мемлекеттік нотариат туралы” заң қабылданды. 1980 жылы 17 шілдеде “ҚазКСР-інде тәртіпті қорғаудың қоғамдық пункттері туралы” ереже бекітілді. Тағы да бір айта кететін нәрсе 1983 жылы Жоғарғы кеңес Тұрғын үй кодексін қабылдады. Осы кезеңдегі мемлекет және құқық жүйесіндегі оң өзгерістердің арасында құқықтық қатынастар, құқық қорғау орындары, сондай-ақ ішкі істер, прокуратура, сот органдарының жұмыстары жан-жақты жетілдірілді. Қоғамда салыстырмалы түрде бағалағанда бұрынғыға қарағанда тыныштық пен түсіністік кеңінен орын алды. Бірақ, КСРО құрамына кірген республикалардың қай-қайсысында болмасын

ұлттық, тілдік қысым су асты ағыстары секілді құйтырқы тәсілдермен жүргізілді. Қазақстанда қазақ мектептері бірте-бірте жабылып, қазақ тілі бейбіт жолмен шеттетіліп жатты. Мұндай келеңсіз құбылыстар құқықтық жағынан мемлекет тарапынан қорғалмады. Сөйтіп, ел арасындағы қарама-қайшылық көзге көрінбейтін, астыртын іс-әрекеттер арқылы қазақстандық азаматтардың азаматтық құқын аяққа басты. Әрине, мұның бәрі астыртын, социалистік заңдылықтардың астарында жүргізілді.

1977 жылы 7 қазанда КСРО-ның жаңа конституциясы қабылданып, оның артын ілешала сол конституцияға орай 1978 жылы 23 сәуірде ҚазКСР-інің жаңа конституциясы жарияланды. Жаңа конституцияны қабылдаудың бірнеше алғы шарттары болды. 1930 жылдан кейінгі 40 жылдан астам уақытта Қазақстан территориясында және КСРО-да елеулі өзгерістер болған еді. Сол жылдар аралығында елде кемелденген социалистік қоғам құрылды деген теориялық тұжырым жасалынған еді. Сондықтан да жаңа Конституция жарқын болашағымыз дүние жүзіндегі ең нұрлы коммунизмге бастаушы бірден-бір жол болады деп қабылданды. Мұның бәрі теория мен практика арасындағы қайшылықты тудырып, бүгінде ол үлкен қателікке бастаған жол екендігін көрсетіп отыр.

Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясы 10 бөлім, 19 тарау, 173 баптан тұрды. Жаңа Конституцияда ҚазКСР-нің егемендігінің де мөлшері көрініп, бұрынғы еңбекшілер депутаттары халық депутаттары деп аталды. Мемлекеттік өкіметтің жоғарғы органы Республика Жоғарғы Кеңесі болып табылды. Олар 510 депутаттан тұратын. Оның сессиясы жылына екі рет шақырылып, заң шығару тәртібі Конституцияда анықталды. Мемлекеттік өкіметтің жоғарғы атқарушы және өкілетті органы немесе өкімет — ҚазКСР Министрлер кеңесі деп аталды. Оның құрамын республика Жоғарғы Кеңесі жасақтап, құрамына өкімет төрағасы, орынбасарлары, министрлер мен мемлекеттік комитет төрағалары кірді. Мемлекеттік биліктің жергілікті органдары облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, ауылдық халық депутаттарының кеңестері болып саналды. Жергілікті кеңестер болса сессияда атқару комитеттерін сайлап, олар сол кеңестер атынан жергілікті мемлекеттік билікті жүзеге асырды.

Жалпы, Қазақстанның 1978 жылғы Конституциясы белгілі дәрежеде еліміздің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына ықпал етіп қана қоймай, оның саяси -экономикалық, мемлекеттік және құқықтық дамуына игі әсерін тигізді.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқығы ежелгі дәуірден бүгінгі ХХІ ғасыр басына дейінгі аралықта елеулі кезеңдерден өтіп, өзінің әкімшілік-құқықтық жүйесінің эволюциясы арқылы 1991 жылғы тәуелсіз де егемен Қазақстанның жеңісіне қол жеткізді.

1980 жылдардың аяғында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен ұлттық тәуелсіздігі туралы проблемалар алдыңғы қатарға шыға бастады. 1989 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің шешімімен 1920-1950 жылдардағы репрессияға ұшыраған қазақтың айтулы ұлдары Ш.Құдайбердиев, А. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М. Дулатовтардың есімдері қайта қалпына келтірілді. 1989 жылғы 22 қыркүйекте “Тіл туралы” заң қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. 1990 жылы 24 сәуірде республикада Қазақ КСР Президенті дәрежесі бекітілді. Жоғарғы Кеңестің сессиясында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Сөйтіп, аталған кезеңде КСРО-ның орталық органдарының билігі бірте-бірте әлсіреп, керісінше одақтас республикалардың құқықтары күшейе түсті. Алдымен Ресей Федерациясы, Украина КСР-і өздерінің егемендіктерін жариялады.

Қазақ КСР-нің егемендігі туралы Декларация. Одақты реформалауға бағытталған жаңа одақтық шарттың жобасы жасалып жатқан кезеңде 1990 жылы 25 — қазанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі “ҚазақКСР-нің егемендігі туралы Декларация” қабылдады. Декларацияда тұңғыш рет “ҚазақКСР-і ұлттық мемлекеттілігін сақтау және қорғау, нығайту жөнінде шаралар қолданылады, одақтан өз еркімен шығу құқығын сақтайды, басқа республикалармен егеменді республикалар Одағына ерікті түрде бірігеді және өзара қатынастарын шартты негізде құрады”, — деп жазылды. ҚазКСР-нің

территориясының өзгермейтіндігі де сол декларациямен бекітілді. Сондай-ақ, республиканың барлық ұлт азаматтары Қазақстан халқын құрап, республика егемендігінің бірден-бір иесі және мемлекеттік өкімет билігінің негізі болып табылады деп те көрсетілді. Мемлекеттік өкімет билігі заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципі бойынша жүзеге асырылып, заң шығару Жоғарғы Кеңеске берілді. Егемендік декларациясын қабылдау шын мәнінде қазақстандықтар үшін үлкен тарихи оқиға еді. Сөйтіп, Декларация қабылданған 25 қазан “Республика күні” мерекесі болып бекітілді. 1991 жылы 1 желтоқсанда жалпы халықтық Қазақстан Президентін сайлау күні өтті. Сөйтіп, Н.Ә.Назарбаев 10 желтоқсанда Президент қызметіне кірісті. Сол 10 — желтоқсанда Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы болып қайта аталуға шешім шығарылды. Артынша, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған егемендігі мен тәуелсіздігі іске асып, 1991 жылы 16 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заң қабылданып, заңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі салтанатты түрде жарияланды. Ол күн тәуелсіздік күні болып мәлімделді. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы өзінің мемлекет және құқық тарихында жаңа бір белеңге көшіп, тарихтың жаңа тәуелсіздік бетін ашты. Қазақстан Республикасы тәуелсіз демократиялық және құқықтық мемлекет болып жарияланды. Өз территориясында өкімет билігін толық иеленіп, ішкі және сыртқы саясатын дербес деп белгіледі. Қазақстан Республикасы территориясында тек өз заңдары және ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады деп жарияланды. Қазақстан Республикасы халқының атынан сөйлеу құқығы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Президентіне беріліп, атқару билігі толығымен Президент қолына шоғырланды. Мұндай құқық егемендік декларациясында тек Жоғарғы кеңеске ғана берілген болатын. Сот билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты мен Жоғарғы Арбитраждық соты атқарды. Конституциялық сот туралы норма да енгізілді. Заңда тәуелсіздікті қорғау үшін Қазақстан Республикасының өз қарулы күштері, өз территориясында әскерлері, қару-жарақ пен техника құру мәселелері шешілетіні көрсетілді. Қазақстан Республикасының тұңғыш рет мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданып, оны қорғау мен дамытудың негіздері барынша тиянақты да нақты қаланды.

Қазақстанның 1993-2020 жылдар аралығындағы конституциялық-құқықтық дамуындағы өзгерістер. 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстан тұңғыш рет өзінің жаңа Конституциясын қабылдады. Сөйтіп, тәуелсіз Қазақстанның өмірінде жаңа бір кезең басталып, ол 1995 жылғы наурыз айында аяқталды. Аталған жылдар аралығында Қазақстан Республикасының халықаралық беделі өсіп, өзінің ішкі-сыртқы саясатын нығайтты.

Жаңа Конституцияны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қабылдап, оның Жобасы бүкіл халықтық талқылаудан өтті. Конституция жұмысына Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев төрағалық еткен Конституциялық комиссия басшылық жасады. Ол преамбуладан, “Конституциялық құрылыс негіздері” деген арнайы бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан тұрды. Конституциялық құрылыс негіздері деп аталатын арнайы бөлім, конституцияның беташары болып табылып, онда конституциялық құрылыстың сипаты, қағидалары мен принциптері, ерекшеліктері көрсетілді. Қазақстан Республикасын сипаттауға арналған Конституцияның бірінші ережесінде Қазақстан демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет деп сипатталған, сондай-ақ онда “Қазақстан Республикасы өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекетігі түрі” деп жазылған. Ал екінші ереже болса, бірінші ережені толықтырып, “Қазақстан Республикасының жері біртұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғылмайды” деп көрсетеді. Конституцияда сондай-ақ тіл мәселесі де ерекше жолға қойылған. Онда “қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі” деген сөздер бар. Азаматтардың құқықтары мен міндеттері:

- азаматтық құқықтар мен бостандықтар;
- саяси құқықтар мен бостандықтар;
- экономикалық және әлеуметтік құқықтар деген үш топқа бөлінген.

Сөйтіп, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы Негізгі заң болып табылып, ол республикамыздың және халқымыздың тарихи, саяси-құқықтық өмірінде елеулі оқиға болды. Соған қарамай аталған Конституцияны Кеңес дәуірінде сайланған Жоғарғы кеңестің қабылдауы оған өзінің елеулі таңбасын салған еді. Уақыт талабына сай ондағы қайшылықтар анық байқалып, ол жаңа Конституция қабылдауға негіз болды.

1995 жылы 30 — тамызда Қазақстан өміріндегі елеулі оқиға болып қалатын, жаңа бір кезенді бастайтын Конституция қабылданды. Ол бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданып, өмірге енгізілді. Демократиялық және құқықтық қатынастар жолындағы кездесетін кейбір кедергілер мен жайсыздықтар, әрі қайшылықтар жойылып, еліміздің мәдениет пен өркениет жолына жаңаша түсуіне кең мүмкіндік ашылды. Қазақстан президенттік республикаға айналып, қос палатадан тұратын тұрақты Парламент құрылды. Үкіметтің рөлі артып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары нығайды.

1997 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына деген Жолдауында “Қазақстан — 2030” стратегиялық бағдарламасын ұсынып, оның ұзақ мерзімге арналған жеті басым бағыттарын көрсетті. Аталған стратегиялық бағдарламадағы “Ұлттық қауіпсіздік”, кәсіпқой мемлекет деген басымдықтары түгелдей мемлекет және құқық сипаттарына ие десе де болатын еді. Жаңа саяси реформалар мен елімізді демократияландыруды тереңдетуді қолға алу барысындағы стратегиялық негіздің рөлі ерекше. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының конституциялық заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, партиялық тізім бойынша сайлау арқылы Парламент Мәжілісіне қосымша он депутаттық орын берілді. Республика Президентінің өкілеттік мерзімі 7 жылға созылып, Парламент палаталары төрағаларының конституциялық өкілеттілігі жоғарылатылды. Ал, 1999 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев баламалы негізде 7 жыл мерзімге қайта Президенттікке сайланды. Сол жылдың 10 қазанына Парламент Мәжілісі және жергілікті мәслихаттарға сайлау белгіленіп, оларға депутаттар сайланса, 17-қыркүйекте Парламент Сенатына да депутаттар сайланды. Ол демократиялық және баламалық негізде жүргізілді.

Қазіргі Қазақстан территориясының қалыптасу тарихы, сөз жоқ, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихымен тығыз байланысты. Бүгінгі тәуелсіз де егеменді мемлекеттілікке қол жеткізгенге дейін қазақ халқы, сондай-ақ, Қазақстан халқы күрделі де елеулі тарихи жолдан өтті. Ол құқықтық қатынастардың дамуының белгілі бір жүйесін қалыптастырды. Қазақ халқы ұлт ретінде бір территория мен ұлттық идея төңірегінде топтасты және көп ұлтты Қазақстан халқы атанды. Ал, құқықтық қатынастар болса, оларды реттеп, рәсімдеп отырды. Міне, осының өзінен-ақ Қазақстан халқының тарихы өте күрделі екендігі байқалса керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Алаш партиясы бағдарламасының негізіне қандай бағдарламалық мақсаттар қойылды?
2. Кеңес өкіметінің Қазақстанда алғашқы жылдарда жүргізген реформаларының салдары қандай болды?
3. Қазақстанда кеңес өкіметін орнатудың ерекшеліктерін атаңыз.
3. Қазақстанның 30-90-шы жылдар аралығындағы саяси-құқықтық дамуы қандай болды?
4. Қазақ КСР-нің егемендігі туралы Декларацияның тарихи маңызына сипаттама беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Маймақов Ф. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. – 237 б.

2. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Алматы: «Қазақ Университеті», 2015. – 262 б.
3. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы, Жеті Жарғы, 1997 ж.
4. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. — Алматы: Атамұра, 1998.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: “Ататек”, 1995.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы. 1995.